**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы:5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :01.09 – 02.09.2022ж

| Күнтәртібініңүлгісі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|
| Балалардықабылдау | *Балаларды дене тазалығын тексеріп қабылдау. Көңіл - күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.. Жағымды жағдай орнату.* |
| Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.* | *отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын: «Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Картотека № 10***<br>***Дид ойын: «Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты:****балалар көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен танысады. Ойын арқылы жолда жүру ережесін меңгереді.* |
| | *коммуникативтік дағдыларды дамыту* | |
| Таңертенгіжаттығу | ***Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты:*** *Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау* | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу «Таза қолдар».***<br>*Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.*<br>*Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу*<br>***Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су,***<br>***Мөлдір суға қолыңды жу.***<br>***Жуынсаңсаң сен әрдайым,***<br>***Таза бетің, маңдайың.***<br>*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>*Әдептілік ережелерін түсіндіру.*<br>*Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.* | |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | ***ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***<br>***Көңілді шеңбер***<br>*Шаттанамын, күлемін,*<br>*Бақытты боп жүремін.*<br>*Қатар тұрар шеңберде*<br>*Досым көбін білемін* | ***ҰІӘ өтілу барысына балалармен дайындық***<br>*Аспан ашық , көгілдір,*<br>*Күн шуағын төгіп тұр*<br>*Қол ұстасқан біздерді*<br>*Терезeмнен көріп тұр*<br>***Дид ойын: «Я, жоқ»***<br>***Шарты:*** *Балаларға қарым-қатынасты ойын арқылы түсіндіру.* |
| Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы****: Кел танысайық!*<br>***ІІ.Ғажайып сәт***<br>*- журналист-тілші қонаққа келу.*<br>*Тілшімен амандасу*<br>*Тілші сендер туралы мақала жазбақшы. Сондықтан да сендердің әрқайсыларың туралы жақынырақ білгісі келеді. Сонымен бүгін біз өзіміз туралы- аты-жөніміз кім, нені жақсы көреміз, нені ұнатамыз, немен шұғылданамыз, солар туралы айтамыз. .*<br>***Тілші балалармен әңгіме өткізеді:***<br>***-Аты-жөнің кім? Сен неше жастасың?***<br>***Өз түріңді, мінезіңді сипатта.***<br>***Шашың ұзын ба? Қысқа ма?***<br>***Бойың ұзын ба? Аласа ма?***<br>***Қай жерде тұрасың?***<br>***Аға, әпкең, іні, қарындасың бар ма?***<br>***Немен шұғылданасың?***<br>***Не кигенді ұнатасың? Қандай ойыншықтармен, кіммен ойнағанды ұнатасың?*** *(Балалар тілшімен әңгімелеседі)*<br>***Дид ойын:«Қыз бала мен ұл баланың киімін ажыратамыз»***<br>*Шарты:Тақтада қызыл және көк түсті екі үлкен конверт ілініп тұрады. Ұл бала мен қыз баланың киімдерінің суреттерін араластырып, екі конверт-ке ажыратып салуын сұрау.*<br>***ІІІ.Ой дамыту.***<br>***1-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br>***Шарты:*** *Суретте қызға да, ұлға да қажет заттар бар ма? Сызықпен қосу.*<br>***Сергіту жаттығуы:*** *Сағаттың тіліндей*<br>*Иіліп оңға бір,* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *«Топ бөлмесіне саяхат»*<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысын,асыл күн!*<br>*Армысын,көк аспан!*<br>*Армысын,жан досым!*<br>*Жылуына жылу қос.*<br>*Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңдер?*<br>*- Балабақшаға.*<br>*- Сендерге балабақшада ұнай ма?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгүл қуыршақ келеді.*<br>*Амандасады.*<br>*Балалар Айгүлді топ бөлмемізбен таныстырайық.*<br>***Топ бөлмесіне саяхат.***<br>*Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстырады. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру.*<br>***Дид ойын: «Нені қайда қоямыз?»***<br>*Ойыншықтарды өз орындарына қояды.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кәне, қанат жазайық,*<br>*Қарлығаш боп ұшайық.*<br>*Ұшып, ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық.*<br>*(Б. Серікбаев).*<br>*Балабақшаға оралу.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау* |

*Сағаттың тіліндей*
*Иіліп солға бір.*
*Алға қарай – бір адым, Артқа қарай – бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық.*

***2-тапсырма. Серуенге шығарда киінуді алдымен неден неден бастайсың?***

***Дид ойын: «Ретімен көрсет»***

*Шарты: Киіну тәсілдерін сан арқылы көрсету.*

*Тілші: – Балалар, сендердің ақылды, білімді, ұқыпты екендеріңді байқадым. Сендермен уақытым өте қызықты өтті. Енді сендер туралы мақаламды жазуға кірісейін. Қош-сау болыңдар, балалар! Сау болыңыз! – Кездескенше күн жақсы болсын!*

***Қортынды.***

***Пікір алмасу сұрақтары:***
*Қандай жақсы сөздерді естідің?*
*Тілші сендерді қалай тыңдады?*
*Балалар өз ойын достарына қалай жеткізді?*
*Балаларды мадақтау*

***Көркем әдебиет***

***Тақырыбы:*** *«Балабақша»(әңгіме құрастыру)*
***Мақсаты:*** *Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастырады. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге үйренеді.*
***Оқу қызметінің барысы:***
***Шаттық шеңбер***
*Балалар:*
*Еліміз тыныш болсын,*
*Отбасымыз аман болсын.*
*Дастарханнан дәм кетпесін,*
*Көңілімізден сән кетпесін.*
***Сұрақтар ілмегі.***
*-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?*
*-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?*
*Жарайсыңдар балалар. Балабақшада сендер не істейсіңдер?*
***Тосын сәт.***
*Қызыл телпек келеді.*
*Амандасу.*
*Қызыл телпек мен сендерден балабақша туралы үйренуге келдім.*
*Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізсем*

***Қоршаған орта***

***Тақырыбы:*** *Балабақша ауласына саяхат*

***Ой қозғау.***
*-Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?*
*- Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады?*
*- Дұрыс, балалар.*

***Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.***
*Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді? Балабақша ауласында нелер бар? Маған көрсетесіңдер ма?*
***Балбақша ауласына саяхат***.
***Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***
*Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.*




***Дид ойын: «Сұрақтар ілмегі»***
*-Балабақшамыздың ауласында не өседі?*
*-Қандай гүлдер өседі екен?*
*-Қандай ағаштар өседі екен?*
*-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?*

***Таза ауада сергіту сәті.***
*Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)*
*Көңілдіміз бақшада*
*(қолдарын жайып)*
*Достықты біз сүйеміз*
*(бір-біріне қарап, жымию, құштасу)*
*Бірге күліп жүреміз*

***Дид ойын: «Жапырағынан таны»***
***Шарты:*** *жапырақтар арқылы ағашты тауып , атын атайды.*



***Балабақшаға оралу.***

| | | |
|---|---|---|
| | *сол бала сұраққа жауап береді.*<br>***Дид ойын:» Сиқырлы гүлдердегі сұрақтар»***<br>*Шарты: Әр гүлдегі сұраққа жауап береді.*<br>*-Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың?*<br>*-Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды?*<br>*-Сенің балабақшаң қалай аталады?*<br>*-Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба?*<br>*Балалар сұраққа қызыға жауап береді.*<br>***Мнемотехника әдісі.***<br>*Балабақша*<br>***Дид ойын: «Балабақша қызметкерлерін тап»***<br>*Шарты: Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін табуы керек*<br>***Сергітусәті.***<br>***Бір қадам әдісі***<br>*тақпақты қайталау.*<br>*Балабақша есігін*<br>*Үшке толып ашқанбыз*<br>*Мәпелейді бақшамыз*<br>*Бұл екінші үйіміз*<br>*Бір туғанбыз бәріміз*<br>*Біз осы үйдің гүліміз*<br>*Біз осы үйдің сәніміз.*<br>***Қорытынды.***<br>*Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.*<br>***«Бүлдіршіннің арманы» әні***<br>*АКТ дан бірге қарап қайталау.*<br>***3 шапалақ әдісі** арқылы қорытындылау.*<br>*Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру*<br><br>***Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:** «Менің тобыдағы заттар»*<br>***«Аман болсын бәріде»***<br>*Санамақ айту.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз,*<br>*Кел, санаайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым –атам,*<br>*Балан үйрек- әжем,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр щүмек – анам,* | *Айгүлмен қоштасу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадқтау.Көңілді смайлктер беру.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бірге амандасайықшы.*<br>*– Сәлеметсіз бе!*<br>*Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс тілейміз.*<br>*Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады.*<br>*– Сенің атың кім?*<br>*– Менің атым – Рома.*<br>*– Менің атым – Вика.*<br>*– Менің атым – Арлан.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің балабақша» жұмыс.*<br>*– Мынау – балабақша. (Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).*<br>*– Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.*<br>*– Мынау не?*<br>*– Мынау – балабақша.*<br>*– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.*<br>*– Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды).*<br>*– Біздің балабақша қандай?*<br>*– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.*<br>*Педагог дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуларын қадағалайды.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз.*<br>***Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».***<br>*(Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс).*<br>*– Мынау кім?*<br>*– Мынау – қыз.*<br>*– Қыз қайда келді?*<br>*– Қыз балабақшаға келді.*<br>***Ой қозғау.*** |

| | | |
|---|---|---|
| | *Кішкене бөбек – мен.*<br>*Бір үйде біз бсеуміз,*<br>*Тату тәтті екенбіз.*<br>***Ой дамыту.Салыстыру.***<br>*Дидактикалық материалдармен жұмыс.*<br>*Шарты: Аз, кем ұғымдарын бекіту.*<br>*Мыс: Қоянда сәбіз көппе, тиінда саңырауқұлақ көппе? Т. б.*<br>***Сергіту сәті: «Сырғалар»***<br>***3. Ой қозғау.***<br>***Геометриялық пішіндермен жұмыс.***<br>***Дид ойын:*** *«Кім жылдам?»*<br>*Шарты: пішіндермен құрастыру жұмысын жүргізу. (үй, машина, т.б.)*<br>***Дид ойын: «Логикалық тізбек»***<br>*Шарты: 1 қызыл шеңбер 1 жасыл үшбұрыш, 1 дөңгелек, 1 шаршы. бала арман қарай ойланып тізбекті жалғастыру*<br>*Болмаса 3 жеміс суретін ,1 машина суретін қою ,бала жалғасын табу керек*<br>***Қорытынды жасау.***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *Суретке қарап, балабақша туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаң қандай? Балабақшада саған не ұнайды?*<br>*Балабақшаға баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет. Педагог тапсырмаларды түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.*<br>*Қортынды. Бағалау, мадақтау. Қуыршақтармен қоштасу.*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***ҰІӘ жүргізу***<br>***1.Сәлемдесу.***<br>***2.Шеңбермен жүру.***<br>*Қолды жоғары созайық,*<br>*Шапалақты ұрайық.*<br>*(қолды жоғары созып шапалақтап жүру)*<br>*Кәне қолды жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық*<br>*Балаларды мадқтау.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары.***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/*<br>***2***. *Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет /*<br>***3***. *Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 4 рет қайталау/*<br>***4***. *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.*<br>***5) Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу.з-з-з*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру*<br>***Қим ойын: «Күн мен түн»***<br>*Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді. «Түн» дегенде ұйықтайды.*<br>*Еркін ойын Жанама бақылау.*<br>***6. Кері байланыс***<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | |
|---|---|---|
| Серуенгедайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* |
| Серуен | ***Картотека № 4 Ауа- райының салқындауын бақылау*** | ***Картотека №5 ұшып жүрген құстарды бақылау.*** |
| Серуенненоралу | *Гигиеналық шаралар. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | *Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*<br>*Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз,*<br>*Таза болды мұнтаздай,*<br>*Тағамға қол созамыз.* |
| Түскіас | *Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстау туралы, тамақтағы витаминдердің пайдасы жайлы түсіндіру.* | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** |
| Күндізгіұйқы | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары | ***№5. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№6 Ояну***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру* | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішерде бәріміз,,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені, Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқар | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Дид ойын: «Қуыршақты киіндіреміз»***<br>*Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе біледі.*<br>*Жоспар бойынша балалармен жеке жұмыс.* | ***Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл* |

| | | |
|---|---|---|
| ау және тағы басқаәрекеттер) | *Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау.* | *ойнауға үйрету.*<br>***Керек заттар: Үй жиһаздары, ыдыстар, киім-кешектер*** |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақпақ жаттау. «Ойыншықтар».***<br>*Ойыншықтарым көп менің,*<br>*Бәрін жақсы көремін.*<br>*Кешке дейін жалықпай,*<br>*Бірге ойнап жүремін* | ***Суретпен жұмыс.***<br>*-Мамандық дегеніміз не?*<br>*-Мынау қай мамандық иесі.*<br>*-Ол не істеп жатыр?*<br>*-Ол мамандық иесінің бізге қандай пайдасы бар?*<br>*-Олардың атқаратын қызметі не?*<br>***Дид ойын: «Өз затын тауып бер»*** |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Жүйелі киініп серуенге шығу .*<br>*Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* |
| Серуен | ***Картотека № 4***<br>***Ауа- райының салқындауын бақылау*** | ***Картотека №5***<br>***ұшып жүрген құстарды бақылау.*** |
| | ***Таңғы серуен кешенін бекіту*** | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.09 – 09.09.2022ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау* | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| *Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу* | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)* | *Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнап күлеміз*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне біздер қандаймыз*<br>***Дид ойын: «Жадыңда сақтап көрші»***<br>***Мақсаты:*** *көргенін есте сақтай алады, зейінді, байқағыш бола алады* | *Жарық болсын күніміз*<br>*Жарқын болсын үніміз*<br>*Елін сүйіп ер жетер*<br>*Біз болашақ гүліміз*<br>***Дид ойын:«Табиғат құбылыстарын ата»***<br>***Мақсаты:*** *суреттерге қарап, жазғы табиғат құбылыстарын атай алады.* | *Күнмен бірге тұрамыз ,*<br>*Құспен бірге ән саламыз*<br>*Қайырлы таң! Ашық күн!*<br>*Көңілді біз баламыз.*<br>***Дид ойын.*** *«Жұп суреттер»*<br>*Мақсаты;*<br>*Балалар бірдей суреттерді таба алады.* | ***Саусақ жаттығулары: «Қонаққа барамыз»***<br>*Басбармақтың үйіне,*<br>*Келді бүгін қонақтар,*<br>*Бес саусағың біріксе,*<br>*Текке кетпес уақытың,*<br>*Барлық саусақ – тату дос,* | ***Мен де балғын гүлмін***<br>***Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!*<br>***Дид ойын: «Телефон»***<br><br>*Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды.* |
| *Таңертенгі жаттығу* | ***Қыркүйек айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Таңғы ас* | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| *Ұйымдаст ырылған іс-әрекетке дайындық* | *Мына аспан астында*<br>*Жақсы дос көп табылар*<br>*Мен де соның бірімін,*<br>*Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім*<br>*Ылғи күліп жүремін.*<br>*Бірге ойнапғ бір жүрер*<br>*Достарым көп, білемін!* | *Сиқырлы айнадан*<br>*Өзімді көрермін.*<br>*Бақыттан жайнаған.*<br>*Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөгеленген шеңберді.* | *Бақыт толы шеңберге,*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қол ұстасып келдік біз,*<br>*Жан достармыз енді біз.* |
| *Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдасты рылған іс-әрекет* | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Шығармашылық әңгіме «Менің отбасым»*<br>***Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»***<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Тату –тәтті тұрамыз.*<br>*Бірге ішеміз асты да,*<br>*Бірге сайран құрамыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап*<br>*Саяхатқа немен шыққан ұнайды?*<br>*Автобус пен поездың айырмашылығы неде?*<br>*Автобуспен саяхатты таңдау.*<br>***1. «Достық аялдамасы»***<br>*Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?-Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?-Біз білетін достық ережесі қандай еді?*<br>*- жолдастарыңа көмектес.* | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру .*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Сылдырмақпен***<br>***Б.қ.: «Көбелек қонды»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. 6р*<br>***Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Менің отбасым*<br>*(сурет бойынша әңгіме)*<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Е. Өтетілеуұлы.*<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға,*<br>*«Қайырлы таң!»- деймін мен.*<br>*Күндіз де елді елеймін:*<br>*«Қайырлы күн!»- тілеймін.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Үнтаспадан*** *«жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату.*<br>*Ашық сұрақтар*<br>*Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?*<br>*-Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс.*<br>***ІІ.Қызығушылығын ояту***<br>***- балалар, біз бүгін дыбыстар бағына саяхатқа барамыз.***<br>***Сиқырлы таяқша.***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс***<br>*Дид ойын: «Қандай дыбыс»*<br>*Дыбыстар шығады*<br>*- балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады?*<br>*- жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз?*<br>*Түнде қасымызға маса келгені қайдан білеміз?*<br>*дұрыс айтасыңдар, біз дыбысты осылай құлағымызбен естиміз. Әр естіген дыбыстың жазылу таңбасы - әріп. Әріптер мыналар (әріптерді көрсету)*<br>*Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз, ал әріпті көреміз, оқимыз және жазамыз.*<br>***Сергіту сәті*** | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:****Бір үйде біз нешеуміз?*<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Ә.Қонарбаевтың «Бала, бала, балақан» әні орындалады.*<br>*Балалар шаттық шеңберінде өлеңді қайталап, оның мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыспен жасайды.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт***<br>*Айгүл қуыршақ келеді. Балалармен амандасады.*<br>*Балалар мен сендерге қонаққа келдім, менде көптеген тапсырмалар бар бірге орындауға көмектесесіңдер ме?*<br>***1-тапсырма.***<br>*АКТ технологиясы.*<br>***Дид ойын: Кімді көріп*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.<br>**2. «Отбасы аялдамасы»**<br>- Балалар отбасы деген не?<br>- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/<br>-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.<br>**Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.**<br>**Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»**<br>**1-бала:**Айтшы білсең егер де, Бақыт деген не?<br>**2-бала:** Бақыт деген, шырағым<br>Мынау әсем тұрағың.<br>Ну ормандар, гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны<br>БАҚЫТ- дәні даланың.<br>«Ботам» деуі әженің,<br>Тыныштығы әлемнің.<br>**3-бала:** Қайда бақыт мекені,<br>Қалай оған жетеді?<br>**4- бала:**Адал еңбек етесің<br>Сонда ғана жетесің.<br>**Сезім:** Көрінбейтін көзіңе,<br>Сонда оның өзі не?<br>**5- бала:**Бақыт деген, сөзім шын<br>Айналайын, өзіңсің!<br>**3. «Бақыт аялдамасы»**<br>Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, | қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Қайшы»**<br>**3.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет /<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**4.** Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет<br>**Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.<br>**Бастапқы қалыпқа келу.**<br>Қимыл- қозғалыс жаттығуы<br>Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>2.Доға астынан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын: «Мысық тышқан»**<br>Ойын шартымен таныстыру.<br>**Қорытынды:**<br>Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру | **Суретпен жұмыс.**<br>«Отбасы.»<br>**Кубизм әдісі.**<br>Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.<br>**Дид ойын: «Кім екенін тап?»**<br>Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр.<br>**Шығармашылық орталығындағы жұмыс. Топқа бөлу.**<br>**1-топ**<br>**Дид ойын: «Мен және менің жақындарым»**<br>Шарты: Өзіне ұнаған суретті іріктеп алып, отбасы тақырыбында коллаж құрастыру.<br>**2- топ**<br>**Дид ойын: «Әдемі үйлер»**<br>Шарты: Әр түрлі үйлерді құрастырады.<br>**Сұрақ – жауап**<br>– Бүгін не үйрендік?<br>-Қандай тақырыпта әңгімеледік?<br>**Шапалақ әдісі** арқылы қорытындылау.Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру. | Жаңбыр жауса<br>Тырс - тырс<br>Айтады гүл:<br>- дұрыс - дұрыс<br>Жаңбыр жауса,<br>Тырс - тырс,<br>Айтады қыр:<br>- ырыс - ырыс<br>**ІІІ. Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Не қалай дауыстайды?»**<br>Ойын шарты: педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады.<br>Қой маңырайды<br>Сиыр мөңірейді<br>Жылқы кісінейді<br>Түйе боздайды<br>Ешкі бақырады<br>Дид ойын: «Топтастыр»<br>Шарты: Дауысты дауыссыз дыбыстарды топтастыру. Қалаған бір дыбыстан сөйлем құрап , қандай дыбыс шығаратынын айту.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: Менің жанұям<br>**Шаттық шеңбері. «Балалы үй-базар»**<br>**Н.Әлімқұлов.**<br>Біздің үйден ән тарап,<br>Дұмандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>**І.Қызығушылықты ояту**.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** | **тұрсың?»**<br>Шарты: Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады<br>**2- тапсырма «Ыстық орындық.»**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**Шарты:** Мен отбасымды жақсы көремін»<br>деп әр бала өз отбасы туралы айтады.<br>**3-тапсырма.**<br>**Пед жет ойын: «Санамақтар сыры»**<br>«Бір үйде біз нешеуміз?» (А.Сопыбеков)өлеңін оқып беру.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?\<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br><br>**Дид ойын «Қай зат кімдікі».**<br>**Шарты:**<br>(сөздік ойын, мұнда балалар әжесіне, атасына, анасына, әкесіне, ағасына, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалар бақыт деген не екенін өз сөздерімен айтып берсін.<br>**Қортынды**<br>**Аспан тұрса күлімдеп,**<br>**Ақса бұлақ гүрілдеп,**<br>**Болса Отаны аман-сау.**<br>**Балаларға сол бақыт.**<br>Балаларды мадақтау<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Менің мейірімді отбасым.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Уықтары шаншылар<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз болып көрінер<br>-Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?<br>-Ал, киіз үйде кім тұрады?<br>-Оларды бір сөзбен қалай Атаймыз<br>Балаларды мадақтау.<br>**Миға шабул әдісі**<br>Дид ойын: «Сиқырлы микорфон»<br>1.Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Бұл кім?<br>- Оны қалай білдіңдер?<br>**- Ал сендердің әжелерің қандай ?** | **Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Сөзбен танысайық<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>**«Кел,балалар күлейік»**<br>**Ө.Тұрманжанов.**<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Қонаққа барамыз».**<br>Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді.<br>**«Үй иелері»** қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет.<br>**«Қонақтар»** тобы сыпайы жауап қайтарады.<br>**ІІІ. Ой дамыту.**<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балаларды қызыл, сары, жасыл доптар арқылы топқа бөлу.<br>**І-топ. Қызыл доп.**<br>**Дид ойын: «Ойлы болсаң, озып көр»**<br>Шарты: Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айту.<br>**ІІ –топ сры доп**<br>**Дид ойын:**<br>**«Жүйрік болсаң, озып көр!»**<br>А, Т,Б, С, Ғ, П, әріптерге сөз айту.Бала үні.<br>**ІІІ-топ жасыл доп.**<br>**Дид ойын: «Мен бастаймын сен аяқта »**<br>Шарты: Ұяшықтар таңдап, | **Математика**<br>**Тақырыбы:** Геометриялық ұғымдар<br>**Ой қозғау.**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тиіскенді түйреген,<br>Киімі бар инеден. (Кірпі)<br>– Балалар, жұмбақ не туралы?<br>Кірпі келіп, балалармен амандасады. Балалар қызығушылық танытады.<br>Кірпі балаларға ішінде жапырақтары бар себетті береді.<br>**Дид ойын:**«Себетте не бар?»<br>Шарты: Кірпі берген себетте не жатыр?<br>Себетте қандай түсті жапырақ бар?<br>Әр бала бір-бірден жасыл жапырақтан алу<br>**Ашық сұрақтар қою?**<br>Себетте қандай жапырақ болды? Көп пе аз ба?<br>Енді қанша қалды?<br>Жапырақтар себетте көп болу үшін, не істеу керек?<br>Бала үні.<br>**Дид ойын: «Біреу – көп»**<br>Шарты: Балалар суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сызық арқылы көрсетеді.<br>**Ой қозғау.**<br>Кірпі нені жақсы көреді.? | Дегенімді жасайтын<br>Қалған тамағымды асайтын,<br>Ертіп алып жетектеп<br>«Немерем» – деп атайтын?<br>Кім ол?<br>**Балалар: – Апай, бұл «Ата» – ғой**<br>Ертегі айтып беретін<br>Айтқаңына сенетін.<br>Дегеніңді екі етпей Жаңында сенің жүретін. Кім бұл?<br>**Балалар: – Бұл «Әже» – ғой апай!**<br>Кіріңді сенің жуатын Үйді шаштың и деп қуатын<br>Тамағыңды дайындап Жақсы көріп тұратын.<br>Бұл кім екен?<br>**Балалар: – Апай бұл біздің«анамыз» – ғой.**<br>**ІІ.Ой дамыту**<br>**Жанұя туралы түсінік беру.**<br>-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Сенің отбасың қандай?<br>Отбасында неше адам бар?<br>Олар кімдер?<br>-Атаң мен әжең кім?<br>-Әкең қайда жұмыс істейді?<br>-Анаң қайда жұмыс істейді?<br>-Сен неше жастасың<br>**ІІІ. Миға шабул**<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**IV.Ой қозғау**<br>Мақал – мәтелдер.<br>-Отанды сүю отбасынан басталады.<br>-Үлкен – бастар. | апасына, әпкесіне тиісті үш затты атауы керек)<br>**Қорытынды.**<br>Айгүл балаларға риза болып,көңілді смайлктер беріп қоштасады.<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы**: Жанұя мүшелері.<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қандай жақсы бір тұру<br>Достарыммен бір жүру<br>Қайырлы күн, Жер-Ана<br>Қайырлы күн достарым<br>Жыл мезгілін сұрау.<br>**Миға шабул**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ**<br>Маған да, саған да,<br>Жақын туыс бес адам.<br>Үш әріптен тұратын.<br>Оңға оқы, солға оқы.<br>Өзгермейді еш онда.<br>Бәрі- де өз жұртың.<br>Айтады, қане кім атын?<br>**-**Ендеше бұлардың барлығын біз қалай айтамыз?<br>**АКТ технологиясымен жұмыс .**<br>**Отбасы туралы түсінік беру.**<br>**Сергіту сәті.**<br>Бас бармағым әкем.<br>Балан үйрек шешем. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.<br>- Кім бұл?<br>**- Ал сендердің аталарың қандай?**<br>3.Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам. Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам<br>**-Бұл жұмбақ кім туралы?**<br>4.-Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар?<br>-Аналарың сендерді қалай еркелетеді?<br>**- Және соңғы жұмбақ..**<br>Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады.<br>-Бұл кім?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті**<br>Иіліп оңға бір, иіліп солға бір,<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ,<br>Жаттығу оңай-ақ.<br>**Дид ойын:**<br>«Бақыт ағашы»<br>Шарты: Отбасы мүшелерінің суретін ретімен ағашқа жапсырады. | шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табу.<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:** Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымда<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.** Білмеспек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.<br>Мен санау білмеймін.<br>Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?<br>Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?<br>–Қандай заттар бір-бірден салынған?<br>Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша алма?<br>- Ал, мына ағашта қанша алма?<br>Балаларды мадақтау.<br>Білмеспек балаларға рахмет айтып, қоштасып кетеді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бір дегенде-тік тұрамыз!<br>Екі дегенде-екі рет айналамыз.<br>Үш дегенде-үш рет секіреміз.<br>Төрт дегенде- отырамыз. | Балалардың жауаптары.<br>– Балалар, кірпі қысқа азық жинап алмақшы екен.<br>Кірпіге суреттегі көп алма қайда, бір алма қай жерде тұрғанын тауып береміз.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Шарты: Аз, кем ұғымдарын бекіту.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ой өріс**<br>**Топтық жұмыс.**<br>Пед жет ойын: «Салыстыр» Шарты: салыстыру ұғымдарын бекіту. Суретте кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата, салыстыр.<br>Сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс, тікелей бақылау<br>**Рефлексия.**<br>Кірпі тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рақмет айтып, балалармен қоштасады.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Кім бізге қонаққа келген?<br>Қандай тапсырмалар орындадық? Бала үні.<br>Балаларды мадақтау.<br>3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.** | Кіші – қостар.<br>Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>Дид ойын: «Ретімен орналастыр»<br>Шарты: Суреттн отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.<br>**Қортынды** Санамақ сыры<br>**Санамақ айту.**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел, санаайық екеуміз.<br>Бас бармағым –атам,<br>Балан үйрек- әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br>Бір үйде біз бсеуміз,<br>Тату тәтті екенбіз<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**«Түстер мен заттар» ойыны.**<br>Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.<br>**Тосын сәт**.Қоян келеді.<br>Қоянмен ойын.<br>**Дид ойын: «Не қайда тұр»**<br>-Менің сол жағымда не отыр?<br>-Менің оң жағымда қандай аң отыр?<br>**Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.**<br>1-топ қызыл түс<br>2- топ көк түс<br>3-топ жасыл түс.<br>Әр топқа тапсырма беру.<br>Тапсырма шарты: шашылып | Ортан терек ағам<br>Шылдыр шүмек апам<br>Кішкене бөбегім мен.<br>**Дид ойын«Отбасыңды неге теңейсің?»**<br>**Ойынның шарты:**Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе,сол суретті көтеріп көрсетеміз.<br> <br><br>**Дид ойын: «Ретімен орналастыр»**<br>Шарты: Суреттн отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.<br>**Қорытындылау :**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Кімдер туралы әңгімелестік?<br>Бас бармақ әдісі қорытындылау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Ғажайыпал аң<br><br>**Ғажайыпсәт.**Қонаққақ уыршақтар–СәулеменАрманкеледі. Сәлеметсіздерме?! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(әр балаға жеткілікті ағаш сурееті, қиылған отбасы мүшелерінің суреттері)*<br>***Қорытынды***<br>*Балалар, біз бүгін кімдер туралы білдік?*<br>*Сонда отбасы деген не?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру .*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары. Сылдырмақпен***<br>***Б.қ.: «Көбелек қонды»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. 6р*<br>***Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты иреленңдете айналдыру. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Қайшы»***<br>***3.****Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта,* | ***Дид ойын: «Поезд»***<br>*Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік.*<br>*Оң жаққа бұрылыңдар*<br>***«Ойыншықтар» аялдамасы.***<br>*Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар!*<br>*Сол жаққа бұрылыңдар.*<br>***«Қуыршақтар» аялдамасы.***<br>*(үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Балабақшаға оралу.***<br>*Қорытынды.*<br>*-Қонаққа кім келді?*<br>*-Сендерден қандай көмек сұрады?*<br>*-Поездбен қайда бардық?*<br>*Жарайсыңдар.*<br>*Балаларға көңілді смайлктер беру*<br><br>***Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:***<br>***Анамның қолшатыры***<br>***І.Шаттық шеңбері***<br>***Н. Жанаев.***<br>*Табиғат біздің анамыз*<br>*Табиғатқа баламыз* | ***Тақырыбы: Сөйлеммен танысайық***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Өзі сондай нәзік,*<br>*Су құйсақ кетеді.*<br>*Алақанын жазып.*<br>*Бұл не болды, балалар?*<br>***Гүл.***<br>*суретін көрсету.*<br>***Дид ойын: «Гүл тереміз»***<br>*Шарты: Әр түрлі гүлдерден гүл бумасын жинау.*<br>***Дид ойын: «Ойлан тап»***<br>*Шарты: гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айту.*<br>*Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ.*<br>*осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту.*<br>*Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз.*<br>*-Гүл қайда өседі?*<br>*- Гүл қандай?*<br>*- Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.*<br>*— Далада әдемі гүл өседі.*<br>*— Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық,*<br>*Бой жазайық бәріміз.*<br>*Мойнымызды бұрамыз,* | *жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар,ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар)*<br>*Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйрету.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Әр топқа көңілді смайлктер беру.*<br>***Дид ойын: «Жасырынбақ»***<br>*Әр топ қарама қарыс топқа заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтып жасырады . Қарсы топ оның қандай зат екенін табады.*<br>*Дұрыс жауап береген топқа смайлк беру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал, балалар тұрайық.*<br>*Үлкен щеңбер құрайық,*<br>*Алақанды соғайық.*<br>*Оң жақтағы балаға,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Сол жақтағы балаға,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Жоғары төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br>***Шарты:*** *Алдарында қағазда бейнеленген заттарды топтастырады.*<br>*Доп көп, шар аз. т.б.*<br>*Балаларды мадқтау.*<br>*Смайлк беру.*<br>***Қорытынды.*** | *Балаларға«Ғажайыпала ң»ойынынойнауғашақыр ады.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді,тапсырмалардыо рындайды.*<br>***Біріншітапсырма:****Сана мақтыескетүсіру,отбас ымүшелерін атау.*<br>*Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық екеуміз.*<br>***Екінші тапсырма:***<br>*Отбасы туралы қандай мақал білесіңлер?*<br>*Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.*<br>*1.Отан отбасынан басталады.*<br>*2.Баланың бас ұстазы – ата-ана.*<br>*3.Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар.*<br>*4.Аға әдепті болса, іні әдепті,*<br>*Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.*<br>***Үшінші тапсырма:***<br>*Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қолдарды қайшылау./6 рет /*<br>***Б. қ.: «Жұлдызша»***<br>***4.*** *Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет /*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>*Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.*<br>*2.Доға астынан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Қояндар мен қасқыр»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру*<br>***Қорытынды:***<br>*Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру*<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Шаттық шеңбер.*** | *Таңғажайып сәт.*<br>*Аудио дауыс. Жаңбырдың жауған даусы.*<br>***Сұрақ-жауап***<br>*-Жаңбыр жауғанда қалай қорғанамыз.*<br>*-Қолшатырды қай жерде ұстаймыз*<br>***ІІ. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Ермексазды жұмсарту, алақанға салып созу әдістерін түсіндіру.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды.*<br>*Дид ойын:: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау*<br>***Қортынды***<br>*қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»*<br>*Шарты: Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады*<br>***Балаларды мадақтау.*** | *Қолымызды созамыз.*<br>*Аяқтарын топ-топ басып,*<br>*Орнымызға барамыз.*<br>***Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »***<br>*Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табады.*<br>***Қорытындылау.***<br>*Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру.* | *Қоян балаларды мадақтап, рахмет айтып қоштасады*<br>*Балаларға сұрақ қою арқылы қорытындылау.*<br>*-Қандай тапсырмаларды орындадық?*<br>*-Қандай ойын ойнадық?*<br>*Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау.*<br>*Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *сөйлем құрайды.*<br>*–Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты Атам теледидар көреді.*<br>*–Мынау – менің әжем. Әжемнің аты Әжем ән айтады.*<br>*–Мынау – менің әкем. Әкемнің аты Әкем ойыншық берді.*<br>*–Мынау – менің анам. Анамның аты Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз.*<br>***Төртінші тапсырма:***<br>*Диалог құру.*<br>*Сұрақтарға жауап беру. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды.*<br>*–Сенің ағаң бар ма?*<br>*–Ағаңның аты кім?*<br>*–Сенің әпкең бар ма?*<br>***Бесінші тапсырма:***<br>***Дидактикалық ойын: «Тыңда, есте сақта, қайтала».*** *Қуыршақ Сәуле сантіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы:менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інімбар.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Дөңгеленіп тұрамыз,*<br>*Керегені құрамыз.*<br>*Уықтарша иіліп,*<br>*Шаңырақты көтеріп,*<br>*Қазақ үйді құрамыз*<br>***Ой дамыту.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **-***Балалар, бір-біріңе аналарың еркелетіп атайтын аттарыңды айтыңдар.*<br>*Өткен тақырыпты қайталау.*<br>*Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».*<br>*Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады.*<br>***Апта күндері.***<br>*Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі.*<br>*-Бүгін аптаның қай күні?*<br>*-Біріншісі қай күн?*<br>*Жетіншісі қай күн?*<br>***2. Ой дамыту.***<br>***Ғажайып сәт.***<br>*Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.*<br>*-Сәлеметсіздер ме?!*<br>*Қуыршақтар хат алып келеді.*<br>*Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті).*<br>*-Қандай керемет, мына суретте кім бар?*<br>*Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Менің қарындасым. Менің сіңлім.*<br>*-Қарындасың бар ма?*<br>*-Сіңлің бар ма?*<br>*Менің сіңлім/қарындасым бар.* | | | | *1.Суреттерге қара. Отбасы мүшелерін ата. Сөйлем құра.*<br>*Үлгі: Менің атам бар. Атамның аты – … .*<br>*Рефлексия.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтайды.*<br>*-Сендерге ойын ұнады ма? Қандай тапсырма ең қызықты болды?*<br>*Қуыршақтар балалармен қоштасады*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:*** *Сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.денені тік ұстап секірмелі жүгіріс . табанның ішкі жақтарымен қысқа және алшақ қадаммен жүру.*<br>*Саптан 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***«Күн- түн»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. 6-р* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *-Сенің ағаң бар ма?*<br>*-Менің ағам бар.*<br>*-Сенің әпкең бар ма?*<br>*-Менің әпкем бар.*<br>*-Сенің отбасыңда неше адам бар?*<br>*Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.*<br>*Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).*<br>*Ә-ә-ә – әже*<br>*Ә-ә-ә – әке*<br>*І-і-і- ің-ің – сің-лі.*<br>***Санамақ тақпақ жаттау..***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық екеуміз,*<br>*Басбармақ – әкем,*<br>*Балаң үйрек – анам,*<br>*Ортан терек – ағам,*<br>*Шылдыр шүмек – мен,*<br>*Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Бір үйде біз бесеуміз.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз.*<br>*Уықтарша иіліп,*<br>*Шаңырақты көтеріп,*<br>*Қазақ үйді құрамыз.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді?*<br>*Өз отбасың туралы әңгіме құра.*<br>***Рефлексия.***<br>*Балаларды мадақтайды* | | | | ***«Иілгіштер»***<br>***2.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.6 рет*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>***3.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, 6-р*<br>***«Айнаны сүрту»***<br>***4.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. 6-р*<br>***«Көбелек ұстау»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. 6-р*<br>***Б.қ.: «Серіппе»***<br>***6.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*араның дыбысын салу,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар*<br>*1. Текшелер арасымен жүру*<br>*2. Обручтан обручқа секіру.*<br>***Қимылды ойын: «Доп қақпаға»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды анық қимылдауға жаттықтыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*шеңбер бойы жүру. Қатарға тұру. Сұрақ-жауап .Балаларды мадақтау* |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №9***<br>*Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* | ***Картотека №10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау.* | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.* | ***Дид ойын: «Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Дид ойын «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.* | ***Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты****: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.* | ***Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?***<br>***Мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.* |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Картотека №9***<br>*Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* | ***Картотека №10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау.* | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*<br>*Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*<br>*Баламен жылы жүзді қоштасу.* | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.09 – 16.09.2022ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №10***<br>***«Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру* | ***Картотека №11***<br>***«Әдептілік»Мақсаты:***<br>*Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.* | ***Картотека №7***<br>***«Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу* | ***Картотека №14***<br>***«Кімге не керек»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***Картотека № 18***<br>***«Өз мекеніне орналастыр»***<br>***Мақсаты:*** *Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету.* |
| Таңертенгі жаттығу | ***Қыркүйек айының 3–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау***<br>***Ойын- жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Астан басқа өзгені*<br>*Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз:** "Астарыңыз дәмді болсын!"*<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| Ұйымдаст ырылған іс-әрекетке дайындық | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыр ылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы.***<br>***ІІ. Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*-Бал татыған мәзір,*<br>*Ол бар жерде әзір.**(аспаз)***<br>*-Өскен шашты жаратпайтын,*<br>*Қайшысы бар жалақтайтын.**(шаштараз)***<br>*-Басқа қандай мамандық иелерін білесіңдер?*<br>*-Мамандықтар туралы түсінік беру.*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>***Шарты:** Суреттің қиылған бөлігін тауып, қай мамандық екенін тез айту.*<br>***3.Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Мамандық дегеніміз не?*<br>*-Мынау қай мамандық иесі.*<br>*-Ол не істеп жатыр?*<br>*-Ол мамандық иесінің бізге қандай пайдасы бар?*<br>*-Олардың атқаратын қызметі не?*<br>***Дид ойын: «Өз затын тауып бер»***<br>***Шарты:** Кір қыстырғышпен* | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .*<br>*Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.*<br>*Сапқа тұру. 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***1.«Торғай ұшты»***<br>*Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру*<br>***2.«Баспалдақ»***<br>*Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 р*<br>***3. «Арқан созу»***<br>*Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.*<br>*/6 рет қайталау/* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: «Дәрігер Айболит»** (ертегі мультфильмін көрсету)*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І.Психологиялық шеңбер***<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн! Бәріңе сәлеем!*<br>*Балалар,*<br>*Жерде не жатыр?*<br>*Қардан не жасауға болады?*<br>*Қарды ұстауға,жеуге болама?*<br>***ІІ.Тосын сәт.***<br>***Есік қағылады.***<br>*Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.*<br>*Дәрігер Айболит:*<br>*Сәлеметсіздер ма балалар. Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді сендердің денсаулық-тарыңды тексеруге келдім.*<br>*Дид ойын: «Дәрігер заттарын ата»*<br>*Шарты: Дәрігер заттарын атап айту*<br>*Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Буынға бөлейік***<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Тақтадағы суретке ат қою, қыз баланың есімі – Сара.*<br>*- Енді, Сара сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік. Са - ра.*<br>*- Бірінші буынын кім айтады?*<br>*- Бірінші буыны Са.*<br>*- Екінші буыны – ра.*<br>*- Дұрыс. Екі буыннан тұрады. Себебіекі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Мысалы, А - ша.*<br>***Дид ойын: «Жоғалған буын».***<br>*Ойынның шарты: жылдам ойлап, келесі буынды табу*<br>*Балаларды екі топқа бөлу.*<br>*- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.. Қай қатардағы топ бұрын аяқталса, сол топқа бір - бірден ойыншық қойылады.*<br>*- Ал, енді ойынымызды бастайық:*<br>*Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -,*<br>*кө -, тор -, бүр -.* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Менің анам ұстаз»*<br>***Миға шабул***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Білімнің дәнін тереді,*<br>*Балаға тәлім береді.*<br>***(Ұстаз)***<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Слайд***<br><br>*Ұстаз туралы әңгімелесу.*<br>*Балалар біздің балабақшамыздың аяулы да, ардақты тәрбиеші апайлар бар. Ал сендер сол апайлардың аттарын білесіңдер ма?*<br>***2-Слайд.***<br>*Тәрбиеші апайлардың суреттері.*<br>*Балалар апайлардың аттарын айтады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *әр мамандықтың затын өз тұсына қыстыру*<br>***Сөздік жұмыс жүргізу.***<br>*Кәсіп, қияды, емдейді, шабыттанады,*<br>***Сергіту сәті.***<br>***Көркем сөз Тақпақ жаттау «Дәрігер»***<br>*Ден саулығын баланың,*<br>*Ден саулығын ананың.*<br>*Ден саулығын қарттың да,*<br>*Қамқорлыққа аламын*<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Мамандық,кәсібі, еңбектену,жұмыс жасау т.б.*<br>***Қортынды:***<br>***Сұрақ –жауап.***<br>*Мамандық деген не?*<br>*Түрлерін атау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы: «Кім болам»***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.*** *Білмеспек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.*<br>*Маған мұғалім мамандық туралы біліп кел деді, мен білмеймін.*<br>*Білмесбекке көмектесу үшін мамандықтар әлеміне саяхатқа шығамыз ба?*<br>*-Мамандықтар әлемі алыста екен сондықтан бізге саяхатқа бару үшін не керек?-Көлік.*<br>*- Ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын, қандай көлікпен баратынымызды* | ***4. «Гүлдің ашылуы»***<br>*Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)*<br>***5. «Тырна»***<br>*Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-15секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады.*<br>*Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.*<br>*2.Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын: «Мысық тышқан»***<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>***Сұрақ – жауап Балаларды мадақтау***<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы***: ***Сөйлеммен танысайық***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Өзі сондай нәзік,*<br>*Су құйсақ кетеді.*<br>*Алақанын жазып.*<br>*Бұл не болды, балалар?* ***Гү****л. суретін көрсету.* | *және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.*<br>*Айболит енді сендерден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер.*<br>***Дид ойын:***<br>***«Өз орнына сал»***<br>*Шарты: Заттарды өз жұбына қою.*<br>*Мыс: Балға –балта, ручка-дәптер, шприц-дәрі т.б*<br>*Айболит: Балалар: Аңдарға күнде нүктелі жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздар ма? Әрине дәрігер біз күнде нүктелі жаттығулар жасаймыз.*<br>***1. Мұрын саусақ ұшымен айналдырайық;***<br>***2. Қасымызды бармақпен айналдырайық;***<br>***3. Құлағымызды саусақ ұшымен айналдырайық;***<br>***4. Маңдайымызды саусақ ұшымен айналдырайық.***<br>*Дәрігер Айболит: жарайсыңдар балалар, сендер жаттығуды жақсы біледі екенсіңдер, мен сендерге ризамын сол үшін сендерге тазалық сақтайтын құралдарды* | ***Ой қозғау.***<br>***Буындардан сөз құрау.***<br>*- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай.*<br>*Осы сөздерді қатыс-тырып сөйлем құрау.*<br>*Ұзақ – жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.*<br>***Дид ойын: «Сөз өзгеру»***<br>*Шарты: Буынға әріпті қосу арқылы жаңа сөз шығару.*<br><br>***Қортынды.***<br>*Буын туралы білімдерін тиянақтау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:****«Мамандықтың бәрі жақсы»*<br>*(сурет бойынша әңгіме)*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік.*<br>*Қабақ түйген не керек?*<br>*Көңілді боп жүрейік.*<br>*Балалар жылдың қай мезгілі?*<br>*– Ауа райы қандай?*<br>*– Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*-Есік қағылып ішке пошташы кірді*<br>*-Саламатсыздар ма, балалар. Сендерге Айгүл достарыңыз хат беріп жіберді.*<br>*-Хаттың ішін ашып оқимыз.* | *Балаларды мадақтау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп,*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Дид ойын: «Айырмашылығын тап».***<br>***Шарты:****Қонжық ұстазына гүл сыйлайды.*<br>*Суретті сипаттап, екеуінде не айырмашылық бар екенін табу*<br><br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Балалар балабақшадағы тәрбиеші ұстаз апайларымызға гүл сыйлайық.*<br>***Дид ойын: «Әдемі гүлдер»***<br>***Шарты:*** *Оригами гүл жасау.*<br>*Көрсету,түсіндіру.*<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауып көрейік.<br>Көше бойлап аяндайды.<br>Адам тасып аялдайды.<br>**(Автобус)**<br>- Иә, балалар, ал автобусты жүргізетін адамды кім дейміз?Жүргізуші.<br>- Қане, кім автобус жүргізушісі болғысы келеді?<br>Қане балаларавтобусқа отырайық. Ал, кеттік<br>-Осы кезде бағдаршамның қызыл көзі жанып, автобус тоқтайды.<br>-Балалар біз негетоқтадық?<br>- Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда тоқтау керек.<br>- Дұрыс айтасыңдар балалар, бізге жол нұсқап тұрған кім?<br>**- Жол сақшысы.**<br>**Бір бала**:Ала таяқ ұстаған<br>Жол тәртібін нұсқаған<br>Өмірінді күзеткен<br>Жол сақшысы мен болам.<br>Жол сақшысы жүре бер деген белгі береді.<br>**Ой қозғау.**<br>**1-аялдама. Аурухана**<br>- Міне мамандықтар әлеміне де келіп жеттік.<br>Мына жерде не көріп тұрсыңдар<br>?- Бұл кісі кім екен?дәрігер.<br>Бір бала: Мен дәрігер боламын<br>Үлкеннің де баланың<br>Қиналғанда қасына<br>Бірінші болып барамын<br>Дәрігер қандай мамандық иесі екен?<br>Дәрігер ауруханда жұмыс | **Дид ойын: «Гүл тереміз»**<br>Шарты: Әр түрлі гүлдерден гүл бумасын жинау.<br>**Дид ойын: «Ойлан тап»**<br>Шарты: гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айту.<br>Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ.<br>осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту.<br>Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз.<br>-Гүл қайда өседі?<br>- Гүл қандай?<br>- Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.<br>— Далада әдемі гүл өседі.<br>— Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді.<br>Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Бой жазайық бәріміз.<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяқтарын топ-топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>**Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »**<br>Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табады.<br>**Қорытындылау.**<br>Балаларды мадақтау. | беремін, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сендерге айтарым, өздеріңді таза ұстаңдар, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болыңдар, жақсы сау болыңыздар.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ- жауап<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:** Бір және көп ,көп заттарды салыстыру<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар бүгін бізге таным елінен бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті.<br>Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.<br>- Ең үлкені Айжан<br>- Ал одан кішісі Айман<br>- Ең кішісі Айгүл<br>Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.<br>Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?<br>**Дид ойын: «Қуыршақты ата»**<br>Шарты: Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім? | Балалар мен сендерге мына жұмбақтарды жібердім шешуін білмей жатырмын маған көмектесіңдерші?<br>-Балалар жұмбақты шешіп көмектесеміз ба?<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ**<br>1.Тәп-тәтті тағамы<br>Астардың маманы. (Аспазшы)<br>2.Кірпіштен үй салады,<br>Ол адам кім болады? (Құрлысшы)<br>3. Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>4. Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**Мамандық түрлерімен таныстыру.<br>Балалар, мына суреттерде кімдердің суреттерін көріп отырсыңдар?<br>-Олар не істейді ?<br>**Дид ойын.«Сен өскенде кім болғың келеді?»**<br>Әр бала өз ойын айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**Дид ойын: «Кімге не керек?»**<br>**Шарты: Әр мамандықтың құралдарын ретімен жинау.**<br>**Қорытынды**<br>Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау | <br>(балалар әр топқа барып жасалған гүлдерді апайларға ұсынады.)<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Мамандықтар<br>**Ой қозғау.**<br>**Мамандық түрлерімен таныстыру.**<br>**АКТ. Мамандықтар.**<br><br>-Бұлар кімдер? Не істейді?<br>- Дәрігер не істейді?<br>- Аспазшы не істейді?<br>- Тігінші не істейді?<br>- Шаштараз не істейді?<br>-Мұғалім не істейді?<br>(Балаларға сұрақтар қо йылып, жауаптарын толықтыру.).<br>Сондықтан бізге барлық мамандықтар қ ажет. Міне, біз қанша мамандық түрлерімен таныстық.<br>Осындай әр түрлі мамандықты тану үшін алдымен әдепті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істейді. Дәрігер балалардың ауырып қалмауын қадағалайды.<br>**Дид ойын:«Танып біл»**<br>- Мынау не балалар? - Ине<br>- Иә бұл ине, ал мынау стетаскоп бұл құралмен біздің кеудемізді тыңдап, қай жеріміз ауырып тұрғанын анықтайды. Ал мынау дәке, мақта.<br>**Сөздік жұмыс: стетаскоп, дәке, мақта.**<br>**2-аялдама. Асхана**<br>- Балалар, мынау асхана. Асханада кімдер жұмыс істейді? Аспаз.<br>- Мынау не балалар? Электр пеші<br>- Асханада қандай құралдар бар?<br>- Шыны, пияла, тәрелке, қазан кастрөл.<br>Аспаз менің жұмбағымды шешіп көріңдерші:<br>Кесе – шыны пиала,<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>**(Ыдыс - аяқ)**<br>**3-аялдама**<br>- Ал енді балалар біз қайда келдік?<br>- Дүкенге<br>- Дүкенде кім бар?<br>- Дүкенші<br>Дүкенші: Ойыншық аламыз, ойыншық аламыз.<br>- Балалар дүкеннің бірнеше түрі болады. олар: азық - түлік дүкені, киим дүкені, | Жұлдызша беру.<br><br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:**<br>**Геометриялық ұғымдар.**<br>**Көңілді шеңбері.**<br>Қолды көкке созайық,<br>Азайтайық, қосайық.<br>Пішіндердің сарайын,<br>Кәне бірге ашайық.<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын:«Пішіндер сөйлейді»**<br>**-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.**<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын,<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>**Үшбұрышпын, үшбұрышпын,**<br>Үш қабырғам бар бұрышпын,<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>**- Домалақпын, домалақпын,**<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты<br>Шар сияқты домалақпын.<br>**2.1 Топқа бөлу.**<br>**А) Төртбұрыш тобына тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойыншықтардың үйін табу»**<br>**Шарты**: - Мына жерде биік және аласа үй бар.<br>Ойыншықтарды көлеміне | Жарайсыңдар балалар! Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма теріпті.<br>Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.<br>**Дид ойын: «Алмаларды салыстыр»**<br><br>- Алмалардың түстері бірдей ма?<br>- Түстері қандай?<br>- Ал көлемдері бірдей ма?<br>- Қандай алма үлкен?<br>- Ал қандай алма кіші?<br>- Алмалардың қайсысы көп, қайсысы аз?<br>Дұрыс айтасыңдар сары алмалар көп екен, ал қызыл алмалар үлкен болғанымен аз екен.<br>Тағы тапсырмалары бар екен.<br>**Тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Сызықпен қос»**<br>**Шарты:**.Балаларға берілген заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсыну.<br>Сызықпен қосу. | **Математика**<br>**Тақырыбы**: Бос орынға тиісіті суреттерді қой<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Құртаққандар келеді.<br>Суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну<br><br>Балалардың жауаптары.<br>Құртақандардың тапсырмалары.<br>**1-Тапсырма.**<br>Ойын «Ғажайып қалта»<br>Геометриялық пішіндер салынған қалта болады, балалар сипап сезу арқылы пішіндерді атап айтып береді.<br>**2- тапсырма.**<br>**Жұмбақтар шешу**.<br>1)Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз, балабақ шамызға келеміз. бұл қай кезде болады? **(таңертен)**<br>2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз. Серуенге шығамыз, қыдырамыз ,бұл қай кезде болады? **(күндіз)**<br>3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз.Бұл қай кезде болады **?(кеш)**<br>4) Үйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, әлдилеп ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады **(түн)** | тәрбиелі<br>оқыған үлкен азамат болып өсуіміз керек.<br>Ол үшін бәріне<br>еңбек қажет.<br>**Сергіту сәті**<br>Іш ауырса, тіс ауырса,<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық бала, барлық адам,<br>Оны жақсы көреді.<br>**Дид ойын: «Кім жылдам»**<br>**Шарты:**Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығару, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлу, Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез – тез бөліп алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын айтады.<br>**Дид ойын: «Сызба»**<br>Шарты: Әр мамандықтың жұмыс орнын сызбамен көрсету**Қорытынды:**<br>**Сұрақ – жауап.**<br>Балалар бүгін біз не туралы сөйлестік?<br>Қандай мамандық иелерімен таныстық?<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ойыншықтар дүкен.*<br>*- Біз қандай дүкенге келдік? Ойыншық дүкеніне*<br>*- Дұрыс, дүкенде ойыншықтар сатылады екен.*<br>*- Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?Атау*<br>***4-аялдама***<br>*-Бұл қандай мамандық түрі екен?*<br>*- Шаштараз мамандығы.*<br>*- Балалар, біздің шашымыз өсіп кеткенде кімге келеміз? Шашатаразға.*<br>*- Бұл кісі шаштараз.*<br>*Қолымда қайшы тарағым*<br>*Тәртіпке шашты салатын*<br>*Мен шаштараз боламын.*<br>***П/Ж ойын: «Шаштараз заттарын ата»***<br>*- Мынау менің қолымдағы не? Тарақ, айна, қайшы.*<br>*- Ал мынау шаш кептіргіш, бұл құрал шашты кептіруге арналған, электрмен істейді.*<br>***Сөздік жұмыс: шаш кептіргіш.***<br>***5-аялдама***<br>*- Балалар мынау құрылыс алаңы. Бұнда құрылысшы жұмыс істейді. Міне мына кісі құрылысшы. Құрылысшы не салады? Үй салады.*<br>*- Ал мынау қандай құрал?*<br>*- Қалақ.*<br>***Бір бала: Қолда темір қалағым.***<br>***Саздан сарай саламын***<br>***Астанадан аумайтын***<br>***Әсем қала саламын.***<br>*Балалар біздің тобымызға* | *қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.*<br>***Ә)Үшбұрыштар тобына***<br>***Дид ойын:***<br>***«Жол картасын бейнеле»***<br>***Шарты:*** *Ағаш, тау, күн, бұлт, тас, көл, гүлдер т.б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша қою.*<br>***Сергіту сәті.***<br>***Б) Дөңгелектер тобы.***<br>***4.Геометриялық пішіндермен жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: Таяқшалармен құрастыру жұмысы*<br>*Шырша, көзілдірік, үй, қайық.*<br>***ІІІ. Сылдырмақ үні.***<br>***Шеңбер***<br>***Миға шабуыл.***<br>***Логикалық есептер.***<br>*-Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек?*<br>*-Дөңгелекте неше бұрыш бар?*<br>*-Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді?*<br>*- Үй қандай пішіндерден тұрады?*<br>*Құрт қандай пішіндерден тұрады?*<br>*- Машина қандай* | <br><br>***Сергіту сәті:***<br>*Алма, алма, көп алма*<br>*Қызыл жасыл, сары алма.*<br>*Теріп, теріп алайық,*<br>*Қалтамызға салайық.*<br>***Миға шабул.***<br>***Логикалық тапсырма***<br>*-Жол ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Қол ұзын ба, қысқы ма?*<br>*-Қасық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Асық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?*<br>*-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?*<br>*-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?*<br>***Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»***<br>*Шарты: Пішіндермен жұмыс.* | ***3-тапсырма***<br>***«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»***<br>*Шарты:Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.*<br>***Сергіту сәтті:***<br>*Ал,балалар тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық*<br>*Қолды белге қояйық,*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иілип*<br>*Белімізді жазайық*<br>*Жоғары төмен қарайық,*<br>*4-тапсырма.*<br>*Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.*<br><br><br>***Қорытынды.***<br>*Құртақандар балаларды мадақтайды. Балаларға жұлдызша беріп қоштасады. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | ***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: Көркем сөздер әлеміне саяхат.***<br>***І. Миға шабуыл***<br>***Мақал айтам өзіңе***<br>***-****Диқан жерді анасындай сүйеді,*<br>*Жер диқанын баласындай сүйеді.*<br>*-Қай мамандық туралы айтылған?*<br>*-Шебердің инесі де алтын,*<br>*Соққан күймесі де алтын.*<br>*-Жақсы дәрігер ауруды жазады, -жаман дәрігер ауруға ауру қосады*<br>***ІІ. Ой қозғау.***<br>***Жұмбақтар әлемі***<br>***П/Ж ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Өскен шашты жаратпайтын*<br>*Қайшысы бар жалақтайтын.*<br>***(шаштараз)***<br>*Оның тіккен бұйымы,*<br>*Аяғыңды қаптайды,*<br>*Шыға қалса жұлымы,*<br>*Әдеміләп баптайды*<br>***(етікші)***<br>*Дабылға тез жететін,*<br>*Жалынға сүңгіп кететін.*<br>*Қақалса да түтінге,*<br>*Тайсалмайтын батыл кім,*<br>*Жасқанбайтын батыр кім?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайтатын уақытта болыпты.<br>Саяхаттан оралу.<br>**Қортынды.**<br>Білмесбек не үйренді тексерейік<br>**П/Ж ойын:**<br>**«Сөйлеп тұрған кім?»**<br>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы:<br>1) Балмұздақ сатамын! Балмұздақ!<br>2) Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын?<br>3) Қай жеріңіз ауырып тұр? Қазір ыстығыңызды өлшейін.<br>4) Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін?<br>5) Бүгінгі сабақта біз балалар қысқы табиғат туралы әңгімелесеміз.<br>6) Мен манты жасап жатырмын, қазір дайын болып қалады.<br>**Білмесбек бәріне жауап беріп , балалрға рақмет айтып кетіп қалады**<br>ІІ Қорытынды бөлім:<br>- Біз бүгін қайда саяхаттап келдік?<br>- Балалар сендер бүгін сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер және тақпақтарды жақсы айттыңдар. Сол үшін сендерге жұлдызша беремін.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:** Сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік | пішіндерден тұрады?<br>**Балаларды мадақтау.Смайлктер**<br><br>**Құрастыру.**<br>**Тақырыбы: Жүргізушіге машина**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Гу-гу етеді,<br>Жолда жүреді.**(машина)**<br>Балаларға көліктерді көрсету.<br>Бірнеше көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, қандай көліктер не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу.<br>Қандай көліктерді ұнататының сұрау?<br>**Балалардың өз бетінше жұмысы**<br>Үлгі көрсету,түсіндіру<br>Сіріңке қорабынана машина құрастыру.<br>Жеке көмек.<br>**П/Ж ойын: «Біздің көрме»**<br>Балалардың жұмысын бағалау<br>**Қорытындылау.**<br>Не жасағанын?<br>Қалай құрастырғандарын сұрау?<br>Балаларды мадақтау. | Кеңістікті бағдарлау.<br>Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.<br>**Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»**<br>**Шарты.**Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру. Балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы:** Дауысты, дауыссыз дыбыстар<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>Алтын сәуле арайлы<br>Бақшамызға тарайды.<br>Қуанышпен шат күліп,<br>Қарсы алайық арайды.<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.<br>**- Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал** | | **(Өрт сөндіруші)**<br>-Бал татыған мәзір,<br>Ол бар жерде әзір.<br>**(аспаз)**<br>Күміс қанат, сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>(Ұшқыш)<br>Жалтылдап қалағы,<br>Салатын кім қаланы?<br>**(құрлысшы)**<br>**ІІІ. Ой дамыту**<br>**Мамандықтар.**<br>**Серік Әкірамұлы**<br>Теміржолшы атам да,<br>Шығады алыс сапарға.<br>Сәнді киім тігетін,<br>Тігінші ғой апам да.<br>Әкем құрылыс салады,<br>Көркейтеді қаланы.<br>Анам менің ұстаз ғой,<br>Оқытқан бар баланы.<br>Пайдасы көп елге оның,<br>Салады ағам ел жолын.<br>Әпкем менің дәрігер,<br>Жасайтұғын ем-домын.<br>Білікті ғой бар маман,<br>Ұшқыш та бар самғаған.<br>Инженер мен заңгер бар,<br>Елге еңбегін арнаған.<br>Болашаққа жол алдым,<br>Кемелденіп толамын.<br>Бір мамандық иесі,<br>Мен де өскенде боламын.<br>Сұрақ-жауап.<br>Өскенде кім болғың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ұстап, адымдап жүру.денені тік ұстап секірмелі жүгіріс . табанның ішкі жақтарымен қысқа және алшақ қадаммен жүру.*<br>*Саптан 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***«Күн- түн»***<br>***1.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. 6-р*<br>***«Иілгіштер»***<br>***2.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.6 рет*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>***3.** Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, 6-р*<br>***«Айнаны сүрту»***<br>***4.** Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. 6-р*<br>***«Көбелек ұстау»***<br>***5.** Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. 6-р* | | ***дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.***<br>***Дид ойын: «Көңілді тіл» Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі.***<br>***Дид ойын: «Жел соғады»Шарты: тілдің бұлшық етін белсендіру «Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады.***<br>*«Әртістер» ойыны (а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту)*<br>*Дауысты дыбыстар көңілді айтылады.*<br>***Дид ойын: «Не қандай дыбыс шығарады?»***<br>*Шарты:дауыссыз дыбыстарды айту. Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды.*<br>*Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді.*<br>*Дид ойын: «Жетпей тұрған суретті сал,боя»*<br>*Сұрақтар ілмегі.*<br>*«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау*<br>***Қортынды.** Балаларға жақсы жұмыстары үшін* | | *келеді?*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру . Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.*<br>*Сапқа тұру. 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***1.«Торғай ұшты»***<br>*Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру* ***2.«Баспалдақ»***<br>*Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 р*<br>***3. «Арқан созу»***<br>*Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Б.қ.: «Серіппе»***<br>***6.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар*<br>*1. Текшелер арасымен жүру*<br>*2. Обручтан обручқа секіру.*<br>***Қимылды ойын: «Доп қақпаға»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды анық қимылдауға жаттықтыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*шеңбер бойы жүру. Қатарға тұру. Сұрақ-жауап .Балаларды мадақтау*<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Ғажайып сәт.*** *Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.*<br>*-Сәлеметсіздер ме?! Біз сендерге доп әкелдік, ойын ойнаймыз.*<br>***Өткен «Менің отбасым»*** *тақырыбы бойынша үйренген сөздерді қайталау.*<br>***Ойын:***<br>***«Ыстық доп». Сұрақ-жауап алу.*** *Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады*<br>***Ой дамыту***<br>***Слайд: «Мамандықтар».*** *Мамандықтарды суреттермен таныстырады.* | | *алғыс білдіреді.* | | */6 рет қайталау/*<br>***4. «Гүлдің ашылуы»***<br>*Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6-рет қайталау.)*<br>***5. «Тырна»***<br>*Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-15секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады.*<br>*Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.*<br>*2.Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын: «Мысық тышқан»***<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>***Сұрақ – жауап***<br>***Балаларды мадақтау*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бейнетаспа арқылы жаңа сөздермен таныстыру.*<br>*-Мынау – ұшқыш. Мынау кім?*<br>*-Мынау – ұшқыш.*<br>*-Мынау – ғарышкер. Мынау кім?*<br>*-Мынау – ғарышкер.*<br>*-Мынау – дәрігер. Мынау кім?*<br>*-Мынау – дәрігер.*<br>*-Мынау – құрылысшы. Мынау кім?*<br>*-Мынау – құрылысшы.*<br>*-Мынау – сатушы. Мынау кім?*<br>*-Мынау – сатушы.*<br>*Балалар сөздерді қайталайды.*<br>*Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).*<br>*Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.*<br>*Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.*<br>*Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.*<br>*Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер.*<br>***Ойын: Кім не істейді?***<br>*Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.*<br>***Ой дамыту.***<br>***«Кім болып істейді?»***<br>*-Сенің әкең кім болып істейді?*<br>*Сенің анаң кім болып істейді?*<br>*Ата-аналарының мамандықтарын атайды.*<br>*-Менің әкем құрылысшы болып істейді.*<br>*-Менің анам дәрігер болып істейді.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жаңылтпашпен таныстыру.***<br>*Ұшқыш меңгергенді*<br>*Дәрігер меңгере ала ма?*<br>*Дәрігер меңгергенді*<br>*Ұшқыш меңгере ала ма?*<br>***Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу.***<br>***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Аяқты нық басамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз демалып аламыз.*<br>*Бала, бала, баламыз*<br>*Бақшамызға барамыз,*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз.*<br>***Дид ойын:***<br>***Кімге қандай құрал керек?***<br>*Сызып қос.*<br>***Рефлексия.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? Қуыршақтар балалармен қоштасады.* | | | | |
| Серуенге дайындық | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| Серуен: | ***Картотека №9***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №12***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| Ұйқы | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№3***<br>*Көзіміздізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№3***<br>*Көзіміздізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№4***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттанып ойнайық.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***сюжетті рөлді ойын: «Дәрігер»Мақсаты:***<br>*балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.* | ***сюжетті ролді ойын «Шалқан» ертегісі***<br>***Мақсаты:*** *Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады* | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Дид ойын: «Киімдер»***<br>***Мақсаты:*** *мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алады.* | ***ТҮЛКІШЕК (қызықтама)***<br>*Түлкі, түлкі, түлкішек, - Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын. - Ит ішіп кетсе қайтесің? - Бақан ала қуамын. - Былғанып қалса қайтесің? - Ағын суға жуамын. - Ағып кетсе қайтесің? - Қайықпенен қуамын. - Жеткізбесе қайтесің?*<br>*– Жылай, жылай қаламын* | ***Тіл ұстарту жаттығуы***<br>*Өс- өс- өс,*<br>*Тігіп алдым қос,*<br>*Екіге екіні қос.*<br>*Көңілде жоқ қос.*<br>*Өс-өс-өс.*<br>*Өнегелі болып өс.*<br>*Ұқыпты боп өс.*<br>*Ағаш тез- тез өс.*<br>***Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.*** |
| Балалар Мен Жеке жұмыс | ***Картотека №15***<br>***«Жол картасын бейнеле»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.* | ***Картотека № 16***<br>***«Айырмашылығын тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету* | ***Картотека № 20***<br>***Кеңістікті бағдарлау.***<br>***Мақсаты:*** *балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуді үйрету.* | ***Картотека №22***<br>***«Дауыстап санау»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.* | ***Картотека № 12***<br>***«Өз орныңды тап»***<br>***Мақсаты:*** *Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.* |
| | ***МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЙЫНДАРКАРТОТЕКАСЫНАН*** | | | | |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №9***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №12***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* |

| | |
|---|---|
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.   Картотека қосымша тіркелген*** |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде  әңгімелесу*<br>*Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*<br>*Баламен жылы жүзді қоштасу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 19. 09 – 23.09.2022ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека № 1***<br>***Дид ойын:***<br>***«Дәл осындай пішінді тап»***<br>***Ойынның мақсаты :*** *геометриялық пішіндер біледі,пішіндерді атай алады.* | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын:***<br>***«Тәулік бөліктері»***<br>***Мақсаты:*** *Тәулік бөліктерін таң, кеш, күн. біледі. Апта күндерін шартты түрде 1-ден 7-ге дейін фигуралардың немесе ұлттық таңбалардың суретімен белгілей алады.* | ***Картотека №3***<br>***Дид ойын:***<br>***«Суреттерді орналастыр»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *заттарды топтастыра алады., өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыланады.* | ***Картотека №7***<br>***Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, еңбекті құрметтеу-ге үйренеді.* | ***Картотека №12***<br>***Дид ойын:***<br>***Қайсысы қайда тіршілік етеді***<br>***Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табуды,олардың мекен-жайын анықтауды біледі..* |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Қыркүйек айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***<br>***Салауатты өмір салтын сақтаймыз,***<br>***Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Таңғы ас* | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдасты<br>рылғаніс-<br>әрекетке<br>дайындық | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| Білімберуұй<br>ымыныңкес<br>тесібойынш<br>аұйымдасты<br>рылған<br>іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым***<br>***Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру.***<br>*«Әдемі жүрекшелер»(қызыл қағаздан қиылған)*<br>*Бір-бірімізге жүрек жылуымызды сыйлаймыз*<br>***І.І. Қызығушылықты ояту. Шеңберде.***<br>***Өлең оқу. «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.***<br>*Біздерде бар қуыршақ,*<br>*Бұзау қозы құлыншақ*<br>*Ойыншықтар тыңдайды,*<br>*Емес олар ұрыншақ.*<br>*Қуыршақтар ұйықтайды,*<br>*Айтқанымнан шықпайды*<br>*Бұзау, қозы, құлыншақ,*<br>*Маған қабақ шытпайды.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>***І.2. Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?*<br>*-Ойыншықтар неден жасалады?*<br>*-Неден жасалған ойыншықтар қатты болады?* | ***Денешынықтыру***<br>***Жалпы даму жаттығулары «Күн- түн»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. 6-р*<br>***«Иілгіштер»***<br>***2.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.6 рет*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>***3.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, 6-р*<br>***«Айнаны сүрту»***<br>***4.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз.* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:Тақырыбы:***<br>*«Менің ойыншықтарым»*<br>***І. ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Балдырған баламыз,*<br>*Қашан да, қайда да,*<br>*Сенімді біз боламыз.*<br>*Себебі біз достармыз!*<br>***Ой дамыту.***<br>***Әңгіме жүргізу.****Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар!*<br>*- Балалар ойыншықтар-ды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жумсағыда қаттысы да болады..*<br>***2. Ғажайып сәт.***<br>*Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді*<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерден көмек* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Дауысты, дауыссыз дыбыстар*<br>***І.Шаттық шеңбері.***<br>*Алтын сәуле арайлы*<br>*Бақшамызға тарайды.*<br>*Қуанышпен шат күліп,*<br>*Қарсы алайық арайды.*<br>***ІІ. Қызығушылықты ояту.***<br>*«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.*<br>***- Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.***<br>***Дид ойын: «Көңілді тіл»***<br>***Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі.***<br>***Дид ойын: «Жел соғады»***<br>***Шарты: тілдің бұлшық етін белсендіру*** | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>*Ойыншықтар еліне саяхат*<br>***Миға шабул***<br>*Мен сендерге жұмбақ жасырамын, соған жауап берсендер «Ойыншықтар әлеміне» саяхаттаймыз.*<br>*Аяғы бар жүрмейді*<br>*Ауызы бар күлмейді*<br>*Айнымайды бөпемнен*<br>*Тек сөйлеуді білмейді. (Қуршақ)*<br>***Поездбен саяхат.***<br>*Айгүл қуыршақпен кездесу.*<br>*Ойыншығын жоғалтып алып.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Айгүл ойыншығын іздейміз»(Столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.)*<br>*Айгүл қуыршақ қуанып балалармен қоштасады.*<br>***Саяхатты*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | -Қандай ойыншықтар жұмсақ болады?Неліктен?<br>**2. Ой дамыту бағыты.**<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ. Дьенеш блоктарымен жұмыс.**<br>**Дид ойын: «Кім жылда?»**<br>**Шарты:** Блоктардан ойыншықтар құрастыру.<br>**2-топ. Миға шабул**<br>Сұрақ- жауап.<br>Ойыншықтар неден жасалады?<br>Қандай ойыншықтар тез сынады?<br>Қандай ойыншықтар ауыр болады?<br>Қандай ойыншықтар жеңіл болады?<br>**3- топ. Шығармашылық топ.**<br>**Дид ойын: «Қандай түс?»**<br>Шарты: Берілген ойыншықтарды бояу.<br>**4-топ. Мнемотехникамен жұмыс.**<br>-Мнемокесте арқылы ойыншықтарға сипаттама беру.<br>**Қортынды.**<br>**«Бірлік шеңбері»**<br>**Қ. Мырзалиев.**<br>**«Ойыншықтар»**<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой, дос ойнайық.<br>Сұрақ-жауап.<br>Ойыншықтар не үшін керек екен?<br>Ойыншықтармен қалай ойнау | 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. 6-р<br>**«Көбелек ұстау»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. 6-р<br>**Б.қ.: «Серіппе»**<br>**6.** Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар<br>1. Текшелер арасымен жүру<br>2. Обручтан обручқа секіру.<br>**Қимылды ойын: «Доп қақпаға»**<br>**Мақсаты:** балаларды анық қимылдауға жаттықтыру.<br>**Қорытынды:**<br>шеңбер бойы жүру.<br>Қатарға тұру. Сұрақ-жауап .Балаларды мадақтау<br><br>**Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Дауысты, дауыссыз дыбыстар<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>Алтын сәуле арайлы<br>Бақшамызға тарайды.<br>Қуанышпен шат күліп,<br>Қарсы алайық арайды.<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.<br>**- Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар** | сұрап келдім.<br>- Балалар, бауырсақ ертегісін білесіңдер ме?<br>- Бауырсаққа кімдер кездеседі?<br>Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен.<br>Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады.<br>**Ой қозғау.**<br>Бауырсаққа бірінші не кездеседі.<br>**1. Қоян.**<br>Қоянның тапсырмасы.<br>Дид ойын: «Сипаттама»<br>Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып беру.<br>**Сергіту сәті**<br>**2. Қасқыр:** Дид ойын: : «Кім жылдам»<br>**Шарты:** Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.<br>**3. Аю:** Ойыншық туралы тақпақ айтыңдар<br>Іші толы бөлменің<br>Ойыншығым мол менің,<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой, дос, ойнайық.<br>Дид ойын; «Топтастыр»<br>Шарты: Ойыншықтарды топтастыру.<br>**Қортынды сұрақ-жауап**<br>Балаларды мадақтау. | **«Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады.**<br>«Әртістер» ойыны (а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту)<br>Дауысты дыбыстар көңілді айтылады.<br>**Дид ойын: «қандай дыбыс шықты?»**<br>Шарты:дауыссыз дыбыстарды айту. Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды.<br>Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады.<br>Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді.<br>Дид ойын: «Жетпей тұрған суретті сал,боя»<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау<br>**Қортынды.** Балаларға жақсы жұмыстары үшін алғыс білдіреді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ойыншықтар»өлеңі. Н. Әлімқұлов.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>-Дұрыс қуыршақ.<br>- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар? | **жалғастыру.**<br>Екінші аялдамада<br>**Стол үстіндегі жұмыс.**<br>Сүйікті ойыншығымызды стол үстінде парақшаның қай жағында тұрғанын анықтаймыз. Және оны ұшбұрыш пішінімен белгілейміз.<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>**Саяхатты жалғастыру.**<br>Кейінгі аялдамамыз<br>**Құрастыру елі.**<br>Қиылған суреттерден ойыншықтарды құрастырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Балабақшаға оралу.**<br>Балалар сендерге саяхат ұнадыма?<br>Бүгін саяхат кімді кездестірдік?<br>Ойыншықтың қандай түрлері болады екен?<br>Қандай сурет құрастырдыңдар?<br>Балаларды мадақтау.<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Ойыншықтар дүкені<br>**Ой қозғау.**<br>Күнделікті ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | ***«Менің сүйікті ертегім»*** ***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкер-лері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.* | ***«Не қайда тұрады?»*** ***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту* | ***«Кім не жейді?»*** ***Мақсаты:*** *Логикалық ойлауды,сөйлеуді,талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту* | ***«Апта күндері»*** ***Мақсаты:*** *Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету* | ***«Бақша да ма,бау да ма?»Ойынның мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер тура-лы мағлұмат беру.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №17*** ***«Күз көрінісін бақылау»*** | ***Картотека №18*** ***Күзгі жапырақтарды бақылау.*** | ***Картотека №19*** ***Жаңбырды бақылау.*** | ***Картотека №20*** ***Жәндіктерді бақылау.*** | ***Картотека №4*** ***Ауа- райының салқындауын бақылау.*** |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* *Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.* *Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту* *Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.10 – 14.10.2022ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***«Қоянға көмектес.»***<br>***Ойын мақсаты**:*<br>*Заттарды пішініне қарай ажырата алады.*<br>***Ойын шарты**: Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына текшелер қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай текше тұрғанын айтып берулерің керек.* | ***Тақпақ үйрету.***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз* | ***«Үй жануарлары»***<br>***Ойын мақсаты**: Үй жануарларының дене мүшелерін атай алады.*<br>***Ойын шарты**: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту.*<br>*Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.)*<br>*Қалайеркелетеміз? (ботақан, қошақан.)*<br>*Төлдерқалайойнайды. (секіреді, жүгіреді.)* | ***«Жаңғақтармен ойын »***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.* | ***Дидактикалық ойын:**«Ұяшыққа орналастыр»*<br>*Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.* |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Қазан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Отбасында гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>«Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып кеште қайтамыз. | Кәне, кәне тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақ егер шеңберге,<br>Алақанды ұрайық | Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын. | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік! | Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер денсаулық кепілі»**<br>Тілек шоғы. Балалар бәріміз бір –бірімізбен жақсы тілек айтып амандасайық. - Балалар, сендер білесіңдер ма, сендер жай ғана амандасқан жоқсыңдар, сендер денсаулықтың бір бөлігін сыйладындар. Себебі, сендер: зор денсаулық, ауырма, күшті болып өс - деп айтыңдар.<br>**Рақмет балалар.**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>- Балалар, бүгін біз сендермен бірге «Дәрумендер патшалығы» деп аталатын таңғажайып елге саяхатқа барамыз. Дәрумен патшалағы – сиқырлы мемлекет. Біз оған сиқырлы көлікпен барамыз. Балалар, сендер қандай сиқырлы көлік түрлерін білесіңдер.<br>Біз сиқырлы ауа ұшақпен барамыз.<br>Тосын сәт.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма? Біреу жылап жатқан сияқты (топтың алдында | **Денешынықтыру**<br>**ҮІӘөтілу барысы:**<br>**/лентамен, әуенмен/**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.<br>1 сапқа тұру.<br>1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім**:<br>**Жалпы даму жаттығулары. Лентамаен**<br>**Б.қ.: «Басты айналдыру»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер досымыз.**<br>**Миға шабуыл**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>1-Қалың киім ұнатады,<br>Шешіндірсең жылатады.<br>Ол не?<br>Пияз жерде өседі, оның дәмі ащы болып келеді. Пиязды аурудың алдын алу үшін де пайдаланады. Пішіні қандай екен?<br>2. Үлкендігі алмадай,<br>Сырты жанған қызыл от,<br>Ішін жарып қарасаң-<br>Майда , майда қызыл шоқ<br>Анардан салқын сусындар дайындалады. Анарды күнделікті тағамға, салаттарға қосып пайдаланады. Асқазан қабынуына және терінің күйгеніне анар жемісінің қабығы жақсы көмектеседі (қайнатылған түрде)<br>3-Сырты тәтті, іші тәтті<br>Ортасы сүйек қатты<br>Өріктен тосап, шырын, | **Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Ғ ғ дыбысы**<br>**І.Қызығушылықты ояту**.<br>**АКТ технологиясымен жұмыс.**(Күн бейнесі)<br>Ой сүйкімді балалар армысыңдар! Сендерді көріп қуанып тұрмын. Мен мына бейне қалташаммен сендерге тапсырма орындап әкелдім. Тапсырма орындайсыңдар ма?<br>**«Күн тапсырмасы»**<br>**1-тапсырма**<br>Бейнесі қалташада өтілген дыбыстардың және таныс емес әріптер қонаққа келді. Өтілген әріптеріңдң атаңдар?Атау..<br>**2-тапсырма.Ертегідегі әріпті атау.**<br>**«Ғажайып түс»ертегісі арқылы** «Ғ» дыбысы бар сөздермен таныстыру. (Ертегі желісі бойынша тақтаға Ғани, балға, тағa, шалғы, торғай, қарға, ғарышкер, ғарыш, ағаш, сағат суреттері ілінеді)<br>Ерте, ерте, ата мен әженің Ғанидеген баласы болыпты. Атай темірден балға, таға, шалғы жасаумен | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Дәруменмен денсаулық.**<br>**Ой дамыту.**<br>Дәрумендер дегеніміз не?<br>Осы сұраққа жауап алу үшін дәрумендер әлеміне саяхатқа шығамыз ба? Кәне барлығымыз автобусқа отырайық. Балалар қақпадан өту үшін біз тапсырмалар орындауымыз керек. Балалар айтыңдаршы қақпада не бейнеленген?<br>**1 тапсырма:**<br>Жемістер нешеу екен?<br>**2 –тапсырма:** Бір аптада неше күн бар және аттарын ата?<br>**3-тапсырма:** Біз тамақты күніне неше мезгіл ішуіміз керек ?<br>Балалар тапсырмаларға дұрыс жауап бердіңдер.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Дәрумендер әлемінде , дәрумендер әлемінің ханшайымы және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Маша отырып жылайды).<br>Кім жылап жатыр екен? - Сәлеметсіз бе, Маша! Сізге не болды? Маша: Сәлеметсіздер ме, балалар! Тәрбиеші: Маша, неге сіздің көңіл күйіңіз жоқ? Маша: Менің, сүйікті әжем ауырып қалды. Өзі тамақ жемейді, суда ішпейді. Сүйікті тәттілерін берсемда, оны да жемейді. Балалар, қандай дәрі аламын, білесіңдер ма? Мүмкін, сендерде денсаулықты күтетін құпия бар шығар. Құпияларымен бөлісіңдерші.*<br>***Тәрбиеші: Маша, әрине сенімен бөлісеміз. Біз Дәрумендер патшалығы деген мемлекетіне саяхатта барайындеп жатқанбыз.***<br>*Бізбен бірге барасың ба? Маша: Барамын Тәрбиеші: Балалар, ыңғайлы тұрамыз, ұшуға дайындаламыз. Бос тұрамыз, көзімізді жұмамыз. Біз биікте ұшып келе жатырмыз, күн жылынып, самал жел соғып тұр. Біз ұшып келе жатырмыз. Бір, екі, үш көзімізді ашамыз. Балалар, қараңдаршы. Біз Дәрумен мемлекетіне келдік. Жолдан шаршаған шығарсындар, Дәрумен мемлекетінде дәрумендерге арналған керемет бұрыштар бар екен.*<br>***Таңғалу.Біз жолдан шаршап келдік сергігіп алайық. Сергіту сәті.*** | *айналдыру керек. /5-рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Шеңбер»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Лентаны жасыр»***<br>***3.*** *Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»***<br>***4.*** *Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту. /6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Лентаны ілу»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Ленталар төменде. Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Балерина»***<br>***6.*** *Аяқтарын біріктіру. Ленталар жанда. 1- оң аяқты оң жаққа көтеру, сол қолды жоғары көтеру.* | *мармелад жасайды, десерт ретінде қолданады. Өрікті жүрек, бүйрек ауырғанда, анемияға, жүйке ауруларына пайда Тосын сәт.<br>Балалар есікті біреу қағып тұрған сияқты.<br>Бұл кім екен?<br>Сәлеметсіңбе Тышқан, амандасайық тышқанмен балалар.<br>Тышқан : Сәлеметсіндер ме балалар.<br>-Балалар мен сендерге көптеген тағамдар әкелдім, олар өте дәмді және денсаулыққа пайдалы, дәрумендері көп (чипсы, сухарики, Coca Cola көрсетеді).<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, сендер дәрумендерді білесіңдер ме?<br>Қандай тағамдарда дәрумендер көп?<br>Тышқан әкелген тағамдарда дәрумендер бар ма?<br>Дұрыс айтасындар<br>Балалар, тышқан әкелген тағамдарда дәрумендер жоқ, пайдасыз, оларды жеуге болмайды.<br>Дәрумендер сүттен жасалған тағамдарда, жемістерде, көкөністерде көп болады.* | *айналысыпты. Ғани атасына көмектесіп, күзде шалғымен шөп шабысады. Бір күні шөп шауып жүріп Ғани шаршап аспанға қарап жатып, ұшып жүрген торғай, қарғаларды көріп, меніңде қанатым болып көкке самғасам ғой деп армандап, ойланып жатып ұйықтап кетіпті. Түсінде ғарышкер болып, ғарыштасамғап жүр екен. Өте қуанышты сезімде жатқанда желдің дыбысынан оянып кетеді.Сағатына қараса кеш бола бастаған. Ғани өзінің ғарышқа ұшқанын жақсылыққа жорып, атасына түсін айтуға үйіне қарай қуана жүгіре жөнелді<br>Ертегі ұнады ма? Баланың аты кім еді? (Ғани)<br>Ғани дегенде бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? Ғ дыбысы. Олай болса, Күн тапсырмасындағы жаңа әріп Ғ дыбысының әріп таңбасы екен. (Тақтаға Ғ.ғ әріптері қойылады)<br>Суреттерде Ғ әрпі неге ұқсайды. (Тақтадағы суреттерді Ғ әрпімен салыстырып, шалғыға.Ғ дыбысы туралы білгілерің келе ме?*<br>***II. Мағынаны тану.<br>- Ғ дыбысының айтылу артикуляциясын меңгерту.***<br>*Біз күнді қайдан көріп тұрмыз? Ғаламтордан<br>Ғаламторда бірінші қандай* | *дәрумендер жүр. Сәлеметсіздер ме, балалар, дәрумендер әлеміне хош келдіңіздер.*<br>***Тәрбиеші****: Сәлеметсіз бе, дәрумендер әлемінің ханшайымы дәрумендер!*<br>***Дәрумендер ханшайымы:*** *Менің дәрумендеріммен танысып қойыңыздар. Мен «**А**» дәруменімін. Мен асқабақта, өрікте, қызанақта, салатта, сендер күнде ішіп жүрген айранда боламын. Мені күнде өз тағамдарында қолданған балалардың көздері жақсы көретін болады. Бойларына күш қуат беремін.<br>Ал мен, «**В**» дәруменімін. Мен балықта, картопта, асбұршақта, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. «В» дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады.<br>Мен «**Д**» дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені қолданған баланың* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Маша сен біздің құпиямызды тыңдаңыз.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, сендер дәрумендер деген сөзді қалай түсінесіндер?*<br>*- Дәрумендер қайда болады?*<br>***Әңгіме жүргізу.***<br>*Дәрумендер – бізге мықты болу үшін және де сау болуға көмектесетін зат.*<br>*Дәрумендер дегеніміз – тамақтың құрамында болатын, адам ағзасына өте маңызы бар заттар.*<br>*Дәрумендер әсіресе жемістердің құрамында өте көп болады. Сондықтан күнделікті тамақта жемістерді көп пайдалану керек. Және оларды мұқият жуып жеген жөн.*<br>*Сондықтан адамдар дәрумендерді көкөністер мен жемістерден алады. Егер біз аз дәрумендер жесек, жиі аурамыз, бойымыз өспейді. Әр дәрумедердің атауы бар.*<br>*Балалар, олармен танысқаларын келе ме? - Дәрумендер бірнеше топтан тұрады. Біз дәрумендердің ең негізгі үш тобымен танысамыз.*<br>*Дид ойын: «Дәрумендер тобы»*<br>***- Бірінші тобы, ол «А» дәрумені.*** *Өсу және көру дәрумені. «А» дәруменіне қызанақ, шие, алма, сәбіз, асқабақ, шабдалы (персик),* | *2- б.қ. 3- сол аяқты сол жаққа көтеу, оң қолды жоғары көтеру.*<br>*(6 рет қайталау)*<br>***Б.қ.: «Көңілді ленталар»***<br>***7.*** *Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру.*<br>*(10-15 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.*<br>*/ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру.*<br>*Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру.*<br>*мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1.заттар арасымен жүру, жүгіру.*<br>*2. Жіңішке арқан бойымен қолды белге қойып түзу жүру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Түлкі мен балапандар*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>***Қорытынды.***<br>***Балаларды мадақтау*** | ***Дидактикалық ойын «Жемістер мен көкөністер»***<br>*Ал ендеше мына қораптағы жемістер мен көкөністерді топтап жинайық.*<br>*Қане олай болса, балалар, жемістер туралы тақпақтар айтайық.*<br>*Мен алмамын, алмамын, Денсаулыққа пайдамын. Сусынымды ішсеңіз, Көп ауруды жазамын. Мен сәбізбін, сәбізбін, Емдік қасиет беремін. Көп ауруды жазамын, Емделем десең әзірмін. Мен қарбызбын, қарбызбын, Күннің көзін сүйемін. Ауырса бүйрек, бауырың, Көмегімді беремін.*<br>*– Балалар, жемістер мен көкөністер үлкен еңбекпен келеді. Оларды көктемде егіп, күтіп баптап, суарып, күзде піскенде жинап аламыз.*<br>***Дидактикалық ойын «Не артық?»***<br>*– Балалар, қане, бәрін мұқият тыңдаңдар..*<br>*Дәрумендер тірегің, АВСДЕ деп аласың. Жетіспесе бірі оның, Ауырып сен қаласың.*<br>*Балалар олай болса міне менің қолымда бір себет жемістер бар ,жүріңдер ас бөлмесіне барып жуып* | *дыбыс естіліп тұр. Ғ дыбысын дыбыстату.*<br>*Ғ дыбысы кедергімен айтылады.. Демек Ғ дыбысы қандай дыбыс деп. (Дауыссыз дыбыс)*<br>*Қандай түсті текшемен белгілейміз. (Көк)*<br>***Дид ойын: «Буынға буын қос»***<br>*Балалар ертегідегі Ғанидың арманы не еді? (Ғарышқа ұшып, ғарышкер болу)Ға-ни, ға-рыш-кер, ға-рыш (Ғ сөздің басында)Бал-ға, та-ға, шал-ғы, тор-ғай, қар-ға, а-ғаш, са-ғат (Ғ сөздің ортасында)*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қарға, қарға, қарғалар Қар үстінде жорғалар Боран соқса қар болар Көзден жасы сорғалар*<br>***Сөзге дыбыстық талдау.***<br>*АҒА –дыбыстық талдау, текшемен жазу.*<br>***Дид ойын: «Әріп теру»***<br>*Шарты: Ғ әріпінен келетін сөздерді топтау.*<br>***Қортынды.***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: «Жемістер жыры» Рза Қунақова***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту***<br>***АКТ технологиясы. (теледидардан көрсету)***<br>*Күз ханшайымы күз мезгілінде терген жемістерін алып келеді.*<br>***Дид ойын: «Жемістерді ата»***<br>***Әңгімелеу.*** | *сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де, сүйектерін мықты болып өседі.*<br>*Мен «**С**» дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар, біз сендерге өте қажетпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін бізбен дос болыңдар. Дәрумендер бәрі бірге айтады: Сендер біз туралы не білесіңдер?*<br>***Біздің балаларда дәрумендер туралы тақпақ біледі.***<br>*1. Мен қиярмын, сәндімін. Салаттардың сәнімін. Дәруменім мол менің . Жегенге қуат сыйлаймын!*<br><br>*Алма, алма дейсің Алма әкелсем жейсің Айтпады екен деме Алманы жумай жеме*<br><br>*Шие , шие, шиелер Қызыл көйлек киє бер. Күн нұрына жүзіңді. Сүйгізе бер сүйе бер.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *өрік (абрикос), тәтті бұрыштар жатады. Егер біз осы дәрумендерді көп жесек біздің бойымыз өседі және жақсы көреміз.*<br>***- Екінші тобы, ол «В» дәрумені.*** *Ол миға өте маңызды және де бүкіл ағзамыз жұмыс істегендей соғанда қажет. «В» дәруменіне бұршақ, картоп, балық, қара нан, қарақұмық (гречка), сұлы (овсянка), жаңғақ (грецких орехах ), ірімшік, банан, саңырауқұлақтар жатады. Егер біз «В» дәруменің көп жесек біздің миымыз және бүкіл ағзамыз жақсы жұмыс істейтін болады.*<br>***- Үшінші тоб, ол «С» дәрумені.*** *Ең керек бізге дәрумен. Бұл дәрумен ағзаны әртүрлі аурулардан сақтайды, әсіресе суық тиюден және тұмаудан қорғайды. «С» дәрумені көкөністер мен жидектерде көп болады. Оған: қарақат, лимон, қырыққабат, самырсақ, пияз, апельсин, итмұрын, алма жатады. Егер біз «С» дәруменің көп жесек бізге суық тимейді және де тұмаумен ауырмаймыз. Сондықтан дәрумендер адам ағзасына өте пайдалы. А, С, В дәрумендері болады.*<br>***Дид ойын «Иіс бойынша біл»***<br>*Шарты: үстелдің үстінде ыдыста езілген лимон,* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: П дыбысы***<br>***ІІ. Миға шабуыл.***<br>***Өткенді қайталау.***<br>*Әріп дегеніміз не?*<br>*Дыбыс нешеге бөлінеді?*<br>*Дыбыстың қандай түрлерін білесіңдер?*<br>*Дауысты дыбыс қандай текшемен белгіленеді?*<br>*Дауыссыз дыбыс қандай текшемен белгіленеді?*<br>*Дауысты дыбыс қалай айтылады?*<br>*Дауыссыз дыбыс қалай айтылады?*<br>*Өткен ұоқ қандай әріптермен таныс болдыңдар?*<br>*«А» дыбысы қандай дыбыс?*<br>*«Т» дыбысы қандай дыбыс?*<br>***ІІІ. Ғажайып сәт***<br>***Карлсон балаларға қонаққа ұшып келді.***<br>***АҚТ технологиясы***<br>*Сумкасында суреттер көп , бірақ атын білмейді. Балалардан көмек сұрап келді.*<br>*Карлсонға көмек.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*(жалаушалармен. қызыл, сары, көк, жасыл түстер)*<br>***4.Қызығушылықты ояту.***<br>*Шарты: Жұмбақ жасыру, әр жұмбақтың шешуін тапқанда сумкадан затты алу*<br>***1-топ қызыл жалауша.*** | *,турап йогурт қосып дәрумендер салатын жасайық. Қонағымыз тышқанда дәм ауыз тисін.*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы: 4 саны мен цифры. Реттік санау***<br>***ІІ.Қызығушылықтарын ояту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>***Ғажайып сәт.***<br>***Айболит ата қонақта.***<br>*Күз мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді.*<br>***1.Ой дамыту***<br>*-- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін)*<br>*- Айболит бәріне жақындауды сұрайды.*<br>*-Енді аурулардың саны қанша болды?* ***Санау.***<br>*- Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді.*<br>*-Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді?*<br>*Кезекке тұруға*<br>***Дид ойын:***<br>***«Аңдарды кезекке тұрғызу».***<br>*Шарты: Әр аңның артында жабыстырылған сан болу керек .*<br>***1.Реттік санау.***<br>*-- Айболитке емделу үшін* | *Жемістер денсаулыққа пайдалы. Өйткені оның құраманыда дәрумендер көп. Жемістерді жеген кезде қолды жуып жеу керек.*<br>*Мен сендерге жемістер туралы өлең әкелдім.*<br>***«Жемістер жыры»***<br>*Нарттай қызыл алмам бар,*<br>*Мәз болады алғандар.*<br>*Жазда әдемі киінем,*<br>*Тілді балдай үйірем.*<br>*Көктемде ерте гүлдеймін,*<br>*Кешігуді білмеймін.*<br>*Піспей тұрған кезімде,*<br>*«Менен аулақ жүр», - деймін*<br>*Уылжыған өрікпін,*<br>*Бау-бақшаға көрікпін.*<br>*Қара деген атым бар,*<br>*Менен де дәм татыңдар.*<br>*Дәрі орнына жүруге,*<br>*Кейде менің хақым бар.*<br>*Балаларға қайталатып айтқызу. Мағынасын түсіндіру.*<br>***4.Ғажайып сәт: Қызыл Телпек келеді:***<br>*-Сәлеметсіңдер ме,балалар? Менің орманда тұратын әжем ауырып қалыпты. Оған апара жатқан бәліштерімді қасқыр тартып алып, жеп қойды.Енді әжеме не апаратынымды білмей тұрмын, маған көмек керек.*<br>*Қызылтелпекке көмек.*<br>***Дид ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат»***<br>***Шарты:*** *Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарымен алып, аттарын* | *Өсіретін бойыңды*<br>*Дамытатын ойыңды*<br>*Қоянға да азықпыз,*<br>*Сәбіздерміз жазықсыз*<br><br>*5.Асханадан шықпаймын*<br>*Атым-пияз бұқпаймын*<br>*Көзден жасты шығарып ,*<br>*Тұмаудан бірақ сақтаймын*<br>***Дәрумендер ханшайымы:*** *Балалар менің сендерге тапсырмам бар.*<br>***Тапсырманың аты «Бөліктерді құрастыр».*** *Балалар, тақтада бір жеміс жасырулы тұр. Ол жеміс екіге бөлінген, сол бөліктердің ішіндегі тапсырмаға жауап берсеңдер, бөлік ашылатын болады. Сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар бөліктердің қандай жеміс екенін білетін боламыз.*<br>***Жұмбақ шешу.*** *І — ші бөліктегі тапсырма*<br>*Қалың киімді ұнатады,*<br>*Шешіндірсең жылатады. (Пияз).*<br>*Аласа талда алуан алма,*<br>*Ал қызыл болмай аузыңа салма (Қызанақ).*<br>*Көкпеңбек еді көктемде,*<br>*Қызарды күз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | апельсин, самырсақ, пияз тұрады. Балалар кезек – кезектен келіп, иіс бойынша анықтау керек, ыдыста не екенін.<br>Жарайсыңдар, балалар. Сендер таптыңдар ыдыста не болды екенін. Сендердің иіс сезу мүшесі жақсы дамыған екен. Балалар, қараңдаршы күннің көзі тұр екен.. Күннің көзің қасында жұмбақтар бар, жұмбақтарды шешеміз бе? Ол үшін балалар, біз шеңберге кірейік.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр»**<br>Тәрбиеші мен балалар. күннің көзінің ортасында тұрады. Жауабын тапқан балалар, күннің сәулесіне барып тұрады.<br>Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. **(Алма)**<br>Бақшадан жер қазып, Жиып алдым жез қазық **(сәбіз)**<br>Қалың киімді ұнатады. Шешіндірсен жылатады. ( **Пияз) - Алма - Сәбіз – Пияз)**<br>Сары түсті жеміс Ыстық елдерде өседі. Дәмі - қышқыл, Ол қандай жеміс… **(лимон).**<br>Бұл не деген көп киім Жетпіс қабат көп киім. **(Қырыққабат.)** Алыстағы онтүстікте Ол жазда, қыстада өседі. Таңғалдырады ол бізді, Қатты терісімен, Ол не? **(ананас).**<br>- Балалар, сендер жарайсындар, жұмбақтардың шешім | Қорықпайды күшті аңнан<br>Қорқады тек тышқаннан<br>**(піл)**<br>**2-топ көк жалауша**<br>Қалың киім ұнатады<br>Шешіндірсең жылатады<br>**(пияз)**<br>**3-топ жасыл жалауша**<br>Жазда дем алып тынығады<br>Қыста түтінге буынады<br>**(пеш)**<br>**4-топ сары жалауша**<br>Үсті толы ине, бірақта<br>Іс тігіп, қадамайды түйме.<br>**(кірпі)**<br>**Шапалақ әдісі**<br>**Карлсон қуанады.**<br>Барлық айтылған сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?<br>**Жаңа ҰОҚ таныстыру.**<br>П дыбысынан. П дыбысы дауыссыз дыбыс. Өйткені П дыбысы еріннің бір - біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс. Ендеше ол көк текшемен белгіленеді. Дыбысты қайталап айтқызу.<br>П п пы пы пы.<br>**5.Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br><br>Сөздерде П дыбысы сөздің қай жерінде естіліп тұр?<br>**Буынға бөлу.** | қанша аң келді?<br>-Қоян бәрінен қорқып тұрғанда өз кезегін ұмытып қалған. Қане көмектесейік<br>- Түлкі де баласын тербетуге кетіп, қайтып келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты.<br>- Қасқыр ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді?<br>-Керік бәрінен кеш келді ол нешінші екен?<br>- Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау.<br>Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді.<br>Сонымен Айболитке неше аң келді? Санау.<br>**4саны және цифрымен танытыру.**<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>**Дид ойын: «Салыстыр»**<br>Шарты: Суреттен үлкен – кіші ұғымын атау.<br>**Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр»**<br>-Мына үйлер қандай?<br>-Үлкен үйдің нөмері неше және неше қабатты?<br>- Демек үлкен үйде қандай аң тұрады?<br>-Ортаңғы үйдің аңын тауып бер? | атап, қатты, дәмді, тәтті, ащы-қышқыл екенін ажыратып атау. Пішіндерін айту.<br>Алған жемістерді Қызыл телпектің себетіне салып беру. Қызылтелпек рақмет айтып қоштасу.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балаларды мадақтау**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**5 саны мен цифры.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>**Балаларға саяхат туралы хабарлау.**<br>Бірақ немен, қалай барамыз? Маған кеше бір қайырымды адам қорап жіберіп еді, мен бірақ ашып көрген жоқпын. Мүмкін бізге көмектесетін зат болуы мүмкін. қорапты ашу үшін ең алдымен сұра-қтарға жауап беруіміз керек.<br>**Сұрақтар**<br>Суреттегі ойыншықтар нешеу?4. Тағы бір ойыншық қосылды.Нешеу болды? 5<br>Бірдей ойыншықтар бар ма?<br>Қуыршақ нешінші тұр?5-ші.<br>Біз бүгін саяхатта 5 санымен танысамыз. Керемет қораптың аузы ашылды. Қорапта бізді саяхатқа апаратын қарындаш бар екен. Бұл қарындаш жай қарындаш емес, «Сиқырлы қарындаш».<br>**Барлығымыз көзімізді жұмайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді қоянның үйіне** | жеткенде. (Алма)<br><br>Қараңдаршы, балалар, сендер жұмбақты дұрыс шешкен соң жасырылған жемістің бір бөлігі ашылды.<br>**Мақал — мәтел**<br>**II — ші бөліктегі тапсырма.**<br>Ас — адамның арқауы, Дені саудың — жаны сау. .<br>Тазалық — денсаулық кепілі. .<br>Денсаулық — зор байлық. .<br>Жарайсыңдар, балалар! Бұл тапсырманы да тез орындадыңдар.<br>Ал, қараңдаршы жасырылған жеміс қай жеміс екен?<br>Алма!<br>**Тәрбиеші:** балалар, алма жемісінде қандай дәрумендер бар?<br>Алмада «С» дәрумені бар, алманы жесек денсаулығымыз мықты болып, барлық аурулардан аулақ боламыз. Жарайсыңдар. Алманың пішіні қандай? Дөңгелек. Түсі ше? Жасыл.<br>**Сергіту сәті.** Балалар, біздің денсаулығымыз мықты болу үшін дәрумендерді қабылдаумен бірге дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таптыңдар. Күннің көзі біздің жеміс – жидектерімізге өсуіне көмектеседі. Балалар, біз біраз демалып алайық. Қараңдаршы, сендер күннің көзінің сәулесі болып тұрсыңдар. Қолдарымызды жоғары көтеріп созамыз, жан – жаққа жаямыз, бір – бірімізді құшақтаймыз. -Жарайсыңдар, балалар. Ал, енді көзімізді жұмамыз. «Күннің көзі жарқыра, бізге сыйлықтар әкел», - деп айтамыз. (тәрбиеші, себеттке салыңған көкөністер мен жидектерді алып шығады).<br>- Балалар, қараңдаршы. Күннің көзі бізге не сыйлады? Дұрыс, айтасыңдар себетте көкөністер мен жидектер бар. Балалар, осы себетті біз Машаға берейік, ол әжесіне апарып берсін.<br>Маша: Рахмет, сіздерге балалар. Осы көкөністер мен жидектерді мен әжеме апарып беремін, енді білемін қандай көкөністер мен жемістерді жеу керек аурмау үшін.<br>Дәрумендер патшалығында 1-күндік сапарымыз аяқталды. Ендігі сапарымыз екінші күні басталады.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Дәрумендер патшалығына саяхатымыздың екінші күні басталды. Тәрбиеші:** Маша, | 1-топ. Доп<br>2-топ. Піл сөзі<br>3-топ. Балапан<br>4-топ.Парта<br>**АПА сөзіне дыбыстық талдау жасау, текшемен жазу.**<br>**Қортынды.**<br>Кубизм әдісі.<br>Берілген буындардан сөз ойлап құрастыру.<br>Пер - де. Пош - та. Пи - яз. По - езд. Па-ровоз. Пар - та.<br>Карлсонмен қоштасу. Рақмет айтып кетіп қалады.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:**3саны және цифры.<br>**Ғажайып сәт.**<br>қонаққа құлыншақ келу. Құлыншақ екі жағына тең етіп сиқырлы қапшық әкелеген. Іші толған тапсырма.<br>**ІІІ. Миға шабуыл**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойлан тап»**<br>**Шарты:** Пішіндерді атау<br>-Қызыл түсті пішіндерді сана<br>Сары түсті санды ата<br>Артық пішінді тап<br>Қызыл түсті санды ата<br>Шеңберге ұқсайтын заттарды ата<br>Сопақшаға ұқсайтын заттарды ата | -Кішкентай үйде не тұрады?<br>**3. Ой қозғау.**<br>**Миға шабул.**<br>**Логикалық тапсырма**<br>-Жол ұзын ба, қысқа ма? Қол ұзын ба, қысқы ма?<br>-Қасық ұзын ба, қысқа ма? Асық ұзын ба, қысқа ма?<br>-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?<br>-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?<br>-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?<br>**ҰОҚ қортындылау**<br>**Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»**<br>Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақта-ғы жол төртбұрыш-тан, тура жол дөңге-лектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Н дыбысы**<br>**ІІ.Ой дамыту.**<br>Өткен тақырыпты еске түсіру.<br>-Дыбыс деген не?<br>-Сөз неден құралады?<br>-Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>-Қандай дыбыстармен таныстық?<br>**ІІІ. Тосын сәт. АҚТ тех.** | **апар.**<br>Балалар міне қоянның үйіне келдік.<br>**Қоян:** Сәлеметсіңдер ме, балалар, келгендеріңе рақмет. Мен қалашығымыздағы тапсырмаларды орындай алмай отырмын. Сендер маған көмектесіңдерші?<br>**№1 тапсырма** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.<br>**Логикалық тапсырма**<br>3 үйрекке2 қосқанда қанша<br>4 торғайға 1 торғай қос<br>Қоян: Рақмет, балалар!<br>**Ал, енді саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.**<br>**1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді аюдың үйіне қонаққа апар.**<br>Балалар, міне аюдың үйіне келдік.<br>Аю сәлеметсің бе!<br>Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қандай жақсы болды сендердің келгендерің. Ал сендер менің тапсырмаларымды орындайсыңдар ма?<br>**№2 тапсырма**<br>Көлемі әртүрлі түрлі түсті шеңберлер қойылған. Бұл фигураларға не ортақ? (Пішіні,- бұл шеңберлер)<br>- барлығы неше шеңбер бар?<br>**5санына байланысты**<br>- Олардың ішінде нешеуі үлкен? Нешеу кіші?<br>- Нені өзгерту керек?<br>- Міне аюдың тапсырмасын орындадық.<br>**Аю туралы тақпақ айту.** | қозғалысына мән беруді естен шығармауымыз керек. Қане барлығымыз денемізді қыздырып, сергіту жаттығуымызды жасайық.<br>**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар! Барлығыңда ақылды екенсіңдер. Енді сендермен бір ойын ойнайық.<br>**Дидактикалық ойын:** «Дәмін татып, қай жеміс екенін ата» деп аталады.<br>Мақсаты: Балалардың дәм сезу ,қабілеттерін арттыру.<br>Балдарға кесілген жемістерді тарелкаға салып алдарына қоямыз.<br>-Мынау қандай жеміс?<br>-Жемістің дәмі қандай?<br>-Түсі қандай?<br>-Пішіні қандай?<br>Балалар жемістерді жеп дәмін атын айтады.Балаларға жемістерді жеген кезде жуып жеуді үйрету.<br>Рахмет, балалар!<br>Сендер ойынды жақсы ойнадыңдар.<br>Енді дәрумендерге өз шеберлігімізді көрсетейік.<br>**Еңбек :** балалар алмұртқа жіңішке таяқшаларды тыға отырып кірпі жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *байқамай жармаларды араластырып тастапты.*<br>*Маша: Кешіріңіздерші, мен байқамай араластырып тастадым.* ***Тәрбиеші:*** *Маша, сіз уайымдамаңыз. Біз қазір балалармен бірге барлығын түзетеміз. Балалар, жармаларды дұрыстаймыз ба? Біздің балаларда епті саусақтар, олар жарманы тез дұрыстап береді.*<br>***Дид ойын: «Жармаларды ретте»*** *Шарты: Үш үстел тұрады. Әр үстелдің үстінде ыдыста араласып кеткен жармалар болады. Балалар, сол жармаларды үш бос ыдысқа дұрыстап салады.*<br>*Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Сендер жармаларды дұрыс қойдыңдар. Балалар, жармалар адамның денсаулығынада өте пайдалы. Жармаларда көп дәрумендер де бар. Мысалы: Үрме бұршақ - (фасоль) – асқазанымызды дұрыс қорытуға көмектеседі және де тісымызғы қатайтады, ал қарақұмық(гречка) – бауыр ауырларына көмектеседі, сонымен бұршақ (горох) – бауыр мен өкпе фукцияларын жақсартады. Егер біз бұршақты, қарақұмды, және үрме бұршақтарды ботқа түрінде және де кеспеде жесек олар бізге өте пайдалы болып келеді. Сондықтан балалар ботқаны жеу керек,* | ***2-топ. Тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Шарты :****Жұмбақ жасыру.*<br>*Күндіз-түні жанамын.*<br>*Дабыл беріп бәріне.*<br>*Үш түрлі түсім бар,*<br>*Белгілі жас пен кәріге*<br>***3-топ. Тапсырма***<br>***Дид ойын: «Сандар сыры»***<br>***Шарты:***<br>*Суретке қарап сандарды жабыстыру.*<br>*-Қай суретте 1 зат қана бейнеленген сол суретті тауып сол суретке келетін санды алып жабыстыру.*<br>*Келесі тапсырма 2 зат тұрған суреттерді тауып сол санды жабыстыру.*<br>*Келесі 3 зат тұрған суретті тауып сол суретке 3санды алып жабыстыру*<br>***Сергіту сәті***<br>*«Бір «дегенде тұрамыз,*<br>*Мойнымызды бұрамыз.*<br>*«Екі» десе еңкейіп,*<br>*Қайта түзу тұрамыз.*<br>*«Үш» дегенде тосылма,*<br>*Отыр қайта орынға.*<br>***Топтық жұмыс жалғасы.***<br>***1-топ тапсырма***<br> <br>***2-топ тапсырма*** | *Балаларға сиқырлы кітапты бенетаспадан көрсету*<br>*Бұл бейнетаспада «Сиқырлы кітап» туралы әңгімелейді.*<br>*Сиқырлы кітап сөйлей жөнеледі.*<br>*-Енді балалар тақтадағы бейнетаспаға назар аударыңдар.*<br>*-Қай дыбыс туралы айтты?*<br>*-Н дұрыс.*<br>*4.****Жаңа тақырып Нн дыбысы және әрпімен танысамыз.***<br><br>*- «Н» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы: ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады.*<br>*-«Н» дыбысы дауыссыз*<br>*-Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?*<br>*«Н дыбысы» сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі.*<br>*«Н» дыбысын ауада жазу.*<br>*«Н» дыбысының баспа, жазба әріптерін көрсету, түсіндіру.* | ***Сергіту сәті***<br>*Ормандағы аюдың*<br>*Құлпынайы тәтті екен.*<br>*Теріп-теріп аламыз*<br>*Қалтамызға саламыз.*<br>*Аю: Рақмет, балалар*<br>*Сау болыңдар!*<br>***Саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді көлге апаршы. Көлге келу.***<br>*көлде балықтар көп екен.*<br>*Балық аулап біраз демалайық.*<br>*Балық ұстаған бала балық-тағы тапсырманы орындайды.*<br>***№3 тапсырма:***<br>***Дид ойын: «Сиқырлы сандықша»***<br>*Шарты: Геометрикалық фигураларды жіктеу. Суретте геометриа-лық фигуралар мен түрлі түсті сандықшалар.Пішініне қарай оларды тиісті сандықшаларға орналастыру.*<br>*- Балалар, балық тапсырма-ларын жақсы орындадық*<br>***Енді саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз.***<br>***1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді «Жеңімпаз фигураларға» апар.***<br>*Міне «Жеңімпаз фигураларға» келдік.*<br>***№4 тапсырма.***<br>***Дид ойын: Жеңімпаз фигуралар***<br>*Шарты: Балалар мұнда ешкім жоқ, фигуралар шашылып қалыпты, қане бөліктерін тауып* | *Алдын ала жіңішке таяқшаны дайындап қою керек. Сол дайын таяқшаны балалар ретімен алмұртқа қыстырып шығады.*<br>*Үлгіде көрсетілгендей етіп жасайды.*<br>*Балалар жасаған жұмыстарын бірнешеуін күз ханшайымына сыйға ұсынады.*<br>***Дәрумендер ханшайымы:***<br>*Дәрумендерім енді сендер балалармен бірге балабақшаға барасындар, балалардың денсаулығы мықты, жақсы өсу үшін балалармен бірге боласындар.*<br>*Балалар дәрумендер әлемімен қоштасып балабақшаға қайтады.*<br>***Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.***<br>*Балалар біз саяхатқа қайда бардық?*<br>*«Дәрумендер әлемінде» қандай дәрумендерді көрдік?*<br>*Алмұрттан не жасадық?*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы:*** *Дәрумендер* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларда көп дәрумендер бар. Маша, сіз білесіз бе? Ауырмау үшін, біздің балалар нүктелі массаж біледі. Балалар, Машаны үйретеміз бе?<br>**Сергіту. «Нүктелі массаж»**<br>1. Қолымызды кеудеге қоямыз, Кеудемізді уқалаймыз 1,2,3, 1,2,3 – жөтел артта қал 2. Саусағымызды мойымызға қоямыз Астына – жоғары, астына- жоғары жүреміз Бізге тұмау керек емес, Біз мықты боламыз 3. Басымыз ауырмау үшін Уқалаймыз батылдырақ 1,2,3, 1,2,3 – аурулар артта қалсын. 4. Құлақымызды уқалаймыз, Ауруларды ұмытамыз 1,2,3, 4,5 – жақсы еститін боламыз 5. Сиқырлы нүктелер Барлық балаларға белгілі Массажды біз жасаймыз Бұл бізге пайдалы. **Тәрбиеші:** Маша, енді сіз білдініз бе, қандай нүктелі массаж жасау керек аурмау үшін?<br>**Маша:** Рахмет, сендерге балалар, мен білдім ауырмау үшін қандай нүктелі массаж жасау керек екенін.<br>Балалар, біздің Дәрумения мемлекетінде сапарымыз бітейінде жатыр.<br>Дәрумения мемлекетінде көптеген нәрселер көрдік және де білдік.<br>- Біз қандай дәрумендермен таныстық. - Қандай дәрумен бізге көруге көмектеседі? - Қандай дәрумен бізге өсуге | <br>**3-топқа тапсырма**<br> <br>**Дид ойын: «Логика әлемі»**<br>**Шарты:** сұрақ арқылы берілген тапсырмаларды жылдам жауап беру.<br>Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1)<br>- Қоянда неше құлақ бар<br>- Қолда қанша саусақ бар?<br>- Ағашта 5 құс отыр, оның 2<br>- уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>-Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?<br>Құлыншақпен қоштасу.<br>Балаларға рақмет айту.<br>**4. Ой қозғау.Тақпақ оқу.**<br>Екіліктен кейін қараңдар<br>3-саны шықты жарандар<br>Үшінші орын тұрағы<br>3-ілмектен тұрады.<br>Сұрақ-жауап.<br>Қандай сан туралы айтылған?<br>**Дид ойын: «Көршісін тап»**<br>Шарты: 3 саының көршісін табу.<br>**Қорытындылау** | АНА сөзіне дыбыстық талдау жасау. Текшемен жазу.<br>**Дид ойын: «Топтастыр»**<br>Шарты: Сурет бойынша «Н» әріпі бар сһздерді бір жерге топтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Бой жазайық бәріміз.<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяқтарын топ-топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>**1. Ой қозғау.**<br>**Балаларды екі топқа бөлу.**<br>**1 білгіштер**<br>**2 тапқырлар**<br>І- топқа «Н» әрпі бар сөздер айту<br>2-топ.«Н» дыбысы бар сөздерге сөйлем құрау<br>**Сергіту сәті видеомен.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Кім көп біледі»**<br>«Н» әрпіне бір-бірден сөздер айту.<br>**Қортынды:**<br>Бүгін біз не үйрендік?»<br>-Қандай дыбыспен таныстық?<br>-«Н» дыбысы дауысты ма,дауыссыз ба?<br>Балаларды мадақтау | құрастырайық.<br>Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар. Енді саяхаттан қайтатын уақыт болды.<br>• **1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді топқа апар.** Міне, балалар топқа келдік<br>Біз саяхатқа қайда бардық?<br>Кімдер бізді қарсы алды?<br>**Қортынды**<br>Кел санайық екеуіміз,<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балан үйрек - анам,<br>Ортан терек - ағам,<br>Шылдыр шүмек - мен<br>Кішкене бөбек - сен<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша** | әлеміне саяхат<br>**Ой дамыту. АКТ тех жұмыс.**<br>**3.Слайд: «Суретпен жұмыс»**<br>Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>**Дид ойын: «Атын ата»**<br>Шарты: суреттегі жемістермен көкөністерді атау.<br>Бір сөзбен айтқанда бұларды нелер дейміз?<br>Ал,мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Оларды бір сөзбен айтқанда нелер дейміз?<br>Балалар біз дәрумендерді қайдан аламыз?<br>**4.Дәруменнің пайдасы.**<br>Дәрумендердің А,В,С, Д, Е деген түрлері болады. Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз.. Осы дәрумендерді көп жесеңдер суыққа төзімді боласыңдар, сүйектерің қатаяды, бұлшық еттеріңе күш береді.<br>**5.Сергіту сәті**<br>Көкөністі көп ектік (бір қатарға тұрып, егін егу қимылын көрсету)<br>Өссін, піссін – деп ектік (су құю, шөп жұлу қимылы) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көмектеседі. - Ал, қандай дәрумен бізді тұмаудан және аулулардан қорғайды?*<br>*- Жарайсыңдар, балалар. қазір біз ойын ойнаймыз.*<br>***Дид ойын: «Дәрумендерді үйлеріне орналастыр»***<br>***Шарты:*** *тақатада «А,В,С» дәрумені жазылып тұрады және де баланың санына сай үстелдің үстінде көкөністер мен жемістер бейнеленген суреттер тұрады. - Балалар, бүгін біз А,В, С дәрумендерімен таныстық. Сендердер білесіңдер, дәрумендер көкөністер мен жемістерде болады екенін. Қараңдаршы, балалар, осы жерде үш тақта тұр. Олар дәрумендердің үйі. Сендер кезек – кезекпен дәрумендерді өз үйлеріне орналастыру керексіндер. - Жарайсыңдар, балалар. сендер білесіңдер көкөністер мен жемістерде қандай дәрумендер болады екен. Маша, сіз есіне сақтадыңыз ба, қандай дәрумендер пайдалы болады екенін? Маша: Есіме сақтадым. Тәрбиеші: Маша, әже көп дәрумендер жессе міндетті түрде жазылып кетеді. Біздің балалар берген сыйлықты алып кетуге ұмытпаңыз. Маша балалармен қоштасып кетеді.*<br>***Тәрбиеші: Бізге де, балабақшаға қайту керек. Балалар, ауа шарына барып*** | *-Бүгін қандай цифрлармен таныстық?*<br>*-Мына цифр заттың қанша екендігін білдіреді?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Сурет***<br>***Тақырыбы: Дәмді алмалар***<br>***1. Миға шабул.***<br>***Дид ойын:*** *«Бақшада ма бақтама»*<br>*Шарты: Бақшада нелер өседі, бақта нелер өседі сурет арқылы жинақтау.*<br>***3.Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді.***<br>*Амандасу. Балалардан көмек сұрайды.Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші?*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?*<br>*-Жемістер мен көкөністерден аламыз.*<br>***-*** *Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?*<br>*-Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік.*<br>***Сергіту сәті. (Айгүлмен бірге сергіту жасайық)***<br>*Алма баққа барайық, (орында тұрып ,жүру)*<br>*Алма теріп алайық, ( алма теру қимылын жасайды)* | | | *Көктемде еккен көкөніс*<br>*Күзде берер көп өнім*<br>***Құрлымдалған ойын :«Пайдалы және зиянды тағамдар»***<br>*Шарты:Пайдалы тағамдарды себетке жинаймыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жинаймыз.*<br>***Қорытынды****.*<br>*Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мадақтап,жұлдызшала р беру.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:*** *Не дәмді? ертегісі.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын: «Ненің иісі»***<br>*Мақсаты.Балалар көзін жұмып отырады, алманы искетіп қандай жеміс екенін сұрау.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақтар қою.*<br>*Алма қайда өседі?*<br>*Алма жеміс па,көкөніс па?*<br>*Алманың пайдасы бар ма?Алма сендерге ұнайды ма?*<br>***Ертегі оқып беру.***<br>*«Не дәмді» ертегісін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***отырайық. Музыка ойнайды***<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***ҰІӘөтілу барысы:***<br>***/лентамен, әуенмен/***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары. Лентамаен***<br>***Б.қ.: «Басты айналдыру»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа айналдыру керек. /5-рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Шеңбер»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа* | *Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)*<br>*Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)*<br>***4. Топқа бөлу )***<br>***1- топ. Қызыл лма***<br>***2- топ. Сары алама***<br>***3- топ. Жасыл алама***<br>***5. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>***Трафаретпен жұмыс.***<br>*Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу*<br>***6. Дид ойын:***<br>***«Біздің көрме»***<br>***Мақсаты:*** *Педагогтың әр топтағы балалардың жұмысына баға беру.*<br>***Сұрақ – жауап.***<br>*Қандай жеміс салдың?*<br>*Жемістердің түсін, пішіні қандай?Балалардың жұмысын бағалау.*<br>*Салынған суретті себетке салып Айгүлге беру.Қоштасу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мадақтап, жұлдызшалар беру.* | | | *оқып беремін.*<br>*Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.*<br>*Ертегі не жайында айтылған?*<br>*Ал,балалар ,ертегіден нені түсіндіңдер?*<br>*Балалардың жауаптарын тыңдау.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Әр адамдардың да өз сүйікті тағамдары бар қандай да тамақ болсын , жиркеніп жеуге болмайды. Астың бәрі дәмді де,тәтті.*<br>*Ендеше ,балалар осы ертегіні сахналайық.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Алма баққа барайық,*<br>*Алма жинап алайық,*<br>*Ең үленін дәмдісін,*<br>*Әжемізге сыйлайық.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Бұл не?»*<br>*Ойын шарты: баланың көзі жұмылады. Коржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек.*<br>***Дид ойын: «Зиянды тағам түрін көрсет және ата»***<br>*Шарты: көрсетілген (сурет бойынша) тағамның не үшін зиянды екендігін айтып* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Лентаны жасыр»**<br>**3.** Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»**<br>**4.** Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту.<br>/6 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Лентаны ілу»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Ленталар төменде. Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Балерина»**<br>**6.** Аяқтарын біріктіру. Ленталар жанда. 1- оң аяқты оң жаққа көтеру, сол қолды жоғары көтеру. 2- б.қ. 3- сол аяқты сол жаққа көтеу, оң қолды жоғары көтеру.<br>(6 рет қайталау)<br>**Б.қ.: «Көңілді ленталар»**<br>**7.** Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру.<br>(10-15 секунд)<br>**Қорытынды:** | | | | түсіндіре білу.<br>Қорытынды<br>Балаларды мадақтау.<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>1.Сәлемдесу.<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>«Пингвин» - табанның ішкі жақтарымен қысқа және алшақ қадаммен жүру.<br>Шеңбер бойымен маршпен жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру. (таяқшаларды үстел үстінен кезекпен алу)<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Таяқшаман**<br>**Б.қ.: «Сағаттар»**<br>**1.** Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Су тасушы»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.*<br>*/ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру.*<br>*мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1.заттар арасымен жүру, жүгіру.*<br>*2. Жіңішке арқан бойымен қолды белге қойып түзу жүру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Түлкі мен балапандар*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>***Қорытынды.***<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Ғажайып сәт. Куыршақтар – Сәуле мен Арман себетпен көгөністер мен жемістер алыпкіреді.***<br>*Балалармен «Кім жылдам?» ойынын ойнайды. Екі себетке көгөністер мен жемістерді бөліпсалу, атап және сипаттау.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Дид ойын: «Дұрыс па, бұрыс*** | | | | *иықта, иықты кезек көтеру.*<br>*/6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Құламалар»***<br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны жоғары созу, оңнан – солға, солдан - оңға қарай иілу. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Күш жинау»***<br>***4.*** *Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Мотоцикл жүргізу»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қою, таяқша кеуде тұсында; мотоциклды жүргізу (ыр-ыр-ыр) деп айту. Бір орында жүру. (15-20 секунд).*<br>***Қорытынды:***<br>*бір саппен шеңбер бойы жүру /таяқшаларды үстел үстіне қою/ . Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***па?».***<br>*Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.*<br>*Алма, алмұрт, өрік – көгөніс.*<br>*Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б*<br>***Дидактикалық ойын: «Күз сыйы».*** *Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар.Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.*<br>*Мынау қандай жеміс?*<br>*Ол – өрік. Өрік дәмді.*<br>*Мынау қандай көгөніс?*<br>*Ол – қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б*<br>*Мынау – қарақат.*<br>*Қарақат дәмді, пайдалы.*<br>*Қарақат қандай?*<br>*Қарақат дәмді, пайдалы.*<br>*Қарақат кішкентай, түсі қара.*<br>*Мынау – құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най.*<br>*Құлпынай дәмді, пайдалы.*<br>*Мынау не?*<br>*Мынау – таңқурай.*<br>*Таңқурай дәмді, пайдалы.*<br>*Мыналар – жи-дек-тер.*<br>*Жидектер дәмді, пайдалы.*<br>***Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).***<br>*Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат.*<br>*Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най*<br>*Ң-ң-ң-таң-ң-қу-рай.*<br>***«Дүкен» ойыны.*** *Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру.* | | | | ***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.допты жерде отырып бір-біріне домалату.*<br>*2. ені 5-7см лента бойымен тепе теңдікті сақтап жүру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Доптарды қай топ тез жинайды?»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды.*<br>*Бала дүкенге келеді.*<br>*–Сәлеметсіз бе!*<br>*–Сәлеметсіз бе!*<br>*–Маған қияр қарақат беріңізші.*<br>*–Алыңыз.*<br>*–Рақмет. Сау болыңыз.*<br>*Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оныңқандай көгөніс, жеміс, жидек екенін табады.*<br>*Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»*<br>*Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?*<br>*Жидектер.*<br>*Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?*<br>*Жемістер.*<br>*Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?*<br>*Көгөністер.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Бұлт қабағын түйіп ап, Бүркеп алды аспанды. Тырс-тырс тырсылдап,Жаңбыр жауа бастады.*<br>***Сөздік ойын: «Мен қай жидекті көрсеттім?».***<br>*Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.*<br>***Рефлексия.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Педагог қорытындылайды.*<br>*Балаларды мадақтайды.*<br>*Қандай тапсырма ең қызықты болды?*<br>*Қуыршақтар балалармен қоштасады* | | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №9***<br>*Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* | ***Картотека №10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау.* | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары* | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№3***<br>*Көзіміздізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№3***<br>*Көзіміздізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№4***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттанып ойнайық.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы | ***Логикалық тапсырмалар***<br>***1.*** *Торғайларды санайық*<br>*Ағашта 2 торғай қонып тұр еді,*<br>*Ала мысықты көріп*<br>*1 торғай ұшып кетті*<br>*Ағашта қанша торғай қалды?*<br>***2 .*** *Мирастын өзінде 1 алма болды,әжесі оған базардаң*<br>*1 алма сатып әперді*<br>*Мираста қанша алма болды?*<br>***3.*** *Кірпі орманда өзіне 2 саныраукұлақты теріп алды.* | ***«Көңілді – көңілсіз» ойыны***<br>***Шарты:*** *Музыка арқылы көңіл -күй ретін түсінеді.*<br>*Ресурс: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян.*<br>***Көңілді*** | ***Дид «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»***<br>***Ой қозғау.***<br>*Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»*<br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу*<br>*- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау*<br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту* | ***Дид ойын: Көкөністер досымыз***<br>***Ғажайып сәт***<br>*Не деген тамаша.Беседканың алдына себет толы көкөністерді тастап кетіпті.*<br>*- Себеттегі көкөністерді атап шығайықшы.*<br>*-Қияр, сәбіз, қызынақ, пияз, картоп-көкөністер деп атаймыз.* | ***Ертегі. «Күн сәулесі»***<br>***Ой дамыту.***<br>*-Балалар, біз таңертең ұйқыдан оянып, көзімізді ашқанда ең бірінші нені көреміз?*<br>*-Ендеше, күнмен, жер-анамен, достарымызбен амандасайықшы!*<br>*Армысың, Алтын күн!*<br>*Армысың, Жер-ана!*<br>*Алақандыашайық,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқаәрекет тер) | 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды<br>Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды?<br>**4.**Адамда неше көз бар?(2) | Жылқы жағалауда жүр екен<br>Жасыл желек үстінде.<br>Ол басын шұлғып алып,<br>Қара жалың желпілдетіп,<br>Алтын жүгені сылдырлап<br>Сыңғыр, сыңғыр етеді<br>Тағып алған қоңыраулары,<br>Жорғалап ол жүреді<br>**Көңілсіз.**<br>Мұңды көңілсіз жануарлар,<br>Олар ауырып қалған шығар.<br>Қоянның аяғы ауырып тұр,<br>Сондықтанда олар,<br>Тұнжырап мұңайып жүр.<br>Иттің басы ауырып тұр<br>Сиыр бұзауын жоғалтқан<br>Міне қара барлығына<br>Көңілсіздік орнаған.<br>Сұрақ жауап.<br>**Ойын: «Менің көңіл-күйім»**<br>Шарты: Қуанышты, көңілсіз бейнені көрсету. | - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?<br>- Құстарға қалай көмектесеміз?<br>**5. Ширату.«Құм, тас, су».**<br>«Құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру.<br>«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.<br>Су дегенде толқын жасап қалу.<br>**Түсініктеме**<br>-Ауаны жұтамыз<br>-Күн жылуын, жарығын береді.<br>-Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді?<br>-Сусыз тіршілік жоқ<br>-Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады.<br>**Шапалақ әдісі.** | -Көкөністер қайда өседі екен?<br>-Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп көкөністердің бірі-қияр мен қызанақ.<br>- Қиярдың түсі қандай?<br>Пішіні сопақша түкті болып келеді.<br>-Қызынақтың түсі қандай?<br>Қызанақ-қызыл түсті пішіні дөңгелек.<br>**Сергіту сәті**<br>**Көкөністі көп жейміз**<br>**Дәрумені көп дейміз**<br>**Кел бәріміз , бір жүріп**<br>**Көкөністі тереміз**<br>**Себет түбінен хат тауып алу. Бағыбан атадан жіберегенен. Хаттаы оқу.**<br>Құрметті бүлдіршіндер Мен сіздерге хат жазып отырған себебім мен жазда еккен көкөністерімді жинауға үлгірмей жатырмын. Бақшамдағы қияр мен қызанақтарымды жинауға көмектесесіңдер ме ? Мен сіздерді күтемін.<br>**Бағбан атаға көмек.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ. Қиярды бояйды**<br>**2-топ. Қиылған дайын қызанақты жапсыру.**<br>**Дид ойын: Сиқырлы себет.**<br>Дайын жұмыстарды себетке салып Бағбан атаға беріп жіберу. | Күннің нұрын салайық<br>**Ой дамыту.**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балалар осы күн бізге не үшін керек?<br>Егер күн болмаса мына гүлдер, шөптер өсеме?<br>Күн маған да саған да керек екен.<br>Олай болса күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық.<br>-Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті.<br>Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көріп, оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады.<br>Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша ламай жүрген аарны көреді, шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған ризашылығын білдіреді.<br>Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді. Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады.*<br>*Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады.*<br>*Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады.*<br>*Сендерге ертегі ұнады ма?*<br>***Ертегіні талдау.***<br>*-күн сәулесі жерден нені көреді?*<br>*-гүлге қандай көмек көрсетеді?*<br>*- ара не үшін ұша алмай тұрады?*<br>*-араға қандай көмек көрсетеді?*<br>*-солып қалған гүлдер арасынан шыға алмай жатқан қандай жәндікке көмек көрседеді?*<br>*Гүлдер, көбелек, ара, күн сәулесіне не айтады?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***«Көңілді күн» музыкамен ұоқ аяқтау.*** |
| Балаларме н Жеке жұмыс | ***Логикалық ойын: «Өз үйіңді тап»***<br>*Шарты: Балаларға түрлі-түсті дөңгелек тарату. Белгі бойынша балалар дөңгелекті түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.* | *«Ертегілер елінде»*<br>*Ертегі айту арқылы байланыстырып сөйлеуі дамиды., сөздік қоры молаяды* | ***Логикалық ойын: «Сәулеге киімдерін*** *жинауға көмектес»*<br>*Шарты:Балалар суретке зер салып, не көріп тұрғанын атап шығады да, оларды сызық арқылы* | *Үстел-үсті ойын: «Суретті беттестір»*<br>*Шарты: Ұқсас суреттерді пішінімен түсіне сәйкес беттестіру.* | *«Фребель сыйы»*<br>*Мақсаты: Фребель ойыншықтары арқылы балалардың таным қабілеттерін арттыру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *шкафқа немесе сөреге салады.* | | |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* | ***Картотека №10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау.* | ***Картотека №11*** *Күнді бақылау.* | ***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14*** *ауа- райын бақылау* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*<br>*Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*<br>*Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.*<br>*Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 17.10 – 21.10.2022ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелусті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №6***<br>***«Апта күндері»***<br>***Шарты:***<br>*Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.* | ***Картотека № 12***<br>***«Телефон»***<br>***Ойын шарты:*** *телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіндер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек.* | ***Картотека №13***<br>***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»***<br>***Шарты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.* | ***Картотека №17***<br>***«Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Ойын шарты:*** *бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.* | ***Картотека № 19***<br>***«Орнын тап»***<br>***Ойын шарты:*** *балалар үй мүліктерінің ішінен өз бөлмесіне қажетті заттарды ажыратып орналастырады.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Қазан айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Қол ұстасып, дөңгеленіп,*<br>*Тұра қалдық екеуміз.*<br>*Өзіміз де дөңгелек*<br>*Күнге ұқсайды екенбіз* | *Аманбысың ,алтын күн!*<br>*Аманбысың, жарқын күн!*<br>*Маған жылу, жарық бер,*<br>*Қуаныш пен шаттық бер.* | *Жарық болса күніміз.*<br>*Жарқын шығар үніміз.*<br>*Елін сүйіп ержетер*<br>*Біз болашақ гүліміз!* | *Асапан ашық,көгілдір*<br>*Күн шуағын төгіп тұр!*<br>*Қол ұстасқан біздерді,*<br>*Тереземенен көріп тұр.* | *Көк аспанда күн күлсін*<br>*Бірге күлсін бүлдіршін.*<br>*Көк аспанда кү.н күлсін*<br>*Жерге ұдайы нұр құйсын.* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Құстар біздің досымыз»*<br>***Миға шабул***<br>*Жұмбақ жасыру.* | ***Денешынықтыру***<br>*Амандасу .*<br>*· Маршпен жүру; · Жүріс түрлері: - Аяқтың ұшымен жүру; - Өкшемен жүру; -* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Орман дәрігері.Ертегі.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.*** | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Л дыбысы*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>***Есік қағылу.*** | ***Көркем әдебиет***<br>***Дидактикалық жаттығу:*** *«Құстар сияқты ұшайық».*<br>***Миға шабул.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| іс-әрекет | *Барлық жемін бітеудей асайды,*<br>*Әйтсе де ұзақ жасайды.*<br>*Бұл нелер? (Құстар)*<br>***Ой дамыту.***<br>*Мнемотехника құстар.*<br>*Балаларға құстар жайлы әңгімелету.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді.*<br>*1-топ: Қарлығаш*<br>*2- топ: Аққу*<br>*3-топ : Бұлбұл*<br>***«Миға шабуыл»***<br>*Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою.*<br>*1-топқа Қандай құстарды білесіңдер?*<br>*Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма?*<br>*2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар?*<br>*Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар?*<br>*3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Слайд.***<br>***Суықторғай** – жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді.*<br>***Торғай** – пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді.*<br>***Сарышымшық** – жылдам* | *Секіре жүру; - Тізерлей жүру; - Жүгіру. - Тыныс алу жаттығуы. 3 колонаға бөліну.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру*<br>*6. Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Шеңберден шеңберге аттау*<br>*2. Доғалар астынан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Аққу- қаздар». ойыны:*<br>*1.Ойын шартымен таныстыру*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | ***Жұмбақ жасыру.***<br>*Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.*<br>*Көрік берген далама,*<br>*Білер оны бар бала.*<br>***(Ағаштар)***<br>***Сұрақ – жауап.***<br>***1. Ой қозғау.***<br>*Ағаштар және орман туралы түсінік беру.*<br>*- Сұрақ – жауап.*<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?*<br>*-Ағаштар бізге не үшін қажет?*<br>*-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?*<br>*-Неге ну орман дейміз?*<br>***2. Ой дамыту.***<br>*-Ертегіні мәнерлеп оқу.*<br>*-Ертегі желісін түсіндіру.*<br>*-Терек қандай ағаш?*<br>*-Неліктен ауырды?*<br>*-Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді?*<br>*-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.*<br>***Сөздік жұмыс:***<br>*Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.*<br>*Сергіту сәті.*<br>*«Қазым, қазым қаңқылда»*<br>***3. Миға шабуыл.***<br>*-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.*<br>*Қортынды*<br>***Викториналық сұрақтар:***<br>*Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай* | ***-** Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе ата қонаққа келіпті, ол өзімен бірге бізге бір жаңа әріпті ала келіпті. Бірақ ол бізге қандай әріп әкелгенін «айтпаймын» дейді. Ол әріпті табу үшін біз мынадай тапсырманы орындауымыз керек.*<br>***ІІІ. Ой қозғау.***<br>***Алдаркөсенің тапсырмасын орындау.***<br>***1 – тапсырма.***<br>*Секірер ор, жары бар*<br>*Селтеңдейді құлағы*<br>*Секіргіш бір жануар*<br>*Ол не екен балалар? (Лақ)*<br>*- Лақ қай малдың төлі және ол қалай дыбыстайды?*<br>*- Лақ сөзінде неше дыбыс бар?*<br>*- Лақ сөзін буынға бөліп көрейік?*<br>*- Неше буын бар?*<br>*- Сөздің басында қандай дыбыс естіп отырсыңдар? (Хормен айтқызу)*<br>*- Л қандай дыбыс?*<br>*- Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз?*<br>*- Л дыбысын қай үйге кіргіземіз? (көк үйге)*<br>***2 – тапсырма:***<br>*Піл, лақ, лимон, құлын суреттері көрсетіледі. Піл, лақ, лимон, құлын сөздерін буынға бөлу және дыбыстық талдау жасау. осы сөздерде кездесіп тұрған **л** дыбысының орнын ажыратқызу. Өткен дыбыстармен **л** дыбысы қатыстырылып, буын, сөздер* | *Балалар, егер сендердің қолдарына құс ұшып келіп қонса, не істер едіңдер?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***«Құстың ұясы» әңгіме оқып берейін.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою*<br>*Балалар ойнап жүріп нені көрді?*<br>*Ұяда не бар екен?*<br>*Балалар не істеді?*<br>*Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?*<br>*Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?*<br>*Балалардың жасағаны дұрыс па?*<br>*Балалар не істеу керек еді?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар , тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>***Топқа бөлу.***<br>*1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.*<br><br>*2-ші топ қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар.<br>**Суықторғай мен сарышымшық** жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да – олардың қорегі. Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді шоқып жейді.<br>**Тоқылдақ** – орман құсы. Ағаш қуысындағы зиянды жәндіктермен қоректенеді. Оны «Орман дәрігері» деп атайды. Орманда оның тоқылдатқан дыбысын естуге болады.<br>**Көгершін (кептер)** – қала, ауылда адамдарға жақын мекендейді.<br>Адамдар, балалар құстарға жемшашар жасап, оған нанның қоқымын, жем салып қамқорлық көрсетеді<br>**«Топтастыру стратегниясы**<br>Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Торғай болып қонайық,<br>Сауысқан боп секіріп,<br>Бүркіт болып самғайық.<br>Қане қанат жазайық<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**Дидактикалық ойын.** | **Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Сөз дыбыс.**<br>**1.Ойын:«Орамал тастамақ»**<br>Қандай әріптерді өттік?<br>-Әріп деген не?<br>-Әріпті не істейміз? (оқимыз, жазамыз)<br>**2.Ойын: «Кім жылдам»** -Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?<br>-Дауысты дыбыс қандай үйде тұрады, қандай текшемен белгілейміз?-Неге?<br>-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br>- Дыбысты не істейміз? (естиміз, айтамыз)<br>**3. Ойын «Шынжыр»**<br>-Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br>-Оларды шынжырлап қойғандай нелер кедергі жасайды.<br>Дауыссыз дыбыс қай үйде тұрады?<br>**4.Ойын: «Мен бастаймын сен аяқта»**<br>Ан---, та--, на--, ға--,т.б.<br>**5.Ойын «Шашылған буындар»**<br>Буындардан сөз құрау, сөзге сөйлем құрау.<br>**6. Ойын: «Текшелер жарысы»**<br>АНА, ТАНА,НАН, АҒА сөздерін текшемен жазу.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап** | алмайсың . (Әтеш)<br>Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)<br>Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)<br>Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)<br>Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)<br>Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)<br>Құстың негізгі мекені? (Ұя)<br>Балаларды мадақтау.<br>4. «Торғай» тақпақ жаттау.<br>**Тақпақ: «Торғай»**<br>Шыр – шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасақ болмайды.<br>Кіп – кішкене торғайлар,<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы: 6 саны мен цифры.**<br>**ІІ.Тосын сәт«Үйшік»** ертегі кейіпкерлері<br>Ертегі желісімен тапсырмаларды орындап үйшікке кіреді.<br>**Миға шабуыл.**<br>**Логикалық сұрақтар:**<br>**1.Тышқан келеді:** тура және кері санау (шыршаларды тура және кері санау)<br>**2.Бақа келеді:**<br>Ұшып жүр үш көбелек,<br>Қонып отыр үшеуі.<br>Тоқтап енді қалмашы, | құрау. Хормен ауызша қайталату.<br>**Ала, тала, Алан**сөздеріне текшемен талдау жасату.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**4-тапсырма «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны.**<br>Шарты: **Л** дыбысына қатысты сөздер ойлап, буынға бөлу, сөйлем құрату. Осы айтқансөздерінен<br>**Л** дыбысы қай дыбыстан бұрын немесе кейін келіп тұрғанын анықтау.<br>**ІІІ. Қорытындылау:**<br>Бүгінгі сабақта қай әріппен танысқанын сұрау.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Жаңада бар, ескіде жоқ,<br>Танада бар, ешкіде жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (А)**<br>Талда бар, малда жоқ,<br>Тауда бар, жауда жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (Т)**<br>Пілде бар, тілде жоқ,<br>Партада бар, картада жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (П)**<br>Нарда бар, қарда жоқ,<br>Нанда бар, тарда жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (Н)**<br>Ғарышта бар, барыста жоқ,<br>Ғылымда бар, Тынымда жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (Ғ)**<br>Арада бар, алада жоқ,<br>Дарада бар, данада жоқ.<br>**Бұл қай әріп? (Р)**<br>Қалада бар, қарада жоқ, | құрастырады.<br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>Мадақтау.<br>2 топқа жұлдызша беру.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Бұл қандай құс»<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.<br>Бүгін біз не туралы айттық?<br>Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?<br>Құстардың қандай пайдасы бар?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**Жыл құстары<br>**Мақсаты:** Балалар құстар туралы түсінеді.<br>Мнемотехника әдісі арқылы құс туралы әңгімелейді.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** құстардың суреттері, желім дайын үлгілер<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кеңге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Құстар қалай<br>дауыстайды?»<br>Қарға------ қарқылдайды<br>Сауысқан----- шақылдайды<br>Тоқылдақ --------тоқылдайды<br>Бұлбұл – сайрайды<br>Қаз – қаңқылдайды.<br>Торғай – шиқылдайды.<br>Көкек – көкектейді.<br>**Қорытынды.**<br>**Сұрақтар ілмегі әдісі.**<br>Бүгін не туралы<br>әңгімелестік?<br>Қандай құстар жылы жаққа<br>ұшып кетеді?<br>Мадақтау.<br>Жұлдызша беру.<br><br><br>**Қоршаған орта**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Үнтаспа**<br>Құстарының дауысын<br>тыңдату. Балалар, сендер<br>ненің дауысын естіп<br>тұрсыңдар?<br>**Ғажайып сәт.**<br>**Стол астынан сиқырлы**<br>**қорапша тауып алу.**<br>Қорапшадан әр түрлі<br>қалташа шығу, әр<br>қалташадағы тапсырманы<br>орындау.<br>Қалташа арқылы балаларды<br>топқа бөлу<br>**1-топ Сары қалташа**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр»**<br>**Сұрақтар:**<br>-Күз мезгілінде құстар қайда<br>кетеді?<br>-Неліктен жылы жаққа ұшып | **Балаларды мадақтау.**<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:** Ауыр. Жеңіл<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Білім ханшайымы келеді.<br>Тапсырма алып келеді.<br>**1 - тапсырма:**<br>Суреттегі үй қандай<br>геометриялық фигуралардан<br>тұратынын ата.<br>**2 - тапсырма:** 1-5 ке дейін<br>тура және кері сана.<br>**3 - ші тапсырма.**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Адасқан сандар»<br>**4 - ші тапсырма:**<br>Жаңа тақырып.<br>Ауыр және жеңіл.(Түрі<br>және көлемі бірдей<br>заттарды өлшей отырып<br>салыстырып көрсету)<br>түсіндіру.<br>**Тәжірбие:** Екі шар мен бір<br>стакан су беріледі. Бір<br>шарды үрлейміз.Екінші<br>шарға стакан суды құямыз.<br>Сұрақ: Қай шар ұшады? Қай<br>шар ұшпайды?Неліктен?<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Беске бесті қосқанда<br>Болады екен 10 саусақ.<br>**1-тапсырма**: **Қандай пішін**<br>**шықты ?**<br>Мақсаты:Таяқшалардан<br>таныс пішіндер құрастыру.<br>**2-Тапсырма**: **Қандай**<br>**мезгіл?Қай уақыт?**<br>Мақсаты.Балалардың ойлау | Бәрі қанша,санашы.<br>(3+3=6)<br>**3.Қоян келеді:**<br>Айя баққа келіпті,<br>Алмаларды теріпті.<br>Қызылы екеу екен,<br>Сарысы төртеу екен.<br>Оның барлық алмасы,<br>Қанша болды санашы?<br>(2+4=6)<br>**4.Түлкі келеді: чух-**<br>**чух** паравозындағы гео-<br>метриялық пішіндерді<br>ата?<br>**5.Қасқыр келеді:** чух-чух<br>паравоздағы ойыншық-<br>тарды балабақшаға санап<br>түсіріуің<br>керек,ойыншықтарды<br>сана.<br>**6. Аю келеді:** есік<br>қағады,бұл үйшікте кім<br>бар –дейді.<br>-Мен қасқырмын,ал сен<br>кімсің ,мен аюмын мені<br>үйшікке кіргісесің бе?<br>-Жоқ сен сыймайсың?<br>-үйшікке кіру үшін сен<br>біздің тапсырмамызды<br>орындауың керек.<br>**Тапсырма:**<br>**Далада тұр 4 ешкі,**<br>Қорада тұр 2 ешкі,<br>Барлығын қосқанда,<br>Болады неше ешкі? /6/<br>**Жаңа ғана шалғында,**<br>6 бұзау жүр еді.<br>Әлде шаршап қалды ма?<br>Жатып қалды біреуі,<br>жайылып жүр нешеуі /5/<br>6 – 1 = 5 | Құлында бар, мұрында жоқ<br>**Л әрпі.**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Қарлығаш пен<br>дәуіт» ертегісі<br>**Ойын: «Қай құс қайда**<br>**мекендейді?»**<br>Балалар, құстарды мекен<br>ететін жеріне<br>орналастырады.<br>**Үнтаспадан қарлығаштың**<br>**шырылдаған дауысы естіледі.**<br>Бұл қай құстың дауысы?<br>Қарлығаш қандай құс?<br>**Қарлығаш туралы ертегі**<br>**тыңдайық.**<br>АКТ технологиясы.<br>Бейнетаспадан **Қарлығаш пен**<br>**дәуіт ертегісін**<br>**тамашалайық.**<br>**Ой қозғау.**<br>Ертегі желісі арқылы<br>сұрақтар қою.<br>Балалар ертегі сендерге ұнады<br>ма?<br>Қарлығаш жардың қуысына не<br>салды?<br>1-ші қай құстан көмек сұрады?<br>2-ші қай құстан көмек сұрады?<br>Қарға не деп айтады?<br>Алдынан не шығады? Дәуіт не<br>істеді?<br>Балалардың жауаптары<br>**Сергіту сәті.**<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Қанатымызды кең жайып,<br>Ұшып-ұшып алайық | ашқан.<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Достық-өмір тірегі,<br>Әр адамның тілегі.<br>Ұйымдастыру.<br>**Суретпен жұмыс**<br>- Балалар суретте не<br>көріп тұрсыңдар?<br>- Ал, қазір бізде далада<br>осы құстар бар ма,<br>сендер көрдіңдер ме?<br>- Бұл құстар қайдан<br>келді?<br>- Ия, олар жылыны<br>жақсы көретін жыл<br>құстары.<br>- Ал, енді күн<br>жылынғанға дейін олар<br>тоңып қалмау үшін не<br>істеуге болады?<br>Менемотехника арқылы<br>құстарды сипаттау.<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ** шығармашылық<br>өнер орталығында<br>құстарға ұя және жем<br>сауытын жасайды.<br>Балалары үлгі суретке<br>қарай отыра біреулері<br>жем сауыт, ал<br>келесілері ұяны<br>желімдейді.<br>**2- топ** кітап бұрышына<br>қандай жыл құстары<br>бар екенін<br>қарастырады.<br>Ал, енді балалар осы<br>құстарды қатыстыра<br>отыра әңгіме<br>құрастырайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетеді?<br>-Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)<br>-Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды)<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестер-ден қорғайды.<br>**2-топ қызыл қалташа**<br>**Қыстайтын құстарды ата?**<br>Оларға қандай қамқорлық жасау керек?<br>-Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады?<br>**Шығармашылық орталық.**<br>Құстарға дән дайындау.<br>Жеке балаларға көмектесу.<br>Мадақтау.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолымызды созайық,<br>Құсқа ұя жасайық<br>Алдына жем шашайық.<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қане, қанат қағайық.<br><br>**3- топ Жасыл қалташа**<br>**Құс туралы тиым сөз айт?**<br>-Құстардың ұясын бұзба.<br>-Құсты атпа, өлтіруге болмайды.<br>-Құстың жұмыртқасын жарма.<br>**Сылдырмақ үні .**<br>**Балаларды шеңберге шақыру.**<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>«Қош болыңдар!» дегендей, | қабілеттерін дамыту.<br>Шарты:Балаларға тәулік мезгілдері жыл мезгілдері туралы суреттер беріп ажыратуды үйрету.<br>**3-тапсырма: «Жол картасын бейнеле»**<br>Кеңістікті бағдарлауды үйрету. Құс, ағаш, гүл, бұлт, күн, су орналасу ретін көрсету.<br>**Қорытынды.**<br>Білім ханшайымы балаларды мадақтайды.<br>Жұлдызша таратады.<br>Қоштасады.<br>Балаларды мадақтау<br><br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Балапан»**<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>Шықырлаған дауыс естіледі.<br>-Үлкен жұмыртқаның ішінен балапан шығады.<br>**ІІІ.Ой қозғау**<br>-Балалар бұл не екен?<br>-Балапан қандай құс?<br>-Балапанның мамығы жұмсақ па әлде қатты ма?<br>-Ол қайда өмір сүреді?<br>-Кәне балалар балапанмен амандасайықшы?<br>-Сәлеметсің бе, балапан!<br>-Балапан сен қайдан жүрсің?<br>Мен өзімнің бауырларымнан адасып, ұйықтап қалыппын.<br>Енді бауырларымды іздеп табуым керек. | Балалар бізге қонаққа келген аңдардың барлығы тапсырманы дұрыс орындады, олай болса Үйшіктеріне кіре берсін.<br>**4.Ой дамыту.**<br>**Жолақшамен жұмыс**:<br>-Қазір мен жоғарғы жолақшаға,солдан оңға қарай бір-бірлеп алма ларды салып шығамын.<br>Алмаларды санайық, барлығы қанша алма болды?<br>Енді төменгі жолақшаға бір-бірлеп алмұрттарды қоямын.<br>Алмұрттарды санайық, барлығы қанша алмұрт болды?<br>Балалар қалай ойлайсыңдар алма көппе әлде аз ба?<br>Бес санынан алты саны көп,аз ба?5-6 көп белгі<br>Олай болса бүгін біз 6 цифры мен танысайық.<br>-Мен бес алмаға бір алманы қостым.<br>(5+1=6)<br>-Қалай ойлайсыңдар? Енді алма мен алмұрттың саны бірдей ме?<br>Енді алма туралы не айтуға болады?<br>-Алмұрт туралы ше?(алма алмұрттан аз ,алмұрт алмадан көп)<br>-Алма қанша болды?(6)<br>-Қане,бірге санайық.<br>6 алма қалай пайда болды?(5+1=6) | **Ертегіні сахналау.**<br>Балалар ертегіні орамал театры арқылы сахналайды.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Мақал-мәтел айту қорытындылау.<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>Жақсы дос- жанға серік,<br>Жаман дос- малға серік.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Сандарды салыстыру. Алыс– жақын.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>-Балалар карандаршы мен жолда мына әдемы сандықты тауып алдым , кәне ашып ішінде не бар екенін көрейық. (Сандықты ашып қарағанда онын ішінде геометриялық пішін болады.)<br>-Балалар карандаршы мынау қандай геометриялық пішін ?<br>Ия,дұрыс бұл пішін шаршы деп аталады.<br>Балалар шаршынын артында бізге тапсырма берілген соны біз орындауымыз керек.<br>Тапсырманы орындамас бұрын біз саусақ жаттығуын жасап алайық.<br>«Бес саусақ»<br>Енді екі топқа бөлініп өз тапсырмаларымызды орындайық:<br>**1-топ** мына сандарды 1-ден 4-ке дейінгі рет-ретімен қатарға қойып шығу | Тірек сызба қоса ұсынила отыра әңгіме түйінделеді.<br>**Дыбыстық жаттығулар**<br>-Ға- ға- ға- ұшып келді қарға<br>-Ғай -ғай –ғай- торғай<br>-Шық -шық –шық- шымшық<br>-Үй- үй- үй- үйрек<br>**Сергіту сәті**:<br>Қарлығашқа ұқсайық,<br>Қанатты біз жаяйық.<br>Орнымыздан тұрайық<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Балалардың жұмыстарын бағалау.<br>Мадақтау<br>Венн диаграммасы арқылы балалардан құстарды салыстыра отырып талдап, қортындылау<br><br><br><br><br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Түлкі мен тырна<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>1.Өзі айлакер, өзі қу,<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>2 Көкте ұшады тізіліп,<br>Біз қараймыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қанаттарын қағады.*<br><br>*Сау-саламат болыңдар,*<br>*Жылы жаққа барыңдар.*<br>*Жылы ұяға қоныңдар,*<br>*Бейбіт құсқа орын бар.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>*Амандасу .*<br>*· Маршпен жүру; · Жүріс түрлері: - Аяқтың ұшымен жүру; - Өкшемен жүру; - Секіре жүру; - Тізерлей жүру; - Жүгіру. - Тыныс алу жаттығуы. 3 колонаға бөліну.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі* | *-Сендер маған көмектесесіңдер ме?*<br>*-Жарайды балапан, онда сенің бауырларыңды мына жақтан тауып көрейік.*<br>***4. Үлгіні талдау.***<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету түсіндіру.***<br>*Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу*<br>*Альбом бетіндегі дайын бейненің үстіне балапанның барлық бөлшектерін жапсыруға дайындау.*<br>*-Бірінші-денесін жапсыру.*<br>*-Екінші-басын жапсырту.*<br>*-Үшінші-қанаттарын жапсыру.*<br>*-Ең соңында көздерін,тұмсығын, аяқтарын жапсыру*<br>*-Балапан дайын болды.*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>*Жұмыртқадан шыққан балапанмен бірге бәрін тақтаға ілу.*<br>*Балалардың жұмысына баға беру.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | *-6 санын белгілеуге бізге «алты» цифры көмектесті.*<br>*-Балалар, 6 цифры неге ұқсайды?*<br>*Қара мына шиені*<br>*Сабағын ол иеді.*<br>*Шие емес сан ғой бұл*<br>*Кім ол санды біледі?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*1-дегенде орнымыздан тұрайық*<br>*2,3,4-дегенде шапалақты ұрайық.*<br>*Оң жаққа бұрылып,*<br>*Сол жаққа бұрылып,*<br>*Бір отырып,бір тұрып,*<br>*Бір жүгіріп алайық*<br>*5 дегенде асықпай,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Қортынды:***<br>*-Бүгінгі оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?*<br>*-Бізге қай ертегі кейіпкерлері қонаққа келді?*<br>*-«Үйшік» ертегісі қанша кейіпкерден тұрады?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспарымен***<br><br>***Сауат ашу.***<br>***Тақырыбы: Р р дыбысы***<br>***ІІ. Ой қозғау.***<br>*- Стол үстіндегі гүлдерге зер салу. Гүлдер қурап бара жатыр, жайқалып өсуі үшін не қажет?*<br>*- Суға салып қою керек.* | ***2-топ*** *Алмалар мен саңырауқұлақтарды санап, оларды теңестіруді тапсыру*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Жаттығуды жасаймыз!*<br>*Бір дегенде-тік тұрамыз,*<br>*Екі дегенде- екі рет айналамыз.*<br>*Үш дегенде -үш рет секіреміз,*<br>*Төрт дегенде- отырамыз.*<br>***1-топ*** *"Кім зейінді" дидактикалық ойыны:*<br>*Мақсаты: Алыс- жақын ұғымдарын ажырата алуға үйрету.*<br>- <br>***2-топ*** *Адасқан сандар.*<br>*Шарты: Тақтаға шығып сандарды ретімен қою.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br>***Үлестірмелі материалмен жұмыс.***<br>*Балаларға мынадай тапсырма беру:*<br>*Барлық үлкен шаршыларды төменгі жолаққа, ал кішкентайларын жоғарғы жолаққа қойып шығуларың керек. Бірақ олардың саны тең екендігі көрініп тұратындай болсын.*<br>*Әр баладан әр жолақта неше шаршы бар екенін сұрау*<br>***Қорытынды:*** | *қызығып.*<br>*Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді.*<br>***Сұрақ қою.***<br>*Бұл қай ертегінің кейіпкерлері.*<br>*Дұрыс бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар.*<br>***«Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.***<br>*Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.*<br>*Балалар түлкі мен тырна бір-біріне ренжісіп қалған.*<br>*Татуластырамыз ба?*<br>*Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Саусақтар шыншыр болады,*<br>*Үзілмейді тартсаңда.*<br>*Ал,піл келіп шынжырды,*<br>*Үзіп кетті басқанда*<br>*Тұмсығымен доп іздеп,*<br>*Ойнағысы келіп тұр.*<br>*Достық үшін пілге мен,*<br>*Гүл сыйлағым келіп тұр.*<br><br>*-Түлкі мен тырнаның бір біріне тапсырмалары бар екен,соларды орындаса ғана достасады екен.Оларды достастыруға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *аяқпен 5 рет секіру*<br>*6.      Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Шеңберден шеңберге аттау*<br>*2. Доғалар астынан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Аққу- қаздар». ойыны:*<br>*1.Ойын шартымен таныстыру*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Ертегі оқу.«Аққу мен үйрек»***<br>*Ертеде бір үйрек көлге барыпты.Барса су бетін-де бір бейтаныс құс жүзіп жүріпті. Бұрын көрмеген құстың ұзын мойнына қарап, үйрек қатты таңырқайды. Сосын оған жақындап барып:*<br>*- Сәлем , достым! –дейді.*<br>*- Сәлем! –дейді бейтаныс құс.*<br>*-Сен қандай құссың дейді?*<br>*-Мен аққумын.*<br>*-Сен де суда жүзе аласың ба?*<br>*-Иә, жүзем. Қорегімді судан айырам.*<br>*-Сенің мойның жіп-жіңішке екен. Денеңе мүлдем жараспай тұр.*<br>*Мойын мына менікіндей болу керек қой, жуан діңгектей, -дейді үйрек мақтанып . Аққу болса , үйректің бұл қылығына жымиып күледі* | | *- Демек гүлдерді бұл жағдайдан құтқару үшін: бүгінгі ұоқ сұрақтарға дұрыс жауап беріп, гүл шоғын жинаймыз, соңында кімге қанша гүл шоғы жиналғанын санаймыз.*<br>*Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.*<br><br>***1-топ шаршы.***<br>*Алма, алмұрт егеміз*<br>*Айға сапар шегеміз*<br>*Алақай - ау алақай*<br>*«А» дыбысын білеміз*<br>***2-топ ушбұрыш***<br>*Тайға мініп шабамыз*<br>*Тау мен тасты табамыз.*<br>*Тарақ тайлақ тауықтан*<br>*«Т» дыбысын табамыз*<br>***3-топ жұлдызша***<br>*Бала отыр партада*<br>*Оқы, үйрен шаршама*<br>*«П» дыбысы дауыссыз*<br>*Мәлім болды баршаңа*<br>***4-топ дөңгелек.***<br>*Нан - әлемнің азығы*<br>*Дастарқанның қазығы*<br>*Нар - түйенің асылы*<br>*«Н» басталған қайсысы*<br>***Бәрі бірге***<br>*Ғасыр, ғылым ғаламшар,*<br>*Ойлаған ғалым адамдар*<br>*Ғарышкерлер ұшқанда*<br>*Жасайды ғажап қадамдар*<br>*Өрісі ел жазығы*<br>*«Ғ» дан  келер қайсысы*<br>***4.Қызығушылықты ояту***<br>***Аудио дыбыс. Ара дыбысы*** | *Балаларды  мадақтау.*<br>*Тапсырмаларды жақсы орындағандарын айту.*<br>*Жұлдызшаларын санау.*<br><br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *дайынбыз ба?*<br>*Балаларды екі топқа бөліп отырғызып, «түлкілер және тырналар»екі топқа бөлеміз.*<br>***1Логикалық сұрақтар:****(Интерактив ті тақта бойынша балаларға тапсырма беріледі)*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Не артық?»*<br>***2Восковичтің  дамыту ойыны:***<br>*түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді  қосу арқылы  көрсету.*<br>*Балалардың жұмыстарын бағалау.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Түлкі мен тырна неге ренжісті?*<br>*-Біз оларды қалай достастырдық?*<br>*-Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.*<br>*Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар.*<br>*Мадақтау!*<br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.Шеңбер бойымен тұру. Қолды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *де,үндемей жүзе береді. Бір кезде үйрек:*<br>*-Аққу қарашы,мен суда қалай жүземін,-деп, масаттана жүзіп бара жатқанда,қамыс арасынан бір аңшы шыға келіп,мылтығын кезейді. Мұны көрген аққу бар екпінімен аңшыға қарай ұша жөнеледі. Аққудың өзіне қарай ұшып келе жатқанын көрген аңшы не істерін білмей тұрғанда,аққу оның мылтығын қанатымен қағып,суға түсіріп жібереді. Аспанға көтерілген ол бір айналаып,қайта келіп көлге қонады.Амалы құрыған аңшы судан мылтығын алып,кетіп қалады.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Аққу үйрекке қалай көмектесті?*<br>*-Бұл құстардың қайсысы сұлулықтың символы?*<br>*-Үйрек аққуға қандай жағымсыз сөз айтты?*<br>*-Әрқайсысымыз бұл құстарды өзімізше елестетіп, қазір сендермен бірге оны ермексаздан жасап көрейік*<br>*.**Өзіндік жұмыс.***<br>***2.Кесте бойынша құстардың дене бөлшектерін көрсету.***<br>*1) денесі (үлкен сопақша)*<br>*2) мойны (цилиндр)*<br>*3) басы (кіші шар)*<br>*4) тұмсығы (конус)*<br>*5) қанаты (жайылған сопақша)*<br>*Бөлшектер домалақтау* | | ***Тосын сәт***<br>*Таяқшаға аралар байлап есіктен кіргізу.*<br>*Араларды әр топқа бөліп беру.*<br>*Аралар гүлден бал жинайды.*<br>*Тезірек гүлдерді жайқалтайық.*<br>*Ара бізге қонаққа келді*<br>*-Қане, ара деген сөзде бізге таныс емес қандай дыбыс көріп тұрсыңдар? **Р** дыбысы.*<br>*-Ара сөзінде «**р**» әрпі қайда тұр? Ортасында*<br>*-Ара сөзін буынға бөлейік*<br>***А--РА***<br>*-Неше буынды сөз екен?*<br>*-Неліктен 2 буынды сөз.*<br>*-Ара сөзінде неше дыбыс бар?-Олай болса біз бүгін **Р** дыбысы мен әрпімен танысамыз .*<br>*-Дыбыс деген не?*<br>*-Әріп деген не?*<br>*- Қандай дыбыстарды білесің?*<br>*- Дауысты дыбыстар қалай аталады?*<br>*-Дауыссыз дыбыстар қалай аталады?*<br>***АРАсөзіне дыбыстық талдау жасау, текшемен жазу.***<br>***Р әріпі қай үйге барады. Көк***<br>*- Сөз деген не?*<br>*-Сөйлем деген не?*<br>***ара, тырма, күрек сөздеріне сөйлем құрау.*** | | *жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***(жалаушамен)***<br>***«Тербелу»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)** қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)** солға тербелу.*<br>***«Бағыттаушы»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)** қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу.*<br>***б)** екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу.*<br>***в)** екі қолды жанға созу.*<br>***г)** б.қ.келу.*<br>***«Ұшамыз, қонамыз»***<br>*Б.қ: тік тұру, қол төменде.*<br>***а)** екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.*<br>***ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу.*<br>***б)** б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу:** «Әдемі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *әдісімен жасалады. Дене бөлшектерін бір-біріне бекітіп,саусағымызбен жағып жазамыз.*<br><br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*1-топ. Аққуды мүсіндеу*<br><br>*2-топ Үйректі мүсіндеу*<br><br>*Құстарға сипаттама бер*<br>*Балаларды мадақтау.* | | ***Дид ойын:«Буындар сөйлейді»***<br>*ар ар- аралар. рара а-ра. нар, нар – анар.*<br>*а -ра, а- ра –ла, нар А -нар*<br>***Жаңылтпаш айтқызу.***<br>*А ра, а ра, а ра лар!*<br>*Алан, а ра а ра ла.*<br>***Қортынды***<br>*Бүгін қандай әріппен таныстық. Қандай текшемен белгілейміз?*<br>*Балаларды мадақтау.* | | *гүлдің иісі,*<br>*Гүл ашады қауызын»*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.*<br>*2.Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.*<br>***Қимылды ойын: «Қасқырмен қояндар» ойыны:***<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №16***<br>***Күзгі ағашты бақылау.*** | ***Картотека № 16***<br>***Аула сыпырушының жұмысын бақылау.*** | ***Картотека № 18***<br>***Жәндіктерді бақылау.*** | ***Картотека №19***<br>***Ауа- райының салқындауын бақылау.*** | ***Картотека № 20***<br>***Қоңыр күзді бақылау, салыстыру*** |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***№5***<br>***Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№17***<br>***Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№19***<br>***Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.* | ***№20***<br>***Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.* | ***№ 21***<br>***Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Ұйқымызды ашайық* | *Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық.* | *қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Дидактикалық ойын: «Моншақтар тізбегі»***<br>***Мақсаты:****Балаларға моншақ жасауды үйрету.* | ***Дьенеш блоктарымен жұмыс***<br>***Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік мұнара», «Күшік үреді».***<br>*Балаларды ойын тақырыптары бойынша топқа бөлу.*<br>*Құрастыру нәтижесін бекіту.* | ***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>*Математикалық дамытушы ойындар*<br>*Сұрақ-жауап* | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Тақырыбы: Киімдер***<br>*Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.* | ***Үстел үсті ойыны: «Гүлдер»***<br>***Мақсаты:*** *үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру* |
| Балалар мен Жеке жұмыс | ***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>*Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.* | ***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.* | ***«Әдемі гүл»***<br>*Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау.* | ***«Бұл қай мезгіл?»***<br>*Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады.* | ***«Нан қалай жасалады»***<br>*Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №16***<br>***Күзгі ағашты бақылау.*** | ***Картотека № 16***<br>***Аула сыпырушының жұмысын бақылау.*** | ***Картотека № 18***<br>***Жәндіктерді бақылау.*** | ***Картотека №19***<br>***Ауа- райының салқындауын бақылау.*** | ***Картотека № 20***<br>***Қоңыр күзді бақылау, салыстыру*** |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі* | *Ата – аналарға балалардың тазалығы,киімі жөнінде айту* | *Ата – аналармен төлем ақылары* | *Ата – аналарға жол ережесі туралы* | *.Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *туралы айту* | | *жөнінде әңгімелесу.* | *мағлұмат беру.* | *туралы айту.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 24.10 – 28.10.2022ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Картотека №3***<br>***«Жануарларға қамқор боламыз»Мақсаты:***<br>*Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.* | ***Картотека № 19***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | ***Картотека №6***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту* | ***Картотека №8***<br>***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Қазан айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | |
| Таңғы ас | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***<br>*Ал балалар тұрайық,*<br>*Мойнымызды бұрайық,*<br>*Қолымызды созайық,*<br>*Су ішінде қалықтап,*<br>*Қане жүзіп алайық,*<br>*Оңға,солға бұрылып,*<br>*Денемізді бұрайық* | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Шаттанамын, күлемін,*<br>*Бақытты боп жүремін.*<br>*Қатар тұрар шеңберде*<br>*Досым көбін білемін* | *Алтын сәуле арайлы*<br>*Бақшамызға тарайды.*<br>*Қуанышпен шат күліп,*<br>*Қарсы алайық арайды* | *Көк аспанда күн күлсін,*<br>*Бірге күлсін бүлдіршін.*<br>*Көк аспанда күн күлсін,*<br>*Жерге ұдайы нұр құйсын.* | *Достарымның барлығын,*<br>*Сыйлап, жақсы көремін.*<br>*Алақаным арқылы*<br>*Жылуымды беремін.* |
| | ***Таңғажайып сәт:***<br>*( топқа Сайқымазақ келеді)*<br>*-Сәлеметсіңдер ме, балалар!*<br>*-Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу.*<br>*1-Топ . Қазтамақ тобы*<br>*2-топ  Фикус тобы.*<br>***Дид ойын:«Қармақ»***<br>*Шарты: Сұрақтар ілмегі арқылы жауап беру*<br>***1-Топ . Қазтамақ тобына****.*<br>*Бөлме гүлдерінің қанша түрі бар?*<br>*Сендердің үйлеріңде қандай гүлдер өседі?*<br>***2-топ  Фикус тобына.***<br>*Бөлме гүлдерін сыйлыққа беруге бола ма?*<br>*Бөлме гүлдерінің пайдасы туралы не білесіңдер?*<br>***Топтық жұмыс:***<br>*Әрбір топқа бөлме гүлдері беріледі.*<br>*Сол гүлдер туралы айтады.*<br>***Практикалық жұмыс:***<br>*Тамырланған  гүлді  түбекке Отырғызу*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар, біз Сайқымазаққа көптеген бөлме гүлдерін сыйлайықшы.*<br>***Дид ойын: «Түрлеріне қарай*** | *Қол бүйірде аяқтың ішімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай жүру*<br>*1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / қатарға тұрарда себеттен бір орамалдан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары /орамалмен, әуенмен/***<br>***Б.қ.:  «Өкпешіл»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, орамал бүйірде. Басты оң және сол   жақтағы орамалға төмен түсіріп бұру. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қозғалмалы иық»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа – алдыға, жоғары – төмен қозғау.*<br>*/6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Ғажайып кемпірқосақ»***<br>***3.****Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде. орамалды оң - сол  жаққа қисайту, әр иілген сайын «ғажайып» деп айту./6р/*<br>***Б.қ.: «Керілу»***<br>***4.*** *Аяқтарын алшақ қою, орамал жанға кеуде тұсында,  1- 3  орамалды жанға баяу соза отырып керілу. 4-б.қ. /6 р қайт/*<br>***Б. қ.: «Диірмен»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қойып, денені тік ұстау.  Орамал жанда. 1- орамалды жанға* | *Шарты: Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын, ал сендер қандай өсімдік екенін табыңдар*<br>*-Жапырақтары сопақша, үлкен, түсі қою жасыл. Бұл қай өсімдік?*<br>*(Фикус гүлін көрсетеді)*<br>***Ой қозғау***<br>*Мнемокесте арқылы гүлдердің өсу жолдарын таныстыру.*<br><br>*-Бүгін сендерді жаңа бөлме өсімдігі – хош иісті қазтамақпен таныстырамын.*<br>***Сергіту сәті*** .<br>*Біз гүлдер ше өсеміз,*<br>*Жапырағы жайқалған,*<br>*Сабақтары салалы,*<br>*Жел күшімен шайқалған****.***<br>***Ой дамыту.***<br>*Қазтамақ гүлімен таныстыру.*<br>*Қазтамақтың сабағы жасыл, шырынды, сабағының бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі Қазтамақ – дәрілік өсімдік . Одан дәрілік майлар жасалады . Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді .*<br>***Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі»*** | *білеміз?-Дауыссыз дыбыстарды ше?*<br>*- Әріптен не құралады?*<br>*- Сөйлем қандай әріптен басталып жазылады?*<br>*- Сөйлемнің соңына не қойылады?*<br>***Өткен дыбысты қайталау***.<br>***Дид ойын: «Сөз ойла, тез ойла»***<br>***Шарты:*** *Балалар  «М» дыбысынан басталатын немесе сөз арасында «М» дыбысы бар  сөздерді айтады. Айтқан сөздерін буынға бөледі.*<br>***ІІІ.Ой дамыту***<br>***Дид ойын: «Дәл тауып айт»***<br>*Қыздар құлағына тағады — Сырға.*<br>*Қыздар қолына тағады — Сақина.*<br>*Уақытты көрсетеді — Сағат.*<br>*Сиырдан не алынады — Сүт.*<br>*Сызуға арналған құрал — Сызғыш.*<br>*Мектепте не оқимыз — Сабақ.*<br>*Кітаптарды қайда саламыз — Сөмке.*<br>*Кірді немен жуамыз – Сабын*<br>*Балалар шайнайды – Сағыз*<br>*-Балалар осы сөздердің барлығы қандай әріптен басталып тұр?*<br>*-Дұрыс айтасыңдар, С с.* | ***арттыру:***<br>*Адамдардың бәрі қызығады,*<br>*Су құймасаң, сәні бұзылады.(Гүл)*<br>***Ой дамыту***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»***<br>*Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.*<br>***Миға шабуыл***<br>*Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?*<br>*- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?*<br>*- Гүлдердің түсі  қандай?*<br>*- Гүлдердің  дұрыс өсуі үшін не істейміз?*<br>***Ой қозғау***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ***<br>***Дид ойын: «Сиқырлы себет»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***ажырат»***<br>***Шарты:*** *Балалар гүлдерді түрлеріне қарай ажыратып, топтастырып себетке салады.*<br>*Мадақтау.*<br>*Балалар, біз Сайқымазаққа өздеріміздің гүлдерімізді сыйлайық.*<br>*Сайқымазақпен қоштасу.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар, бүгін бізге кім келді?*<br>*-Біз оған не өсіруге көмектестік?*<br>*-Бөлме гүлдеріні не үшін қажет деп ойлайсыңдар?*<br>*Балаларды бағалау, мақтау, мадақтау.*<br>*3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.*<br><br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы:***<br>*Бөлме өсімдіктері*<br>***Миға шабуыл:***<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Табиғатта қандай өзгерістер байқалады?*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгүл қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Балалар ,мен де үйіме гүл өсіргім келеді, бірақ мен күту, баптау ережелерін білмеймін. Маған көмектесесіңдер ма? Балалар Айгүлге топтағы гүлдер туралы айтып берейік.* | *созу, 2- оң қолдағы орамалды сол аяқтың өкшесіне тигізу. 3- керісінше . 4- б.қ./6 рет ./*<br>***Б.қ.: ««Қарлығаш»***<br>***6.*** *Тік тұрып, ормалды белге қояды.1 - аяқты артқа созады,*<br>*2 - жоғары көтереді, 3 – 1 қалыпқа оралады 4 - б.қ.(6-р)*<br>***Б.қ.: «Ұшты, ұшты»***<br>***6.*** *Аяқтарын алшақ қою, орамал төменде. Орнында тұрып серіппе секілді секіру. әр секірген сайын «Ұшты, ұшты» деп айту. (6 рет қайталау)*<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/*<br>*Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>***1.****Алға жылжып бір бағытта секіру*<br>***2.*** *Жерге қойылған себетке дейін секіру*<br>***Қимылды ойын: «Қарлығаш»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдықққа үйрету.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | *-Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық .*<br>*-Фикус қандай күтімді қажет етеді?*<br>*Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?*<br>*-Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?*<br>*Жапырақтарды ауаны тазартады .*<br>***Дид ойын: «Гүлдерді суарамыз»***<br>*Шарты: Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетеді..*<br>*Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады.*<br>*Біз бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Гүлдерге суды не үшін құямыз?*<br>*Ал гүлдерді қалай күтуге болады?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:*** *Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Буратино: Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар, осы жер «Ғажайып білім әлемі» ме?*<br>*Жоқ, Буратино, бұл жер –* | *Олай болса біз бүгін С с дыбысы мен әрпімен танысамыз.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***1-ші жұмбақты шешу***<br>*Түсі суық ызғарлы*<br>*Аузында айыр тісі бар****(жылан)***<br>*жылан қандай дыбыс шығарады? -С-С-С-С*<br>*-Олай болса «С с» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? - «С с» дыбысы дауыссыз дыбыс, кедергіге ұшырап барып шығып тұр.*<br>*Балаларға суреттермен «С с» дыбысы туралы түсінік береді. -Балалар, «С с» дыбысы сөздің барлық буындарында (басында, ортасында, соңында) кездеседі. Мысалы: сүзбе, маса, троллейбус, автобус, Досымжан, Ерсұлтан, Диас, Сая, құс, сауысқан, саусақ,*<br>***2-ші жұмбақты шешу.***<br>*Тілі бетінде,*<br>*Сөзі шетінде* ***(сағат)***<br>*Сағат сөзін буынға бөлу.*<br>*Сағат сөзіне дыбыстық талдау жасау.*<br>*Қортынды*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Бақшадағы гүлдер»*<br>***Ой дамыту. АКТ технолог*** | <br>*Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге сұқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үп-үлкен болып өседі.*<br>***2-топқа тапсырма.***<br>***Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»***<br><br>***Суретке өз ойын айту.***<br>*Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады. шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды.*<br>*Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.*<br>*Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.*<br>***3-топқа тапсырма*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Балалар,гүлдер не үшін керек?<br>-Егер гүлдер жоқ болса не болар еді?<br>-Оларға күтім жасалмағанда не болар еді?<br>***Фикус гүлімен таныстыру***<br><br>*Мынау фикус гүлі. Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен.*<br>*Фикус гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады. Жапырағын ұстап, жылтыр, тегіс екенін айту.*<br>***Ал мынау, алоэ өсімдігі.***<br> <br>*Жапырақтары тікенді болып келген, бірақ тікені қолымызға кірмейді.*<br>*Алоэның емдік қасиеті бар, дәрі-дәрмек. Егерде, жүгіріп бара жатып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп бір-аз уақыт ұстап тұрсақ жазылады екен. Міне, өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен.*<br>***Практикалық әрекет:***<br>*Гүл отырғызу.* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: М м дыбысы***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Мұртын сипап тілімен*<br>*Бетін сусыз жуады*<br>*Тышқанды аңдып түнімен*<br>*Көзі оттай жанады.(МЫСЫҚ)*<br>*-Дұрыс балалар мысық сөзі М дыбысынан басталып тұр.*<br>*-Бүгін бізге қонақ М дыбысы келді.*<br>***Ертегілер еліне саяхат***<br>***Мақта қыз бен мысық***<br>***1.Сиырдың тапсырмасы***<br>***а) Суреттегі атаулардың әрқайсысын шапалақ ұру арқылы буынға бөлу:*** *қам – шы, ма – ши – на, қа – лам*<br>***М*** *сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін анықтау.*<br>***Ағаштың тапсырмасы***<br>***ә) Үзік сызықтарды қосып, буындап оқыту:*** *ма,ма, мата, шам, мал, май,*<br>***Қыздардың тапсырмасы***<br>***б) М әріпінен келетін сөз ойла.***<br>***Дүкеншінің тапсырмасы***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Үстіңде үйдің, тұр еді мысық,*<br>*Қасына келді,бір торғай ұшып*<br>*Бас салмақ болып,ыршыды мысық*<br>*Пыр етіп торғай жөнелді ұшып* | *балабақша.*<br>*Буратино: Балалар, мен алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне» қалай барсам екен, баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме?*<br>*(Балалардың жауаптары.)*<br>*- Олай болса балалар Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» біз де саяхатқа шығып қайтайық.*<br>*Саяхатқа шығамыз ба?*<br>**-** *Балалар, саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір-бірімізді сыйлап, тыңдауымыз керек.*<br>*Балалар, қане, енді паровозға мініп, жолға шығайық.*<br>***«Ғажайып білім әлеміне» саяхат.***<br>**-** *Балалар, міне, біз 1-ші аялдамаға да келіп қалыппыз.*<br>***Бірінші аялдама: Тиіннің аялдамасы*** | ***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар, мына суретке қараңдаршы*<br>*-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?*<br>*-Гүлдер нешеге бөлінеді?*<br>*-Гүлдің қандай пайдасы бар?*<br>*-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?*<br>*Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?*<br>*-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?*<br>*- Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық*<br>*Гүлдер, гүлдер шоқ гүлдер*<br>*Қызыл гүлдер,көк гүлдер*<br>*Бақшамызға сән бердің*<br>*Суарайын мен сені*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Гүлдің құрлысымен таныстыру.*<br><br>***Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"***<br>***Шарты:*** *Тақтадағы гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына ілу.*<br>***Сергіту сәті****:*<br>*Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)*<br>*Су құямын гүлге(қолмен су құяды)*<br>*Гүл күткенді біледі(тербеледі)*<br>*Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды)*<br>*Күнде гүлін ашады* | ***Дид ойын: «Гүлді құрастыр»***<br>***Сылдырмақ.***<br>***Балаларды шеңберге шақыру.***<br>*Сұрақ –жауап*<br>***Рефлексия***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Смайлктер беру*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы:*** *«Топтағы гүлдер»*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын «Кім тапқыр? (жұмбақ жасыру)***<br>*Адамдардың бәрі қызығады,*<br>*Су құймасаң сәні бұзылады.*<br>*Бұл не? (гүл)*<br>***ІІІ. Ой дамыту.***<br>*Табиғат бұрышына саяхат.*<br>*-Гүлдерді бақылау*<br>***Дид ойын: «Гүлдерге күтім»***<br>*Шарты: Гүлдердің жапырағын сүрту, су, құю,*<br>***IV. Ой қозғау.***<br>*-Неліктен біз бөлмеге гүл егеміз?*<br>*-Гүлдер әдемі өсу үшін не керек?*<br>*-Қандай күтім жасауымыз керек?*<br>*-Шаңбасқан гүл қандай болады?*<br>*-Гүлдер неде өсіп тұр?*<br>*-Неліктен жасыл,өз* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | <br>*Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып, ішіне жай даладағы топырақ емес, құнарлы топырақ саламыз, жақсы өсу үшін. Содан соң, топырақ ортасына құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз (тамырын көрсету). Енді, осы гүлімізді табиғат бұрышына қояйық.*<br>*Балаларға сұрақ: Балалар, гүл отырғызып, тек осылай қоямыз ба екен?*<br>*Дұрыс,су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап демалам,*<br>*Қанатты бір қағып,*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Күту ережелері: Әр бала көрсету.***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>*Гүлдердің жапырақтарының шаңын сулы мақтамен сүртеді.*<br>*Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су шашатын ыдыспен бүркеп-шашып жуады.*<br>*Суды жапырақтарына* | *Биіктен жерге топ ете түсіп,*<br>*Мысықтың қалды жаңбасы ісіп.*<br>***Тауықтың тапсырмасы***<br>***в) «Сөз ойлап табу»*** *ойыны арқылы* ***май, мата, шам*** *сөздеріне дыбыстық, буындық талдау жасату*<br>***тышқанмен ойын ұйымдастырған.***<br>***«Сөйлем құра»***<br>*Талда алма өседі*<br>*Алмас алма жеді.*<br>***Дид ойын: «Сөз айт,тез айт».***<br>*Ойын шарты: кубикпен орындалады. Балалар бір-біріне кубикті лақтырып, «м» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.*<br>***Қортынды.***<br>*Сонымен, балалар, бүгін қандай дыбыспен таныстық?*<br>*- М дыбысы қандай дыбыс?*<br>*-Қандай сөздермен таныстық*<br><br>***Математика***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Тосын сәт***<br>*Есік қағылып топқа төрт түрлі шарлар ұшып келеді.*<br>*Осы кезде телефон шырылдайды.*<br>*Құрметті менің кішкентай білімді ізбасарларым, мен сендерге өзімнің түстер әлемінен шарлар ұшырып* | *- Балалар, мына ағашқа не болды?*<br>*- Бұл ағаш қай мезгілді бейнелейді?*<br>*- Тиін бізге жерге түскен жапырақтарды ретімен жина дейді.*<br>*- 1 – 5- ке дейін тура және кері санау.*<br><br><br><br><br><br>***Екінші аялдама:***<br>***Қасқырдың аялдамасы***<br>*Мақсаты: Балаларды топтай білуге және оларды санай білу дағдыларын қалыптастыру.*<br>***-*** *Қасқырдың туған күніне арнап достар оған кітаптар сатып әкелді. Сол кітаптарды оған топтастыруға көмектесейік. Қалың кітаптарды қызыл сөреге, ал жұқа кітаптарды сары сөреге қоямыз. Сызық арқылы қос.* | *Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)*<br>***Дид ойын: «Гүлдерді топта»***<br>*Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.*<br>***Қорытынды :***<br>*Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Егерде, көңіл-күйлері көтеріңкі болса, қызыл гүлді алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, көк гүлдерді таңдауды ұсынады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт***<br>*Есік қағылып топқа Дымбілмес сиқырлы сандықпен кіреді*<br>*Сәлеметсің бе, Дымбілмес!*<br>*Ал мынау қолыңдағы не?*<br>*Бізге сыйлық әкелдің бе?*<br>***Дымбілмес****: Жоқ, бұл ма бұл (мұңаяды) Мен тек кәмпит жегенді, ойнағанды ұнатамын. Сабақ оқығым келмейді. Мына сандықтың аузын ашайын десем ашылмайды.*<br>*Дымбілмес бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Бұл* | *қалпын сақтап тұр?*<br>*-Кімдер күтім жасайды?*<br>*-Гүлдердің бізге қандай пайдасы бар?*<br>***VI. Сылдырмақ үні.***<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:*** *Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер?*<br>*Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?*<br>*Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?*<br>*Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз?*<br>***Ой дамыту***<br>***Ертегі туралы түсінік беру.***<br>***Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі***<br>*Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап*<br>***Сергіту сәті***<br>*Біз гүлдерше өсеміз*<br>*Жапырағы жайқалған*<br>*Сабақтары салалы*<br>*Желге ырғалып шайқалған*<br>***Дид ойын:***<br>***«Гүлге не қажет?»***<br>*Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тигізбей топырағына құяды.*<br>***Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.***<br>*-Қонаққа кім келді?*<br>*-Айгүлді қандай бөлме гүлдерімен таныстырдық?*<br>*-Бөлме гүлдерін қалай күтеміз?*<br>*Жақсы жауап берген балаларға жұлдызша беру.*<br><br>***Дене шынықтыру.***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, аяқты бүкпей түзу жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап аяқты айқастыра жүгіру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың ішімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай жүру .*<br>*1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / қатарға тұрарда себеттен бір орамалдан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары /орамалмен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Өкпешіл»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, орамал бүйірде. Басты оң және сол жақтағы орамалға төмен түсіріп бұру. /6 рет /*<br>***Б. қ.: «Қозғалмалы ық»*** | *жібердім, ол шарлар жай шар емес сиқырлы шарлар, сол әр шардағы тапсырмаларды орындап маған түсіріп жіберіңдер. Бұл білім ханшайымы.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақ- жауап.*<br>*-Біздің топқа ұшып келген шар нешеу, санаймыз*<br>***1,2,3,4.***<br>*Түстері қандай?*<br>*Сары,ақ, жасыл, қызыл*<br>*Бұл түстер нені білдіреді?*<br>*Осы түстер бойынша топқа бөлінеміз.*<br>*Балалар, мына шар қай мезгілді бейнелейді? (сары шарды алу.)*<br>***Балалар:*** *Күз мезгілін бейнелейді..*<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар, күз туралы кім тақпақ айтады?*<br>*Тақпақ*<br>***Сары шарды жару.***<br>***1-топқа тапсырма :***<br>***Дид ойын: «Көңілді пойыз»***<br>***Мақсаты:*** *1 - ден 5 - ге дейінгі алған білімдерін бекіту.*<br>*Пойызға жолаушылар мінеді. Бірақ біздің бүгінгі жолаушыларымыз аңдар. Тапсырма, аңдарды ретімен өз вагондарына отырғызу керек. Паровозға артылған вагондар саны 5. Жолаушыларды тапсырманы дұрыс орындап, вагондарға отырғызайық.* | <br>*Қалың жұқа туралы түсінік беру.*<br><br><br>***Үшінші аялдама: «Бау-бақша» аялдамасы***<br>*- Қане, балалар, бақшаға барайық. Алдымызда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтеміз? Аяғымызды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек?*<br>*Көпір керек*<br>*Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір жасайық. Балалар, мына таяқшалардың қандай (жуан, жіңішке)?*<br>*(Балалардың жауаптары.) Енді осы түрлі-түсті таяқшалардан көпір жасайық.*<br>*(Балалар таяқшалардан көпір жасайды* | *сандықтың аузы кілтпен емес, біліммен ашылады. Бұл – білім сандығы. Ал мына сандықтың үстіндегі хатты көрдің бе?*<br>***Дымбілмес:*** *Иә, маған досымнан хат келді, жауабын шеше алмадым. Сендер маған көмектесесіңдер ме?*<br>*Балалар көмектесеміз ба?*<br>***Балалар:*** *Иә.*<br>*Олай болса, дымбілмеске көмектесейік!*<br>***1-Тапсырма***<br>*-Ал енді дымбілмес сен аюдың қалай жүретінін білесің бе?*<br>*-(Иә, қоянша секіреді)*<br>*-Балалар аю осылай жүре ме?*<br>*-Жоқ. Олай болса аюдың жүрісін салайықшы.*<br>***Суретпен жұмыс***<br>*-Балалар осы аюлардың көлемдері қандай?*<br>*(үлкен, орташа, кішкентай)*<br>*-Балалар осы аюларға бал салып жейтін ыдыстарын табуға көмектесейік.*<br>*(балалар тиістісін қояды)*<br>*Өте тамаша! Балалар сендер бұл ұғымды біледі екенсіңдер.*<br>***2-Тапсырма Дидактикалық ойын: «Ретін тап»***<br> | ***Дид ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!»***<br>***Шарты:*** *үлестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***1 бөлім.***<br>*Бір-біріне және текшелерге қол тигізбеуге тырысып, залда кездейсоқ орналастырылған текшелер арасында жүру және жүгіру. 2-3 рет қайталаңыз. Текшелер айналасында құрылыс.*<br>***2 бөлім. Кубпен жалпы дамыту жаттығулары.***<br>***1. Б.қ. – аяқ алшақ, оң қолында текше.*** *Қолды жоғары қарай көтеру, текшені сол қолға беру, қолды төмен түсіру. Қолдың бүйірлерінен жоғары көтеріп, текшені солдан оң қолға (4-5 рет) жіберу.*<br>***2. Б.қ. – аяқты алшақ*** *ұстау, оң қолында текше. Отыру, текшені еденге қою, орнынан тұру, қолды белдікке қою. Отыру, текшені алу, түзу, бастапқы күйге оралу (5-6 рет).*<br>***3. Б.қ. - тізерлеп отыру, оң қолына куб.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.** *Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа – алдыға, жоғары – төмен қозғау. /6 рет /*<br>***Б.қ.: «Ғажайып кемпірқосақ»***<br>**3.***Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде. орамалды оң - сол жаққа қисайту, /6р/*<br>***Б.қ.: «Керілу»***<br>**4.** *Аяқтарын алшақ қою, орамал жанға кеуде тұсында, 1- 3 орамалды жанға баяу соза отырып керілу. 4-б.қ. /6 /*<br>***Б. қ.: «Диірмен»***<br>**5.** *Аяқтарын алшақ қойып, денені тік ұстау. Орамал жанда. 1- орамалды жанға созу, 2- оң қолдағы орамалды сол аяқтың өкшесіне тигізу. 3- керісінше . 4- б.қ./6 рет ./*<br>***Б.қ.: ««Қарлығаш»***<br>**6.** *Тік тұрып, ормалды белге қояды.1 - аяқты артқа созады,*<br>*2 - жоғары көтереді, 3 – 1 қалыпқа оралады 4 - б.қ.(6-р)*<br>***Б.қ.: «Ұшты, ұшты»***<br>**6.** *Аяқтарын алшақ қою, орамал төменде. Орнында тұрып серіппе секілді секіру. әр секірген сайын «Ұшты, ұшты» деп айту. (6 рет )*<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/*<br>*Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* | <br>*Әр аңда сандар жазылған, сол сандарға қарап вагондарына орырғызайық. Әр балала тақтаға шығып аңдарды вагонға отрғызады.*<br>*1 - вагон 1 піл*<br>*2 - вагон 2 аю*<br>*3 - вагон 3 қоян*<br>*4 - вагон 4 панда*<br>*5 - вагон 5 арыстан*<br>*Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақатау.*<br>***2-топқа тапсырма: Кеңістік ұғымын түсіну***<br>***Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»***<br>*Ағаш, күн,, тас, гүлдер, жол, мектеп, үйлер) т. б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша балалар жапсырады.*<br>***3-топқа тапсырма: «Жылдам – баяу» сөздеріне түсінік беру.***<br>***Дид ойын: «Пальмаға кім бірінші жетеді?»***<br>*Шарты: Қоян мен тасбақаның жылдамдығын салыстыру.*<br>  | <br><br>***Математикалық жұмбақтар.***<br>*1.Қазда бар екі аяқ*<br>*Тауықта бар екі аяқ*<br>*Екеуін қосып санасақ*<br>*Болады сонда қанша аяқ ( 4)*<br>*2.Алма ағашында 5 алма өсіп тұрды. Жел соғып біреуі үзіліп түсті.*<br>*Қанша алма қалды. ( 4)*<br>*3.Ержан дүкеннен 3 сағыз алды, жолда 1 — ін досына берді, Ермекте неше сағыз қалды?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***4-ші аялдама:*** *Дидактикалық ойын: «Кім жылдам, дұрыс құрастырады?»*<br><br><br><br>*Балалар тапсырманы орындайды.*<br>***Буратино:*** *Алақай, алақай менің кілтім табылды.* | <br>*Адасып қалған вагондарды ретімен орналастыру. (1ден- 5 ке дейін)*<br>*Вагондардың артындағы логикалық сұрақтарға жауап беру.*<br>*Карточкамен жұмыс.*<br>*Заттар мен сандарды сәйкестендіру.*<br><br>***3-Тапсырма .****Пішіндерден аңдарға үйшік құрастыру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Оң қолымда 5 саусақ,*<br>*Сол қолымда 5 саусақ*<br>*5-ке 5- ті қосқанда*<br>*Болып шықты 10 саусақ*<br><br>***4-Тапсырма Математикалық жұмбақтар шешеміз.***<br>*1.Бір алма берді анасы*<br>*«Аз» деп тұр оны баласы*<br>*Екеуін тағы беріп еді*<br>*Нешеу болды ойланшы.*<br><br>*2.Далада жүр төрт түйе*<br>*Қосылды тағы бір түйе* | *Оңға (солға) бұрылып, текшені саусақтардың аяғына қою, түзу, бастапқы күйге оралу (әр бағытта 3 рет).*<br>**4. Б.қ. - *отыру, аяқтар алшақ, оң қолда куб.*** *Алға еңкею, оң (сол) аяғыңыздың саусағына текшені қойыңыз, түзіңіз, қолыңызды беліңізге қойыңыз. Алға еңкейіп, текшені алу, бастапқы күйіне оралу (5-8 рет).*<br>***5. Б.қ. - аяқтар сәл алшақ, қолдар кездейсоқ, текше еденде.*** *Қысқа үзіліспен кезектесіп екі бағытта кубты екі бағытта айнала секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>***«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.***<br>*Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Тепе-теңдік - гимнастикалық орындықта жүру****, баланың екі адымында орнатылған текшелерден өту (2-3 рет).*<br>***2. Екі аяқпен секіру****, қатарға орналастырылған текшелер арасында 0,5 м қашықтықта алға жылжу (2-3 рет).*<br>***3 бөлім.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>***1.****Алға жылжып бір бағытта секіру*<br>***2.*** *Жерге қойылған себетке дейін секіру*<br>***Қимылды ойын: «Қарлығаш»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдықққа үйрету.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Тақырыбы****:«Шырша» өлеңі Е.Өтетілеуұлы*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын: «Тапқыр болсаң, тауып көр»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Тікен, тікен тік пісте,*<br>*Қысы-жазы бір түсте.*<br>*Ол не?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Есентай Ерботин «Шырша» өлеңін оқып түсінік беру,өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып, бір шумағын жаттату.*<br>***Шырша***<br>*Жасыл шырша төрдегі,*<br>*Дейді: «Бәрің көр мені!»*<br>*Кеткен әсем құлпырып,*<br>*Ойыншықтар тұр тұнып.*<br>***Орталықтарға бөлу.***<br>***Әдебиет орталығы:***<br>*Сұрақтар ілмегі*<br>*Шырша туралы сұрақтар қоя* | *– Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін?*<br>*–Неге қоян бірінші жетеді деп ойлайсыңдар?*<br>***4-топқа тапсырма:***<br>***Диди ойын: «Тәулік бөліктері »***<br>*Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Жолдарыңа үңіліп,*<br>*Екі бақа жүгіріп,*<br>*Секіреді, бақ - бақ,*<br>*Ағаштарды аттап.*<br>*Олар ерте тұрады,*<br>*Беті - қолын жуады.*<br>*Оңға - солға шайқалып,*<br>*Бақылдайды ән салып.*<br>*Судан шіркей табады,*<br>*Өсіп үлкен болады.*<br>***2 шар.***<br>***Тәрбиеші:****Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді?*<br>*Қыс мезгілін бейнелейді.*<br>*Қане, қыс туралы кім тақпақ айтады?*<br>***Ақ шарды жару.***<br>*Шарды жару,тапсырмасын орындау.*<br>***Миға шабул:***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Шарты: Амалдарды***<br>***1топқа тапсырма:***<br> <br>***2-топқа тапсырма*** | <br><br>*Балалар, қараңдаршы, біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер.*<br><br><br>*«Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік.*<br>***Буратино:*** *Балалар, сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтімді табуға, көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер.*<br>*Буратино балалармен қоштасып кетеді.* | *Жалпы саны түйенің*<br>*Болды, неше есепте?*<br><br>*3.Айманда болды 5 алмұрт*<br>*Әселге берді 2 алмұрт*<br>*Айманның қалды қолында*<br>*Неше алмұрт тез ойла*<br><br>*4.Далада тұр екі ешкі*<br>*Қорада тұр екі ешкі*<br>*Болды барлығы неше ешкі.*<br><br>***Дымбілмес:*** *Ой, балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ақылды, білімді екенсіңдер.Мен сендердің көмектеріңнің арқасында көп нәрсені үйрендім.*<br>*-Балалар, қараңдаршы, тапсырманы дұрыс орындағандықтан сиқырлы сандықтың аузы ашылды. Ішінен сиқырлы сандар шығады.*<br>***Дымбілмес:*** *Алақай, жарайсыңдар. Сендер менің сиқырлы сандығымның кілтін таптыңдар, сендер көп біледі екенсіңдер.*<br>*Қанеки, ішінде не бар екен, ашып көрейік.*<br>*1ден -10 дейін сандарды тура және кері санау.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?*<br>*-Дымбілмес неге келді?*<br>*-Көмек сұрап келді.*<br>*-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап* | ***«Құрсауды ұста».***<br>*Балалар бастапқы сызықта екі жолға тұрады, әрқайсысы бір шеңберден тұрады. Педагогтің белгісі бойынша бірінші деңгейдегі балалар құрсауды бір қолмен итеріп, сайттың екінші жағына өтіп, құрсауды қолдарына алып, екінші қатарға шығады. Тапсырманы келесі топша орындайды. Педагог құрсаудан түспеген және мәреге тез жеткен балаларды белгілейді.*<br>***Қорытынды:*** *-*<br>*Ұйымдастырылған іс-әрекетінің нәтижесін талдау:*<br>*-Қандай жаттығулар жасадық?*<br>*-Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *отырып, жауап алу.*<br>***Дид ойын: «Шыршаны боя»***<br>*Шарты: Суретті бояу.*<br>***Үстел-үсті ойын орталығы:***<br>*Құрлымдалған ойын: «Шыршаны құрастыр»*<br>*Шарты: Геометриялық пішіндерді пайдаланып, шырша құрастыру*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар, бүгін біз қандай өлеңмен таныстық?*<br>*-Шыршаның түсі қандай екен?*<br>*Отшашу әдісі арқылы қорытындылау.* |  <br>***3-топқа тапсырма***<br> <br>***3-ші шарды жару***<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді? (жасыл шар) Көктем мезгілін бейнелейді. Қане, көктем туралы кім тақпақ айтады?*<br>***Жасыл шарды жару***<br>***Логикалық сұрақтар.***<br>*1.Қолда қанша саусақ бар?*<br>*2.Машинаның неше дөңгелегі бар?*<br>*3.Қоянның неше құлағы бар?*<br>*4.Сиырдың неше аяғы бар?*<br>*5.Бағдаршамның нше көзі бар?*<br>*6.Піл үлкен бе,тышқан үлкен бе?*<br>*7.Қоян жүйрік пе,тасбақа жүйрік пе?*<br>*8.Аспанда қанша жұлдыз бар?*<br>*9.Аспанда күн нешеу,ай нешеу?*<br>*10.Тау үлкен бе,тас үлкенбе?*<br>*11. Үш бұрыштың әр бұрышында отыру үшін* | *Міне, балалар, Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер.Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.*<br>***Қорытынды.***<br>*- Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>*- Сендер саяхатқа қайда бардыңдар?*<br>*- Біздер кімге көмектестік?*<br>*- Өте жақсы, балалар. Мадақтау.*<br><br>***Сауат ашу.***<br>***Тақырыбы:*** *Дауысты, дауыссыз дыбыстар*<br>***ІІ. Қызығушылықты ояту.***<br>*«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.*<br>***- Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал*** | *көмектестік.*<br>*Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Барлығыңызда жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшамен марапаттаймын.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *неше торғай қонады?*<br>*12. Қайсы пішін тез домалайды?*<br>***4-ші шар.***<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді? (қызыл шар) Жаз мезгілін бейнелейді. Қане, жаз туралы кім тақпақ айтады?*<br>***Қызыл шарды жару. тапсырмасын орындау.***<br>***Шығармашылық саласымен жұмыс.***<br>*Трафарет әдісімен дәстүрден тыс сурет салу*<br>***Дид ойын: «Түссіз сандар»***<br>*Балалар біз мына жерде сандарды дұрыс ажырата алмай тұрмыз, сондықтан бұл сандарды бояу арқылы қандай сандар екенін білуге болады.*<br>*Әр топ өз түсіне сай сандарды боясын, қандай сандар шығатынын көреміз.*<br>***1-топ.*** *1 санын трафареттің үстінен сары түспен бояу*<br>***2-топ.*** *2 санын көк қағазға ақ түспен бояу*<br>***3-топ****. 3 санын ақ қағазға жасыл түспен бояу.*<br>***4-топ.*** *4 санын қызыл түспен бояу*<br>*Қатармен санау.*<br>*Жасаған жұмыстарды түсіріп Білім ханшайымына жіберу.*<br>***Қортынды:*** | ***дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.***<br>***Дид ойын: «Көңілді тіл» Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі.***<br>***«Жел соғады» (тілдің бұлшық етін белсендіру) «Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады.***<br>*«Әртістер» ойыны (а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту)*<br>*Дауысты дыбыстар көңілді айтылады.*<br>***«Не қандай дыбыс шығарады?»*** *ойыны (дауыссыз дыбыстарды айту). Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды.*<br>*Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді.*<br>*«Жетпей тұрған суретті сал » боя*<br>*«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау*<br>***Қорытынды.***<br>***Балаларға жақсы жұмыстары үшін алғыс білдіреді.*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Сұрақ – жауап***<br>*Бізге Білім ханшайымы неше шар жіберді?*<br>*Түстері қандай ?*<br>*Қандай сандарды боядық?*<br>*Сізер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар*<br>*Жарайсыңдар балалар*<br><br>***Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *Гүлдер*<br>***Миға шабуыл.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ:***<br>*-Тегіс тасқа да,*<br>*Жұмсақ жерге де*<br>*Терең жайып тамырын*<br>*Жайқалып ол өседі.*<br>***Тосын сәт***<br>*Есік қағып, бағбан кіріп келеді. Амандасу.*<br>***Бағбан:***<br>*-Сәлеметсіздер ме, балалар!*<br>*-Мен бағбанмын. Балалар, мен гүлдерді өсіремін, суарамын, қопсытамын, гүлге су себемін, сүлгімен шаңын сүртемін. Осының барлығын бір сөзбен айтқанда мен гүлдердің әдемі болып өсуін қадағалаймын.*<br>*-Балалар сендер бүгін маған арнап гүл суреттерін салып берсеңдер, мен қуанып қалар едім.*<br>*Балалар: Жарайды.*<br>***Тәрбиеші:***<br>*-Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?* | ***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *-Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық. Екі топқа бөлінеміз.*<br>*-Бағбан, бірінші топпен сурет салыңыз, мен екінші топпен бірге сурет саламын.*<br>***Сурет салу әдісі:***<br>*1.Ұнаған түсті таңдау.*<br>*2.Қағаздың ортасына қақпақпен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.*<br>*3.Алақанмен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.*<br>*4.Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу.*<br>*6.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін қалдыру. Сурет салуды аяқтау.****Сергіту сәті:***<br>*Гүл болып өсеміз*<br>*Гүл болып ашыламыз*<br>*Гүл болып жайқаламыз*<br>*Гүл болып жабыламыз*<br><br>***Бағбан:***<br>*Бағбанға гүлдерді сыйлыққа беру. -Балалар сендермен сурет салған өте қызық, бірақ маған үйге бару керек. Гүлдерге су құятын уақыт жетіп қалды. Сау болыңдар, балалар!*<br>***«Кім жылдам?»***<br>***Шарты:*** *Балалар екі топқа бөлініп,гүлдерді құрастырады.*<br>***«Көбелектер»*** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Шарты:*** *Балалар «көбелектер» ұшты дегенде,ұшады. «гүлге қонды» дегенде гүлге қонады.*<br>***Қортынды.***<br>*-Балалар, сендерге ұiә ұнады ма?*<br>*-Балалар бізге қонаққа кім келді?*<br>*Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.* | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека № 13***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Мысықты бақылау* | ***Картотека № 16***<br>*Аула сыпырушының жұмысын бақылау* | ***Картотека № 18***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың | ***Адасқан құмырсқа ертегісі. Қызығушылықтарын ояту.*** | ***Тақырыбы: «Қызыл телпек»*** | ***Тақырыбы: Қоянның үйі АҚТ. Ертегі кітап*** | ***Тақырыбы:*** *Түлкі мен ешкі* ***Қызығушылық-тарын*** | ***Тақырыбы:*** *Мақтаншақ қоян.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапта рқарау және тағы басқаәрекеттер) | *Жұмбақ жасыру. Кылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. (құмырсқа)*<br>*Ертегіні айтып беру*<br>.<br>*Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақтар:*<br>*-Ертегі қалай аталады?*<br>*-Құмырсқа нелермен дос болыпты?*<br>*-Құмырсқаның осы достары жайлы не ойлайсыңдар?*<br>*-Құмырсқаға нелер көмектесті?*<br>*-Кәрі құмырсқа не айтты?*<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады.*<br>*Ертегіні сахналау.*<br>*Қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***Кіріспе әңгіме.***<br>*-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?*<br>*Балалардың жауабы.*<br>*Бүгін біз «Қызыл телпек»ертегісімен танысамыз.*<br>*Ертегіні мнемокесте арқылы т үсіндіру.*<br><br>*Балалардың өздеріне әңгімелету.(өз түсінігі бойынша)*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*-Қызыл телпек жолда немен кездесті?*<br>*-Қызыл телпек пен қасқыр қайда барды?*<br>*-Ертегі кейіпкерлерін атап өтіңдер?*<br>*Ертегіні рольдерге бөліп,сахналату.*<br>***Дид.ойын: «Қай ертегі кейіпкері?»***<br><br>*Қорытынды жасау.* | *Сиқырлы кітап өте әдемі екен. Ашып қарайық.Сиқырлы кітап сендерден сұрайды; Мына ертегілердің атын білесіндер ме?*<br>*Ертегілердің суреттерін көрсету.*<br>***«Ойлан тап» ойыны***<br>*Ойынның шарты: Ертегі кейіпкерлерінің орны ауысып кетіпті.Балалар ертегі кейіпкерлерін өз орнына ретімен қойыңдар.*<br>*-Ертегіде неше кейіпкер бар?*<br>*Санап көрейік.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***«Қоянның үйі»** ертегісін оқып беру.*<br><br>*Ертегі желісі бойынша сұрақттар қою. — Түлкінің үйі неден жасалған?*<br>*-Ал қояндікі ше?*<br>*— Түлкін не істеді?*<br>*-Қоян қандай аңдардан көмек сұрады?*<br>***Сахналау.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Қорытынды.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* | ***ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Өзі бір қу,*<br>*Жүрген жері айғай-шу.*<br>*Тақтаға түлкі бейнеленген сурет ілу.*<br>***Миға шабул***<br>*-Түлкі қандай аң?*<br>*-Түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Ой дамыту***<br>***«Түлкі мен ешкі»** ертегісін түсіндіру*<br><br>*Мазмұны бойынша сұрақтар қою:*<br>*-Бұл ертегіде не туралы айтылған?*<br>*-Ертегіде түлкі қандай болып көрінеді?*<br>*-Ал, ешкі қандай?*<br>*-Құдық қандай екен?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Еркін ұста денеңді,*<br>*Тарсылдатпай еденді*<br>*Орнымыздан тұрып ап*<br>*Жүгірейік бір уақ.*<br>*Бір, екі, үш, бір, екі, үш.*<br>***Ой қозғау***<br>*Ертегіні сахналау.*<br>***Қорытындылау.** Сұрақтар қою.*<br>*Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?*<br>*Сонымен ертегіде қандай* | ***Ширату әдісі***<br>*1.Жұмбақ жасыру:*<br>*Қалқиып ұзын құлағы*<br>*Елеңдеп қорқып тұрады (қоян)*<br>*2.Қоян туралы жалпы түсінік беру.*<br>***«Мақтаншақ қоян».ертегісі***<br><br>*- Балалар қоян туралы не білесіңдер?- Қандай жануар?- Қоян қай ертегілерде кездеседі?*<br>*Ертегіні оқып беру.*<br>*Ертегіні слайд бойынша түсіндіру.*<br>***- Сергіту сәті.***<br>*Ертегі желісі бойын ша сұрақ-жауап.*<br>*Рольдерге бөліп, сахналату.*<br>***Дид.ойын: «Қай ертегі?»***<br>*Шарты:мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.*<br>*Қорытындылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *кейпкерлер бар екен?*<br>*Ертегі сендерге ұнады ма?* | |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***Дид ойын: «Кім тез жинайды»***<br>*Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.* | ***Дид ойын: «Пішінді құрастыр»***<br>***Ойын шарты**: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.* | ***Дид ойын: «Артығын тап»***<br>***Ойын шарты**: Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек.* | ***Дид ойын:«Сыңарын тап»***<br>***Ойын шарты:** Геометриялық пішіндерді алып, қақ орталарынан кесу.Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет.Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.* | ***«Сиқырлы сандық»***<br>***Ойын шарты:***<br>*Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 13***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Мысықты бақылау* | ***Картотека № 16***<br>*Аула сыпырушының жұмысын бақылау* | ***Картотека № 18***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.12 – 09.12.2022ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | ***Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.***<br>***отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу*** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»***<br>*Бақыт деген, шырағым*<br>*Мынау әсем тұрағың.*<br>*Ну ормандар, гүл бағы,*<br>*Күннің күліп тұрғаны*<br>*БАҚЫТ- дәні даланың.*<br>*«Ботам» деуіәжеңнің,*<br>*Тыныштығыәлемнің.* | ***Дид ойын: «Әдептілік әліппесі».***<br>*Мақсаты: Сурет көре отырып,*<br>*Өз-өзін тәрбиелеуге үйренеді.* | ***«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов***<br>*Атамнан басталар*<br>*Әжеммен қосталар*<br>*Отбасым мынылар:*<br>*Ең жақын адамдар*<br>*Әкем мен анам бар*<br>*Бір туған ағам бар*<br>*Бір туған апам бар...*<br>*Бәрін жақсы көремін*<br>*Еркелеймін еремін!* | ***Үстел -үсті ойыны пазл: «Өз үйіне орналастыр»***<br>***Мақсаты:логикалық ойлау қабілетін дамыту.*** | ***Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!* |
| Таңертенгі жаттығу | ***Желтоқсан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық | *Таза бала мұнтаздай,*<br>*Сүйсінеді қараған.*<br>*Ұқыпты деп дұл қандай*<br>*Жақсы көрер бар адам.*<br>*Ұқыпты осындай*<br>*Болайықшы досым-ай.* | *Армысың, асыл Күн!*<br>*Армысың, көк аспан!*<br>*Армысың, жан досым!*<br>*Жылуыма жылу қос!*<br>*Міне менің қолым!* | *Табиғат егіз адаммен*<br>*Ұқсастық табам содан мен*<br>*Мәңгілік болсын егіздер*<br>*Жер- ана, көл теңіздер.* | *Қуан ,шаттан балақай*<br>*Жарқырайды аспанда*<br>*Күн алақай.*<br>*Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп, тілейік бақыт, баршаңызға осындай.* | *Қол алысып, кәне, біз,*<br>*Достасайық бәріміз.*<br>*Айтарым бар сендерге,*<br>*Тез тұрыңдар шеңберге.*<br>*Қандай жақсы бір тұру,*<br>*Достарменен бір жүру.* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Ой дамыту.***<br>***Мнемотехника арқылы қыс мезгілін айту.***<br><br><br>***2.Суретпен жұмыс.***<br><br>*Қыс мезгілі.*<br>*Сұрақ жауап*<br>***2 Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?***<br>*Қар қайдан жауады?*<br>*Қардың түсі қандай?*<br>*Ал сендер қандай қысқы ойындарды білесіңдер? ойнайсыңдар?*<br>***-Біз қалай киінеміз?*** | ***Денешынықтыру***<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Шаршылармен жаттығу жасау*<br>*1. Б.қ.: шаршы екі қолда, алға, жоғары, төмен.*<br>*2. Б.қ.: Шаршв кеудеде, алға созу, кеудеге.*<br>*3. Б.қ.: қол белде оңға, солға бұрылу.*<br>*4. Б.қ.: отыру, қолды созу, жүру.*<br>*5. Отыру, шаршыны аяққа тигізу.*<br>*6. Шаршыларды қою, секіру.*<br>*Негізгі қимылдар:* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Шанамен зырғып желетін,*<br>*Коньки, шаңғы тебетін,*<br>*Аққала жасап ойнайтын.*<br>*Қай мезгіл деп ойласыңдар балалар?(қыс)*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайд көрсету.*<br>*Қыс мезгілі*<br>*(сұрақ-жауап арқылы)*<br>*-Қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе?*<br>*-Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші.*<br>*-Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз?*<br>*-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?*<br>*-Қыс айларын атайықшы.*<br>***Ой дамыту.***<br>*-Желтоқсан- жылдың аяғы, қыстың басы ол суық ызғарлы.*<br>*-Қаңтар-жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай.Бұл айда қатты* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Ж ж дыбысы және әрпі***<br>***І. Психологиялық дайындық***<br>*«Қайырлы күн» деп айтамыз,*<br>*Түсте бірге қайтамыз.*<br>*Отбасының гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>***ІІ. Өткен ұоқ пысықтау.***<br>***Сұрақ -жауап***<br>***ІІІ. Қызығушылықты ояту***<br>*үнтаспадан араның дыбысталуын тыңдату.*<br>*Ненің дыбысын естідіңдер?*<br>*Ал , балалар, ара сияқты дыбыстайықшы . – Ж Ж Ж*<br>*Олай болса, бүгінгі танысатын жаңа дыбысымыз Ж ж дыбысы мен әрпі.Ж дыбысын бәріміз хормен айтайық.*<br>*Созып айтуға келе ме? (жоқ)*<br>*Ендеше бұл қандай дыбыс? (дауыссыз)* | ***Көркем әдебиет***<br>***Ой қозғау.***<br>***Педагог жетекшілігімен ойын: «Шатастырма»***<br>*1.Көктемде қар жауады.*<br>*2. Қазір жаз мезгілі?*<br>*3.Көктемде қар ериді?*<br>*4Қыста жапырақтар сарғаяды?*<br>*5.Жаз ең суық жыл мезгілі?*<br>*7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?*<br>***3. Ой дамыту:***<br>*Глобусты үстел үстіне қойып, не екенін сұрау.*<br>*-Глобустың пішіні қандай?*<br>*-Глобустан қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Ол түстер нені белгілейді?*<br>*-Біздің жерімізде құрғақ жер көп пе, су көп пе?*<br>*Жер ғаламшары туралы түсінік беру.*<br>*Жер бетіндегі ауа, су, жарық болғандықтан, онда адамдар, құстар, жануарлар тіршілік етеді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *–Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?*<br>*–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары»***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>*Дыбыс шығып есіктен тауық кіреді. Балалар бізге не келді?*<br>*Тауық сендерден көмек сұрап келіпті*<br>*Ол өзінің балапанын жоғалтып алыпты.*<br>*Көмектесеміз бе*<br>*Тауық балапанын іздеп шаршап қалыпты*<br>*- Балалар тауық не жегенді жақсы кореді?*<br>*Олай болса тауыққа жем берейік. Мында тары мен бұршақараласыпкетіпі.*<br>*Тауыққа тарыны тауып берейік.*<br>*Саусақ моторикасына арналған*<br>***Дид ойын: «Тары жинаймыз»***<br>*(қалташада тігілген бұршақ пен тарыны айыру)*<br>*Саяхатты хабарлау.*<br>*Тауықтың балапанын іздеуге жолға шығамыз. мына жерде өзен ағып жатыр екен, қалай өтеміз? Балалар: Көпір саламыз.*<br>*Үлкен дөңгелек тастардан балалар үлкен дөңгелек* | ***«Допты қуып жет»***<br>***Ойын шарты:*** *Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Д дыбысы***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Ерте-ерте-ертеде екі дос болыпты. Біреуі - дыбыс, екіншісі - әріп. Ешкім оларды айыра алмапты, қайсысы дыбыс, қайсысы әріп екенін.*<br>*Ал сендер білесіндер ме?*<br>***Миға шабуыл.***<br>*Кәне оны кім айтады?*<br>*Дыбыс дегеніміз не?*<br>*Әріп дегеніміз не?Жақсы, балалар. Енді дыбыстар екі түрлі болады екен. Қандай? (дауысты, дауыссыз).*<br>*Дауысты дыбыс екенін қалай білуге болады?*<br>*Дауыссыз дыбыс екенін қалай білуге болады?*<br>*Балалар, біз қандай дыбыстарды өттік?*<br>***Дид ойын:«Сөз ойла , тез ойла»***<br>***Дид ойын «Үйін тап»***<br>*Тапсырма: суреттегі сөздерді буынға бөліп, өз* | *Арпаменен бидай шаш*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сурет бойынша әңгіме.*<br>*- Қандай құсты көріп тұрмыз?*<br>*- Олардың дала құстары-нан айырмашылығы неде?*<br><br>***Мнемокестемен жұмыс.***<br>*-Құстарға сипаттама беру.*<br>***Дид ойын: «Қайсысы қалай дыбыстайды?»***<br>*Мысалы: тауық қыт-қыттайды,*<br>*әтеш айқайлайды (кукареку),*<br>*қаз қаңқылдайды т.б.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы: 10 саны және цифры.***<br>***«Жүрек жылуы»*** *арқылы бір-біріне жылы сөздер айтады Сен өте сулусың, саған зор денсаулық тілеймін , сен бүгін өте кереметсің*<br>***Кубизм әдісі*** *арқылы жыл мезгілін сұрау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Өлең оқу.***<br>*Аппақ,аппақ,жапалақтап,*<br>*Қар жауады тынбастан.*<br>*Қалың орман қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан.*<br>*-Балалар, өлеңде не* | *Домбыраны қолға алып*<br>*Әжем айтқан ертегіні*<br>*Күйшілерше шертейік.*<br>*Әсем әуен сазымен*<br>*Өнерді біз жалғайық.*<br>***V.Дид ойын: «Сөйлем құрастыр»***<br>*Шарты: Сурет арқылы берілген буындарды сызық арқылы қосу.*<br>***VI. Дыбыстық талдау.***<br>***Текшемен жұмыс***<br>***1-топ*** *Сара сөзін текшемен жазу*<br>***2-топ.*** *Сана сөзін текшемен жазу.*<br>***VII. Буындардан сөз құрау.***<br>*- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай.*<br>*Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.*<br>*Ұзақ - жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.*<br>*Буын туралы білімдерін тиянақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Рефлексия:*** *Не білдің? Не үйрендің? Балалар бүгін біздің іс-әрекетіміз қалай өткенін смайликтер арқылы көрсетіңдерші*<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: Тауық пен*** | ***«Қай құс жоқ?».***<br>*Шарты: Балалардың алдына үй құстарының суреттері қойылады.*<br>*Көздерін жұму арқылы қай құстың суреті жасырылғанын дұрыс табуы керек.*<br>***«Ненің дауысы?» Ойын шарты:*** *Балаларға үй құстарының дауыстары аудиотаспадан жіберіледі. Балалар қай құстың дауысы екенін табулары қажет.*<br>***«Неше?» интерактивті ойыны.*** *Экраннан бір үй құсының суреті көрсетіледі. Флипчарттың көбейту қызметі арқылы бала бірнеше құс жасайды және саны нешеу екенін айтады. Мысалы: мынау – балапан. Балапан бесеу немесе бес балапан.*<br>***Топпен жұмыс:***<br>***1-топ.*** *Жапсыру – үй құстарын қиып жапсыру.*<br>***2-топ.*** *Бейнелеу өнері – үй құстарын бояп шығу.*<br>***3-топ.*** *Мүсіндеу – үй құстарын ермек- саздан мүсіндеп шығару.*<br>***Тыйым сөздер:***<br>*- Балалар кім құстар туралы тыйым сөздер біледі?*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішінді жинастырып көпір құрастырады.<br>Судың түсі қандай?<br>**Балалар:** Судың түсі көгілдір<br>Судан қолды белге қойып өтеміз.<br>Мына судың жиегінде балапандар шалғынға құлап қалыпты қане оларға көмектесіп тауыққа берейік.<br>**ІІІ. Ой қозғау**<br>Үлкен форматтағы шалғынның суретіне қиылған балапандарды құрастырып, тауықты қасына қою.<br>**Т. Волгинаның «Балапандар» әні.**<br>**Ертіп сары балапандарын – Айдарлы әсем шықты тауық.**<br>**«Кетпеңдер ұзап, балапандарым»,**<br>**Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.**<br>Сұрақ-жауап<br>-Тауық балапандарына не деді?<br>Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен.<br>Тауықтың балаларға рақмет айтуы.<br>Саяхаттан қайту<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Қайда бардық, неге көмектестік<br><br>**Дене шынықтыру.**<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу. Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, | үйін табуға көмектесіңдер.<br>**Сергіту сәті .**<br>Жаңа тақырып.<br>Тақпақ оқу.<br>Добым, добым домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап,<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тарелкені сындырдың<br>Доп сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?<br>Сонда бүгін қандай жаңа дыбыспен танысамыз? (Д)<br>- Дыбыстың артикуляциясы<br>-Д дыбысы қалай айтылады?<br>(Тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске тиіп қашып отырады)<br>- Дыбыстың сипаттамасы<br>-«Д» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>-Неге олай ойлансыңдар?<br>-Оны қандай түсті текшемен белгілейміз?<br>**4) «Доп» сөзіне дыбыстық талдау жасау**<br>Неше буын?<br>1-ші дыбыс қандай? (д – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз)<br>2-ші дыбыс қандай? (о – дауысты, қызыл текшемен белгілейміз)<br>3-ші дыбыс қандай? (п – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз)<br>-Неше дауысты дыбыс? (1)<br>-Неше дауыссыз дыбыс? (2)<br>-Барлығы неше дыбыс? (3)<br>(бір бала тақтада, қалғандары орындарында)<br>**5) Сөйлем құрастыру** | туралы?<br>Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба?<br>**ІІ. Ой қозғау.**<br>**1-тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Кім тапқыр»**Шарты: Балалардың білім, білік дағдыларын меңгерту мақсатында моншақтағы сандар тізбегін толықтырып санау.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Ойлан топтас, бөліс»**<br>**Шарты:** Балалардың жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру.<br>Гүлдерді орналасу ретіне қарай сәйкес сандармен байланыстыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымды бес саусақ<br>Қосссақ егер екеуін<br>Болады екен он саусақ.<br>**3-тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойланып көр»**<br>Балаларды жылдам ойлау дағдысын қалыптастыру<br>- Берілген суреттерді салыстыра алады.<br>-Берілген суреттегі 10 айырмашылықты таба алады;<br>-Айырмашылықтарын тауып түсіндіріп бере алады. | **балапан.**<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, біз қандай құстарды білеміз?<br>- Құстар қандай болып бөлінеді?( Үй құстары және дала құстары болып екіге бөлінеді).<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (қаз, үйрек, тауық, қораз).<br>- Дала құстарына ше?(торғай, қарлығаш, қарға, тоқылдақ, көкек).<br>- Ал бұл құстардың айырмашылығы, балалар, үй құстары үйде бағылады, адамның көмегін қажет етеді. Дала құстары болса, өз бетінше өмір сүре алады, өз тамақтарын өздері аулап өмір сүреді.<br>- Балалар, үй құстары бір - бірімен қалай амандасатынын білесіңдер ме? құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір бірімен амандасып, адамдар сияқты қарым қатынаста болып, бірін - бір жақсы түсінеді және сезінеді екен.<br>**Енді балалар құстардың дене мүшесін атап өтейік. (денесі, басы, тұмсығы. қанаты, аяғы.)**<br>- Тұмсығымен шоқиды, қанатын қағып ұшады.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Топқа тауық келеді.<br>Тауық өте көңілсіз. | **Қоршаған орта**<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдап жатыр. Қане, қайтадан тыңдайықшы. Керемет мына жұмыртқаның үлкенін - ай, өзінің түсі аппақ екен, ал көлемі неге ұқсайды екен.<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, жұмыртқа жарылып жатыр екен. Бұдан не шығатынын білесіңдер ме?<br>**Балалар:** - Балапан шығады<br>**Тәрбиеші:** Балапан не істеп тұр?<br>**Балалар:** - Жылап тұр.<br>**Тәрбиеші:** - Балапан, сен неге жылап тұрсың? Біз саған көмектесеміз, айтшы балапан.<br>**Балапан:** - Мен анамнан адасып кеттім. Сіздер соны тауып бере аласыңдар ма, балалар?<br>**Тәрбиеші:** - Әрине, балапан. Біз саған көмектесеміз. Балалар, бәріміз балапанның мамасын шақырайықшы.<br>**Балалар:** Қыт-қыт-қыт! Қыт-қыт-қыт!<br>**Тауық:** - Балалар, не болды, менің жұмыртқаларымды таптыңдар ма? Сендерге көп рахмет.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық, біз балалар болып сіздің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді,қолды жанға созып, жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**(жалаушамен)**<br>**«Тербелу»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдарды жоғары көтеру.<br>**ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.<br>**б)** солға тербелу.<br>**«Бағыттаушы»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу.<br>**б)** екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу.<br>**в)** екі қолды жанға созу.<br>**г)** б.қ.келу.<br>**«Ұшамыз, қонамыз»**<br>митіуйфчв<br>Б.қ: тік тұру, қол төменде.<br>**а)** екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.<br>**ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу. **б)** б.қ. келу.<br>**Тыныс алу:** «Әдемі гүлдің иісі,<br>Гүл ашады қауызын»<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.<br>2.Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.<br>**Қимылды ойын:** | **Мен доппен ойнадым**<br>(бір бала тақтада, қалғандары орындарында)<br>Мынау «Д» - бас әрпі, «д» - кіші әрпі, ал мынау жазбаша түрлері.<br>Ереже: Бас әріппен – кісінің аты, фамилиясы, қалалардың аттары жазылады.<br>Мысалы: доп, домбыра, дала, дос.<br>**Дид ойын: «Кім шапшаң»**<br>Д дыбысы бар сөздерді айтындар<br>Д дыбысы сөздің қай жерінде тұр?<br>**Қортынды:**<br>Қандай дыбыспен таныстық?<br>Дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Қандай текшемен белгілейміз?<br>**Мадақтау**<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы: Көңілді тапқыштар.**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Санамақ айту.<br>**1.Аз- кем ұғымдары.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Аңдарды қоректендір»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>-Тиінге неше саңырауқұлақ бердің?<br>- Аюда неше құлпынай болды?<br>- Жанына сандарды қою арқылы санау. | Балаларды мадақтау.<br>**4-тапсырма.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Адасқан сандар»**<br>**Шарты:** Адасқан сандарды рет-ретімен орналастыру.<br>**0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.**<br>**9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0.**<br>**Тура, кері санау**<br>**5-тапсырма**<br>**Дид ойын «Көршілерін тап»**<br>Кіші көршім сол жақта,<br>Үлкен көршім оң жақта,<br>Тұрушы еді қасымда.<br>Қайда кеткен жан-жаққа?<br>10 санының көршісін табу.<br>8,9,6,7,5<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Балалар қандай тапсырмалар орындадық?<br>Көңілді смайлктер беру.<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Б дыбысы**<br>**Дид ойын: «Алма теру»**<br>Алма сыртындағы әріптерді атап себетке салу арқылы өткен сабақты қайталау.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Саяхатты хабарлау.**<br>Сиқырлы таяқшаның көмегімен білім аялдамасына саяхат<br>**1-аялдама**<br>**«Ұстап алу» аялдамасы**<br>Жұмбақты шешу арқылы | Ол өзінің шөжелерін жоғалтып алғанын айтып көмек сұрайды.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, тауыққа көмектесеміз бе<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Балапандар» биі.**<br>Тауықпен бірге балалар билейді<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Күн бата қонақтап қалғыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған. (Тауық)<br>Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап. (балапан)<br>- Ал енді, балалар, тауыққа шөжелерін табуға көмектесейік.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Тауықтың қасына балапандарды жапсыру.<br>Тапқан балапандарды тауықтың қасына қою.<br>**Тәжірибелік жұмыс.**<br>Ыдыста аралас болған тары мен бұршақты бір – бірінен ажыратып шөжелерге тарыны беру.<br>Рефлекциялық - түзетушілік<br>- Балалар сонымен біз бүгін қандай тақырыпта танысып, әңгімелестік? (Үй құстары)<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (Тауық, үйрек, қораз, қаз).<br>- Дала құстарына ше? | жұмыртқаңызды таптық. Оны ұстайын деп едік, ол жарылып жатыр екен. Біз оның жарылуын күттік. Міне балапаныңыз.<br>**Тауық: -** Рахмет, балалар! Менің балапанымның қарны аш еді, сендер балапаныма жем, тары тауып беріңдерші.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық бізде жем де, тары да бар. Бірақ менің тапсырмаларымды орындасаң ғана беремін.<br>**Тауық:** - Ендеше, балалар, сендер маған көмектесіңдерші.<br>**Балалар:** Жарайды, көмектесейік.<br>1 - тапсырма: Жұмбақ шешу.<br>Басында айдары бар,<br>Иегінде сақалы бар.<br>(Әтеш)<br>**2 – тапсырма: Жаңылтпаш.**<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**3 – тапсырма: Балапан туралы кім өлең біледі?**<br>**(«Әнші балапан»)**<br>**4 – тапсырма: Үй құстарын атап беріңдер?**<br>(қаз, тауық, әтеш, үйрек)<br>**5 – тапсырма: Әтеш туралы кім жаңылтпаш біледі?**<br>Әтеш әнге басады, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Допты қуып жет»<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>- Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?<br>- Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттаймыз.<br>көзімізді жұмып 1,2,3 деп санаймыз.Сиқырлы әуен ойналады.<br>- Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы.<br>- Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін.<br>- Тук-тук, кім бар екен?<br>- Мен бармын.<br>- Сіз кімсіз?<br>- Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін.<br>- Ооо, жақсы болды ғой. Біз "Үй құстарына" байланысты | **2.Геометриялық пішін-дермен жұмыс.**<br>**-Дид ойын:«Кім жылдам?»**<br>Таяқшалардан геомет-риялық пішіндер құрас-тыра білу. Сипаттап айту.<br>**3.Кеңістікті бағдарлау.**<br>**Дид ойын: «Орнын тауып бер»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>Аңдарды орналастыру.<br>**4. Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.Әр мезгілге өз түсін қоя білу.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Біз кішкентай баламыз,**<br>**Өсіп, өніп толамыз.**<br>**Күнге қарай талпынып,**<br>**Көкке қолды созамыз.**<br>**Қанат қағып ұшамыз,**<br>**Қарлығаштай самғаймыз,**<br>**Бір отырып, бір тұрып,**<br>**Жаттығулар жасаймыз**<br>**5. Салыстыру.**<br>Қарапайым салыстыру терминдерін мысал сөздер арқылы қалыптастыру, сөздік қорын дамыту.<br>Апай Айшадан ұзын, Айша апайдан қысқа. т.б.<br>**Дид ойын:«Өз үйіңді тап»**<br>Ойынның құрал жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>**Ойынның мазмұны:**<br>Балаларға түрлі-тісті | жаңа тақырыпты ашу. «Б б дыбысы мен әрпі»<br>**Бота,бақа , балық**<br>**2-аялдама**<br>**«Миға шабуыл» аялдамасында:**<br>Әріп таңбасымен таныстыру және суреттермен жұмыс,<br>**3 - аялдама**<br>**«Шығармашылық» аялдамасы:**<br>Б әрпінене басталатын сөздер.<br>**Дид ойын:**<br>**«Мен бастаймын сен аяқта»**<br>**4- аялдама**<br>**«Орнын тап»** аялдамасы:<br>Б әрпінің орнын табады.<br>Мыс: Бақша, табақ, бақбақ, барабан.<br>Сөздерді буынға бөледі. Б дыбысының дауыссыз дыбыс екенін еске түсіреді.<br>**Сергіту сәті:**<br>**5-аялдама**<br>**«Кім зерек»** аялдамасы:<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Бақа, балық, бота<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Шашылған әріптер» Шарты:**<br>Шашылған әріптерді өз үйіне орналастырады.<br>Дауысты және дауыссыз.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | (қарға, сауысқан, тоқылдақ, көкек, тоғай).<br>- Біз неге көмектестік?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Уақытты бағдарлау.(апта күндері, ай аттары)<br>**II.Ғажайып сәт.**<br>Білім ханшайымынан хат келеді.<br>Хат мазмұнын оқып беру.<br>-Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма?<br>**III.Ой қозғау.**<br>**1 - тапсырма.**<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру<br>**«Бұл қай кезде болады»**<br>Ұйқымыздан тұрамыз<br>Беті-қолды жуамыз<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз<br>Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)**<br>Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын<br>Тамағымды ішіп<br>Түсте ұйықтап жатамын.<br>**(Күндіз)**<br>Біз тәртіпті баламыз<br>Сабақты да оқимыз<br>Серуенге шығамыз,қыдырамыз<br>Бұл қай кез? **(Түс)**<br>Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуыпТөсекті жинап | Әтеш ұйқы ашады.<br>**Тауық:** - Балалар, сендер маған көп көмектестіңдер. Рахмет, енді мен сендермен қоштасайын. (Тауық балапанын алып кетіп қалады)<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды сергітейік.<br>Тауық тары жинапты,<br>Оны ешкімге қимапты.<br>Бөтекесін толтырып,<br>Қамбасына құймапты.<br>Қыста тауық қақылдап,<br>Тары іздеп жүр тақылдап.<br>**Дидактикалық ойын: «Топтастыр»**<br>**Шарты:** Балаларға үй құстарымен олардың балапандарының суретін үлестіріп беру. Балалар анасын балапанымен жұптастырады.<br>**Тәрбиеші:** -Балалар, сонымен сендер қандай үй құстарын білесіңдер?<br>**Балалар:** - Қаз, тауық, үйрек.<br>**Тәрбиеші:** - Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>**Балалар:** - Үйде мекендегендіктен үй құстары дейміз.<br>**Тәрбиеші:** - Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>**Балалар:** - Үй құстарының еті, сорпасы, жұмыртқасы адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ертегі тыңдағымыз келеді.<br>- Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>("Екі әтеш" ертегісін айтып береді)<br>- Балалар ертекші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма?<br>- Сіздің ертегіңіз бізге қатты ұнады. Енді біз өз елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекші әжей. Сауболыңыз!<br>- Сауболыңдар балалар!<br>- Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек.<br>(Сиқырлы әуен ойналады)<br>- Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік.<br>**Ой қозғау.**<br>- Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік?<br>- Ол жақта кім бар екен?<br>- Иә. Ертекші әжей бізге қандай ертегі айтып берді?<br>- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.<br>- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады.<br>**Түсініктеме бөлімі**<br>- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы.<br>- Ал мынау-үйрек. Үйректің | дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлердің ішіне тұра қалады.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>Құстарды мүсіндеу<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Ертегі оқу.«Аққу мен үйрек»** Ертеде бір үйрек көлге барыпты. Барса су бетін-де бір бейтаныс құс жүзіп жүріпті. Бұрын көрмеген құстың ұзын мойнына қарап, үйрек қатты таңырқайды. Сосын оған жақындап барып:- Сәлем , достым! –дейді.<br>- Сәлем! –дейді бейтаныс құс.<br>-Сен қандай құссың дейді?<br>-Мен аққумын.<br>-Сен де суда жүзеаласың ба?<br>-Иә, жүзем.<br>Қорегімдісуданайырам.<br>-Сеніңмойныңжіп-жіңішкеекен.Денеңемүлдем жараспайтұр.Мойынмынам енікіндей болу керекқой, жуандіңгектей,-дейдіүйрекмақтанып . Аққуболса ,үйректіңбұлқылығынажым ыпкүледіде,үндемейжүзебе реді. Біркездеүйрек:<br>-Аққуқарашы,мен суда | **Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша** | тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын<br>Бұл қай кез? **(Бесін)**<br>· Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз<br>Бұл қай кез? **(Кеш)**<br>Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды жинастырып<br>Беті-қолды жуып,тісімді тазартып<br>Ұйықтауға жатамын<br>Бұл қай кез? **(Түн)**<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ көрсету.**<br>**Балаларға уақыт туралы түсінік беру.**<br>**2 - тапсырма.** «Аптаданешекүн бар?»<br>1-7 дейін сандар<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең – оянамыз, жуынамыз,<br>Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз.<br>Күндіз – ойнаймыз секіреміз.<br>Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.<br>Түнде - ұйықтаймыз.<br>**3-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы суреттегі сұрақтарға жауап беру.<br>-Жылдың қай мезгілі?<br>-Тәуліктің қандай бөлігі?<br>-Бір қолымызда неше саусақ | ағзасына өте пайдалы.<br>**Тәрбиеші:** - Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар!<br>Балалар, аулада тауықтар мен әтештер жайылып жүр екен, олардың балапандары қайда екен? Қане, балапандарды жем жеуге шақырайық.<br>(Топтық жұмыс. Балапандарды жапсыру)<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Үй құстары**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:** Балапандары қалай аталатынын атау.<br>**Тауық баласы: шөже, қаз баласы: ақүрпек, үйрек баласы: шүрегей күркетауық балапаны.**<br>**Тосын сәт:**<br>**Топқа сиқырлы сандықтың келуі.**<br>сиқырлы сандықтан бір дыбыстар шығатын сияқты. Тыңдау<br>**Балалар:** Бұл үй құстарының дауысы.<br>Балалар, біз үй құстарын ұмытып кетіппіз. Үй құстарына көмектесуіміз керек. Сиқырлы сандықтың бізге берген тапсырмасы тақпақтар айтып, үй құстарын құтқаруымыз керек.<br>— Көмектесеміз бе, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.*<br>*- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары.*<br>*- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады.*<br>*- Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады.Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.*<br>*- Енді балалар осы үй құстарын көрдік, енді олардың сендер сияқты кішкентай балапандары болады, солармен танысайық.*<br>*- Тауық - балапан,*<br>*Қаз- мамыр,*<br>*Үйрек- шүрегей деп аталады.*<br>*- Балалар үй құстарының дыбысын салу арқылы тілімізге жаттығу жасайықшы.*<br>*- Тауық қалай дыбыстайды?*<br>*- Үйрек қалай дыбыстайды екен?*<br>*- Қаз қалай дыбыстайды?*<br>*- Әтеш қалай дыбыстайды?* | *қалайжүземін,-деп, масаттанажүзіп бара жатқанда,қамысарасынанбі раңшышығакеліп,мылтығын кезейді.Мұныкөрген аққу бар екпініменаңшығақарайұшаж өнеледі. Аққудың өзіне қарай ұшып келе жатқанын көрген аңшы не істерін білмей тұрғанда,аққу оның мылтығын қанатымен қағып,суға түсіріп жібереді. Аспанға көтерілген ол бір айналаып,қайта келіп көлге қонады. Амалы құрыған аңшы судан мылтығын алып, кетіп қалады.*<br>*-Әрқайсысымыз бұл құстарды өзімізше елестетіп, қазір сендермен бірге оны ермексаздан жасап көрейік .*<br>***Өзіндікжұмыс.***<br>***2.Кесте бойынша құстардың дене бөлшектерін көрсету.***<br>*1) денесі (үлкенсопақша)*<br>*2) мойны (цилиндр)*<br>*3) басы (кіші шар)*<br>*4) тұмсығы (конус)*<br>*5) қанаты (жайылғансопақша)*<br>*Бөлшектердомалақтауәдісі менжасалады. Дене бөлшектерінбір-бірінебекітіп,саусағымызбен жағыпжазамыз.*<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.* | | *бар?*<br>*-Аспанда қанша күн бар?*<br>*-Иттің неше көзі бар?*<br>*Аспандақаншажұлдыз бар?*<br>***4 - тапсырма. Санамақтар айту.***<br>*Бір - дегенім бесік,*<br>*Шықтық содан өсіп.*<br>*Екі – дегенім елім,*<br>*Далам, тауым, көгім.*<br>*Үш – дегенім үміт,*<br>*Үміт артар жігіт.*<br>*Төрт – дегенім төзім,*<br>*Төзе білем өзім.*<br>*Бес – дегенім бақыт,*<br>*Бағалайтын уақыт.*<br>***4.Қортындылау.***<br>*-Балалар кімнен хат келді? Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар.*<br>*Енді білім ханшайымына хат жазайық.*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *балалар?*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ:***<br>*Жақын түгіл маңайды,*<br>*Оятудан талмайды.*<br>*Төбелеске келгенде,*<br>*Алдына жан салмайды.*<br>***2-топ:***<br>*Шығып ауыл шетіне,*<br>*Жайылады бетімен.*<br>*Қызықтырар ол бізді*<br>*Жұмыртқамен, етімен.*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Жұмбақ шешу:***<br>***1.**Ақ сарайын талқандап,*<br>*Шықты біреу талтаңдап.*<br>***2.** Күн бата қонақтап қалқыған,*<br>*Таң ата жерден жем аңдыған.*<br>***3.** Басы тарақ, құйрығы орақ.*<br>***4.** Кеудесі қайқаңдап,*<br>*Жүреді байпаңдап.*<br>***5.** Айдалада ақ отау,*<br>*Аузы – мұрны жоқ отау.*<br>***Дид ойын: «Тауық пен балапандар»***<br>*Балалар көрші үйдің балапандары тауықтан адасып қалыпты, қане, балапандарды тауып анасының қасына апарып жапсырайық.*<br>*Біз бүгін сиқырлы сандықтан үй құстарын құтқардық. Сендерге рахмет айтып жатыр.*<br>***Дидактикалық ойын. Не қалай дыбыстайды?***<br>*Кім айтады үйде қандай* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***- Балалар, үй құстарына байланысты тақпақ білеміз бе?***<br>***Тауық туралы.***<br>*Ақ тауық-ау, ақ тауық,*<br>*Ақ тауық неткен қақсауық,*<br>*Аяп жүрсем тауықты.*<br>*Бір жұмыртқа тауыпты.*<br>*- Жарайсыңдар! Енді үйрек туралы тақпақ айтайықшы.*<br>*Үйрек айтты га-га-га,*<br>*Шыға алмаймын жағаға.*<br>*Су іздесең мұнда кел,*<br>*Самал жел бар мұнда да.*<br>*- Енді қаз  туралы тақпағымызды айтайық.*<br>*Қазым, қазым, қаңқылда,*<br>*Көлде жүзіп салқында,*<br>*Жем шашайын жейсің бе?*<br>*Кәмпит берші дейсің бе?*<br>*Жоқ, жоқ, жоқ*<br>*Кәмпит тәтті, болмайды ас.*<br>*Арпа менен бидай шаш.*<br>*- Өте тамаша! Балалар бағанадан бері ертегі тыңдап, үй құстарымен және олардың балапандарымен таныстық,үй құстарына байланысты тақпақ айтып шаршаған боларсыңдар. Қәне, бәріміз ұйықтап демалып алсақ қалай қарайсыңдар?*<br>*( Балалар ұйқыға кеткенде, топқа "Ку-ка-ри-кукук" - деп әтеш кіреді.)*<br>*- Сәлеметсіңдер ме, балалар!*<br>*- Балалар мені танıдыңдар ма?*<br>*- Жарайсыңдар! Мен сендерге бүгін қонаққа келдім.  Әдемі болып кетіпсіңдер!* | *1-топ. Аққуды мүсіндеу*<br><br>*2-топ Үйректі мүсіндеу*<br><br>*«Қауіпсіздік ережелерін» ермексаз-бен, пышақшамен жұмыс істегенде еске түсірейік.*<br>***Ү. Жұмыстарды талдау, көрме ұйымдастыру.***<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>***Шарты:*** *Балалар  өздерінің жұмыстарын бір-бірімен саралап баға береді. Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.*<br>***Қорытындылау.***<br>***-*** *Сендерге ертегі ұнады ма?*<br>*-Құстардың қандай пайдасын білесіңдер?*<br>*-Бүгінгісабақта не үйрендік, не білдік?* | | | *құстар тіршілік етеді?*<br>*Мынау тауық ол көлемі жағынан кішілеу, үсті толы қауырсын, бас бөлігінде екі көзі, тұмсығы, айдары бар, кеуде бөлігінде екі қанаты бар, бірақ көп биікке ұша алмайды, мынау екі аяғы, ол қыт - қыт деп дауыстайды.*<br>*Мынау әтеш, оның құрлысы да тауықпен бірдей болып келеді, ол ку - ка - ре - ку деп дауыстайды.*<br>*Мынау үйрек ол кря - кря деп дауыстайды.*<br>*Мынау қаз ол өте маңғаз, жай жүреді кря - кря деп дауыстайды. Мынау балапан ол өте мамық әрі жұмсақ болады, түсі сап - сары болады.*<br>***Ойын: «Балапандар мен машина»***<br>***Шарты:*** *Тәрбиеші тауық болады, ал балалар балапан болады. Балапандар жайылып жүреді де, алдарынан машина шыға келгенде, балапандар тауықтың қанатының астына келіп тығылады*<br>***Қорытынды.***<br>*Шеңберге жиналып Р.Өтегеновтың “Құстар” өлеңін хормен айтады.*<br>*Қоныңдар, құстар қоныңдар,*<br>*Бәріңе төрден орын бар,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *- Балалар сендердің түрлеріңе қарасам қатты шаршаған сияқтысыңдар. Қәне бәріміз орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын жасап алайық.*<br>*- Мен қазір жем іздеймін, көп жем тапсам сендерді дауыстап шақырамын. Сол кезде барлығың келіп, жемді теріп алыңдар.*<br>***Дид ойын: «Дән жинаймыз»***<br>*- Жарайсыңдар! Сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Олай болса мен сендерге ойын әкелген болатынмын.*<br>***Ойынымның шарты:***<br>*Мына тақтаға қараңдаршы, бұлар бағана "Екі әтеш" ертегісіндегі әтештер ғой. Екеуі жұлысып үстіндегі мамықтары түсіп қалыпты. Соны екі топқа бөлініп мамықтарын жабыстырайық.*<br>***Дид ойын: «Әтешті әсемдейміз»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*- Жарайсыңдар, өте тамаша, біреуі шұбар, біреуі ақ әтеш болды. Үстіндегі мамықтарын сипап көріңдерші. Менің мамықтарым сияқты жұмсақ, үлпілдек болды. Енді екі әтеш тату болатын болды.*<br>*- Әтеш біздің де саған арналған тақпағымыз бар.*<br>***Қәне балалар бәріміз орнымыздан тұрып, "Әдемі әтеш" деген тақпағымызды*** | | | | *Қанатты барлық достарға,*<br>*Балалар қамқор болыңдар!*<br>*Балалар әуенге сай қимыл жасап жүріп, билейді.*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары /жалаушамен, әуенмен***<br>***Б.қ.: «Желбірейді жалау»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Әткеншек»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/*<br>***Б.қ.: «Кім жылдам»***<br>***3.*** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.*<br>***Б. қ.: «Жұлдызша»***<br>***4.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***айтып берейікші:***<br>***Әдемі әтеш,***<br>*Таң атпай тұрыпты,*<br>*Ойқастап жүріпті,*<br>*Жан-жаққа қарапты,*<br>*Айдарын тарапты.*<br>*Рақмет сендерге балалар!*<br>*Сауболыңдар!* | | | | *созу*<br>***Б.қ.: «Көңілді жалауша»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:****«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.*<br>***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.***<br>*- Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде ).*<br>*-Допты екі қолмен төменнен лақтыру.*<br>***Қимылды ойын****:*<br>***Қояндар мен қасқыр***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.*** |
| *Серуенге* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *дайындық* | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №3***<br>*Күзгі орманды бақылау* | ***Картотека №4***<br>*Құстарды тамақтандыру* | ***Картотека №6***<br>*Бұлттарды қарау* | ***Картотека № 7***<br>*Құстарды қарау* | ***Картотека №11***<br>*Аяқжолмен танысу - тротуа* |
| | ***Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***№1. Ояну***<br>*Қандай ғажап керемет,*<br>*Әсем есік ашылды.*<br>*Түрлі - түсті бояулар,*<br>*Аспанда жайылып шашылды*<br>*Ұйқымшайдайашылды* | ***№2.Ояну***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№3 1. Ояну***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылыпбіралайық.* | ***№4. Ояну***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттаныпойнайық.* | ***№5. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***«Санау әні »***<br>*Сандарды жаттаймын алақай,*<br>*Санаудың да келді кезегі.*<br>*1,2,3, балақай*<br>*Қайталаймыз асықпай.*<br>*1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.*<br>*1-10 дейін мен*<br>*Санауды білемін*<br>*Енді керісінше әндетем,*<br>*Балалар, қосылыңдар.*<br>*10,9,8,7,6,5,4,3,2,1*<br>*1,2,3,4,5 тамаша*<br>*6,7,8,9,10-ла-ла-ла.*<br>*Мен ақылдымын бәрінен*<br>*Сен де санауды үйрен.* | ***Дид ойын: «Жетіспей тұрған санды орнына қой»***<br>***Шарты:*** *Берілген мысалдарды орындау.*<br> | Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.<br><br>***Дид ойын: «Тізбекті жалға»***<br> | ***«Тапқыр болсаң, тауып көр»***<br>*Шарты: Математикадан жұмбақ есептер шешу.*<br>***1-Топқа тапсырма***<br>*Бір алма берді анасы*<br>*«Аз» деп тұр оны баласы*<br>*Екеуін берді тағы да*<br>*Нешеу болды алмасы?*<br>***2- топқа тапсырма***<br>*Далада жүр төрт түйе*<br>*Қосылды тағы бір түйе*<br>*Жалпы саны түйенің*<br>*Болды, неше есепте?*<br>***3 – топқа тапсырма***<br>*Айманда болды 5 алмұрт*<br>*Әселге берді 2 алмұрт*<br>*Айманның қалды қолында* | ***Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »***<br>*Шарты: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай сөздеріне сөйлем құрау.*<br>***Дид ойын:«Буындардан сөз құрау»***<br>*1. Ұш 2. Тар. 3 Ал. 4. Са - Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Есептеші неше алмұрт* | |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***«Сүңгуір қайық» №1. «Жүзімнен жасалған сүңгуір қайық»***<br>*Бір стақан таза газдалған су немесе лимонад алыңыз да, оған жүзім салыңыз. Ол судан сәл ауыр және түбіне батып кетеді. Бірақ кішкентай шарларға ұқсас газ көпіршіктері бірден оған жабыса бастайды.*<br>*Олардың көп болатыны сонша, жүзім пайда болады. Бірақ бетінде көпіршіктер жарылып, газ сыртқа шығады. Ауыр жүзім қайтадан түбіне батады. Мұнда ол қайтадан газ көпіршіктерімен жабылып, қайтадан көтеріледі. Бұл су «дем шығарғанша» бірнеше рет жалғасады. Бұл принцип бойынша нағыз қайық қалықтап, көтеріледі.* | ***Сумен ойнағың келе ме?***<br>*Тәрбиеші: Олай болса біз сендермен зертханаға барамыз, ал біз нағыз зерттеуші боламыз (балалар сиқырлы портал арқылы зертханаға барады, алжапқыш киеді).*<br>*Тәрбиеші: Балалар, сумен тәртіп ережелерін еске түсіріңдерші. (алжапқышты, жеңді көтереміз, бір-бірімізді итермейміз, су шашпаймыз, нұсқауларды мұқият тыңдаңыз).*<br>***№1 тәжірибе: «Су – сұйық»***<br>*Балаларға екі кесе беріңіз: біреуінде су, екіншісінде бос. Бір стақаннан екіншісіне суды мұқият құюды ұсыныңыз.*<br>*Педагог: Суға не болады?*<br>*Балалар: Құйылып жатыр.*<br>*Тәрбиеші: Ол неге құйып жатыр? Су сұйық болғандықтан ағады. Сонымен су дегеніміз не? (сұйық)*<br><br>***№2 тәжірибе: «Судың дәмі жоқ».***<br>*Педагог балаларды сабан алып, суды сынап көруге шақырады.* | ***«Тамшылар мен бұлт» (балалар тамшы қалпақ киеді).***<br>*Тамшылар жерге ұшты (секіру). Олар жалғыз секіре отырып, жалықтырды. Екеуі жиналып, шағын ағынмен ағып кетті (қол ұстасып). кездесіп, үлкен өзенге айналды (бір тізбекке қосылған). Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, саяхат. - өзен ағып, үлкен мұхитқа айналды. (олар дөңгелек биге қайта салынып, шеңбер бойымен қозғалады). Олар жүзді, мұхитта жүзді, содан кейін олар анасы Бұлттың үйге оралуын бұйырғанын есіне алды. Дәл осы кезде күн шықты. Тамшылар жеңіл болып, жоғары қарай созылды (олар еңкейіп, баяу тұрады, қолдарын жоғары көтереді). Олар күн сәулесінің астында буланып, анасы - Бұлтқа оралды..* | ***«Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев***<br>*– Үйде ата-аналарыңа көмектесетін болыңдар, – деді апай балаларға.*<br>*Апайдың бұл сөзін кішкентай Ұлтай есіне мықтап сақтап қалды.*<br>*Ол үйге келсе, әкесі жұмыстан келген екен.*<br>*– Әке, шай қайнатып берейін бе? – деді Ұлтай.*<br>*– Жоқ, шырағым! Әлі кішкентайсың ғой, – деді әкесі.*<br>*Әкесі шайқоюға шығып кетті.*<br>*Ұлтай үндемей үйде қала берді.*<br>*Бір кезде ол суланған шүберекті алды.*<br>*Шай ішетін үстелдің үстін сүртті. Кеселерді тазалай бастады. Әкесі үйге кіріп келіп, қызының жұмысын көрді.*<br>*– Көп жаса, қызым! Үлкен қыз болып қалыпсың ғой өзің,*<br>*– деп күлімсіреді.* | ***«Татуласу»***<br>*Әкел, досым қолыңды*<br>*Татуласқан орынды*<br>*Өкпелесіп не таптық*<br>*Көрсет, кәне соныңды*<br>*Баққа бірге кірейік*<br>*Қол ұстасып жүрейік*<br>*Татулықтың белгісі*<br>*Кел, қосылып күлейік.*<br>***«Не деу керек?»* дид ойын арқылы сабақты аяқтау. Балаларды мадақтау.**<br>*Не деу керек?*<br>*Апаң саған базардан,*<br>*Алма сатып әкелді.*<br>*Ең үлкенін тәттісін,*<br>*Саған таңдап әперді.*<br>*Не деп барып, жеу керек?*<br>*«Рақмет» деу керек.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы судың дәмі бар ма? Дәмі қандай (Балалардың жауаптары). Дұрыс, таза судың дәмі жоқ. Бірақ адам қатты шөлдегенде суды рахаттана ішеді де, ризалығын білдіру үшін: «Не деген дәмді су!» дейді.*<br>***№3 тәжірибе: «Судың иісі жоқ»***<br>*Сонымен, бірінші тәжірибеде судың иісі бар-жоғын тексереміз. Анам пирогтар мен тоқаштарды пісіргенде, сіз пәтердің есігінің артында тәбетті иіс сезінесіз. Нәзік хош иісті гүлдер, парфюмерия шығарады. Ал суды иіскеңіз, оның иісі қандай? (балалардың жауаптары).*<br>*Тәрбиеші:Дұрыс,судан ештеңенің иісі жоқ. Енді суға лимон қосыңыз, суды лимонмен иіскеңіз. Иісі бар ма?*<br>*Тәрбиеші: Неліктен лимон қосылған судың иісі шығады?*<br>*Тәрбиеші: Иә, өйткені лимонның иісі бар. Сонымен, біз қандай қорытынды жасай аламыз?Таза су иіссіз, бірақ оған иісі бар зат* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *қосылса, суда оған қосылған заттың иісі болады.* | | | |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №3***<br>*Күзгі орманды бақылау* | ***Картотека №4***<br>*Құстарды тамақтандыру* | ***Картотека №6***<br>*Бұлттарды қарау* | ***Картотека № 7***<br>*Құстарды қарау* | ***Картотека №11***<br>*Аяқжолмен танысу - тротуа* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Тәрбиеші:***<br>*Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.* | ***Медбике:***<br>*Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу.* | ***Тәрбиеші:***<br>*Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу.* | ***Педагог-психологтың кеңесі:***<br>*Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру.* | ***Тәрбиеші:***<br>*Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 16. 01 – 20. 01.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | ***Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.***<br>***отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу*** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №5***<br>***«Кім не жейді?»***<br>***Мақсаты:** Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту* | ***Картотека №10***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>***Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека № 12***<br>***«Телефон»***<br>***Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты*<br>*Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.* | ***Картотека №17***<br>***«Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Мақсаты:** балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу.* | ***Картотека №18***<br>***«Қайсысы ұнайды?»***<br>***Мақсаты:** суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.*<br>*Сөздік қорын молайту.* |
| | ***Коммуникатив дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | ***Қаңтар айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық | *Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп дұл қандай<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Ұқыпты осындай<br>Болайықшы досым-ай.* | *Армысың, асыл Күн!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос!<br>Міне менің қолым!* | *Табиғат егіз адаммен<br>Ұқсастық табам содан мен<br>Мәңгілік болсын егіздер<br>Жер- ана, көл теңіздер.* | *Қуан ,шаттан балақай<br>Жарқырайды аспанда<br>Күн алақай.<br>Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп,<br>тілейік бақыт,<br>баршаңызға осындай.* | *Қол алысып, кәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру.* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Көлік түрлері.***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.***<br>*Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте* ***(ұшақ)***<br>*-Арқасында ауыл жур,<br>ала тайым шауып жүр.*<br>***(автобус)***<br>*-Тізбектелген көк үйлер,<br>көшіп жүрген көп үйлер.*<br>***(поезд)***<br>*Әр жұмбаққа түсінік беру.*<br>***2.Ой дамыту***<br>*-Көлік дегеніміз не?<br>-Қандай түрлері бар екен?<br>-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі<br>-Ол адам үшін неге қажет?<br>-Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>-Автобуспен қайда баруға болады?<br>Ол қандай көлік түріне жатады? -Пойыздармен қайда баруға болады?*<br>***3.Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр***<br>*Машина-гараж, Кеме – айлақ,* | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Жиі және кең қадамдарды алмастыра жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру<br>1 сапқа тұру. (таяқшаны үстел үстінен бір- бірден алу)<br>1саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: (таяқшамен)***<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту.<br>/6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған,* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:***<br>*Т.Әбдірахманов «Қағаз кеме» өлеңі.*<br>***Миға шабул.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру.<br>Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді<br>«Қарап ал маңайға» дейді.*<br>***Ой дамыту***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелесу.*<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Бағдаршам не үшін керек?<br>Мынау қандай машина?<br>-Жүк машинасы не тасиды?<br>-Машинаны кім жүргізеді?<br>-Суда жүзетін қандай көліктерді білесіңдер?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Пойыз<br>Кәне, кімнің бойы ұзын<br>Паровозы сол пойыздың<br>Қатар-қатар тұрайық<br>Пойызды біз құрайық.<br>Ал, паровоз, баста алға<br>Бәрімізді басқар да.<br>Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік.* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Ә әдыбысы***<br>***Дид ойын: «Кім зерек?»***<br>*-Өткенде қай әріппен таныстық?<br>-К дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>- К дыбысына сөздер ойлап табу.*<br>***Тосын сәт***<br>***Есік қағылып, хат келеді.***<br>***Хаттың сыртында әженің суреті бар.***<br>*-Әжеміз келе жатса алдынан бір үлкен өзен шығыпты. Бұл кісіні өзеннен өткізу үшін тапсырма орындауымыз керек.<br>Миға шабуыл.<br>«Өзеннен өту».<br>Жұмбақтың шешеуін дұрыс шешшеңдер әже өзеннен өтеді.<br>-Бұрап қойған сағаттай<br>Айқайлайды таң атпай.****(әтеш)***<br>*Жарайсыңдар балалар біз әжемізді өзеннен өткіздік.<br>-Әтеш сөзі қай дыбыстан басталып тұр?<br>–Бүгін Ә дыбысы және әрпімен танысады екенбіз.<br>-Ә дыбысы дауысты ма,* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Жолда жүру ережесін сақтайық*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын:***<br>***«Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*«Қайырлы таң!» деймін мен<br>Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға.<br>Сары көзін ашқанда,<br>Қарап қалма аспанға.<br>Жасыл көзін ашқанда,<br>Жүре бергің жасқанба.<br>Не екен ол балалар?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?<br>-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?<br>-Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?<br>Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?<br>-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жоқ набордан)*<br>*- Шырынымыз дайын барлығымыз дәмін көріп, дүкендегі шырыннан айырмашылығын айтайық.*<br>***Қим ойын: «Шаңсорғыш»***<br>***Шарты:***<br>*Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.*<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы:***<br>*Электротехникалық тұрмыстық заттар*<br>***Тосын сәт***<br>*Дүкеннен сыйлық жіберіпті. Қараңдаршы балалар, бұл қандай сыйлық деп ойлайсыңдар?*<br>***Слайд*** *Электортехникалық заттар.*<br>***Дидактикалық ойын:****«Не зат,не үшін керек?» деп аталады.*<br>*Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады.*<br>*Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау.* | *- Балалар, Дымбілмес дұрыс айтты ма? Балалар дұрыс жауабын береді.*<br>*- Дымбілмес үйрену үшін балалармен отырады.*<br>***Жаңа тақырыпқа дайындық***<br>***Дид ойын:«Кім жылдам?»*** *жұмбақтардың шешуін табу.*<br>***1.*** *Тұмсығына жібін байлап*<br>*Сүңгіп, батып, бір мықты,*<br>*Бүтіндейді жыртықты* ***(ине)***<br>***2.****Алты аяқты, төрт қанатты,*<br>*Елестетер тікұшақты* ***(инелік)***<br>***3.*** *Адамға серік,*<br>*Күзетке берік****. (ит)***<br>***IV. Ой қозғау.***<br>***Жаңа тақырып***<br>*Тақтада суреттер: ит, ине, инелік, итмұрын, ителгі, итбалық.*<br>*И дыбысы сөздің басында, ортасында кездеседі****.***<br>*И дыбысы бар сөздерді табу, буынға бөлу.*<br>*- Балалар, осы әріпке ұқсас қандай әріппен таныстық?*<br>*- Й әрпі.*<br>*И және Й айырмашылық-тарын түсіндіру.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір,*<br>*Сағаттың тіліндей иіліп солға бір.*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Жаттығу оңай – ақ.* | *Аппақ,аппақ,жапалақтап,*<br>*Қар жауады тынбастан.*<br>*Қалың орман қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан.*<br>*-Балалар, өлеңде не туралы айтылады?*<br>*Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:*<br>*Қар туралы.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Балалар қардың артында тапсымалар бар екен,орындаймыз ба?*<br>***1-тапсырма****: Қағаздың жоғарысына дөңгелекті, төменіне ұшбұрышты, оң жақ бұрышына шаршыны,сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***2-тапсырма*** *:«Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?» Кім тез айтады?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Суретте Аязата қай жерде тұр?*<br>*-Ақшақар ше?*<br>*-Шырша қай жерде орналасқан?*<br>*-Қоян қайда?*<br>*Шыршаның төмен жағындағы ойыншықтарды сары, ортасындағыларын қызыл, жоғарыдағыны көк қарындашпен бояуды* | *-Олар базардан не алды?*<br>*- Қарбыз қандай екен?*<br>***Сенбі күні –Тіл ұстарту жаттығуы.***<br>*За-за-за*<br>*Біздің аула таза*<br>*Зу-зу-зу*<br>*Қызық суда жүзу.*<br>***Жексенбі күні – саяхаттан қайту.***<br>***Қорытынды.*** *Саяхат ұнады ма?*<br>*Бір аптада қанша күн бар?*<br>*- Енді 7 күнді ретімен атап шығыңдар.*<br>*- Айдос 7 күннің аты-жөнін, терең түсінді сендерге риза.*<br>*Дүйсенбі деген шалдың аты емес, күннің аты.*<br>*Сейсенбі - екінші күн,*<br>*Сәрсенбі – үшінші күн,*<br>*Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі де солай.*<br>*- Сонымен, бүгінгі сабақта қандай дыбыс пен таныстық?*<br>*- З дыбысы қандай дыбыс?*<br>*- З дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Мадақтау***<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: «Телефон»*** *(өлең) Корней Чуковский*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын:***<br>***«Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ шешу*** | *айту.*<br>*Айгүл қуыршақ анасына сыйлыққа кір машина алады. Айгүл қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балабақшаға оралу*<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Шарты: Суреттегі бөлігі жоқ заттардың бөлігін құрастыру.*<br>*Тоңазытқыштың шнуры жоқ т.б*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау****.***<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:****Байланыс қызметі*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс айларын атаңдаршы?*<br>***Ой дамыту.***<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*пошта қызметкерлерімен, телефон, телеграф, радио, пошта т.б. сияқты байланыс түрлерімен таныстыру.*<br>*Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет*<br>***Рөлдік-сюжеттік ойыны «Пошта»***<br>*Шарты: Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті:*** *«Шаңсорғыш ойыны».*<br>***Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.***<br>*-Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;*<br>*-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;*<br>*-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.*<br>*-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.*<br>*-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»*<br>***Қорытынды.***<br>***«Менің үйімдегі заттарым»*** *ойыны арқылы аяқтау.*<br>*Ойын шарты сыйқырлы таяқшаны алған бала балаға үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды,оның қызметң мен қажеттілігі туралы айту керек.*<br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары. (Жалаушамен)*** | ***V. Ой қозғау.***<br>***Таяқшамен жұмыс***<br>*И әрпін құрастыру*<br>*И әрпін ауада жазу.*<br>***VI. Инелік, шие сөзіне сөйлемдер құрастыру.***<br>*Әжеде ине бар.*<br>*Инемен киім тікті.*<br>***VII. Қорытындылау.***<br>*- Қандай дыбыспен таныстық?(Балалар жауабы)*<br>*- И дыбысы қандай дыбыс?*<br>*- Балалар, енді Дымбілместен сұрайық. Дымбілместі ортаға шағырайықшы!*<br>*Қойылған сұрақтарды қайта қоялық.*<br>*- Бүгін қандай дыбыспен таныстық?*<br>*- И дыбысымен.*<br>*- Жарайсың! Дұрыс!*<br>*- Мынау қандай әріп? (А)*<br>*- Дұрыс.*<br>*- Ал мынау қандай әріп? (Ш)*<br>*- Дұрыс.*<br>*- Балалар, қараңдаршы Дымбілмес мүдірмей жауап берді. Дымбілмес, енді осылай біздің ұоқ қатысып тұр, біздің балалар сияқты сен де бәрін үйренесін.*<br>*- Дымбілмеспен қоштасу (Дымбілмес шығып кетеді).*<br>*балаларды жұлдызшамен бағалау.*<br><br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:*** *Заттарды* | *тапсыру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Оң қолымда бес саусақ*<br>*Сол қолымды бес саусақ*<br>*Қосссақ егер екеуін*<br>*Болады екен он саусақ.*<br>***3-тапсырма.***<br>***«Сөредегі ойыншықтар»*** *ойыншықтардың қай жерде орналасқанын айтады.*<br>*-Қане, доп қай жерде тұр?*<br>*-Ол ненің қасында тұр?*<br>*Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр? т,б*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***4-тапсырма.***<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Қандай пішінге ұқсайды?»***<br><br><br>*Сұрақтар қою.*<br>*- Қай сурет дөңгелекке ұқсайды?*<br>*- Шырша қандай пішінге ұқсайды? т.б*<br>*Қорытынды.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балалар қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Шыр-шыр етеді,*<br>*Құлағыңнан өтеді.*<br>*Ұстай алсаң,*<br>*Сөйлеп кетеді.(Телефон)*<br>***ІІІ. Ой қозғау..***<br>*-Балалар мынау ненің суреті?*<br>*-Телефон бізге не үшін керек?*<br>*-Телефонның қандай түрлерін білесіңдер?*<br>*-Телефон тұтқасын көтергенде қандай сөз айтамыз? -Алло саламатсыз ба?*<br>*Телефон*<br>*Достарымызбен, жақындарымызбен сөйлесу үшін керек.*<br>*-Үй телефоны және қалта телефоны.*<br>***4. Ой дамыту.***<br>***К.Чуковский "Телефон"*** *өлеңін оқып, түсіндіру.*<br>*Әй телефон,телефон,*<br>*Мамам келіп бұраса*<br>*Кім керегін сұраса*<br>*Тез шақырып келесің.*<br>*Айтқанына көнесің,*<br>*-Балалар өлең не туралы айтылған?*<br>***Таңғажайып сәт***<br>*Есік жақтан қуыршақ келеді. Балалармен амандасып, өзінің анасын таба алмай қалғанын айтып, балалардан көмек сұрайды.*<br>*-Балалар, қуыршаққа көмектесемізбе?*<br>*Балалар, қуыршақтың* | *жасай білуге, әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелейді.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Біздер тату боламыз Гүл-гүл жайнап аламыз.*<br>*Жаттығулар жасайық,*<br>*Жақсы сергіп қаламыз.*<br>***Дид ойын: «Телефондар»***<br>*Шарты: Қиылған суреттерден телефондарды құрастырып , топтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар қойып, тақырыпты қорытады*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру.*<br>***1. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім.***<br>***1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау.*** *Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу , төмен түсіру.- рет 4-5 рет* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Б.қ.: «Желбірейді жалау»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Әткеншек»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /5 рет/<br>**Б.қ.: «Кім жылдам»**<br>**3.** Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу<br>**Б.қ.: «Көңілді жалауша»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Қысқа секіртпемен секіру<br>2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру,<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Автомобиль мен торғайлар»**<br>**Мақсаты:** Балалар | салыстыру. 1- ден 10-ға дейінгі сандар. Шамаларды салыстыру.<br>**ІІ.Қызығушылықты АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**«Орманға серуен»**<br>-Аңдар ағаштың артына жасырынып қалыпты. Оларды табу үшін мен қандай аң жасырынғанын және ол жасырынған ағашты сипаттаймын.<br>**Ой қозғау.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топқа тапсырма.**<br>Ағашты сипаттау<br>-Ол-ең жуан ағаш, биіктігі орташа<br>Қандай ағаш?<br>Оның артында қоян жасырынып отыр.<br>Балалар ол ағашты тауып көрсетеді. Егер балалар дұрыс атаған болса, қоян сол ағаштың артында отырады.<br>**2-топқа тапсырма.**<br>-Бұл ағаш ең жіңішке және ең биік ағаш, оның артында тиін жасырынып отыр, т.с.с.<br>-Бұл жерде қай ағаш ең биік екенін қалай анықтауға болады? Қай ағаш ең аласа екенін ше? Мүмкін біздің көз мөлшеріміз дұрыс емес шығар? Қалай тексереміз? Қандай шартты өлшем алсақ болады? Тәрбиеші | **Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Буын**<br>**Психологиялық дайындық**<br>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!<br>**Балаларды топқа бөлу**<br>**От, Су, Күн суреттері арқылы топқа бөлу**<br>**От.** Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар.<br>**Су.** Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.<br>**Күн.** Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ.<br>**ІІ.Тексеру. Сұрақ-жауап**<br>-Балалар,алдарыңда не көріп тұрсыңдар?<br>-Қызыл үй мен көк үй?<br>-Қызыл үйде қандай дыбыстар тұрады деп ойлайсыңдар?Ал көк үйде?<br>-Дұрыс айтасыңдар.Қызыл үйде дауысты дыбыстар,көк үйде дауыссыз дыбыстар.Енді осы екі үйдің тұрғын-дары | анасын табу үшін, осы мына ақылды телефонды пайдаланамыз.<br>-Қазір біз телефонмен сиқырлы сандарды теріп, қуыршақтың анасына хабарласамыз.<br>Қуыршақтың анасы келеді, баласын көріп қуанып, балаларға рахмет айтып, сыйлықтарын беріп қоштасады<br>**Дид ойын: «Телефон»**<br>**Шарты:** Қалта телефон мен үй телефонын құрастыру.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ** ұялы телефон құрастыру<br>**2-топ** үй телефонын құрастыру.<br>**Қортынды** Сұрақ –жауап.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:** Реттік санау қабілетін нығайту<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Топқа 1 саны келеді.**<br>Балалар қараңдар 1саны бізден көмек сұрай келіпті. Оның көршілері жоғалып кетіпті. Бізден көрші сандарын тауып беруді өтінеді. Көмектемемізбе?<br>**Ендеше математика еліне барайық.**<br>-Балалар қараңдаршы математика елі қандай екен? Не Көріп тұрмыз? | қайталау<br>**2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау.** Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.<br>Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау.<br>/5 рет қайталау/<br>**3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау.** Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау.<br>**Б.қ.: «Отыр-тұр»**<br>**5.** Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1-жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)<br>**6. Секіру.**<br>Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/<br>**Тыныс алу жаттығулары:** Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>**2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары.**<br>**2- бөлімТүрлері:**<br>- Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>- Кеглилер арсымен жүріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көліктердің жүру бағытын, құстарды қорғау туралы түсінеді.<br>**Қорытынды:**<br>Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.<br><br>**Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы:**«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»<br>**Қызығушылықты ояту**.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>1.Шаң-тозаңды сүймейді,<br>Тазалап оны жүр дейді.<br>**(шаңсорғыш)**<br>2.Бүкіл әлем ішіне сияр<br>Аты оның **...(теледидар)**<br>3.Біздің үйде бір зат бар<br>Сақтайды онда тамақты.<br>Болсын мейлі күз бен жаз<br>Іші оның қатты аяз.<br>**(холодильник)**<br>**Сұрақ – жауап.**<br>**Ой дамыту, түсінік беру.**<br>Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;<br>-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;<br>-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.<br>-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. | жолақша-таяқшаны көрсетеді. Балалармен бірге осындай таяқшаларды әр ағаштың астына тиісті цифр жазылған карточканы қояды. Содан соң ең үлкен цифрды табады. Бұл ағаш ең биігі болып саналады.<br>-енді ең кіші ағашты табыңдар (осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі)<br>-біз орманға серуендедік. Жасырынған аңдарды таптық.<br>**1-топқа тапсырма**<br>ең биік, ең аласа, биіктігі бірдей мұналарды табамыз.<br>**2-топқп тапсырма**<br>қарындаштарды жуандықтары бойынша «қоямыз»<br>- Енді тақтадағы түрлі түсті жазық фигураларды- үшбұрыш, сопақша, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыштарды санаймыз.<br>**Миға шабуыл.**<br>Әр фигураны жылжыта отырып, балаларға 1-ден 10-ға дейін санау<br>-барлығы қанша болды?<br>-кім кері қарай санайды?<br>-фигураның пішіні, түсі қандай?<br>-қандай топтарға бөлуге болады?<br>-қызыл түстер тобыда неше фигура?<br>-Көк түстер тобында ше? Қайсысы артық? | тіл табыса алмайды екен. Біз оларды татулас-тыруымыз керекпіз. П/Ж ойын: «Татуласу»<br>Ол үшін осы әріптерді дыбыстап көрейік. Енді, осы дыбыстардан сөз құрастырайық.<br>**ІІІ.Ой дамыту кезеңі АКТ технологиясымен жұмыс. (видео көрсету)**<br>-Балалар осы видеодан нені байқап отырмыз?<br>-Буын дегеніміз не?<br>-Буын дауысты дыбыс арқылы жасалады екен:<br>Мыс: ә-кел<br>Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады:<br>от, а-на, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.<br>Й,ң,у екі дауыстының ортасында келсе, екінші буыннан басында айтылады: жа-ңа, та-уық.<br>**1-тапсырма (ауызша)**<br>Педагогтың көмегімен өздерді буынға бөліп оқу. Шеше, көке, нағашы, қалам, бөрік, қасқыр, жазушы<br>Әр сөздегі дауысты дыбыстарды атаңдар<br>**2-тапсырма**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Оқу құралдарының аттарын атау. Заттардың атын буынға бөлу. Сөзде неше буын, неше дауысты дыбыс бар | Ал енді 1санының көршісін іздеп көрейік. Сандарды аңдар алып кетіпті,енді олардан алу үшін олардың тапсырмаларын орыдауымыз керек.<br>**Аюдың тапсырмасы:**<br>1) логикалық сұрақтар.<br>Бір жылда неше жыл мезгілі бар?<br>Аспанда неше ай бар?<br>Адамда неше көз бар?<br>Бір мысықта неше аяқ болады?<br>Үшбұрышта неше бұрыш бар?<br>Екі қойдың басы нешеу?<br>Дөңгелекте неше бұрыш бар?<br>**2)Реттік санау және кері санау**<br>1-10 дейін кері, тура санау.<br>**2) Ойын**: **«**Сандарға сәйкес қысқыш қыстыр»<br>**Қоянның тапсырмасы:**<br>**1) Ойын:** «Сипап сезу арқылы заттың санын анықтау» (балалардың көздерін байлап, қолдарымен сипау арқылы санын анықтау)<br>2) «Заттарды салыстыр»( ұзын- қысқа, көп- аз, биік- аласа, алыс- жақын, үлкен- кішкентай, астында- үстінде, жоғары- төмен ұғымдарын салыстыру)<br>**Қасқырдың тапсырмасы:**<br>1)Ойын: «Сандарды жасыр!» ( 5 ке дейігі сандарды жасыру) | өту.<br>**Дид ойын:**<br>**«Түрлі - түсті автокөліктер»**<br>Ойын шартын түсіндіру.<br>**Қим ойын: «Допты қуып жет»**<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.*<br>***Ой қозғау***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Бірінші топ:*** *үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек.*<br>***Екінші топ:*** *Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.*<br>***Үшінші топ:*** *Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау керек*<br>***Миға шабуыл.***<br>***Дид ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»***<br>***Ойынның шарты:***<br>*Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі.Балалар солардың ішінен эл.техникалық .заттарды табу керек.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | *-Оны қалай білеміз? (оларды бір-бірінің үстіне қою керек?)*<br>*Қосымша тапсырма орындалады. Неше фигура болса, сонша таяқша, осындай түстегі қанша фигура болса, сонша таяқша қойып, содан соң санын салыстыр.*<br>***Оқу іс әрекетін қорытындылау.***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Заттарды қалай салыстыру керек? Салыстыру үшін, шартты өлшеуіш алу керек.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Құрастыру.***<br>***Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазышқыш***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Топқа қуыршақ Айгүл келеді.*<br>*Қолында үлкен ыдыста және кішкентай ыдыста сүті бар.*<br>*Балалар біздің үй жылу бергендіктен ыстық.*<br>*Мен мына сүттерді дүкеннен сатып алдым.*<br>*Енді бұл сүтті қайда қойсам болады?*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Біз тағамдар бұзылып кетпес үшін қайда сақтаймыз?*<br>*-Мына үлкен ыдыстағы сүт кішкентай тоңазытқышқа сия ма?*<br>*-Неліктен симайды?* | *екенін анықтау.*<br>*Кі-тап, дәп-тер, қа-лам-сап, сыз-ғыш, ө-шір-гіш, қа-рын-даш.*<br>***Қорытынды:*** *сөздегі буын саны дауысты дыбысқа байланысты екенін пысықтау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Аққу болып ұшамыз*<br>*Көлге келіп қонамыз*<br>*Көлдің бетін құшамыз*<br>*Қайта самғап ұшамыз.*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын:«Кім жылдам?»***<br>*Әуелі бәр буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ата.*<br>*Тұз, қалам, лақ, құрт, бозторғай, қарақат.*<br>***3-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Адасқан буындар»***<br>*Берілген буындардан сөз құрау,сөздерден сөйлем құрау.*<br>*ас на та, рет ші су*<br>*лар ба ла*<br>*Астана,суретші,балалар*<br>*Буыннан сөз құралады, сөздерден сөйлем құралады.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бүгінгі сабақта біз немен таныстық?*<br>*Буын дегеніміз не?*<br>*Буын не арқылы жасалады?*<br>*Буын саны неге байланысты?*<br>*Бір буынды сөздерде неше* | *2) Ойын«Қанша?», «неше?»*<br>*Шарты: Балаларға арнайы суреттер беріледі. Суретте неше затты көрсе, цифрмен қыстырғыштың көмегімен көрсетулерің керек.*<br>***Түлкінің тапсырмасы:***<br>*1) Ойын: «Пішінді тап» (балалардың арқасына геометриялық пішіндерді салу, салған пішінді табады)*<br>*2) Ойын:«Көңілді лото» Ол үшін мына қаптан шыққан ыдыстағы цифрларды арнайы цифрмен белгіленген қағазға орналастыруларың керек.*<br><br>*Міне балалар біз аңдардың барлық тапсырмаларын орындадық, енді сандарды алып, тобымызға оралайық.*<br>*-Балалар біз бүгін қайда бардық? Қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*1 саны көрші сандарды тауып бергеніміз үшін алғыс айтып жатыр.*<br>*Бүгінгі белсене* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *-Тоңазытқыштың пішіні қандай?*<br>***Дид ойын: «Артығын тап»***<br>*Шарты: Суреттегі артық затты табу.*<br>*(Кесе, тарелке, тоңазытқыш, кострюль)*<br>***Қуыршақ Айгүлге көмек***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Үлкен кіші тоңазытқыш»***<br>***1-топ.*** *Үлкен тоңазытқыш құрастыру*<br>***2-топ.*** *Кішкентай тоңазытқыш құрастыру.*<br>*Айгүлге тоңазытқышты сыйлау*<br>*Балаларға рақмет айтып, қуыршақ Айгүл қоштасады.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | *дауысты дыбыс болады?*<br>*Бағалау* | *қатысқандарың үшін рақмет!*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау*** | ***Картотека № 6***<br>***«Аязды бақылау»*** | ***Картотека № 7***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау*** | ***Картотека № 8***<br>***Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Картотека № 9***<br>***Шыршаны бақылау.*** |
| | ***Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?*<br>*Жаз болса жайнап,*<br>*Саясында ән салып.*<br>*Құстар жүрген сайрап,*<br>*Салқын түссе-шешіліп,*<br>*Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>*Мағынасын түсіндіру.*<br>***1 .Ой қозғау***<br>*Қыс мезгілі және қысқы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.*<br>*- Сұрақ – жауап.*<br>*-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?*<br>*-Қазір ағаштар қандай?*<br>*-Неліктен жапырақтары жоқ?*<br>***2.Үлгіні талдау.***<br>*- Суретте не көріп тұрмыз?*<br>*-Түсі қандай?*<br>*-Қай мезгілдің ағашы?*<br>***3. Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту. Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу.Бояу* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады*<br>***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>***(Мұз)***<br>*Аппақ етіп айналаны,*<br>*Ақ көбелек айналды;*<br>*Әбден қонып болған соң,*<br>*Жер әлемде жайланды.*<br>***(Қар)***<br>*Жұмбақтың шешуіне байланысты сұрақ – жауап, түсіндіру.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Мнемотехника әдісімен жұмыс.***<br>***Мнемо кесте қыс мезгілін сипаттау.***<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Несімен ұнайды?*<br>*Қандай ойын түрлерін білесіңдер?* | ***АКТ технологиясымен жұмыс. Түлкі мен Қоян***<br>*Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп оның ініне түсіпті. Түлкі болса інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян корыққанынан түлкішек мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен.*<br>*Ертегі желісі арқылы сұрақ-жауап.*<br>***Құрлымдалған ойын:*** | ***Қардағы іздер***<br>***Дид ойын: «Ненің ізі»***<br>*Шарты: Топ болып іздер суретін құрастырыу.*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>***Ой қозғау***<br>*АКТ технологиясымен жұмыс*<br>*Балаларға қысқы аңдардың іздерін көрсету, түсіндіру.*<br>*-Қыста жердің беті қандай болады?*<br>*-Біз мына жерде ненің іздерін көрдіңдер?*<br>*Түлкі, қоян, қасқыр*<br>*-Неліктен олардың ізін анық көріп тұрмыз?*<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.***<br>***-****Губкаға қара бояу құйып қою*<br>*-Қақпақты губкадағы бояуға батыру арқылы, дайын ақ қағаз бетіне бастыру арқылы із шығару.*<br>***Балалрдың өз бетінше жұмысы***<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>*Балалардың жұмысына баға беру.* | ***Ғажайып сәт.***<br>***Қызықты қорапша.***<br>*Қорапшадан әр түрлі қалташа шығу, әр қалташадағы тапсырманы орындау.*<br>*Қалташа арқылы балаларды топқа бөлу*<br>***1-топ Сары қалташа***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр»***<br>***Сұрақтар:***<br>*-Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)*<br>*-Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды)*<br>*- Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестерден қорғайды.*<br>***2-топ қызыл қалташа***<br>*Қыстайтын құстарды ата?*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Білетін құстарды ату.*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*Оларға қандай қамқорлық жасау керек?*<br>*-Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады?*<br>***3- топ .Жасыл қалташа*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.* | | ***«Қандай жануар?»***<br>*Шарты: Ойынға конверт дайындалады. Конверттің ортасы дөңгеленіп қиылған. Жануарлардың суреті конвертке салынады. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табады.* | | ***Құс туралы тиым сөз айт?***<br>*-Құстардың ұясын бұзба.*<br>*-Құсты атпа, өлтіруге болмайды.*<br>*-Құстың жұмыртқасын жарма.*<br>***Сылдырмақ үні .***<br>*Балаларды шеңберге шақыру.*<br>***Қортынды***<br>***«Құстарға қамқорлық» тақпақты бірге айту.***<br>*Жылы жаққа ұшпайтын,*<br>*Біздің жақта қыстайтын*<br>*Құстар жүрсе жуықта*<br>*Жем шашуды ұмытпа.* |
| Жеке баламен жұмыс | ***«Саулеге арналған киім»***<br>*Мақсаты: сызық бойынша қия білу қабілеттерін бекіту.* | ***Сюжеттік-рольдік ойын.***<br>***«Қонақты қарсы алу»***<br>*Мақсаты: Қазақ халқының қонақжайлылығы дәстүрін бекіту* | ***Дидактикалық ойын: «Белгілері арқылы ата»***<br>*Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атау білімдерін бекіту..* | ***«Бұл қай мезгіл?»***<br>***Мақсаты:*** *қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту.* | ***«Жаңылтпаштар»***<br>*Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау*** | ***Картотека № 6***<br>***«Аязды бақылау»*** | ***Картотека № 7***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау*** | ***Картотека № 8***<br>***Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Картотека № 9***<br>***Шыршаны бақылау.*** |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*<br>*Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 30.01 – 03.02.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека № 25***<br>***Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын: «Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Картотека № 19***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.* | ***Картотека №8***<br>***Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты****: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.* | ***Картотека №26***<br>***Дид ойын:***<br>***Бақша да ма,бау да ма?***<br>***Мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Ақпан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*<br>*Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ егер шеңберге,*<br>*Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.*<br>*Сәлем деймін күнге мен*<br>*Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Киімдер***<br>***Мақсаты:*** *Киімдер туралы түсініктерін кеңейту, олардың атын атап қандай материалдан жасалғанын және не үшін керек екенін айтып тани білуге үйрету.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Жай музыка әуені естіледі. Педагог балаларға аң-таң болып қарап, оларды санайды. Ол: «Мен ештеңе түсінбей тұрмын, бізде жаңа бала бар ма?» Дымбілмеске қарайды. Балалар ия басқа бала бар. Білмесбек бәріне қарап, бәрің сондай әдемі, ақылдысыңдар. Мен де сендермен ойнағым келеді. Мына альбомды әкелдім, бірақ ішінде не бар екенін білмеймін. Қане біз көрейік мүмкін біз білетін шығармыз. Білмесбек мата үлгілері бар альбомды көрсетеді.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар сендер бұл не екенін* | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың шеңбер бойымен жай жүру . Шеңбер бойымен тұру. (таяқшаны үстел үстінен бір- бірден алу)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /6 рет қайталау/* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:***<br>***Мақсаты:*** *Баланың киімдер туралы ұғымын молайту. Киім атауларын дұрыс әрі анық айтуға көрнекіліктер арқылы тәрбиелеу. Танымдық процесстерін, логикалық ойлауын ойындар арқылы дамыту.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Бүгін біздің топтан мен қорап тауып алдым. Оның ішінде не бар деп ойлайсыңдар? Мүмкін бос шығар? Ашпай-ақ айта аламыз ба, оны қалай анықтауға болады?*<br>***Ол ауыр ма, жеңіл ме?***<br>*Жайлап ашу. Қараңыз, иә, мұнда бірдеңе жазылған. Бірақ мына жерге қараңыз, тек қағаз емес... Басқа нәрсе де бар. Бұл не? Көрсету. (мата) Ал матадан не тігіледі?* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Ү ү дыбысы.***<br>***Тосын сәт***<br>*АКТ технологиясымен жұмыс. Теледидардан бауырсақ шығу.*<br>***Таңғалу.***<br>*Балалар мені құтқаруға көмек керек. Ормандағы аңдар мені атам мен әжеме жібермей тұр. Маған бәрі тапсырма берді. Сұрақ-жауап Бауырсаққа көмектесеміз бе?*<br>***Миға шабуыл***<br>***1-тапсырма: Қояннан***<br>*«Сөз ойла, тез ойла» ойыны бойынша өткен тақырыпқа шолу жаса Әріп деген не? (Дыбыстың таңбасы) Дыбыс деген не, әріп деген не? (дыбысты естиміз, айтамыз. Әріпті көреміз, жазамыз)* | ***Көркем әдебиет***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар бүгін таңертең поштамды тексердім және пошта жәшігінен ертегі кейіпкерлерінің хаттарын, тіпті бір пакет таптым. Оларда не жазғанын білгілерің келе ме? Онда Мнемоникалық жолдар бойынша сөйлем құрауға жаттығулар жазған.*<br>***1.хат: Дид ойын: «Мнемо жолмен сөйлем»***<br>*Шарты: Мнемокесте арқылы киімдерге сөйлем құрау. Мнемо кесте бойынша әңгіме: Менің ойымша, бұл етік, өйткені олар қоңыр, қара және сұр. Олар былғарыдан жасалған, бұл былғары. Олардың баулары, тілі, өкшесі, табаны бар. Етік. күзде,қысқыда,көктемде киіледі.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *білесіңдер ме?*<br>*балалардың жоқ.*<br>*Бұл киім тігілетін мата үлгілері.*<br>*Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, сендердің үстеріңде не бар?*<br>*Киім түрлерін атайық*<br>*Мұны бір сөзбен қалай айтуға болады? (Киім)*<br>*Қалай ойлайсыңдар, адамдар үнемі осындай киім киген бе?* ***(Жоқ).***<br>*Дұрыс! Әр уақытта адамдар әртүрлі киім киген.*<br>*Киімдердің қалай пайда болғанын, бұрын қандай болғанын білгілерің келедіме? Олай болса мен сендерді саяхатқа шақырамын. Бүгін біз уақыт арқылы саяхатқа шығамыз, алдымен өткенге, содан кейін біз бүгінге ораламыз: біз киімдеріміздің ғажайып түрленуінен өтеміз.*<br>***«Біздің киімдер тарихы» АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Тәрбиеші презентацияны қарау барысында киімнің пайда болу тарихы туралы әңгіме жүргізеді.*<br>*Сіз бен біз болмағанда адамдар орманда, үңгірлерде өмір сүріп, шикі ет жеп, киімсіз өмір сүрген. Жел мен жаңбырдан жасыратын ештеңе болмады. Ал айнала үлкенді-кішілі жапырақты ағаштар, биік шөптер, гүлдер өскен.Осылайша адамдар* | ***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу . /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет /*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>***Нгізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары***<br>*1 Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.*<br>*2.Таяқшалардан секіру.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды:***<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою) Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Ө ө дыбысы*<br>***І. Психологиялық ахуалды қалыптастыру***<br>*-Балалар бір-бірімізідін қолымыздан ұстап алақан арқылы жүректің жылуын* | *(киім) Киімнің қағаздан емес, матадан тігілуінің себебін қалай білуге болады?*<br>*Сендер Ғалым болып, жауабын тапқыларың келе ме?*<br>***Сонда біз ғалымдарға айналуымыз керек:***<br>***Үш рет айналып ҒАЛЫМҒА айналайық.***<br>***Тәжірибе алаңы.***<br>*Біз «Зертхана» деген жазуы бар үйге жақындаймыз.*<br>*Балалар, міне, келдік, кіріңдер. Жұмысқа кірісер алдында не киюіміз керек? (халат) Неге? (балалардың жауаптары). Ғалымдар өз тұжырымдарын жазады, сондықтан олардың дәптер халталары болады. Біз де нағыз ғалым ретінде өз тұжырымдарымызды мына +, - белгісі бойынша жазамыз. Біздің зертханада не көріп тұрғаныңызды айтыңызшы? (үстел, қағаз, шүберек, су, т.б.) Тағы не? Үстелдерде сандар бар. Сондықтан біз тәртіппен жүруіміз керек. Біз бірінші кестені іздейміз, қандай сан? (1) Материалдарды қарайық. Бұл не екен? (мата, қағаз)*<br>*Үстел үстінде мата мен қағаз жатыр, анықтаймыз* | *Дыбыстар нешеге бөлінеді? (екіге; дауысты, дауыссыз)*<br>*«А» - алма – яблоко*<br>*«Н» - нан – хлеб*<br>*«С» - су – вода*<br>*«М» - мысық – кошка*<br>*«Д» - доп – мяч*<br>*«К» - күн – солнце*<br>***2-тапсырма. Аюдан Жұмбақтың шешуін тап.***<br>*Жарықта соқырмын*<br>*Ұша алмай отырмын. (үкі)*<br>*Ү сөздің қай жерінде тұр?*<br>*Үкі сөзін буынға бөлу.*<br>*Ү — кі. (екі буын)*<br>*-Баласын ертіп соңынан,*<br>*Сүңгіп, жүзіп, үйретті.*<br>*Су жұқпайтын тонына,*<br>*Кім білмейді........?(үйректі)*<br>***Слайд***<br>*Үйрек суретін көрсету. үйрек үй құсы. Балалар, үкі, үйрек деген сөздің басында қандай дыбысты естіп тұрмыз?*<br>***Үү дыбысы қандай?***<br>*Үү деп дыбыстату. Хормен айту.*<br>*— Қалай дыбысталады?*<br>*— Қандай дыбысқа жатқызамыз?*<br>*— Ү дыбысын айтқанда ерін, тіл алға созылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тиеді, иек көтеріледі.*<br>*— Дауысты дыбыс.*<br>*Ү дыбысының әрпін баспа, жазбаша түрде таныстыру.* | *(қалпақ, көйлек сөйлем құрау.*<br>***2-ші хат: Дид ойын: «Түрлі –түсті қалпақ»***<br>*Білмесбекке достары көптеген түрлі-түсті қалпақ сыйлады.*<br>*Оның достары қандай қалпақ сыйлады?*<br>*Балалар Білмесбекке кім қандай қалпақ бергені туралы мнемоникалық жолдар бойынша сөйлемдер құрайды:*<br>*Білмесбекке көк қалпақ сыйлады, т.б.*<br>*Осылайша Білмесбек тек көк қалпақ киіп жүрді, ал қалғандары жай ғана бөлмеде шашылып жатты. Бір күні ол барлық қалпақтарды жинауға бел буды, бірақ ол жинай алмады. Қане көмектесеміз бе?.*<br>***Дид ойын: «Қалпақтарды жинаймыз»***<br>*Суретке қарап, бөлмедегі барлық қалпақтарды тауып, сөйлемдер құрау. «Қызыл қалпақ үстелдің астында. Ол үстелдің астынан қызыл қалпақ алды»*<br>*Жасыл қалпақ жоғарыда әлулә тұр.*<br>*Сары қалпақ шкафтың оңжағында тұр.......*<br>***3-ші хатты ашу.***<br>***Дид ойын: «Тігінші кірпінің хаты»***<br>***-Келесі хат бізге тігінші*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтарды бұтақтарға жинап, жаңбыр мен желден қорғанды.<br>- Қалай ойлайсыңдар, шөп пен жапырақтан тігілген киімдер төзімді болды ма?<br>-Дұрыс, нәзік, ол құрғап жыртылады.<br>- Қыста мұндай киіммен жүруге бола ма?<br>- Жоқ.<br>- Неге?<br>- Қыста суық болғандықтан тоңып, ауырып қалуыңыз мүмкін.<br>-Ормандарда адамдардың қасында әртүрлі жануарлар өмір сүрді. Олар желден де, суықтан да қорықпайды.<br><br>– Сонда әлгі адамдар ойлады: «менде мал сияқты жылы тері болса, мен тоңмас едім».<br>–Осылайша адамдар аңға шығып, аңның терісін алып, одан киім тіккен.<br>**Педагог терінің бір бөлігін көрсетеді.**<br>Міне мынандай тері. Оны біреуімізге өлшеп көрейік.<br>Тері қандай?Тері кішкентай. Неліктен біз онымен ештеңе тіге алмаймыз? Бізге қандай тері керек? (үлкен)<br>Үлкен теріні алу үшін үлкен аңды аулау керек.<br>Ендеше аңшылар ойынын ойнайық.<br>**Қим ойын: «Аңшылар»**<br>Сонымен аңшылар! жануарларды көп өлтіруге | сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!<br>Оқушылар бір-біріне жылы тілектерін білдіреді.<br>**ІІ.Миға шабуыл**<br>Үйін тордан салады<br>Жемін аулап алады.<br>**Ол не? (өрмекші)**<br>- Өрмекші не? - Ол жәндік.<br>- Дұрыс.<br>- Өрмекші сөзін бәріміз қайталайық.<br>- Қай дыбыстан басталып тұр. - Ө дыбысынан.<br>- Онда бәріміз ө дыбысын айтып көрейік. Ө-ө-ө<br>- Қалай айтылып тұр.Созылып па,әлде тез айтылып тұр ма?<br>- Созылып айтылып тұр.<br>- Олай болса Ө дыбысы дауысты дыбыс екен.<br><br>- Дауысты дыбыс қандай түспен беріледі.<br>- Қызыл түспен беріледі.<br>- Өрмекші сөзі неше дыбыстан тұрады?<br>- 7 дыбыстан тұрады 3-дауысты,4-дауыссыз дыбыс.<br>- Өрмекші сөзін буынға бөлеміз? Өр-мек-ші<br>-Неше буын бар?<br>- Ө дыбысы қай буында естіліп тұр? 1-ші буында.<br>**-Ө** әрпінің элементтерімен таныстыру.<br>-Ауада жазу.<br>-Тақтада жазу<br>-Ө дыбысының О дыбысына ұқсайтынын айту. | **Тәжірибе №1.**<br>Балалар, айтыңдаршы, қағазды матадан қалай ажыратамыз?(жауаптар)<br>Енді алдымен қағазды алыңдар. Ол қандай? (қатты, судырлақ, тегіс).<br>Оны оң жаққа қойыңдар.<br>Енді матаны алайық. Ол қандай? жұмсақ, жылы.<br>Жарайсыңдар балалар! Маған жауаптарыңыз қатты ұнады! Қағазды ұстағанда матадан күштірек сезіне ме? (иә) белгілеу + +<br>**Тәжірибе №2**<br>**Қағаз мен мата сөйлей алады ма?**<br>Тәрбиеші: Балалар, қағаз бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме?<br>Балалар: Иә!<br>Тәрбиеші: Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек.<br>Тәрбиеші: Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжып бастаймыз. Сіз не естисіз?<br>Балалар: Сыбырлайды, сөйлейді.<br>Тәрбиеші: Дұрыс, сыбдырлайды. Енді матадан жасалған орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз.<br>Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе?<br>Балалар: Ештеңе! | **3-тапсырма. Қасқырдан Жаңылтпашты жатқа айт.**<br>Үш аша,<br>Үшкір ме ұшы аса?<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>**-Үш-үш-үш**<br>Біз жинаймыз күш<br>**-Үс-үс- үс**<br>Болып қалды түс<br>**4-тапсырма Түлкіден Түлкі, Түтік, Үрме**<br>Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасап, текшемен жазу.Орындаған тапсырмаларды шетінен бауырсаққа көрсетіп отыру.<br>Бауырсақ рақмет балалар. Мен енді атам мен әжеме бартын болдым. Сау болыңдар балалар.<br>Қортынды.<br>Сұрақ-жауап<br>-Қандай әріппен таныстық?<br>-дауысты ма дауыссыз ба?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Адамның сәні,<br>Онсыз жоқ мәні.<br>**Бұл не? (киім)**<br>Бір нәрсе менен биік,<br>Кейде менен аласа.<br>Мұндай қызық дүниеде,<br>Көріп пе едің тамаша.<br>**(Бас киім)** | **кірпіден келді.** Ол орман адамдарына киім тігуге шешім қабылдады. Кірпінің кімге қандай киім тіккенін білгілерің келе ме?<br>Кірпі тиінге жейде юбка тігіп берді. Кірпі тиінге қандай юбка тіккен?<br>Киімдерді сипаттау, әңгіме құрастыру<br>**4-ші хат Машадан келген.**<br>Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану..<br>• Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады?<br>• Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады?<br>• Жаңбырда тәпішке киіп алсаңыз не болады?<br>• Ыстықта панаманы кимесеңіз не болады?<br>• Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады?<br>• Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады?<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Таңертең ерте тұрамын,<br>Беті қолды жуамын.<br>Апам берген киімді,<br>Өзім киіп аламын.<br>Кешке үйге келгенде,<br>Бәрін жинап қоямын.<br>**Пакеттен шыққан тапсырма.**<br>Аюдың кофтасын боя<br>Тиіннің юбкасын жапсыру<br>Машаға тігін машинасын құрастыр.<br>**Балалардың жұмысын көрмеге апару, суретке түсіру, балалаларды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болмайды екен.<br>- Тері киім кию ыңғайлы болады ма?<br>Жоқ, ауыр, жазда ыстық болады.<br>Содан адамдар ыңғайлырақ киім туралы ойлана бастады.<br>Олар далада шөп-зығыр өсетінін байқады. Егер оның сабақтары ұсақталған болса, онда олардан жіп иіруге болады, ал иірілген жіптен - матадан кенеп жасауға болады деп ойлады. Адамдар осындай матамен оранған.<br>**Біз де жасап көрейік.**<br>**Дид ойын: «Тігілмеген киім»**<br>Педагог екі баланы шүберекпен орайды.<br>Сұрақ –жауап:<br>- Осылай жүрген ыңғайлы ма? (Жоқ)<br>- Неге? Мата түседі, денеде қалмайды, қозғалуға ыңғайсыз<br>-Дұрыс, мата түсіп қалмас үшін қолөнершілер матаның шеттерін тігуге кірісіп, осындай киімдерге ие болдық.<br>Білмесбек шаршап қалды, демалып алсын.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, киім тігу үшін қандай құралдар қажет?<br>**Дид ойын: «Не артық?»**<br>- Экранға қараңызшы, төрт заттың бейнесі, оның үшеуімен киім тігуге болады, ал біреуімен киім тігуге болмайды. Киім тігуге | **3. Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>- Суретте не бейнеленген?<br>-Өзен. Сайдың түбінен ағып шыққан бұлақ сулары жиналып **өзен** құрайды.<br>Өзен суы тұщы болғандықтан елді мекендер (қала,ауыл) өзен жағасына жақын орналастырылады. Адам баласы өзенді ерте заманнан бері өз қажетіне пайдаланып келеді.Өзеннен ауыз су алады,мал суарады,балық аулайды..Біз өзендерді қорғап,таза ұстауымыз керек.<br>**Дид ойын: «Тізбек»**<br>бағандағы сөздерді буындап оқыту. Оқылған сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>- Педагог оқиды, балалар қайталайды.<br>**Ө-зен, Ө-ріс, Бө-рік, Көр-пе, Ө-рік**<br>**Өріс** -мал жайылатын жер.<br>**Бөрік**- бас киім.<br>**Көрпе-**жамылатын төсек.<br>**Өрік-** жеміс.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды жаяйық.<br>Құсша қанат қағайық,<br>Жоғары-төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**ҮІӘ бекіту, бағалау.**<br>**Дид ойын «Кім тапқыр?»**<br>- Ө әріпі арқылы берілген тапсырманы табамыз. | Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды.<br>Қағазды сыбырлататын киімді ме немесе матадан үнсіз тұрған киім кигенді ұнатамыз ба? Қайсы киім жақсы? Белгілеңіз ұнамайтынға – ұнайтынға +қоямыз.<br>**Тәжірибе№3.**<br>**Қағаз мен матаны тегістеу.**<br>Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік. Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба?<br>Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасың! Қағаз орамалдың мыжылғаны онша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды?<br>Балалар: Бұл тегістеледі!<br>Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі.<br>белгілеңіз - +<br>**Жарайсыңдар балалар!**<br>**Зерттеуіміз аяқталды, топқа қайтатын уақыт келді (халаттарымызды шешеміз), бірақ қайту үшін санамақ айтуымыз керек.** | - Ерте тұрдым,<br>Екі айыр жолға түстім.<br>**(Шалбар)**<br>- Әр түрлі болып келемін,<br>Қыз бен ұл деп бөлемін.<br>**(Көйлек)**<br>**«Жанды сөлемдер» ойыны.**<br>Шарты: Жұмбақтың шешуінен шыққан сөздерді қатыстырып, сөйлем құрау.<br>**Кішкентай ғалымдар.**<br>**№ 4 Тәжірибе.**<br>**Қалың, жұқа.**<br>**Дид ойын: «Кім жасырды?»**<br>Бізде көп ойыншықтар бар, біз оларды көреміз. Ойыншықтарды ешкім көрмес үшін қағазды қалай пайдалануға болады? (Қағазға орау, қағаздың астына тығу). Үстелде қандай ойыншықтар бар екенін есте сақтаңдар. Бір бала маған ойыншықты жасыруға көмектеседі, ал қалған балдар көздерін жұму керек. Қарамаймыз. Қане көзімізді ашамыз<br>– Қандай ойыншық «жасырынды»?<br>(Матамен де солай істейміз.<br>-Ойыншықтарды неге көрмедік? (Қағаз мен мата мөлдір емес). Дұрыс.<br>Белгілеу екеуіне де + +<br>**Балалар, сәл демалайық:**<br>**Дене шынықтыру:** | **мадақтау.**<br><br><br>**Қоршаған орта**<br>**Ойын бұрышы**<br>**Дид ойын: «Киім дүкені»**<br>**Шарты:** киім түрлері бойынша тақырыптық суреттерді орналастыру сыртқы киім, Аяқ киім, әйелдер, ерлер, балалар, қысқы, жазғы, мерекелік, арнайы киімдер.<br>**Ой дамыту**<br>-Киімді кім тігеді? (тігінші)<br>Киім қалай жасалады? (ол тігілген, тоқылған)<br>-Киімнің дизайнын кім жасайды? (сән дизайнері) - Кім киім тігеді? (тігінші)<br>- Киім неден тігіледі? (матадан)<br>– Тігін тігумен қай фабрика айналысады? (тігін фабрикасы)<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Балаларды қызыл, сары, жасыл, көк түстер бойынша топқа бөлу.<br>**1-топ: қызыл түс.**<br>**Дид ойын: «Жолды табамыз»**<br>Біз еденге әртүрлі ұзынша жолақ маталардан жолдарды орналастырамыз, бұл жолдар. Ал өз кезегінде біз тар, кең, ұзын, қысқа жолды және т.б. табамыз;<br>**2- топ: сары түс.**<br>**Дид ойын: «Жолды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек;<br>Қатты заттар мен құлақ шұқуға болмайды;<br>**Дид ойын: «Кім жылдам».**<br>**Шарты :** сезім мүшелерін тез айту<br>Қорытынды<br>-Балалар, не туралы білдік?<br>-Біз қандай сезім мүшелерімен таныстық?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.<br>Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол бүйірде өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойы тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жалпы даму жаттығулары<br>**(Сылдырмақпен)**<br>**Б. қ: «Ара ұшты»**<br>**1.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»**<br>**2**. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/ | көйлек киіп есіктен емін - еркін өтіп шығып жатады. Ал кейбір дыбыстардың жолына сұр жылан түрлі кедергі жасап есікті жауып қояды. М - м - м, Н - н - н, Т - дыбысы шығар кезде тіпті таңдайға жабысып қалады. (қане, осы дыбыстарды бәріміз қайталап айтып көрейік, бұл дыбыстар есіктен сыртқа өте алмай тұр). Сөйтіп сұр жылан дыбыстарды ысылдауға, шырылдауға, қырылдауға мәжбүр етеді. Біресе сұр жылан дыбыстарды құйрығымен ұрады Р - р - р. Бұл дыбыстар ауыздан емін - еркін шыға алмайды, сондықтан олар көк көйлек киіп шығады. Сонымен, емін - еркін шыққан дыбыстар дауысты, қысылып шыққан дыбыстар дауыссыз болып екіге бөлініп қалады. Қызыл көйлек киген дауысты дыбыстар өз - өздерімен, көк көйлек киген дауыссыздар өз - өздерімен жүріп жатады. Оларды жекелей ешкім түсінбейді, сондықтан олар бәрі бірігіп **буын** құрайды, жеке буында түсініксіз болады, **сөз құралады**, жалғыз сөздің де, мәнісі болмайды, сонымен бәрі ақылдасып сөзден бір ойды білдіретін **сөйлем** жасайды.<br>Міне, содан бері балалар, | логикалық сұрақтарға жауап беру.<br>Заттар мен сандарды сәйкестендіру.<br><br><br>**3-Тапсырма .**Пішіндерден аңдарға үйшік құрастыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда 5 саусақ,<br>Сол қолымда 5 саусақ<br>5-ке 5- ті қосқанда<br>Болып шықты 10 саусақ<br>**4-Тапсырма**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Математикалық жұмбақтар.**<br>**1.Бір алма берді анасы**<br>«Аз» деп тұр оны баласы<br>Екеуін тағы беріп еді<br>Нешеу болды ойланшы.<br>**2.Далада жүр төрт түйе**<br>Қосылды тағы бір түйе<br>Жалпы саны түйенің<br>Болды, неше есепте?<br>**3.Айманда болды 5 алмұрт**<br>Әселге берді 2 алмұрт<br>Айманның қалды қолында<br>Неше алмұрт тез ойла | **Суретпен жұмыс**<br>**Дид ойын: «Жақсы жаман»**<br>Мен тісімді күніне екі рет тазалаймын (Жақсы)<br>Мен тәттіні көп жеймін (Жаман)<br>Мен тамақ ішер алдында қолымды жуамын (Жақсы)<br>Мен шашымды тарамаймын (Жаман)<br>Сергіту сәті.<br>Денсаулық туралы қарапайым ережелерді есте сақтаңдар<br>күніне кем дегенде 2 рет тіс жуу керек.<br>- Ұқыпты таза жүру керек.<br>-Әрдайым спортпен шұғылдану керек<br>-Дұрыс тамақтану керек.<br>-Күнде жуынып жүру керек.<br>-Әрдайым жеміс-жидек, көкөністерді жуып жеу керек.<br>**Дид ойын: «Ажырат»**<br>**Шарты:** Тазалықтың достарын жинақтау.<br>Мыс: сабын, су .....<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Түнде де, күндіз де, | ретінде- Денис, әлеуметтік педагог ретінде- Бахтияр<br>**Слайд 4**<br>**Ұйымдастыру**<br>шаттық шеңбер құрайық.<br>– Бір – бірімізге жақсы тілек тілейік!<br>**Бірінші сөзді Аспаз-диетологқа беремін**<br>**Менің атым – Анар**<br>**Мен Аспаз-диетологпын**<br>**Слайд**<br>«Ас –адамның арқауы» деген қазақтың мақалы бар. Ол өте құнды мақал. Өйткені денсаулықтың жақсы болуы адамның дұрыс тамақтануына байланысты. Дұрыс тамақтану әсіресе балалар үшін қажет.<br>**Слайд 2**<br>**Сондықтан алдымен біз жағдаятты шешейік.**<br>Самат таңертең сабаққа асығыс тамақтанып шықты. Анасы баласының бұл ісіне кейін:<br>-«Денсаулығыңды бұзасың ғой, отырып асықпай дұрыс тамақтансаң қайтер еді?»- деді.<br>Самат анасына :<br>-«Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа әсері қанша?»- деді.<br>**Қалай ойлайсыңдар, Саматтың айтқаны дұрыс па ?**<br>**Дид ойын: «Дұрыс,бұрыс»**<br>Балалар өз ойын айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Б.қ. : «Қайшы»**<br>**3**. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Қоян қашты»**<br>**4**. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/<br>Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.<br>**Бастапқы қалыпқа келу.**<br>**Қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.<br>2. Секіру. Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**Күн мен жаңбыр.**<br>**Ойын шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды:**<br>«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру. | дыбыстардың адамға пайдасы тиіп әлі күнге дейін тіл құралы болып келе жатыр екен.<br>- Ал енді балалар, сендерге ертегі ұнады ма, ертегіде не туралы айтылған екен?<br>Дыбыстар туралы<br>- Ал онда балалар, біз қазір дауысты, дауыссыздар болып екі топқа бөлінейік<br>- Ертегіде айтылған дыбыс, сөз, сөйлем, буын туралы біз қазір жұмыс істейміз.<br>Балаларды түсті дөңгелекшелермен бағалау.<br>- Қызыл өте жақсы, көк жақсы.<br>**1 - тапсырма: Неге дауысты дыбыс дейміз?**<br>Дауысты дыбыстар тобы мысал келтіріп айтып береді.<br>- Дауысты дыбыс дегеніміз кедергіге ұшырамай, еркін, ашық айтылатын дыбыстар. Алма, ана, аға т. б<br>**2 - тапсырма: Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>екі топқа әр түрлі буындарды беру, буындардан сөз құрау, қай топ тез және көп құрайды сол жеңіске жетеді.<br>- Са — ғат, а — ға, а — та, ба — қа, ар - па, ро - за т. б<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>**Буындармен қосылып ән салу** до - ре - ми - фа - соль - ля - си - до. До - си - ля - соль | **4.Далада тұр екі ешкі**<br>Қорада тұр екі ешкі<br>Болды барлығы неше ешкі.<br>**Дымбілмес:** Ой, балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ақылды, білімді екенсіңдер.Мен сендердің көмектеріңнің арқасында көп нәрсені үйрендім.<br>-Балалар, қараңдаршы, тапсырманы дұрыс орындағандықтан сиқырлы сандықтың аузы ашылды. Ішінен сиқырлы сандар шығады.<br>**Дымбілмес:** Алақай, жарайсыңдар. Сендер менің сиқырлы сандығымның кілтін таптыңдар, сендер көп біледі екенсіңдер. Қанеки, ішінде не бар екен, ашып көрейік.<br>**Қорытынды.**<br>-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?<br>-Дымбілмес<br>-Дымбілмес неге келді?<br>-Көмек сұрап келді.<br>-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап көмектестік.<br>Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Барлығыңызда жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшамен марапаттау. | Тынымсыз соғады.<br>Бұл не екен балалар!<br>(Сағат)<br>Балалар сағат адамдарға нені білуге көмектеседі?<br>**Уақытты бағдарлау туралы түсінік беру.**<br>1. Ұйқымыздан тұрамыз,<br>Беті қолды жуамыз.<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз.<br>(Бұл қай кезде болады?)<br>**(Таңертең)**<br>2. Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын.<br>Тамағымды ішіп,<br>Түсте ұйықтап жатамын.<br>(**Күндіз)**<br>3. Біз тәртіпті баламыз,<br>Сабақты да оқимыз.<br>Серуенге шығамыз,<br>серуендейміз. **(Түс )**<br>4. Ұйқыдан тұрып,<br>Беті қолды жуып,<br>Төсекті жинап,<br>Таза ауа жұтып,<br>Кешкісін үйге қайтамын.<br>**(Бесін)**<br>5. Күн батады қызарып,<br>Анамызды күтеміз.<br>Бұл қай кез. **(Кеш )**<br>6. Үйге келіп кино көріп,<br>Ойыншықтарды жинастырып,<br>Беті – қолды жуып,<br>Тісімді тазартып,<br>Ұйықтауға жатамын<br>**(Түн )**<br>(Слайд тақтадан әңгімелеу)<br>Ата – аналар балаларын | -Саматтың айтқаны дұрысемес.<br>Деніміздің сау болуы үшін ең алдымен қалай тамақтану қажет?<br>-Тиімді тамақтану қажет.<br>**Слайд 4**<br>Менің атым – Айнұр<br>Мен дәрігермін.<br>Адам денсаулығына дәрумендердің пайдасы өте көп.<br>Дәрумендер – денсаулы-ғымыздың дәнекері дейді.<br>Дәрумендер барлық тағамдарда, жеміс-терде, көкөністерде болады<br>-Ал сендер витамин-дәрумендерді білесіңдер ме?<br>-Дәрумендер қандай тағамдарда көп болады?<br>Балалардың жауабы.<br>**Сергіту сәті**<br><br>**Слайд -5**<br>**Менің атым – Қарлығаш**<br>**Мен санитарлық дәрігермін.**<br>**Слайд**<br>Әр адам өз денсаулығына көңіл бөлуі керек, тазалық пен санитария шараларын сақтауы керек<br>Біз қазір ойын ойнаймыз.<br>Мен тақпақтар оқимын.<br>**Дид ойын: «Жақсы-жаман»**<br>Егер жақсы бала туралы болса, қолмен шапалақ-таймыз. Егер жаман бала туралы болса, аяқпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қазақ тілі.***<br>***Тақырыбы: Ертеңгілік жаттығулар. Дене бітімі дегеніміз не?***<br>***Ой дамыту.***<br>*-Таңертең ұйқыдан оянып не істейсіңдер?*<br>*-Жаттығу не үшін жасаймыз?*<br>***Сергіту сәті*** *Кәне сапты түзейік,*<br>*Тіземізді бүгейік.*<br>*Ыршып алға түсейік,*<br>*Ыршып артқа түсейік.*<br>*Шекірткедей ыршып,*<br>*Көбелекше ұшып.*<br>*Отырамыз,тұрамыз.*<br>***4. Жаттығу «Массаж»***<br>*Шарты. Балалар дөңгеленіп қос-қостан тұрып, бір-бірінің арқаларына массаж жасайды.*<br>***Дид ойын: «Суреттерді салыстыр»***<br>*Түзу отырған бала мен қисайып отырған баланың суретін салыстыру.*<br>*Сұрақтар қою.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Өлең жолдарын мәнерлеп оқу, сұрақ –жауап.***<br>***Қ. Мырза Әли***<br>*-Екі көзің не үшін керек?*<br>*- Жақсыларды көру үшін!*<br>*- Екі қолың не үшін керек?*<br>*- Елге көмек беру үшін!*<br>*Құлақ деген не үшін керек?*<br>*-Ақыл-кеңес тыңдау үшін!*<br>*Жүрек деген не үшін керек?* | *- фа - ми - ре - до*<br>***3 - тапсырма:***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Дыбыстық талдау. Сөзді буынға бөлу, әрі қанша дауысты, дауыссыз, барлығы неше дыбыс болғанын ажырату.*<br>*- Таға, Арна*<br>***4 - тапсырма:*** *Топта «Ауыл мен қала» бейнесін бейнелейтін мазмұнды суреттерге қарап әңгіме құрастыру.*<br>*- Дауысты, дауыссыз командасы: «Ауыл мен қала» мазмұнды суретке әңгіме құрайды.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Математика***<br>***«Ғажайып тапсырмалар»***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***«Құрбақа» қонаққа келеді.***<br>*Сәлеметсіздер ме?*<br><br>*Балалар мен сендерге тапсырмалар алып келдім. Егер тапсырмаларды жақсы орындасаңдар мен сендерге мен сияқты секіріп,жаттығу жасауды үйретемін. Келісесіңдер ме?*<br>*Балалар: Алақаааааай, әрине* | ***Музыка***<br>***Педагог жоспарымен***<br><br>***Сауат ашу.***<br>***Тақырыбы: Буын***<br>***Психологиялық дайындық***<br>*Аққу болып ұшамыз*<br>*Көлге келіп қонамыз*<br>*Көлдің бетін құшамыз*<br>*Қайта самғап ұшамыз.*<br>*– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!*<br>***Балаларды топқа бөлу***<br>***От, Су, Күн суреттері арқылы топқа бөлу***<br>***От.*** *Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар.*<br>***Су.*** *Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.*<br>***Күн.*** *Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ.*<br>***Тексеру. Сұрақ-жауап***<br>*-Балалар,алдарыңда не көріп тұрсыңдар?*<br>*-Қызыл үй мен көк үй?*<br>*-Қызыл үйде қандай дыбыстар тұрады деп ойлайсыңдар?Ал көк үйде?*<br>***-****Дұрыс айтасыңдар.Қызыл* | *балабақшаға қай кезде әкеледі. Және қай кезде алып кетеді. Балалар қай кезде ұйықтайды, қай кезде тамақ ішеді. Кәне, маған сурет бойынша кім әңгімелеп береді.*<br>***Дид ойын: Бұл қашан болады?»***<br>***Ойын шарты:*** *Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. (Алдымыздағы өзіміздің іс-әрекетіміз бейнеленген суреттерімізді қойып шығамыз).*<br><br><br><br> | *топылдаймыз.*<br>*1.Ерте ұйқыдан тұрасың.*<br>*Беті-қолын жуасың.*<br>*Айнаға қарайсың.*<br>*Шашыңды тарайсың*<br>*2. Анау бала,бетін қара.*<br>*Жуынбапты масқара.!*<br>*Тырнағы өскен,шашы көптен*<br>*Алынбапты масқара!*<br>*3. Сен кішкентай баласың.*<br>*Айтқан тілді аласың.*<br>*Көмектесін анаңа,*<br>*Үйді жинап қоясың.*<br>***Слайд***<br>***2.Енді сұрақтарға жауап береміз***<br>*1 Жеміс – жидектерді жемес бұрын не істеу керек?*<br>*(жеміс – жидектерді жақсылап жуып алу керек.)*<br>*2 Тамақтану алдында не істеуіміз керек?*<br>*(тамаққа отырар алдында қолды жуу керек)*<br>***Слайд-6***<br>***Менің атым –Сакен.***<br>***Мен спортшымын.***<br>*Спорт денсаулықты жақсартады. Спорттың қай түрін алып қарасақ та, барлығы да денсаулыққа пайдалы.*<br>*Сондықтан менің сендерге сұрақтарым бар.*<br>***Слайд***<br>*-Саған спорт ұнай ма?*<br>*-Спорттың қай түрімен шұғылданасың?*<br>*Сендерде қандай жарыстар* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Жауларымнан қыңбау үшін!*<br>*Тіл мен жағың не үшін керек?*<br>*-Ақиқатты айту үшін!*<br>*- Ал аяғың?..*<br>*- Шетте жүрсем,*<br>*Туған жерге қайту үшін!*<br>*Осыларды сақтау үшін не керек?*<br>*Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек.*<br>***Қортынды***<br>*Денсаулық ол күлуің,*<br>*Денсаулық ол жүруің,*<br>*Ешбір жерің ауырмай.*<br>*Бақытты өмір сүруің.*<br>*Балаларды мадақтау* | *келісеміз!*<br>***1 - тапсырма.***<br>***Дидактикалық ойын.***<br>***Пішіндерден үлгіге қарап бейне құрастыр.***<br><br>***2 - тапсырма. Логикалық есептер***<br>*- Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуіниніме бердім. менде неше доп қалды?*<br>*- Табақта екі алма,*<br>*Қолымда бір алма,*<br>*Інімде екі алма,*<br>*Қосқанда барлығы болады неше алма?*<br>*Бір алма атама,*<br>*Бір алма әжеме,*<br>*Бір алма апама,*<br>*Бір алма әкеме,*<br>*Нешеуін алады?*<br>*Нешеуі қалады?*<br>*2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?*<br>*3. Аулада бір үйрек,*<br>*Қорада үш үйрек.*<br>*Бір үйрек тығылды,*<br>*Бір үйрек жығылды,*<br>*Қалғаны неше үйрек?*<br>***Балалар, сендер менің тапсырмаларымды орындап жатсыңдар,, енді менімен жаттығу*** | *үйде дауысты дыбыстар,көк үйде дауыссыз дыбыстар.Енді осы екі үйдің тұрғын-дары тіл табыса алмайды екен. Біз оларды татулас-тыруымыз керекпіз.*<br>***Дид ойын: «Татуласу»***<br>*Ол үшін осы әріптерді дыбыстап көрейік. Енді, осы дыбыстардан сөз құрастырайық.*<br>***Ой дамыту кезеңі***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс. (видео көрсету)***<br>*-Балалар осы видеодан нені байқап отырмыз?*<br>*-Буын дегеніміз не?*<br>*-Буын дауысты дыбыс арқылы жасалады екен:*<br>*Мыс: ә-кел*<br>*Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады:*<br>*от, а-на, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.*<br>*Й,ң,у екі дауыстының ортасында келсе, екінші буыннан басында айтылады: жа-ңа, та-уық.*<br>***1-тапсырма (ауызша)***<br>*Педагогтың көмегімен өздерді буынға бөліп оқу.*<br>*Шеше, көке, нағашы, қалам, бөрік, қасқыр, жазушы*<br>*Әр сөздегі дауысты дыбыстарды атаңдар*<br>***2-тапсырма***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Оқу құралдарының* | <br>***Д/О: Зейінді бол!***<br>***Шарты:*** *Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.*<br>*- Алдымен кеш түседі, содан соң түн болады.*<br>*- Біз таңертеңгілік тамақты кешке ішеміз.*<br>*- Біз түнде серуендейміз.*<br>*- Күндізден кейін кеш болады.*<br>*Балалар кім маған апта күндерін атап береді.*<br>*- Апта күндеріне байланысты кім санамақ айтып береді.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Таңертең – оянамыз, жуынамыз,*<br>*Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз.*<br>*Күндіз – ойнаймыз секіреміз.*<br>*Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.*<br>*Түнде - ұйықтаймыз.*<br>***Дид ойын: «Орнын тап»***<br>***Шарты:****Балалар суреттегі (таңертең, күндіз, кеш, түн) уақытты тауып оларды ретімен орналастыруды ұсынады.* | *өтеді?*<br>*Қандай қысқы спорт түрлерін білесің?*<br>*Құрлымдалған ойын: «топтастыр»*<br>*Шарты: әр жыл мезгілдегі ойын түрлерін топтау.*<br>*Қонақтар балаларға риза болып қоштасу.*<br>***Қортынды.***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Тақырыбы: Тыныс алу мүшелері. Мұрын, Өкпе.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*«Менің көмекшілірім»*<br>*Мынау менің жүрегім,*<br>*Бәрі осыдан басталған,*<br>*Мынау басым ақылды,*<br>*Барлық істі басқарған.*<br>*Мынау менің оң қолым,*<br>*Мынау менің сол қолым*<br>*Барлық істі атқарған*<br>***Тыныс алу мүшелері туралы түсінік беру.***<br>*-Сұрақ –жауап.*<br>*–Тыныс алу мүшелеріне нелер жатады?*<br>*–Мұрынның қызметі қандай?*<br>*Тыныс алу жаттығуы.*<br>*–Ауа қайда бар деп ойлайсыңдар?*<br>*- Ол біздің ағзамыздағы қандай жолдармен жүреді?*<br>***Ой дамыту***<br>***Жаңа тақырып .***<br>*Мұрын және өкпе туралы түсінік беру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***жасауды үйренулеріңе болады.***<br>***Сергіту сәті.***<br>***Музыкамен***<br><br>***3 – тапсырма*** .<br>*Танграм ойыны.*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерді пайдаланып көлік құрастыру.*<br><br>***4-Тапсырма.***<br>***Кеңістікті бағдарлау.***<br>*Марат Қайраттың сол жағында отыр. Қайрат Серіктің оң жағында отыр. Қай бала қайда отырғанын көрсет.*<br>***Қорытынды:***<br>*Құрбақа жайлы тақпай айтайық.*<br>*Бақа, бақа, балпақ,*<br>*Басың неге жалпақ?*<br>*Темір телпек көп киіп,*<br>*Басым содан жалпақ.*<br>*Қандай тапсырмалар ұнады?*<br><br>***Мүсіндеу*** | *аттарын атау.*<br>*Заттардың атын буынға бөлу. Сөзде неше буын, неше дауысты дыбыс бар екенін анықтау.*<br>*Кі-тап, дәп-тер, қа-лам-сап, сыз-ғыш, ө-шір-гіш, қа-рын-даш.*<br>***Қорытынды:*** *сөздегі буын саны дауысты дыбысқа байланысты екенін пысықтау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Аққу болып ұшамыз*<br>*Көлге келіп қонамыз*<br>*Көлдің бетін құшамыз*<br>*Қайта самғап ұшамыз.*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын:«Кім жылдам?»*** *Әуелі бәр буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ата.*<br>*Тұз, қалам, лақ, құрт, бозторғай, қарақат.*<br>***3-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Адасқан буындар»***<br>*Берілген буындардан сөз құрау,сөздерден сөйлем құрау.*<br>*ас на та, рет ші су*<br>*лар ба ла*<br>*Астана,суретші,балалар*<br>*Буыннан сөз құралады, сөздерден сөйлем құралады.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бүгінгі сабақта біз немен таныстық?*<br>*Буын дегеніміз не?* | ***Қорытынды:***<br>*Жарайсыңдар, балалар!*<br>*Қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*Біз немен таныстық?*<br><br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *Мұрынның қызметі қандай?*<br>*Жұтқан ауамыз ішке қалай бара--ды?*<br>*Өкпенің қызметімен таныстыру.* ,<br>***Психологиялық жаттығу:***<br>*-Тыныс алу мүшелерін қалай шынықтырамыз?*<br>*«Көңілді ара» «З» дыбысын айту кезінде еркін тыныс алу.*<br>***Дид ойын: «Сабын көпіршіктері»***<br>***Шарты:*** *демді дұрыс шығарып үйрені.*<br>*Ауаның қандай қасиеттерін білдік?*<br>*Ауаны не ластайды?*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>***1 бөлім.***<br>*Бағанмен кезек-кезек жүру және жүгіру; тәрбиешінің белгісі бойынша, бағаннан оның орнын іздеумен қозғалыста бірінен соң бірін қалпына келтіру.*<br>***2 бөлім. Орамалмен жалпы дамыту жаттығулары...***<br>*1. б.қ - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, екі қолыңызда орамал, ұштарын жоғарыдан ұстаңыз. Орамал алға, жоғары, алға, бастапқы қалпына оралыңыз (4-5 рет).*<br>*2. б.қ. - аяқ иық енінде, оң* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Тақырыбы: Менің портретім.***<br>***Ой қозғау***<br>***АҚТ технол жұмыс***<br>*Адам дене мүшесінің бөлшектерін көрсетіп, түсіндіру, мазмұнын ашу.(пішіні, қозғалысы, әрекеті т.б.)*<br>*-Балалар, адам ойлау үшін не қажет?*<br>*-Барлық тұрмысқа қажетті заттарды, киімдерді т.б басқа өмірге керек заттарды кімдер ойлап тапты?*<br>***Дид ойын:«Ойлап тап»***<br>***Шарты:*** *Бұл ойында екі топқа жеке –жеке жұмбақ жасыру*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бүйір таян сол қолмен,*<br>*Көтер қанат оң жақтан,*<br>*Қайталашы сол жолмен*<br>*Иіліп тез, сәл сақтан.*<br>***Тәрбиешінің түсіндіруі:***<br>*Адам бейнесін мүсіндей әдісін көрсету, түсіндіру. Ермексаздың бүтін кесегінен созу тәсілі арқылы мүсіндеу жұмысының барысымен таныстыру.*<br>***Тәрбиеші үлгіні көрсете отырып,***<br>*балаларға адам бейнесінің жасалу жолын көрсетеді:*<br>** ермексаз кесегін жұмсартып аламыз.*<br>** Үлкен домалақ жасаймыз.*<br>** Созу тәсілімен басын, мойнын және аяқтарын* | *Буын не арқылы жасалады?*<br>*Буын саны неге байланысты?*<br>*Бір буынды сөздерде неше дауысты дыбыс болады?*<br>*Бағалау* | | *қолында орамал. Оңға бұрылыңыз, орамалды шайқаңыз, бастапқы күйге оралыңыз. Орамалды сол қолға ауыстырыңыз, сол жаққа бірдей қайталаңыз (әр бағытта 3 рет).*<br>*3. б.қ. - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, орамал екі қолыңызда төмен, ұштарыңызды жоғарыдан ұстаңыз. Отырыңыз, орамал алға, тұрыңыз, орамалды төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (4-5 рет).*<br>*4. б.қ. - аяқтың иық енінде тұрыңыз, алдыңызда бүгілген қолыңыздағы орамал. Алға қарай иілу, орамалды оңға және солға сермеу, түзу, бастапқы күйіне оралу (4-5 рет).*<br>*5. б.қ - аяқтар сәл алшақ, оң қолында орамал. Қысқа үзіліспен кезектесіп, орнында екі аяқпен секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>***«Шар жарылды»***<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Тепе-теңдік*** *- шеңберге салынған баумен жүру (арқаңыз бен басыңызды тік ұстап, бір-біріңізден қашықтықта ұстаңыз)*<br>***2. 5-6 сым арқылы екі аяқпен секіру****бір-бірінен 40 см қашықтықта төселген*<br><br>***3-бөлім.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *шығарып аламыз.*<br>** Жіңішке ширатпалар дайындап аламыз.*<br>*Балаларға адам бейнесін мүсіндеуді ұсыну*<br>*Балалардың өз бетінше жұмыстары.*<br>*Жеке көмек*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>***Шарты:** балалар бір-бірін бағалау.*<br>*Галерияны шарлау.*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | | | ***Қим ойын: «Түлкі мен тауықтар» ойыны.***<br>***«Тауықты тап».***<br>*Педагог ойыншық тауықты алдын-ала бір жерге жасырады және оны іздеуді ұсынады. Ойыншықтың қай жерде екенін байқаған кез-келген адам мұғалімге жақындап, бұл туралы оған тыныш айтады. Балалардың көпшілігі тапсырманы орындаған кезде, мұғалім ойыншықтың қасына келіп, оны әкелуге мүмкіндік береді.*<br>***Қорытынды:** -*<br>*Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің нәтижесін талдайды:*<br>*-Қандай жаттығулар жасадық?*<br>*-Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.* |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека № 10***<br>***Мұзды бақылау.*** | ***Картотека № 9***<br>***Шыршаны бақылау.*** | ***Картотека № 8***<br>***Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Картотека № 1***<br>***Қырауды бақылау.*** | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау*** |
| | ***Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-* | | | | | |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *ықтыру шаралары* | | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека № 19*** <br> ***«Орнын тап»*** <br> ***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* | ***Картотека №17*** <br> ***«Сөйлемді жалғастыр»*** <br> ***Мақсаты:*** *балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге* | ***Картотека № 16*** <br> ***«Үй жануарлары*** <br> ***Мақсаты:*** *балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстай-тынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.* | ***Картотека №13*** <br> ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** <br> ***Мақсаты****: суреттен көрген заттарының аттарынтауып, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.* | ***Картотека №9*** <br> ***«Қай жануар артық»*** <br> ***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.* |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Жеке баламен жұмыс | ***Дид ойын: «Кеңістікті бағдарлау»*** <br> ***Мақсаты:*** *балалар ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алады.* | ***Дид ойын: «Көп және біреу»*** <br> ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.* | ***Дид ойын: «Айырмашылығын тап»*** <br> ***Шарты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын тауып, өз ойын айта алады.* | ***Дид ойын: «Төртінші артық»*** <br> ***Ойын шарты:****Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді алып тастау немесе боямау керек екенін түсінеді.* | ***Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»*** <br> ***Ойынның шарты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын айыра алады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 10*** <br> ***Мұзды бақылау.*** | ***Картотека № 9*** <br> ***Шыршаны бақылау.*** | ***Картотека № 8*** <br> ***Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Картотека № 1*** <br> ***Қырауды бақылау.*** | ***Картотека № 4*** <br> ***Бұршақты бақылау*** |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: <u>мектепалды сыныбы</u>

Балалардың жасы:<u>   5жас</u>

Жоспардың құрылу кезеңі : 13.02 – 17.02.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.*<br>*Балалардың көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №3***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Картотека № 8***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>***Мақсаты:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека №10***<br>***Жер,су,ауа***<br>***Мақсаты:****балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде , ауада, суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | ***Картотека №17***<br>***«Жыл атасы»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі?* | ***Картотека №-19***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | ***Ақпан айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Отбасында гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>«Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақ егер шеңберге,<br>Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Табиғат әлемі.***<br>***Тосын сәт***<br>*Балалар Орманшы атай бізге көмек сұрап хат жолдады.*<br>***Хатты оқу.***<br>*Балалар мен суреттерді байқаусызда қиып алдым да, енді жанды және жансыз табиғаты бар суреттердің қайда екенін, адам жасаған дүниенің қайда екенін түсіне алмай қаладым. Маған көмек керек.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Орманшыға көмектесеміз бе?*<br>***Топпен жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Мозаиканы құра»***<br>*Шарты: Табиғат – тірі, жансыз немесе адам жасаған дүние мозайкасын жинау*<br>*-Жарайсың. тапсырманы орындадық.*<br>*Енді экранға назар аударамыз, не артықшылықты байқадық?*<br>***Дид ойын: «Не артық?»***<br>***Саңырауқұлақ, сәбіз, бұлт, доп.***<br>*Артық деген не? Неліктен доп артық?* | ***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол бүйірде өкшемен жүру.*<br>*Қатарға тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>*Жалпы даму жаттығулары*<br>***(Сылдырмақпен)***<br>***Б. қ: «Ара ұшты»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»***<br>***2****. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/*<br>***Б.қ. : «Қайшы»***<br>***3****. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қоян қашты»*** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Жер шары***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*-Балалар қараңдаршы менің қолымдағы доптың пішіні қандай?*<br>*- Дұрыс, ал сендер білесіңдер ме, біз өмір сүріп жатқан жердің пішіні де осындай доп сияқты дөңгелек.*<br>*- Енді экранға назар аударайық. /Жердің бейнесін көрсету/*<br>***Дид ойын: «Жер шары»***<br>*Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн)*<br>***-Күн туралы түсінік беру.***<br>*-Сұрақ – жауап .*<br>*- Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*-Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Я дыбысы және Ю дыбысы .***<br>***Ынтымақтастық атмосферасын орнату:****Біз мектепке барамыз, Өнер-білім көп оқып,*<br>*Білімнен бақыт табамыз.*<br>*Өсе берсін санамыз*<br>*Қызығушылықты ояту.*<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*«Қоянның ормандағы саяхаты. Өз үйіне оралу үшін Қоянға көмектесу».*<br>*Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.*<br>***Слайд***<br>***«Кірпінің тапсырмасы»:***<br>***1. «Ой қозғау».***<br>***Сұрақ-жауап арқылы жұмыс:***<br>*1-топ: - Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не?*<br>*2-топ: - Дыбыстар неше түрге бөлінеді?*<br>*3-топ: - Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы неде?*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Қоян сөзінде біз естімеген қандай дыбыс тұр?*<br>*-Я қандай дыбыс? Оның басқа дыбыстардан қандай айырмашылығы* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Телефон шырылдау.***<br>*-Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмеспін, маған көмек керек.*<br>*-Мен сендерге гүлдерді жібердім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қанша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар?*<br>*-Жарайды Дымбілмес*<br>*-Біздің балалар өз білгендерімен көмектеседі.*<br>***Миға шабуыл.***<br>***1-сұрақ: Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Шарты:*** *жасырған жұмбақты шешу.*<br>*1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең*<br>*Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең*<br>*Адамзат, жан жануар соның арқасында*<br>*Мәңгілік өсіп өнеген.* ***(Жер)***<br>*2. Таңмен көзін ашады*<br>*Әлем нұрын шашады****(Күн)***<br>*-Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(барлық заттар табиғатқа жатады, ал допты адам жасайды) т.б..*<br>*-Ал енді табиғат суретін өзіміз құрастырып, жапсырамыз.*<br>***Үстелде жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Табиғат әлемі»***<br>*Шарты: Әрбір кестеде суретті жасауға қажеттінің бәрі бар: ватман қағазы, қоңыр және көк жолақтар, күн, ағаш, гүлдер және адам. Мұның бәрін ватман қағазына әдемі етіп жапсыру керек осыдан* ***«Табиғат» суреті шығады.***<br>***Зертхана бұрышы.***<br>***«Табиғат кереметі»***<br>***ТӘЖІРИБЕ № 1***<br>***«Құм конусы»***<br>***Мақсаты:*** *Құмның қасиеттерін қарастыру.*<br>***Қолданылатын материалдар:*** *Құрғақ құм.*<br>***Процессі:*** *Бір уыс құрғақ құмды алып, оны бір жерге түсетіндей етіп себу. Бірте-бірте себілген сайын орнында конус пайда болады, ол биік және түбінде барған сайын үлкен аумақты алады. Егер құмды ұзақ уақыт сепсек, онда ол ағын сияқты төгіліп, қозғалады.*<br>***Қорытынды:*** *Құм қозғала алады.*<br><br>***ТӘЖІРИБЕ №2***<br>***«Қоймалар мен*** | ***4****. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/*<br>*Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>***Қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.*<br>*2. Секіру. Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Күн мен жаңбыр.***<br>***Ойын шарты:*** *Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.*<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Қайталау.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***«Қонаққа барамыз».***<br>*Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді.* | *- Жарық, жылу , су,ауа.*<br>*–Олар жылуды қайдан алады.*<br>*--Күннің пішіні қандай?*<br>*–Күннің шуағы деген не?*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Ұжымдық жұмыс.***<br>*Үлкен форматта салынған дөңгелекке күннің шуағын жапсыру.*<br>***Тақпақ жаттау. «Күн»***<br>*Қандай көркем қысқы күн*<br>*Аралап жүріп бұлттарды,*<br>*Жайлап сеуіп ол нұрын*<br>*Жарқыратар ақ қарды.*<br>*/Экранда табиғат суреті бейнеленген/ Балаларға табиғат туралы әңгімелеу. Жан-жануар, құстар, жеміс-жидектертуралы әңгімелеу*<br>***Тыныштық сәті:***<br>*Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.*<br>*Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?*<br>*Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар?*<br>*Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын:***<br>***«Өлі және тірі табиғат»***<br>***Шарты:*** *Өлі және тірі табиғатты құрастыру, сипаттама беру.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ*** *Тірі табиғатты жасыл параққа жапсыру.* | *бар?*<br>*Түсінік беру.*<br>***2.Слайд:«Түлкінің тапсырмасы».***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып айтып бер:*<br>***1-топ:*** *Са –я, А-з, Қи – р.*<br>***2-топ:*** *Ү немесе і;*<br>***3-топ:*** *П немесе б; 4-топ: Ы немесе і; 5-топ: К немесе г.*<br>***3. Слайд:*** *«Қасқырдың тапсырмасы».Өткен сабақты бекіту.*<br>***АҚТ тапсырма орындау, тексеру:***<br>*- Я дыбысы туралы не білдік?*<br>***Дид ойын: «Сөз ойла ,тез ойла»***<br>*Шарты: Я дыбысынан келетін сөздер айту.*<br>*Тақия, саябақ, бояу, сия, пияз, аяқ, ұя*<br>*Суреттерге қарап, атауында я әрпі бар сөздерді ата.*<br>***Слайд: «Аққудың тапсырмасы».***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ шешу:***<br>*Орманнан, жалпақ даладан*<br>*Кіп-кішкене арадан*<br>*Бал іздеп бір аң жортады.*<br>*Үп-үлкен боп қорқады.****Аю***<br>***АҚТ тех жұмыс. Слайд Ю дыбысы мен әрпін*** | *өмір сүре алама?*<br>*-Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?*<br>*-Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық,жылу өте қажет балалар.*<br>*3. Дәміде жоқ, түсіде жоқ*<br>*Пайдаланбас кісіде жоқ.****Су***<br>*4. Бір нәрсе жермен көктің арасында*<br>*Көрмейді өзі түгіл қарасыда*<br>*Білінбей жер бетінде жүрсе дағы*<br>*Пайдалы адамзаттың баласына* ***(ауа)***<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Бұл не?»***<br>*Шарты: Глобусты үстел үстіне қойып, не екенін сұрау.*<br>*-Глобустың пішіні қандай?*<br>*-Глобустан қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Ол түстер нені белгілейді?*<br>*-Біздің жерімізде құрғақ жер көп пе, су көп пе?*<br>*Жер ғаламшары туралы түсінік беру.*<br>*Жер бетіндегі ауа, су, жарық болғандықтан, онда адамдар, құстар, жануарлар тіршілік етеді.*<br>*Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы түсіндіру.*<br>*Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер, құстар,жануарлар т.б.)*<br>*-Тірі және өлі табиғат* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **туннельдер»**<br>**Мақсаты:** Неліктен құмға түскен жәндіктер езіліп кетпей, аман-есен шығатынын қарастыру<br>**Қолданылатын материалдар:** Қағазданнан жасалған диаметрі қарындаштан сәл үлкенірек түтік, қарындаш, құм.<br>**Процессі:** Түтікке қарындашты салу. Содан кейін түтіктің ұштары сыртқа шығып тұратындай етіп түтікшені құммен толтыру. Қарындашты алып, түтіктің мыжылып қалмағанын көру.<br>**Қорытынды:** Құм түйірлері қорғаныш қоймаларын құрайды, сондықтан құмға түскен жәндіктер аман-есен жүріп, шыға алады.<br>**Қортынды.**<br>-Жарайсыңдар балалар. олай болса, ұiә қорытындылай келе, бүгін не туралы айтқанымызды тағы бір рет еске түсірейік. (балалардың жауаптары)<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Құм қасиеті.**<br><br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Балалар табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат нешеге бөлінеді?<br>Табиғат екіге бөлінеді. | **«Үй иелері»** қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет.<br>**«Қонақтар»** тобы сыпайы жауап қайтарады.<br>**Ой дамыту.**<br>Балаларды топқа бөлу<br>Қызыл, сары, жасыл доптар<br>**І-топ. Төр бөлме.**<br>**Дид ойын: «Ойлы болсаң, озып көр»**<br>Шарты: Берілген сөздерге сөйлем құрау.<br>**ІІ –топ Асхана бөлмесі**<br>**Дид ойын: «Жүйрік болсаң, озып көр!»**<br>Шарты: Берілген әріптерге сөз айту.<br>Тағамдарды қатыстырп сөйлем құрау<br>**ІІІ-топ жатын бөлме**<br>**Дид ойын: «Жиһаздар»**<br>Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан жиһаздардың бөлігін табу, жиһаз қай әріптен басталып тұрғанын айту.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Математика**<br>**Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы.**<br>**Геометриялық денелер**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Музыка ойналады<br>-Балалар, міне керемет. Сендер не байқап | **2-топ** Өлі табиғатты құрастыру.<br>**Қорытынды.**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Қоршаған ортаны қалай қорғауымыз керек екен?<br>Балалардың жауаптары.<br>Мадақтау.<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы.**Қағаз бетінде бағдарлау.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт:**<br>Қонаққа кірпі келеді, балалармен амандасады,балалардан көмек сұрайды.<br>**Кірпі:** балалар маған көмектесіңдерші, менің қолымда қағаз бар,ол қағазда былай деп жазылған."<br>Қағаздың жоғары жағына үш алманың,төменгі жағына екі алманың суретін сал, оң жағына алмұрттың, ортасына шиенің суретін сал."-делінген.<br>Ал мен қағаздың бетін бағдарлай алмаймын.<br>Маған көмектесесіңдер ма?<br>**Ой дамыту.**<br>Суреттер көрсету.<br>Суретке қарап заттардың орналасуын ( жоғарыда, төменде) көрсетіп айтып беру. | **таныстыру.**<br>- Ю әрпін көрсету: баспа және жазба түрі.<br>- Ю дыбысын артикуля-циясына сәйкес дұрыс дыбыстатып, айтқызу.<br>-Ю дыбысының қосарланған дыбыс екенін түсіндіру: й + у = ю<br>- Ю дыбысы қандай сөздерде кездеседі?<br>- Ю–дауысты дыбыс; сөздің соңында кездеседі, й мен у-дың қосарлануынан жасалған дыбыс.<br>**Дид ойын: «Топтастыр»**<br>Я және Ю әрпі бар суреттерді топтастыру.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Қандай дыбыстармен таныстық?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру<br>Дәміде жоқ,түсі жоқ,<br>Пайдаланбас кісі жоқ. **СУ**<br>**Ой дамыту. АҚТ технологиясы.**<br>**-**Су туралы түсінік беру.<br>-Сұрақ-жауап.<br>--Су қандай зат?<br>-Оның қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай? | туралы түсіндіру.<br>Табиғат нешеге бөлінеді?<br>Күн неге жарқырайды?<br>Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?<br>Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>**2- сұрақ : Дид ойын: «Топтастыр»**<br>**Шарты:** Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** Өлі табиғатқа жататын заттардың бөлігін құрастырып, жапсыру.<br>2-топ: Қорапты жасылға бояу. Тірі табиғат заттарының жасыл қорапқа салу.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өсіп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br><br>**3- сұрақ: «Табиғатты қорғау деген не?»**<br>**Дид ойын: «Табиғатты аялайық»**<br>Әр бала тірі табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелей отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өлі, тірі табиғат.**<br>Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады?<br>-Дұрыс адамдар, құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар<br>Яғни, көбиетін, қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады.<br>Ал жансыз табиғатқа не жатады?<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Жер бетінде жатады<br>Онымен ойнайсың<br>Әр түрлі мүсін жасайсың.<br>**Құм**<br>**Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.**<br>Ал ғалымдар деген кім?<br>Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.<br>**Саяхат**<br>Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен.<br>Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді. мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б<br>Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.<br>Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік<br>Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.<br>Ал құмды не үшін | тұрсыңдар. Мынау не?<br>-Балалар шарлардың түсі қандай?<br>Қызыл, сары, жасыл.<br>-Жарайсыңдар байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы.<br>-Балалар шарлар қай жерде тұр?<br>-Біз оны қалай алсақ болады екен?<br>Мүмкін сиқырлы шарларға санамақ айтып көрсек қайтеді.<br>**Санамақ**<br>Бір дегенім бесік, шықтық одан өсіп.<br>Екі дегенім елім, далам туым көгім.<br>Үш дегенім үміт, үміт артар жігіт.<br>Төрт дегенім бақыт, бағалайтын уақыт.<br>**Музыка әуенімен шарлар төменге түседі.**<br>**-**Балалар сиқырлы шарлармен бірге тапсырма келген екен.<br>Тапсырмаларды орындаймыз ба?<br>**1-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Ұқсас затты ата»**<br>**Шарты:** Пішіндерге ұқсас затты атау.<br>Мынау қандай пішін? (дөңгелек)<br>-Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атандаршы?<br>Балалар жауабы<br>Доп не істейді?<br>Келесі пішін ол не? | Кірпінің тапсырмасын орындау.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>**1-тапсырма**<br>Алдарыңда тұрған ақ параққа сурет саламыз жоғарғы жағына үш алманың суретін салайық,қағаздың төменгі жағына екі алманын суретін салайық.<br>Енді қағазға мұқият қараңдар шатыстырып алмаңдар. оң қолдарың қайда, дұрыс оң жаққа алмұрттың суретін салайық. ақ парақтың дәл ортасын көрсетіңдерші, (балалар ортасын көрсетеді) дұрыс сол жерге шиенің суретін саламыз.<br>**2-тапсырма**<br>**Тақтамен жұмыс:**<br>Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты киіз үйдің сол жағына, көбелекті жоғары, күннің көзін оң жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру, т.б. қағаздан қиылған суреттерді магнитпен тақтаға жапсыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>«Ұшақ» балалар аяқтарын алшақ қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады. | - Адамдар суды не үшін пайдаланады?<br>(ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық..<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Су ішінде қалықтап,<br>Қәне, жүзіп алайық,<br>Оңға, солға бір қарап,<br>Денемізді бұрайық<br>**Дид ойын: «Зерттеушілер»**<br>**Тәжірибе жасау**<br>**ТӘЖІРИБЕ №1**<br>**«Судың қасиеттері»**<br>**Мақсаты:** Судың қасиеттерімен таныстыру (пішіні бар, иісі, дәмі, түсі жоқ).<br>**Қолданылатын материалдар:**<br>Әртүрлі пішіндегі бірнеше ыдыстар, су.<br>**Процессі:** Әртүрлі пішіндегі мөлдір ыдыстарға су құйып, балаларға су ыдыстың пішінін қабылдай алатынын көрсету.<br>**Қорытынды:** Судың пішіні жоқ және ол құйылып тұрған ыдыстың пішінін қабылдай алады. | әңгімелейді.<br>Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.<br>Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді.<br>Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.<br>Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.<br>Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі.<br>Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы.<br>Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Жер бетінде жатады<br>Онымен ойнайсың<br>Әр түрлі мүсін жасайсың.<br>**Құм**<br>**Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.**<br>Ал ғалымдар деген кім?<br>Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.<br>Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен.<br>Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді. мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б<br>Балалар қарандаршы құмдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалануға болады?<br>Құрылыста,ыдысжасағанда ,шыны,айна.<br>Балалар сендер ғалымдар боласыңдар.<br>**Тәжірибе алаңы.**<br>**Ой қозғау.**<br>Сендер осы табиғатты зерттейтін ғалым болғыларың келе ме?<br>**Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»**<br>**ТӘЖІРИБЕ №1**<br>**«Құм»**<br>**Мақсаты:** Құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру<br>**Қолданылатын материалдар:** Таза құм, науа, үлкейткіш әйнек.<br>**Процессі:** Таза құмды алып, науаға толтыру. Үлкейткіш әйнек арқылы балалармен бірге құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру. Ол әр түрлі болуы мүмкін; балаларға шөлде оның ромб тәрізді екенін айту. Әр бала құмды алып, оның қаншалықты сусымалы екенін сезіну.<br>**Қорытынды:** Құм сусымалы және оның құм түйіршіктері әртүрлі пішінде болады.<br>**ТӘЖІРИБЕ №2**<br>**«Шашыраңқы құм»**<br>**Мақсаты:** Шашыраңқы құмның қасиетін қарастыру.<br>**Қолданылатын** | (үшбұрыш)<br>Үшбұрышқа ұқсайтын заттарды атадаршы. (кеме, шатыр, жалау)<br>Кеме қайда жүзеді?<br>Келесі қандай пішін? (төртбұрыш)<br>Осы пішінге ұқсайтын заттарды атау. (телидидар, есік, терезе)<br>Телидидардан не көресіңдер?<br>-Тамаша, сиқырлы шарлардың тапсырмасын жақсы орындадық.<br>**2-тапсырма.**<br>Ал, енді балалар мен сендерді үстел басына шақырамын. Сиқырлы шарлардың дайындаған ойыны бар екен.<br>**Дид ойын «Геометриялық пішінге қарай заттарды топтастыру» (пазла)**<br>**Шарты:** Әр затты ұқсас белгісі бойынша топтастыру.<br>**3-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:** Балалар топ бөлмесінің ішінен пішіндерге ұқсас заттарды табу.<br>**Сергіту сәті.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 - алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**4-тапсырма.** | **Дид ойын.« Жоғарыда-төменде»**<br>Шарты: Балалар заттардың қайда орналасқандарын айтады.<br>**Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»**<br>Шарты.Тақтадағы суретке қарап,өз орындарында тез орналастырып қою керек.<br>**Қортынды**<br>Кірпі: балалар сендерге көп рахмет, маған сендердің көп көмектерің тиді.<br>Сау болыңдар. (балалар кірпімен қоштасады)<br>Балаларды мадақтау.<br>Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Я дыбысы және Ю дыбысы .**<br>**Ынтымақтастық атмосферасын орнату:**Біз мектепке барамыз, Өнер-білім көп оқып,<br>Білімнен бақыт табамыз.<br>Өсе берсін санамыз<br>Қызығушылықты ояту.<br>**АКТ технологиясымен жұмыс.**<br>«Қоянның орманнағы саяхаты. Өз үйіне оралу үшін Қоянға көмектесу».<br>Балаларды түстер арқылы | **Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Тәжірибе №2**<br>**Судың дәмі.**<br>**Мақсаты:** Судың дәмі бар-жоғын білу.<br>**Қолданылатын материалдар:** Су, үш стақан, тұз, қант, қасық.<br>**Процессі:** Тәжірибе жасамас бұрын судың дәмі қандай екенін сұрау. Осыдан кейін балаларға қарапайым қайнаған суды ішуге беру. Содан кейін бір стақанға тұз, ал келесісіне қантты араластырып, балаларға дәмін көруге беру.<br>Енді судың дәмі қалай өзгергенін айту.<br>**Қорытынды:** Судың дәмі жоқ, бірақ оған қосылған заттың дәмін қабылдайды.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Логикалық тапсырма<br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балалар айтыңдаршы математика оқу қызметінде біз не істейміз?<br>Немен танысамыз?<br>Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды?<br>(Жаңбыр тамшысын, | төбешіктер болып жатыр.<br>Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік<br>Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.<br>Ал құмды не үшін пайдалануға болады?<br>Құрылыста,ыдысжасағанда ,шыны,айна.<br>Балалар сендер ғалымдар боласыңдар.<br>**ТәжрибеNo1**<br>**1-нұсқа.** Ыдыстағы құмды түтікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия.<br>**2-нұсқа.** Қасықтың көмегімен төбешік жасау.<br>Құм қандай?<br>Сусылдақ, жылжымалы.<br>**ТӘЖІРИБЕ №2 «Дымқыл құм»**<br>**Мақсаты:** Дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру.<br>**Қолданылатын материалдар:** Дымқыл құм, құмға арналған қалып.<br>**Процессі:** Ылғал құмды алақанға алып, оны себу, бірақ ол алақаннан бөліктеп түседі. Құмға арналған қалыптарды дымқыл құммен толтырып, оны төңкеру. Құм қалыптың пішінін сақтайды.<br>**Қорытынды:** Ылғалды құмды алақаннан себу мүмкін емес, ол құрғағанға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***материалдар:*** *Елек, қарындаш, кілт, құм, науа.*<br>***Процессі:*** *Алаңды құрғақ құммен тегістеу. Құмды елек арқылы біркелкі себу. Қарындашты құмға асықпай батыру. Құмның бетіне ауыр затты (мысалы, кілт) қою. Құмдағы заттың ізінің тереңдігіне назар аудару. Науаны шайқау. Кілт және қарындашпен жанағы әрекетті қайталап жасау. Қарындаш кәдімгі құмға қарағанда, шашыраңқы құмда екі есе тереңірек түседі. Ауыр заттың ізі шашыраңқы құмға қарағанда, кәдімгі құмда айқынырақ көрінеді.*<br>***Қорытынды:*** *Шашыраңқы құм айтарлықтай тығызырақ. Бұл қасиет құрылысшыларға өте қолайлы және жақсы құм болып табылады.*<br>***Шығармашылық бұрыш***<br>*Құмға әр түрлі пішінмен сурет салу, мүсін жасау.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі..***<br>*Бағанмен кезек-кезек жүру және жүгіру; тәрбиешінің белгісі бойынша, бағаннан оның орнын іздеумен қозғалыста бірінен соң бірін қалпына келтіру.* | ***Дид ойын: «Пішіндерді боя»***<br>***Шарты.*** *Балалар тақтадағы пішіндердің түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.*<br>***5-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Қандай пішін шықты?»***<br>***Шарты.*** *Таяқшалардан таныс пішіндерді құрастырады.*<br>*Мадақтау.*<br>***Қорытынды..***<br>*Сұрақ қоя отыры қортындылау.*<br>*Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.*<br>*Балаларға жұлдызша беру.*<br><br>***Жапсыру***<br>***Тақырыбы:*** *Қысқы ағаштар келбеті.*<br>***(Дәстүрден тыс жұмыс)***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?*<br>*Жаз болса жайнап,*<br>*Саясында ән салып.*<br>*Құстар жүрген сайрап,*<br>*Салқын түссе-шешіліп,*<br>*Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>*Жұмбақ мағынасын түсіндіру.*<br>***1 .Ой қозғау*** | *топқа бөлу.*<br>***Слайд***<br>***«Кірпінің тапсырмасы»:***<br>***1. «Ой қозғау».***<br>***Сұрақ-жауап арқылы жұмыс:***<br>*1-топ: - Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не?*<br>*2-топ: - Дыбыстар неше түрге бөлінеді?*<br>*3-топ: - Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы неде?*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Қоян сөзінде біз естімеген қандай дыбыс тұр?*<br>*-Я қандай дыбыс? Оның басқа дыбыстардан қандай айырмашылығы бар?*<br>*Түсінік беру.*<br>***2.Слайд:«Түлкінің тапсырмасы».***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып айтып бер:*<br>***1-топ:*** *Са –я, А-з, Қи – р.*<br>***2-топ:*** *Ү немесе і;*<br>***3-топ:*** *П немесе б; 4-топ: Ы немесе і; 5-топ: К немесе г.*<br>***3. Слайд:*** *«Қасқырдың тапсырмасы».Өткен сабақты бекіту.*<br>***АҚТ тапсырма орындау, тексеру:***<br>*- Я дыбысы туралы не білдік?*<br>***Дид ойын: «Сөз ойла ,тез ойла»*** | *жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.)*<br>*Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба?*<br>*Ендеше бір жылда неше ай бар?*<br>*Кәне төрт мезгілді атап беріндерші?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны білім ханшайымы жіберген*<br>***1-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*1.Үйге кіргенде не ашылады...*<br>*2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді...*<br>*3. Ұйықтаған кезде не көреміз...*<br>*4.Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды...*<br>*5. Қандай тас өзенде болмайды...*<br>*6. Жабық көзбен не көруге болады.*<br>***2 тапсырма.***<br>***Дид ойын:***<br>***«Апта күндерін ата».***<br>*-Бір аптада неше күн бар?*<br>*-Атап беріндерші.*<br>*Балабақшаға неше күн барамыз?*<br>*Неше күн демаламыз?*<br>*Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?*<br>*Ал кеше аптаның қай күні* | *дейін кез келген пішінді сақтай алады. Құм суланған кезде құм түйіршіктерінің арасындағы ауалар жоғалады, дымқыл жиектері бір-біріне жабысады.*<br><br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар бізге күн, су, ауа керек па?*<br>*- Ия, күн, су, ауа бізге керек.*<br>*- Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?*<br>***- Табиғат***<br>*- Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат болып.*<br>*- Қане бәріміз қайталайық.*<br>***- Өлі табиғат және тірі табиғат.***<br>*- Өлі табиғатқа: су, ауа, жер күн, бұлт, құм, жаңбыр жатады.*<br>*- Ал тірі табиғатқа: адамдар, құстар, өсімдіктер, гүлдер, жан - жануарлар, балықтар жатады.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ***<br>*Аспан түстес сұйық,*<br>*Әркім ішер құйып.* ***(су)***<br>*(Осы сәтте аудио арқылы жаңбырдың тамшысының* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2 бөлім. Орамалмен жалпы дамыту жаттығулары**...<br>1. б.қ - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, екі қолыңызда орамал, ұштарын жоғарыдан ұстаңыз. Орамал алға, жоғары, алға, бастапқы қалпына оралыңыз (4-5 рет).<br>2. б.қ. - аяқ иық енінде, оң қолында орамал. Оңға бұрылыңыз, орамалды шайқаңыз, бастапқы күйге оралыңыз. Орамалды сол қолға ауыстырыңыз, сол жаққа бірдей қайталаңыз (әр бағытта 3 рет).<br>3. б.қ. - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, орамал екі қолыңызда төмен, ұштарыңызды жоғарыдан ұстаңыз. Отырыңыз, орамал алға, тұрыңыз, орамалды төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (4-5 рет).<br>4. б.қ. - аяқтың иық енінде тұрыңыз, алдыңызда бүгілген қолыңыздағы орамал. Алға қарай иілу, орамалды оңға және солға сермеу, түзу, бастапқы күйіне оралу (4-5 рет).<br>5. б.қ - аяқтар сәл алшақ, оң қолында орамал. Қысқа үзіліспен кезектесіп, орнында екі аяқпен секіру.<br>**Тыныс алу жаттығуы «Шар жарылды»**<br>**Қозғалыстардың негізгі түрлері.** | Қыс мезгілі және қысқы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.<br>- Сұрақ – жауап.<br>- Осы мезгілде ағаштар қандай түске енген?<br>-Неліктен? Түсіндіру.<br>-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?<br>Сөздік жұмыс. Жайрап, зулап<br>**2.Үлгіні талдау.**<br>- Түсі, пішіні қандай?<br>**3. Жұмыс жасауда жапсырудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.**<br>Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту.<br>4. Балалардың өз бетінше жұмыс жасауы. Қадағалау, көмектесу.<br>**Дид ойын: «Біздің көрме»**<br>Шарты: бір-бірінің жұмысына баға беру.<br>Шапалақ әдісімен қортындылау.Балаларды мадақтау. | Шарты: Я дыбысынан келетін сөздер айту.<br>Тақия, саябақ, бояу, сия, пияз, аяқ, ұя<br>Суреттерге қарап, атауында я әрпі бар сөздерді ата.<br>**Слайд: «Аққудың тапсырмасы».**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Орманнан, жалпақ даладан<br>Кіп-кішкене арадан<br>Бал іздеп бір аң жортады.<br>Үп-үлкен боп қорқады.**Аю**<br>**АҚТ тех жұмыс. Слайд Ю дыбысы мен әрпін таныстыру.**<br>- Ю әрпін көрсету: баспа және жазба түрі.<br>- Ю дыбысын артикуляциясына сәйкес дұрыс дыбыстатып, айтқызу.<br>-Ю дыбысының қосарланған дыбыс екенін түсіндіру: й + у = ю<br>- Ю дыбысы қандай сөздерде кездеседі?<br>- Ю–дауысты дыбыс; сөздің соңында кездеседі, й мен у-дың қосарлануынан жасалған дыбыс.<br>**Дид ойын: «Топтастыр»**<br>Я және Ю әріпі бар суреттерді топтастыру.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Қандай дыбыстармен таныстық?<br>Балаларды мадақтау. | болды?<br>Ал ертең аптаның кай күні болады?<br>Жарайсыңдар!<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Оңға,оңға түзу тұр!<br>Солға,солға түзу тұр!<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым,<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**3 тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Ойлан тап»**<br>**Шарты:** Логикалық есептер шығару.<br>1) Әсемде бар 5 кәмпит,<br>Әселде бар 2 кәмпит.<br>Қоссақ 5 пен 2-ні,<br>Қанша болар шешімі?<br>2) Кеше көл жағасында<br>Жиналды 4үйрек<br>3-і ұшып кетті неше үйрек?<br>3) Алма ағаш үстінде,<br>Он жағында 6 алма<br>Сол жағасында 4 алма<br>Алмаларды біз қоссақ<br>Нешеу болар барлығы?<br>**4 тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Көршісін тап»**<br>1,3,4,<br>Жарайсындар балалар!<br>**Қорытынды.**<br>Балалар білім ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.<br>Жарайсыңдар! | тырсылы естіледі).<br>- Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдайтын сияқты.<br>(Балалар таңырқай қарап, тыңдайды.)<br>**Ғажайып сәт**<br>- Бізге қонаққа Тамшы келіпті.<br>- Қане, балалар, қонақпен сәлемдесейік.<br>Тамшы: Сәлем, достар! Балалар, мен сендермен достасқым келеді.<br>- Тамшы, кел төрлет, біз бүгін су әлеміне зерттеу жасаймыз.<br>- Өзіңнің кім екеніңді білгің келе ме?<br>- Тамшы: Әрине білгім келеді.<br>- Ендеше сен де мұқият тыңдап отыр.<br>**АҚТ тех жұмыс.**<br>- Көп тамшыдан су пайда болады. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды. Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып оралады.<br>- Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.<br>Су - тіршілік көзі. Оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***1. Тепе-теңдік*** *- шеңберге салынған баумен жүру (арқаңыз бен басыңызды тік ұстап, бір-біріңізден қашықтықта ұстаңыз)*<br>***2. 5-6 сым арқылы екі аяқпен секіру****бір-бірінен 40 см қашықтықта төселген*<br><br>***3-бөлім.***<br>***Қим ойын: «Түлкі мен тауықтар» ойыны.***<br>***«Тауықты тап».***<br>*Педагог ойыншық тауықты алдын-ала бір жерге жасырады және оны іздеуді ұсынады. Ойыншықтың қай жерде екенін байқаған кез-келген адам мұғалімге жақындап, бұл туралы оған тыныш айтады.*<br>*Балалардың көпшілігі тапсырманы орындаған кезде, мұғалім ойыншықтың қасына келіп, оны әкелуге мүмкіндік береді.*<br>***Қорытынды:*** *-Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің нәтижесін талдайды:*<br>*-Қандай жаттығулар жасадық?*<br>*-Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.*<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Тақырыбы: Жыл мезгілдері.***<br>***Миға шабуыл***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақтарды шешу*** | | | *Білім ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен.*<br>*Балаларға сыйлықты беріп мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | *тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды.*<br>***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»***<br>***Тәжірибе №1 «Судың иісі»***<br>***Мақсаты:*** *Судың иісі бар-жоғын білу.*<br>***Қолданылатын материалдар:*** *Бір стақан қант және бір стақан тұз қосылған су, иісті ерітінді.*<br>***Процессі:*** *Балалардан судың иісі қандай екенін сұрау. Жауаптарды естігеннен кейін олардан ерітінділері бар стақандардағы суды (қант пен тұз) иіскеуін сұрау. Содан кейін суға (балалар көрмейтіндей) иісті ерітіндіні тамызу. Енді судың иісі қандай екенін сұрау.*<br>***Қорытынды:*** *Судың иісі жоқ, бірақ оған қосылған заттың иісі шығып тұрады.*<br><br>***Тәжірибе №2 «Судың түсі»***<br>***Мақсаты:*** *Судың түсі бар-жоғын анықтау.*<br>***Қолданылатын материалдар:***<br>*Бірнеше стақан су, түрлі түсті бояулар.*<br>***Процессі:*** *Балалардан түрлі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қанаты жоқ, ұшады,*<br>*Аяғы жоқ, жетеді.*<br>*Аузы жоқ, ұлиды* ***(Боран).***<br>*Арыстан арқырады, Орман жарқырады*<br>***(Найзағай).***<br>*Қанаты жоқ – ұшады,*<br>*Аяғы жоқ – қашады* ***(Жел).***<br>*Қыста ғана болады,*<br>*Ұстасаң, қолың тоңады*<br>***(Қар)***<br>***Дид ойын: «Табиғат құбылыстары»***<br>***Шарты:*** *Табиғат құбылыстарына анықтама беру. табиғат құбылыстары – әр маусымда болатын табиғи өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай т.б.).*<br>***Жыл мезгілдері туралы бейнефильмдер тамашалау.***<br>***1 – ші терезені ашу.***<br>*– Балалар, суреттен нені байқадыңдар?*<br>*Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе басайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады.*<br>***Дид ойын: «Жаз көрінісі»***<br>***Шарты:*** *А3 форматта жаз мезгілін құрастыру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*1 дегенде тұрайық,*<br>*2, 3, 4 – алақанды соғайық,*<br>*Оң жаққа бұрылып,*<br>*Сол жаққа бұрылып,* | | | | *түсті бояуларды стақан суға салып, оларды араластыруын сұрау.*<br>*Су қандай түске өзгергенін сұрау*<br>***Қорытынды:*** *Су түссіз, бірақ оған қосылған заттың түсіне өзгере алады.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол бүйірде өкшемен жүру.*<br>*Қатарға тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>*Жалпы даму жаттығулары* ***(Сылдырмақпен****)*<br>***Б. қ: «Ара ұшты»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»***<br>***2****. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/*<br>***Б.қ. : «Қайшы»***<br>***3****. Аяқтары алшақ қойылған* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз жүгіріп алайық.*<br>***2 – ші терезені ашу.***<br>***Күз туралы бейнефильмді тамашалау.***<br>*Күзде күн суыта бастайды. Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауады. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Күзде егін піседі. Егінді адамдар жинайды.Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, жерге түседі. Жан-жануарлар да қысқа азық жинайды.*<br>***Дид ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз»***<br>***Шарты:*** *Ермексаздан саңырауқұлақ мүсіндеу.*<br>***3 – ші терезені ашу.***<br>***Көктем туралы бейнефильмді тамашалау***.<br>*– Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады? Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп жылғалардан су ағады. Жыл құстары өз мекендеріне ұшып келе бастайды. Келе сала ұя салып, балапан басып шығарады. Ағаш бұтақтары бүршік жарады. Құрт-құмырсқа, аралар оянады.*<br>*– Күн күркіреп, жаңбыр жауады.*<br>***Дид ойын: «Бүршік жарған ағаштар»***<br>***Шарты:*** *Дайын ағаш макетіне жасыл ермексаздан бүршік* | | | | *, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қоян қашты»***<br>***4***. *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/*<br>*Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>***Қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.*<br>*2. Секіру. Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Күн мен жаңбыр.***<br>***Ойын шарты:*** *Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жапсыру.*<br>***4 – ші терезені ашу.***<br>***Қыс туралы бейнефильмді тамашалау.***<br>*– Ал, қыста қандай құбылыс болады?*<br>*Қыста күн суық болады. Қар жиі жауады. Ағаштардың бұтақтарын қар басып, бұтақтар иіліп тұрады. Айнала аппақ қарға оранады. Боран соғып, үскірік аяз болады. Аюлар апанында ұйқыға жатады. Өзендер мен көлдердің бетіне қалың мұз басады.*<br>*– Қар жауады*<br>***Дид ойын: «Суретші қыс»***<br>***Шарты:*** *Дәстүрден тыс май шаммен сурет салу.*<br>***Барысы:*** *Ақ қағазға майшаммен сурет салу, үстін көк бояумен бояу.*<br>***Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?»***<br>***Шарты:*** *Бөлмеде жыл мезгілдері бейнеленген орманның макеті тұр.*<br>*Осы макетте төрт мезгілдің өзіне тән белгілері шатастырылып қойылған. Сол қатені түзеулері керек.*<br>***Қорытынды****.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау*<br>*Балаларды мадақтау.* | | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека № 1***<br>*Қырауды бақылау.* | ***Картотека № 2***<br>*«Қарды бақылау»* | ***Картотека № 4***<br>*Бұршақты бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Қар жауып тұрған* | ***Картотека № 6***<br>*«Аязды бақылау»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *құбылысты бақылау.* | |
| | ***Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Баланалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | | | | | |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Балық***<br>*Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету.*<br>***Тұзбен салу. Бояулар, қылқалам, су ыдысы, қол сүлгі*** | ***Әдемі шарлар***<br>*Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіру.*<br>*Монотопия*<br>*Губка қолдану* | ***«Балапан»***<br>*Белгілі аймақтарға желім жапсыру, сол жерге көптеп күріш салу, күрішті абайлап бояу және мақта таяқшаларымен бейнені түрлендіру.Күрішпен немесе мақта таяқшалармен сурет салу.* | ***«Жұлдызды аспан»***<br>*Көктемгі түнгі аспанға балауыз шам арқылы бейне беру.* | ***Әдемі гүлдер щетка әдісі***<br>*Тіс щеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу* |
| | ***Шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Жеке баламен жұмыс | ***Картотека № 8***<br>***Дид ойын:***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>***Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеп, ажырата алады**.*** | ***Картотека № 13***<br>***Дид ойын: «Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты:** Балалар жолда жүру ережелерінің белгілерін суреттен айыра алады.* | ***Картотека №-19***<br>***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:** Балалар суреттегі сәйкессіздікті тауып, өз ойын айта алады.* | ***Картотека № 14***<br>***Дид ойын: «Қайда не өседі?»***<br>***Мақсаты:** Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя біледі.* | ***Карточка №15***<br>***Дид ойын: «Аңдарды қоректендір»***<br>***Мақсаты:** реттік санау, цифрды ретімен қоя білуді түсінеді.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | ***Картотека № 1***<br>*Қырауды бақылау.* | ***Картотека № 2***<br>*«Қарды бақылау»* | ***Картотека № 4***<br>*Бұршақты бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.* | ***Картотека № 6***<br>*«Аязды бақылау»* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 20.02 – 24.02.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.*<br>*Балалардың көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»***<br>***Мақсаты:*** *Түстер туралы түсініп, топтастыра алады.* | ***Картотека №3***<br>***Дид ойын:***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Мақсаты:*** *жыл мезгідернің атауларын біледі (қыс, көктем, жаз, күз).* | ***Картотека №7***<br>***Дид ойын:***<br>***«Нан дастарханға қалай келеді?»***<br>***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау керек екенін, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді* | ***Картотека № 5***<br>***Дид ойын:***<br>***«Жануарларды өз мекеніне орналастыр»***<br>***Мақсаты:*** *Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып топтай алады.* | ***Картотека № 8***<br>***Дид ойын:***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>***Мақсаты:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді біледі.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертенгі жаттығу | ***Ақпан айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* *Салауатты өмір салтын сақтаймыз,* *Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,*** *Мөлдір суға қолыңды жу.* *Жуынсаңсаң сен әрдайым,* *Таза бетің, маңдайың.* *«Ас дәмді болсын!»* *Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Мына аспан астында* *Жақсы дос көп табылар* *Мен де соның бірімін,* *Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім* *Ылғи күліп жүремін.* *Бірге ойнапғ бір жүрер* *Достарым көп, білемін!* | *Сиқырлы айнадан* *Өзімді көрермін.* *Бақыттан жайнаған.* *Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді* *Жолдастарым кел бері* *Толтырайық шаттыққа,* *Дөгеленген шеңберді* | *Бақыт толы шеңберге,* *Шаттық толы шеңберге,* *Қол ұстасып келдік біз,* *Жан достармыз енді біз.* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы: Қош бол қыс мезгілі.*** ***Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс.*** *Балалар, суреттерге қарайық. Қай жыл мезгілі көрсетілген? Көп қар мен айналаның бәрі қарлы ертегіге айналды! Қыс – жылдың тамаша мезгілі. Қыста бәрі қармен жабылады: үйлердің шатыры, жер, ағаштар, бәрі аппақ киім киген.* *- Қыста ауа райы қалай өзгерді (суық болды)* *- Қар туралы не айта аласыңдар (суық, үлпілдек, жұмсақ)* *- Өсімдіктер, жәндіктер, жануарлар қалай қыстайды (қыста ұйқыға кетеді)* *- Сендер қыстың қандай* | ***Дене шынықтыру.*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру. еңкейтілген тақтайшамен жоғары, төмен жүру .* *екі жалауша алып, шеңберге тұру.* ***Негізгі бөлім:*** *Жалпы даму жаттығулары Жалаушамен* ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/* ***Б. қ.: «Суда жүзу»*** ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған , жалаушалар жанға созу. Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет* | ***Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін сипаттау.*** ***Тосын сәт*** *Сиқырлы сандық келуі. Сандықшаны қар ұлпаларымен қаптап тастаған.* *Ой балалар қандай ғажап сандықша.* *Аудио дыбыс сандықшаның ішінен. Ой балалар мынау аққаланың әні ғой.* *Мұнда бір конверт жапсырулы тұр, қане ашайық.* ***Дид ойын: «Не артық»*** ***Шарты:*** *Қыс мезгіліне сәйкес келмейтін суреттерді алып тастау. (Шана, велосипед, аққала, скутер, коньки, үрлемелі шар және т.б. бейнелер )* | ***Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы: Сауат ашу еліне саяхат.*** *Қызығушылықты ояту.* ***Балалар сендерге саяхаттаған ұнай ма?*** *Біз бүгін міне осындай кемеге (суретін көрсету) отырып саяхатқа шығамыз. Өзімізді теңізшілер сияқты сезіну үшін алдарыңда жатқан теңізшілердің бас киімін киеміз.* *Дайынбыз ба?* *Ендеше тексеру алаңынан өту керекпіз.* ***Миға шабуыл.*** ***Дид ойын: «Кім білгір?»*** ***Ойынның шарты:*** *сұрақ қою арқылы доп лақтыру соған жауап беру.* ***1. Дыбыс дегеніміз не?*** *- Дыбысты естиміз,* | ***Көркем әдебиет.*** ***Тақырыбы: Қызықты қыс мезгіліне шолу.*** ***Қызығушылықты ояту*** *Балалар терезеге барайық. Қараңдаршы, біз көшеде жылдың қай мезгілін көріп тұрмыз? (қыс) Қандай белгілер арқылы білдік? (Суық, жылы киінген адамдар, қарлы ағаштар, бұлтты аспан, қар жатыр) Қар қандай? (ақ, үлпілдек, жылтырақ) Қар қайда? (Жерде, орындықта, ағаштарда)* *«Міне, қыс - айнала ақ, қар көп»* ***Ой дамыту*** ***АКТ технологиясымен жұмыс*** *Балалар, қыста аспаннан көптеген әдемі, үлпілдек, жарқыраған, нәзік қар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғат құбылыстарын білесіңдер **(боран, қар жауады, аяз)**<br>- Балалар, қыста қандай Ойындарды ұнатасың дар? **(шанамен сырғанау, аққала жасау, қарда ойнау).**<br>Осы ойын түрлерін жасап көрейік.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Менің сүйікті ойындарым»**<br>**1-топ:** Аққала жапсыру.<br>**2-топ:** Шана құрастыру.<br><br>**Ой қозғау.**<br>– Білесіңдер ма, кеше бәрің үйге қайтып кеткенде, біздің топтағы кірпі қатты ренжіді. Ол маған баладардың күн сайын жылдың осындай қызықты және тамаша мезгілі - қыс туралы еститінін, бірақ ол қысты ешқашан көрмегенін, кірпі сіздің қыстың әдемі ағаштары туралы айтқаныңызды бірнеше рет естігенін және кірпі мен де оларға қарағым келеді диді.<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, кірпіге көмектесеміз бе? Кірпі мұңаймауы үшін және оның арманы орындалу үшін не істей аламыз? Қысқы ағаштардың суретін салып, кірпіге бере аламыз.<br>- Жұмысты бастамас бұрын ағаштың қандай бөліктерден тұратынын | қайталау/<br>**Б.қ.: «Айқастыр»**<br>**3.** Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде. Оң қолдағы жалаушаны сол иыққа апару, сол қолдағы жалаушаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Қайшы»**<br>**4.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет /<br>**Б.қ.: «Құламағайлар»**<br>**5.** Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау<br>**Б.қ.: «Серіппе»**<br>**6.**Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/<br>**Қорытынды:**<br>Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«Отын» - балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады.мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.<br>2.Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Мысық тышқан»** | **Сандықша ашылды.**<br>**Онда хат бар екен.**<br>Хатты аққала жазыпты.<br>**Ой қозғау.**<br>Құрметті балалар менің досым аққала жылы жаққа барам деп еріп кетті, соны қайта орнына келтіріп беріңдерші, мен досымды жақсы көрем.<br>**Балалар көмектсеміз бе?.**<br>Тапсырмалар бойынша аққаланы құрастырамыз. Аққала қандай пішіндерден тұрады?<br>Аққаланың түсі қандай?<br>Дене бөліктерінде нелер бар?<br>Ол жылдың қай мезгілінде болады?<br>**1-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Керісінше айт»**<br>**Шарты:** Мен кімді қармен ұрсам, керісінше айтады.<br>**Мысалы:** Қар аппақ, жер қара.<br>Қар жұмсақ, көктайғақ...<br>Көктемде өзендегі мұз жұқа, ал қыста ...<br>Кейбір мұздықтар ұзын, ал басқалары ...<br>Жазда күн ыстық, қыста…<br>**Аққаланың бірінші бөлігін қоямыз.**<br>**2-тапсырма**<br>**Дид ойын: «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік»**<br>Балалар, қыс – жылдың тамаша мезгілі. Қыстың | айтамыз<br>**2.Дыбыстар нешеге бөлінеді?** екіге бөлінеді.<br>**3.Қандай- қандай болып бөлінеді?**<br>-Дауысты және дауыссыз.<br>**4. Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?**<br>-дауысты дыбыстарды қызыл текшемен белгілейміз<br>**5.Дауыссыз дыбыстарды ше? Дыбыстарды атап шығыңдар**<br>-дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз<br>**6. Дауысты дыбыс қалай айтылады?**<br>-дауысты дыбыс кедергісіз, созылып еркін айтылады.<br>**7.Дауыссыз дыбыс қалай айтылады?**<br>-Кедергімен айтылады.<br>**8. Ал, буын дегеніміз не?**<br>-Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.<br>Өте жақсы балалар сендерге ойын ұнадыма.<br>-Енді біз саяхатқа дайынбыз деп айтуға болады. **Саяхат.**<br>**Ой қозғау.**<br>Алысқа көз тігейік не көрінеді?<br>-Гүлді алқап. Осы жерге тоқтап гүл теріп алайық. (екі –үш балаға гүл жинату) Гүлдерде | түйіршіктері жауады.<br>Айтыңызшы, қыста тағы не ақ болады? (қар, қар үйінділері, шынадағы өрнектер, қардағы ағаштар, қар бүршіктері)<br>Балалар, мынау біздің үстелде не бар? (Қар).<br>Келіңдер, оны қарайық.<br>Қандай қар? (Аппақ).<br>Жайлап ұстайық (Суық)<br>**Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»**<br>**1-тәжірибе «Қарды бояуға бола ма?»**<br>**Қарды** қарапайым тағамдық бояғыштармен немесе бояулармен бояуға болады және оның қалай боялатынын, бояу қар массасына қандай жылдамдықпен енетінін дәл бақылау керек.<br>**2-тәжірибе «Еріген суды сүзу»**<br>Қардан алынған суды **сүзгіден** өткіземіз<br>Сүзгіде кір қалды.<br>Қорытынды : **Қардың құрамында кір бар** .<br>Сондықтан **қар** суы өте лас болғандықтан ішуге болмайды.<br>Жарайсың! Бүгін өте жақсы жұмыс істедіңдер.<br>-Балалар, сендерге ғалым, зерттеуші болған ұнады ма?<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *айтайық, ағашты қандай түспен саламыз, қандай сурет салу әдістерін білетінімізді еске түсіріп,*<br>***Практикалық бөлім***<br>*Дәстүрден тыс мақта таяқшасы арқылы сурет салу. Енді кірпінің көңіл-күйі көтеріледі, ол біздің сыйлықтарымызға өте риза болады.*<br>*Енді кірпіге осы ағаштардың қасында бірге ойнайтын достарын салып берейік.*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Дид ойын: «Кірпіге дос сыйлаймыз»***<br>***Шарты:** Ермексадан кірпі пішінін жасап, тіс шұқитын арқылы тікенегін жапсыру. Кірпі қуанып рақмет айтып ,достарымен бірге тұру.*<br>***Қортынды.***<br>*Тағы да қыс түсті де,*<br>*Тон жамылды қырқалар.*<br>*Қайың, терек үстіне*<br>*Қона қалды ұлпа қар.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы: Қысқы орман құпиялары.***<br>***Ой дамыту***<br>*Сендер қысты жақсы көресіңдер ме? Шана тебуді ұнатасыңдар ма? Ал қыста терезелердегі өрнектер өте әдемі, шынайы сурет үшін терезеге қарайық.* | *Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Қортындылау*<br>*Сұрақ-жауап*<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: В дыбысы мен әрпі.***<br>***Психологиялық кезең***<br>*«5»болсын алар бағамыз*<br>*Білімнен бақыт табамыз*<br>*Өнерменен өрістеп,*<br>*Өсе берсін санамыз.*<br>***Қызығушылығын ояту.***<br>***Саяхатты хабарлау.***<br>*Бүгін біз тағы да В әрпіне байланысты әлемдегі сиқырлы вагондардың көмегімен жолда кездесетін тапсырмаларды орындайтын боламыз.*<br>***«Ғажайып В дыбысы»** әлемінде саяхаттан барамыз. Ал, балалар жүрелік*<br>*Асықпай ғана мінелік*<br>*Ғажайып В - ның сырларын,*<br>*Бүгінде оқып білелік.*<br>*Ал, ендеше, балалар,*<br>*Жылдамырақ жүрелік.*<br>***аялдама***<br>***Ой дамыту.***<br>***«Білгенге маржан***<br>*В дыбысымен таныстыру.*<br>*-Қандай дыбыс*<br>*-Таңбасымен таныстыру.*<br>*Вагон сөзіне дыбыстық талдау жасау.*<br>*2 буын, 2 дауысты, 3 дауыссыз дыбыс бар.* | *қызықтары көп, мен сендерге қыста көшеде қауіпсіз жүру ережелерін еске салғым келеді,*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*(Балалар сұрақтарға жауап береді, тақпақтар оқиды).*<br>***1-слайд** . Қыста қалай киіну керек? Неліктен?*<br>***Слайд №2.***<br>*Көше көктайғақ болса, мұзбен қалай жүру керек?*<br>*Мұзда жүрсек, әрине құлаймыз, сондықтан баяу жүрген жөн*<br>***Слайд №3.***<br>*Қыста үйлердің шатырының астында жүруге бола ма? Неліктен?*<br>*Шатырдың астыда жүруге болмайды, төбеде қар мен мұз бар,мұздар құлап кетуі мүмкін!*<br>***Слайд №4**. Қандай ауа-райында коньки тебуге болмайды?*<br>*Мұздың ішінде жарықтар болған кезде*<br>*Кенеттен күн жылынғанда ...*<br>***Слайд №5** . Қыста барлық жерде шанамен төбеден сырғанау мүмкін бе?*<br>*Төбеден зырғанау жақсы, бірақ жолдар әрқашан қауіпті!*<br>*жол бойымен машиналар жылдам жүреді т.б* | *жазылған сөздерге дыбыстық талдау жасату.*<br>*Гүлдерде жазылған сөздер: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай*<br>*Мысық - С дыбысы нешінші буында тұр?*<br>***-Гүлдердің хош иісін жұтып-жұтып, саяхатымызды жалғастырайық.***<br>*-Жақсы кемемізге отырып, жолымызды жалғастырайық. Енді төмен қарайық. Қанша көп балықтар жүзіп жүр!*<br>*Кәне балық аулайық!*<br>***Дид ойын: «Балық аулау»***<br>*Шарты: Балықтардың тапсырмасын орындау.*<br>*Балықтарда жазылған сөздер: шортан, кеме, балық, өзен сөздерін буынға бөлу.*<br>***Сергіту:** Тырс-тырс жаңбыр жауады (қимылдарын көрсету)*<br>*Тамшылар тамады.*<br>*Тырс-тырс терезені қағады,*<br>*Жылғалар ағады.*<br>***Карточкалармен жұмыс:** берілген әріптер ішінен дауысты дыбыстарды қоршап алу.*<br>***- Екінші тапсырмасы:***<br>***Дид ойын: «Әріптер әлемі»***<br>***Шарты:** ойында берілген буындарды пайдаланып* | ***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы: Қардың қасиеті.***<br>***Музыкалық дыбыстар.***<br>***Тосын сәт***<br>*Перде ашылып, барлығы дамыту орталығына келеді. Көрініс қысқы орман түрінде рамкаға салынған.*<br>*- Міне, біз қысқы орманға келдік. Қысқы орманда не көріп тұрсыңдар?*<br>***Дид ойын: «Қар»***<br>***Шарты:** Қар сөзіне анықтамаларды таңдау.*<br>*Қарды тексеру (ақ, суық, таза, үлпілдек, жарқыраған, күміс, кристалды, жабысқақ, ұсақталған, ылғалды).*<br>***«Қар» сөзіне етістіктерді таңдау (барады, жатады, айналады, сықырлайды, ұшқындайды)***<br>***Шығармашылық орталық***<br>***Дид ойын: «Қар үйіндісі»***<br>***Шарты:** Қиылған суреттен құрастырып қар үйіндісін шығару.*<br>***Ой қозғау.***<br>*- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі. Қыс туралы тақпақтар тыңдау.*<br>***Уақыт мол бөлеміз,***<br>***Қыс қызығын көреміз.***<br>***Сары аязға шыңдалып,***<br>***Шымыр болар денеміз.***<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ғажайып сәт.**<br>Мұнда бір хат тұрған сияқты. Бұл біреуден келген хабарлама ғой.<br>**Педагог терезедегі жазуды оқиды.**<br>**«Құрметті балалар! Танысқаныма қуаныштымын! Мен сендерді қысқы орманға саяхатқа шақырамын. Сізді қызықты тапсырмалар мен кездесулер күтуде! «Қыс»**<br>- Бұл тамаша! Қыс бізді өз орманда серуендеуге шақырады. Ал, оның бізге не дайындағанын көрейік.<br>**Серуенге немен барамыз?**<br>Мен шанамен баруды ұсынамын. Біздің мына шанамыздың бір бөлігі жоқ. Оны табу керек.<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>**Шарты: Шананың бөлігін құрастыру.**<br>**1- аялдама. Дид ойын: «Іздер»**<br>- Балалар, аң жүгіріп өткенде қарда не қалады? **(Іздер.)**<br>- Бұл орманда көптеген жануарлар мекендейді, олар қанша із қалдырды, нағыз жануарлардың іздерін осы жерден іздейік. Осы жолдардан өтіп, не қалдырғанын білейік.<br>**Шарты:** Кілем үстіне жабайы аңдардың сұлбасы мен ізі бейнеленген | В – дауыссыз, ұяң.<br>А – дауысты, жуан.<br>Г – дауыссыз, ұяң.<br>О – дауысты, жуан.<br>Н – дауыссыз, үнді.<br>**Ал, балалар жүрелік**<br>**Вагонға тез - тез мінелік**<br>**Айналып өтіп бұл жерден**<br>**Келесі елге жетелік.**<br>**- 2 аялдама** « Сиқырлы әріптер елі» АКТ технологиясымен жұмыс.Тапсырма:<br>**Дид ойын: «Қай әріпті жоғалттым»**<br>Шарты: сөздерге жетпей тұрған дыбысты жалғау<br>Трам..ай, а..тобус т,б,<br>**Ал, балалар жүрелік**<br>**Асықпай ғана мінелік**<br>**Ғажайып В -ның сырларын,**<br>**Бүгінде оқып білелік.**<br>**Ал, ендеше, балалар,**<br>**Жылдамырақ жүрелік**<br>Саяхаттаған адамның алдынан небір қызық, жұмбағы көп әлемдер шығатынын білеміз.Ендеше бізді де жолымызда<br>**«Ғажайып жұмбақтар әлемі» күтіп тұр екен.**<br>**3-аялдама.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Үй ішінде - бөлме,<br>Бөлме іші - көлде.<br>Түрлі ұсақ - балық,<br>Жүзді сайран салып.<br>- Шешуі не екен? Аквариум<br>- Аквариум дегеніміз не, | **слайд №6.** Достармен қарлы доп ойнағанда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Қармен ойнағанда мұзды лақтыруға болмайды!<br>Жарайсыңдар!<br>Аққаланың екінші бөлігін жапсырамыз.<br>**3-тапсырма: Дид ойын: «Кім көп біледі?»**<br>**Шарты:** Қыс туралы тақпақтар айту.<br>Аққаланың үшінші бөлігін жапсырамыз.<br>**4- тапсырма: «Не жетіспейді?»**<br>**Шарты:** Аққаланың жетіспеген бөліктерін құрау.<br>Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Аққаланың қалпағын бояу, жапсыру.<br>**2-топ:** Аққаланың мұрынын, көзін мүсіндеу.<br>**3-топ:** Аққаланың сыпырғышын екі бөліктен құрап жапсыру.<br>**Тақпақ. Педагогтың көмегімен**<br>Қар жауғанда топ бала,<br>Соқты келіп аққала.<br>Мұрны сәбіз, үп үшкір.<br>Көзі көмір, қап қара.<br>Көне шелек басында,<br>Сыпырғышы қолында.<br>Мұз айдынға ойнауға<br>Келгендей ақ ол мұнда.<br>Аққалаға достарын беріп | сөз құрау.<br>РА, МА, АҚ,АП, ЛА, ТА<br><br>**Дид ойын: «Жоғалған буын»**<br>Көгер..., ...рігер, ...быз, бұл...ген, қар...ғаш, от...сы.<br><br>**«Ойыншық арқылы сөйлем құрау»**<br>Ойынның шарты. Мында көптеген нәрселер бар осы заттарды алып,сөйлем құрастыруымыз керек. Мысалы. Қасқыр. Қасқыр орманда жүреді.<br>Саяхаттан қайтатаын уақыт болды. Кемемізге мініп қайтайық.<br><br>**IV.Рефлексия.**<br>Біз қандай тапсырмаларды орындадық?<br>Бүгін ұіә барлықтарың белсене қатыстыңдар, жарайсыңдар!<br>Кәнеки, бәріміз бір-бірімізге қарап : «Жарайсың!» деп айтайық.<br><br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: Қызықты қыс мезгілі.**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Шанамен зырғып желетін,<br>Коньки, шаңғы тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын.<br>Қай мезгіл деп ойласыңдар | Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады.<br>**(Қар)**<br>Қолы мен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады көп.<br>**(Аяз)**<br>Қыста шыны боп қатады,<br>Жылыды су боп жатады.<br>**(Мұз)**<br>Мүлгіп тұрған бақ тыныш,<br>Оранып ақ күміс.<br>**(Қырау)**<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға, тым әйбат!<br>**(Мұз)**<br>Тікен, тікен, тік біткен.<br>Қысы, жазы бір түсте.<br>**(Шырша)**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Біз бүгін Нағыз ғалым ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын боламыз.**<br>Осы жұмыстың арқасында біз көптеген қызықты нәрселерді үйренеміз. Зерттеушілер **тәжірибелер** жасап, ғылыми жаңалықтар ашады. Ендеше біз бүгін бірнеше **тәжірибелер жасап , қардың** қасиеттерін анықтаймыз<br>**Ой дамыту.**<br>**Қар дегеніміз не** ?<br>**Қар –** жерге түсетін жауын-шашын түрі. Ол кішкентай мұз кристалдарынан тұрады.<br>**Қар** , жаңбыр сияқты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкалар: қоян, түлкі, қасқыр, тиін, аю, киік **Әдемі музыка естіледі.**<br>Балалар жануардың іздері бейнеленген жолдармен және оның сұлбасының соңында жүреді. Таңдалған жолмен жүріп, олар оның бойымен қай жануардың өткенін, кімнің ізі екенін болжауға тырысады, содан кейін оны болжағандарын тексереді. Педагог балаларға силуэттері бар карточкалар қыстың белгілері екенін айтады.<br>**Ой қозғау.**<br>- Сенің жолыңызбен не жүгірді? Бұл ненің ізі? Мысалы: «Менің жолыммен түлкі жүрді (жүгірді)<br>Бұл түлкі ізі», т.б.<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>Трафаретте бастыру әдісі арқылы аңдардың ізін салу.<br>**2 – аялдама: Дид ойын: «Артық не бар?»**<br>**Мұқият тыңдау**<br>-Қар ұшқыны, от, қар үйіндісі,<br>мұз. Не артық? Неліктен?<br>**- Қоян, түлкі, тиін, аю.**<br>Не артық? Аю артық. Аю қысқы ұйықтайды, бірақ басқалары ұйықтамайды.<br>Шығармашылық бұрыш.<br>**Дид ойын: «Қар үйінділері»**<br>Көк қағаз бетіне қиылған қар үйінділерін жапсыру.<br>**3 – аялдама: Дид ойын:** | білеміз бе? Көргенбіз бе?<br>-слайд Аквариум суретін көрсету.<br>Аквариум сөзі де орыс тілінен енген екен. Бұл сөздің қазақшасы қандай мағына береді деп ойлайсыңдар<br>Аквариум - қолда балық өсіруге арналған су құйылган шыны ыдыс.<br>**Аквариум сөзіне сөйлем құрау.**<br>-Мен аквариумнен түрлі балықтарды көрдім.<br>-Арман аквариумдегі балықтарға жем берді.<br>Аквариум сөзін буынға бөлдіре отырып, в дыбысының орнын анықтату.<br>-аквариумнен басқа тағы қай жерлерде балықтар болады?<br>- Өзен, көл, су тоғандарында.<br>Саяхаттан қайту<br>**Дид ойын: «Аялдамалар»**<br>Шарты: Вагондарға қандай аялдамаларда болдық соны тіркеу, атау.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Қандай әріппен таныстық?<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы: Қызықты** | жіберу.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы: Математика еліне саяхат.**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>- Балалар, сендерге аналарың бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыссын деп көтеріңкі көңіл - күй сыйлап кетті. Өйткені жақын арада аналар мерекесі болады. Сондықтан аналарыңды қуантайық.<br>**Ой қозғау.**<br>Ал, балалар, бүгін біз математика сабағында саяхатқа шығамыз. Саяхатқа шыққыларың келеме? - Жақсы.<br>Балалар бізді саяхатқа апаратын қарындаш бар екен. Көзімізді жұмайық 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді математика еліне апар. Міне біз Математика еліне де келдік.<br>- Математика сөзінің астында не көріп тұрсыңдар?<br>- Нешеге дейінгі саңдар? - Ендеше Математика сөзі неше дыбыстан тұрады екен?<br>- Бұл сандар жай сандар емес, сиқырлы сандар екен. Әр санның артында бізге | балалар?(қыс)<br>**АКТ технологиясы.**<br>Слайд көрсету.<br>Қыс мезгілі<br>(сұрақ-жауап арқылы)<br>-Қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе?<br>-Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші.<br>-Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз?<br>-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?<br>**«Мұз айдын» өлеңін Мнемо кесте арқылы мәнерлеп оқып мазмұнын ашу.**<br>Жылтыр мұздың үстінде<br>Аяқ тайып тұрмайды.<br>Керегі жоқ күштің де,<br>Коньки өзі зырлайды.<br>**Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»**<br>**Мұзға тәжірибе жасау.**<br>**1- тәжірибе.**<br>Алдымызда тұрған мұзды ұстап көрейік .<br>Мұздың түсі қандай ?<br>Мұзды ұстағанда алақанымызда не пайда болды ?<br>**2 – тәжірибе .**<br>Алдарындағы суға мұзды салыңдар?<br>Мұз батпай бетінде қалықтап жүзіп жүр. Сондықтан мұз судан жеңіл.<br>**Дид ойын: «Қар ұшқындары»**<br>- Екі қар ұшқынын аламыз | бұлттан жауады. Су буы жер бетінен өте жоғары көтеріледі. Кристалл үнемі өсіп, ақырында әдемі жұлдызға айналады. Қарды тамашалай отырып, біз **қар** бүршіктерінің пішіні ауа райына байланысты өзгеретініне назар аударамыз.<br>**Тәжірибе №1**<br>**«Қар қасиеті»**<br>- Біздің үстелде, стақанда бір кесек **қар жатыр** . Алдымен алақаныңызға қараңыз, олар қаншалықты құрғақ? **Қарды** қолыңа алып , оның не екенін айт.<br>**Қортынды:**<br>Жауаптар: суық, ақ, жарық.<br>**Тәжірибе№2**<br>**«Қардың еруі»**<br>**қолымыздағы қарға не болатынын көрейік.**<br>Қар қолымыз жылы болғандықтан еріп кетті, қар тек салқын жерде ғана өз қалпын ұстап тұрады.<br>**Қортынды: Қар еріп, суға айналды.**<br><br>**Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы: Қыс мезгілі қызықты.**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Тәрбиеші: Бүгін таңертең балабақшаға жұмысқа барсам, ақ тон киген, қалпақ киген, қолында сиқырлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітапт арқарау және тағы басқаәрекетте р) | ***Логикалық есеп жұмбақтар:***<br>*1. Бес алманың үшеуін,*<br>*Досың сұрап алады.*<br>*Айтшы сонда нешеуі,*<br>*Өз қолыңда қалады.? (екі)*<br>*2. «5» алған балаға 5 алма,*<br>*«4» алған балаға 4 алма.*<br>*«3» алған балаға 3 алма.*<br>*«2» алған балаға неше алма? (екі)*<br>*3. Бес бұтақты шыршада,*<br>*Бұтақ сайын екі алма.*<br>*Біреуін бер досыңа,*<br>*Сонда қалмақ неше алма? (шыршада алма өспейді)*<br>*4. Қолымды 1 алма, табақта 2 алма,*<br>*Қосқанда барлығын болады неше алма? (үш)*<br>*5. Бөлменің 4 бұрышы бар,*<br>*Әр бұрышта 1 мысықтан отыр,*<br>*Барлығы неше мысық? (төрт)*<br>*6. Жанып тұрған 4 майшамның 2-уі сөніп қалды.*<br>*Сонда неше майша қалды? (екі)*<br>***Дид ойын: «Түстер палитрасы»***<br>***Шарты:*** *Қатырма қағазға қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр дөңгелектер қиылған.*<br>*Осылардың ішінен бағдаршамның түстерін табу.*<br>*Сұрақтар қою.* | ***1-тапсырма*: *Қандай пішін шықты ?***<br>*Мақсаты:Таяқшалардан таныс пішіндер құрастыру.*<br>***2-Тапсырма:Қандай мезгіл?Қай уақыт?***<br>*Мақсаты.Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.*<br>*Шарты:Балаларға тәулік мезгілдері жыл мезгілдері туралы суреттер беріп ажыратуды үйрету.*<br>***3-тапсырма: Не қайда?***<br>*Мақсаты:Кеңістікті бағдарлауды үйрету.*<br>*Шарты:Слайд бойынша сұрақтар қою.*<br>*Жоғарыда не бар?*<br>*Қыздың жанында не бар?*<br>***Логикалық сұрақтар.***<br>*1.Қолда қанша саусақ бар?*<br>*2.Машинаның неше дөңгелегі бар?*<br>*3.Қоянның неше құлағы бар?*<br>*4.Сиырдың неше құлағы бар?*<br>*5.Бағдаршамның нше көзі бар?*<br>*6.Піл үлкен бе,тышқан үлкен бе?* | ***Табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру.***<br><br>*1. Орман, тоғай ішінеде қатты айғайлауға, шулауға болмайды. Аңдар мен құстарды үркітіп аламыз.*<br>*2. Бұта мен ағаш бұтақтарын сындыруға болмайды.*<br>*3. Гүлдерді жұлуға болмайды. Қызылғ жасыл гүлдерге сүйсіне қарау керек.*<br>*4. Алау жағуға болмайды. Өрт шығу қаупі бар.*<br>*5. Балық аулап, оны үйге алып қайтуға болмайды, сонымен қатар, көбелек, құс олардың балапандарын аулауға болмайды. Жануарлардың балаларына тиісуге болмайды. Олар қорғансыз екенін естен шығармауға болмайды.* | ***Су жайлы видео ролик қараймыз***<br>*Балалар ал сендер білесіңдер ме су қайдан, қалай пайда болатынын? (балалардың жауаптары тыңдалады) Дұрыс айтасыңдар. Ендеше мен сендерге толығырақ түсіндіре кетейін. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбырмен жерге түседі, арық болып ағып, өзенді құрайды, ал содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жербетіне жаңбыр болып, қайта оралады. Жаңбырдан аққан кішкентай сула рбірігіп, жылғалар болып, үлкен теңіз құрайды.*<br>***Табиғаттағы судың айналымы туралы сызба-нұсқасы***<br><br>*3.Ал, енді сендермен бірігіп бірнеше тәжірибелер* | ***АКТ көліктер.***<br><br>*Қазір көліктердің түрлері өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы:суда жүзетін,жерде жүретін,әуеде ұшатын және жер асты көліктері.*<br>***Жерде жүретін көліктерге:***<br>*Жеңіл көлік,велосипед, пойыз, автобус,троллейбус, жүк көлігі.*<br>***Әуеде ұшатын көлік түрлеріне:***<br>*Ұшақ,тік ұшақ,зымыран.*<br>***Суда жүзетін көлік түрлеріне:***<br>*Кеме,қайық жатады.*<br>***4.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы текше»***<br>*Шарты: Текшенің* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *7.Қоян жүйрік пе,тасбақа жүйрік пе?<br>8.Аспанда қанша жұлдыз бар?<br>9.Аспанда күн нешеу,ай нешеу?<br>10.Тау үлкен бе,тас үлкенбе?<br>Балаларды мадақтау* | *6. Орман, тоғай ішінде қоқыстарды тастама. Жануарлар темір банкі, сынған құмыраларды басып, аяқтарын жарақаттайды.<br>7. Жәндіктерді аяғыңмен басып жаншыма, таптама.* | *жүргізіп көрейік.*<br>***І Тәжірибе «Су — мөлдір»***<br>*● Балалардың алдына екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін, қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Суы бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. Яғни, «Су – мөлдір, сүт мөлдір емес».<br>● Балаларға бояу беріп, судыңда түсін өзгертуге болатынын да тәжірибе жүзінде біледі.*<br> | *қолына ұстап лақтырады. Көліктің қай түрі түссе, көліктің атауын атайды, не үшін қажет екенін айтады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №15***<br>*Бақбақтың өсуін бақылау* | ***Картотека №16***<br>*Бұталарды бақылау.* | ***Картотека №18***<br>*Құстардың ұшып келуін бақылау* | ***Картотека №19***<br>*Қараторғайларды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Ұяларды бақылау.* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.<br>Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.<br>Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.<br>Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту<br>Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.04– 07. 04.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека № 25***<br>***Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын: «Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Картотека № 19***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.* | ***Картотека №8***<br>***Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты****: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.* | ***Картотека №26***<br>***Дид ойын:***<br>***Бақша да ма,бау да ма?***<br>***Мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | ***Сәуір айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*<br>*Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ егер шеңберге,*<br>*Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.*<br>*Сәлем деймін күнге мен*<br>*Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Көктем гүлі*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар,бүгін күн қандай тамаша!*<br>*-Күн сен неге күлімдейсің?*<br>*Көктем келді.*<br>*Жаңбыр сен неге сіркірейсің?*<br>*Көктем келді.*<br>*-Гүлдер неге жайнайсыңдар?*<br>*Көктем келді*<br>*Құстар неге сайрайсыңдар?*<br>*Көктем келді.*<br>*Әрине,көктем келді.*<br>*-Ендеше жылдың қай мезгілі?*<br>*Б: көктем*<br>***Ой дамыту.***<br>*Іздеп-іздеп не керек?*<br>*Таптым бір гүл керемет*<br>*Гүл дегенім бірақ та*<br>*Болып шықты не?* ***(көбелек)***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс***<br>*Экраннан көбелек шығады.*<br>*Дыбыс шығару.*<br>*Көбелек біздерді ормандағы гүл алқабына саяхатқа шақырады.*<br>*Сендерге саяхат ұнай ма?* | ***Денешынықтыру***<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***«Күн- түн»***<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.*<br>***«Иілгіштер»***<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Аялайық гүлдерді.***<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Аналарға сыйлайтын,*<br>*Аралар бар жинайтын.*<br>*Бұл немене, балалар,*<br>*Үзуге адам қимайтын*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*(Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу).*<br>***Топқа бөліну***<br>***1 – топ:*** *Бәйшешектен білеміз,*<br>*Көктем келіп қалғанын.*<br>*Мәз боламыз, күлеміз,*<br>*Көрсек гүлін жарғанын.*<br>***2 - ші топ:****Алғаш рет күркіреп,*<br>*Ағыл – тегіл жауса күн.*<br>*Қырға шығар дүркіреп,*<br>*Көктем басы – жауқазын.*<br>***3 - ші топ:*** *Үлбіреген бақбақ,* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Дауысты, дауыссыз дыбыстар*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.*<br>***- Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.***<br>***Дид ойын: «Жел соғады»***<br>***Шарты: Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі. (тілдің бұлшық етін белсендіру)***<br>***«Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады.***<br>***Дид ойын: «Әртістер»***<br>*(а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту)* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер?*<br>*Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?*<br>*Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?*<br>*Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз?*<br>***Ой дамыту***<br>***Ертегі туралы түсінік беру.***<br>***Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі***<br>*Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап*<br>***Сергіту сәті***<br>*Біз гүлдерше өсеміз*<br>*Жапырағы жайқалған*<br>*Сабақтары салалы*<br>*Желге ырғалып шайқалған*<br>***Дид ойын:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***(сиқырлы таяқша)***<br>*-Онда бір сәт көзімізді жұмып,өзімізді ормандағы гүл алқабына саяхатқа барғандай сезінейік.*<br>***(үнтаспадан судың сылдыры,құстардың дауысы естіледі)***<br>*-міне,балалар гүл алаңқайына да келіп жеттік.*<br>*Гүлдердің үстінен конверт көру. Ашу.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Құлпырса, қадірлейді аялайды,*<br>*Қураса сыпырғышқа жарамайды. Бұл не?*<br>*Мағынасын түсіндіру. (ГҮЛ)*<br>*-Балалар ,бүгін біз гүлдер туралы әңгімелейміз.*<br>*Сендер қандай дала гүлдерін білесіңдер?*<br>*-Енді гүлдің құрылысымен танысайық.*<br>*(тақтаға үлгіні іліп көрсету)*<br><br>*Тамыры-өсімдіктерді жерде мұқият ұстап,сумен қамтамасыз етеді*<br>*Сабағы - жапырақтардың күнге қарай көтеріліп өсуіне көмектеседі, жапырағы-қоректі күннің көзінен алады* | ***«Айнаны сүрту»***<br>*4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.*<br>***«Көбелек ұстау»***<br>*5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.*<br>***«Серіппе»***<br>*6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. заттардың үстінен аттау. 2.Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу*<br>***Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру..*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы****:* ***Сөйлем***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** | *Үлпілдеген аппақ.*<br>*Уф! – десем, бақбақ,*<br>*Ұшасың ғой қаптап.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Гүлдер, гүлдер көк гүлдер,*<br>*Қызыл гүлдер, көп гүлдер*<br>*Өсе берші нұрланып,*<br>*Өсе берші ырғалып*<br>***Дид ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!»***<br>***Шарты:*** *үлестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:*** *Логикалық тапсырма*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген .*<br>***1-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*1.Үйге кіргенде не ашылады...*<br>*2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді...*<br>*3. Ұйықтаған кезде не көреміз...*<br>*4.Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды...*<br>*5. Қандай тас өзенде* | *Дауысты дыбыстар көңілді айтылады.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, комуникатив дағды, жаппай бақылау.*<br>***Дид ойын: «Не қандай дыбыс шығарады?»***<br>***Шарты:*** *дауыссыз дыбыстарды айту.*<br>*Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды.*<br>*Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады.*<br>*Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді.*<br>***Қортынды.***<br>*«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау*<br>***Балаларға***<br>***жақсы жұмыстары үшін алғыс білдіреді.***<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Өсімдік әлемі*<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды?*<br>*Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.*<br>***Ой дамыту:***<br>*Суретпен жұмыс*<br>*Балалар өсімдіктер қайда өседі?* | ***«Гүлге не қажет?»***<br>*Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі*<br>***Дид ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!»***<br>***Шарты:*** *үлестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру*<br>***ҮІӘ қорытындылау.***<br>*Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Бақшадағы гүлдер»*<br>***Балалармен әңгімеесу***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Көктем мезгілінде неше ай бар?*<br>*- Аттарын еске түсірейік?*<br>*- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?*<br>***Ой дамыту. АКТ технолог***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар,мына суретке қараңдаршы*<br>*-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?*<br>*-Гүлдер нешеге бөлінеді?*<br>*-Гүлдің қандай пайдасы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктемде алғаш гүлдер ұйқыдан оянғанда жәндіктерде қуанады.<br>көбелек гүлден гүлге ұшып қонып , гүлдің хош иісімен, тозаңдарымен қоректенеді.<br>Ал ара гүлден бал жинайды.<br>Біз көктемде аулаға гүлдер отырғызамыз.<br>**Сергіту сәті: «Көңілді күн»**<br>**Сиқырлы таяқша**<br>**Саяхаттан қайту.**<br>Біз саяхаттан гүлдер туралы түсінідік, ендеше сол дала гүлдерінің суретін қағаз бетіне бейнелейміз.<br>Шығармашылық орталықпен жұмыс.<br>Балаларды үш топқа бөлу.<br>**1-ші топ .** Мақталы таяқшаны пайдаланып, нүктелеу әдіс-тәсілімен түймедақ гүлінің суретін салу.<br>**II-ші топ** картоптан қызғалдақ гүлінің басын бастырма әдіс –тәсілі арқылы бастыру, сабағын,жапырағын<br>**III-ші топ** гүлдерді құрастыру<br>Балалардың жұмыстарын бағалау.<br>**Қорытынды.**<br>-балалар ,сендер қай жерге саяхатқа бардыңдар?<br>Нені кездестірдіңдер? | **Жұмбақ жасыру**<br>Өзі сондай нәзік,<br>Су құйсақ кетеді.<br>Алақанын жазып.<br>Бұл не болды, балалар?<br>**Гүл.**<br>суретін көрсету.<br>-Осы гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айтайық.<br>Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ.<br>осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту.<br>Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз.<br>-Гүл қайда өседі?<br>- Гүл қандай?<br>- Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.<br>— Далада әдемі гүл өседі.<br>— Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді.<br>Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Бой жазайық бәріміз.<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяқтарын топ-топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>**Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »**<br>**Шарты:** Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойла | болмайды...<br>6. Жабық көзбен не көруге болады.<br>**2 тапсырма.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Апта күндерін ата».**<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Атап беріндерші.<br>Балабақшаға неше күн барамыз?<br>Неше күн демаламыз?<br>Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?<br>Ал кеше аптаның қай күні болды?<br>Ал ертең аптаның кай күні болады?<br>Жарайсыңдар!<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Оңға,оңға түзу тұр!<br>Солға,солға түзу тұр!<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым,<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**3 тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Ойлан тап»**<br>**Шарты:** Логикалық есептер шығару.<br>1) Әсемде бар 5 кәмпит,<br>Әселде бар 2 кәмпит.<br>Қоссақ 5 пен 2-ні,<br>Қанша болар шешімі?<br>2) Кеше көл жағасында<br>Жиналды 4үйрек<br>3-і ұшып кетті неше үйрек?<br>3) Алма ағаш үстінде,<br>Он жағында 6 алма | Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?<br>Өсімдік өсу үшін не керек?<br>Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек?<br>**Топтарға бөлінеміз:**<br>**1-Топ: Бөлме гүлі (** бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды).<br>**2-Топ: Дала гүлі.** (Гүлдерді отырғызады.)<br>**3-Топ: Бақша гүлі**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Гүлдерге су құяйық<br>Орнымыздан жылжиық,<br>Басқа гүлге құяйық<br>**Дид ойын: «Не қайда өседі?»**<br>**Шарты:**Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр<br>**ҰОҚ қорытындылау.** Сұрақ-жауап. Бағалау<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Геометриялық ұғымдар.**<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын:«Пішіндер сөйлейді»**<br>**-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.**<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын,<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>**Үшбұрышпын, үшбұрышпын,**<br>Үш қабырғам бар бұрышпын,<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>**- Домалақпын, домалақпын,**<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты | бар?<br>-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?<br>-Көктемде қандай гүлдер өседі?<br>Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?<br>-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?<br>- Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық<br>Гүлдер,гүлдер шоқ гүлдер<br>Қызыл гүлдер,көк гүлдер<br>Бақшамызға сән бердің<br>Суарайын мен сені<br>**АКТ технологиясы.**<br>Гүлдің құрлысымен таныстыру.<br><br>**Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"**<br>**Шарты:** Тақтадағы гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына ілу.<br>**Сергіту сәті**:<br>Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)<br>Су құямын гүлге(қолмен су құяды)<br>Гүл күткенді біледі(тербеледі)<br>Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Гүлдер әлемі .Дала гүлдері.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады.<br>Ағаш басы бүршік ашып,<br>Гүл бәйшешекке толады.<br>Бөбектерім айтындаршы,<br>Бұл қай мезгіл болады?<br>-Дұрыс балалар, қазір көктем мезгілі.<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Қазір көктемнің қай айы?<br>-Көктемде табиғат өзгерістері қандай болады?<br>**Ой қозғау.**<br>Терезелердің алдында не тұрады?<br>Дұрыс айтасыңдар, ендеше бүгін гүлдер туралыәңгімелесеміз.<br>**Әңгіме жүргізу.**<br>**Сұрақ -жауап**<br>**-**Балалар сендер қандай гүлдерді білесіңдер?<br>-Топта қандай гүлдер бар?<br>Жарайсыңдар!Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады.<br>-Балалар, гүлдер үш топқа бөлінеді<br>1.дала гүлдері, 2.бөлме гүлдері, 3.емдік гүлдері.<br>(Слайд арқылы көрсету).<br>**Дала гүлдері:** бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, астра. Бұл гүлдер көктемде, | **Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Гүлдер әлемі»**<br>**Шарты:** Әр топ өзіне берілген гүлдерді құрастырып, дыбыстық талдау жасайды.<br>**1 топ: «Бәйшешек» гүлі**<br>**2 топ: «Қызғалдақ» гүлі**<br>**3 топ: «Раушан» гүлі**<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызша беру.<br><br>**Математика**<br>**Тақырыбы:** «Көрікті гүлзар»<br>**Қызығушылықтарын ояту**<br>**Қим ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Су құйсаң болды<br>Кетеді бойлап<br>Әдемі жұпар,<br>Не? Көрші ойлап?!<br>Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.<br>**Ой дамыту.**<br>АҚТ технологиясымен жұмыс<br>**Көшеге саяхат**<br>**Ой қозғау:**<br>Гүлзар қандай?<br>Гүлзар неге ұқсайды?<br>Гүлзар үлкен, биік ыдыста тұр. Оның үстіңгі қыры топырақ шашылып қалмау үшін биік етіп жасалған.<br>**Дид ойын: «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер»**<br>**Шарты:** гүлзарға топырақтың орнына, қарақұмық жармасын | Сол жағасында 4 алма<br>Алмаларды біз қоссақ<br>Нешеу болар барлығы?<br>**4 тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Көршісін тап».**<br>1,3,4,<br>Жарайсындар балалар!<br>**Қорытынды.**<br>Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.<br>Жарайсыңдар!<br>Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен.<br>Балаларға сыйлықты беріп мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Қар мұз еріп, жер көгеріп<br>Дала гүлге толады.<br>Бүршік ашып, жапырақ шашып,<br>Мерекелер болады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>бұл қай кезде болады?<br>**(көктемде).**<br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ - жауап**<br>- Ал қазір жылдың қай мезгілі? - (көктем мезгілі) | Шар сияқты домалақпын.<br>**2.1 Топқа бөлу.**<br>**А) Төртбұрыш тобына тапсырма**<br>**Дид ойын:«Ойыншықтардың үйін табу»**<br>**Шарты**: - Мына жерде биік және аласа үй бар.<br>Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.<br>**Ә)Үшбұрыштар тобына**<br>**Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»**<br>**Шарты:** Ағаш, тау, күн, бұлт, тас, көл, гүлдер т.б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша қою.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Б) Дөңгелектер тобы.**<br>**4.Геометриялық пішіндермен жұмыс.**<br>**Дид ойын:«Кім жылдам?»**<br>Шарты: Таяқшалармен құрастыру жұмысы<br>Шырша, көзілдірік, үй, қайық.<br>**ІІІ. Сылдырмақ үні. Шеңбер**<br>**Миға шабуыл.**<br>**Логикалық есептер.**<br>-Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек?<br>-Дөңгелекте неше бұрыш бар?<br>-Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді?<br>- Үй қандай пішіндерден | Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)<br>**Дид ойын: ойын:**<br>**«Гүлдерді топта»**<br>Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.<br>**Қорытынды :**<br>Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік?<br>Егерде, көңіл-күйлері көтеріңкі болса, қызыл гүлді алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, көк гүлдерді таңдауды ұсынады.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Өсімдіктер әлемі»<br>**Амандасу:**<br>Шеңбер болып тұрайық<br>Алақанды ашайық<br>Күннің нұрын шашайық<br>Таза ауаны жұтайық<br>Жүрекке жылу сыйлайық<br>Жиналған жылы шуақты<br>Бір-бірімізге шашайық<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технолооиясы.**<br>**Слайдпен жұмыс**.<br>Өсімдіктер туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жазда өседі.*<br>***Бөлме гүлдері:*** *қазтамақ, кактус, фикус, пальма. Бұл гүлдер жылдың төрт мезгілінде бөлмеде өседі. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек.*<br>***Емдік гүлдері:*** *алоэ, анис, адыраспан, түймедақ, қалампыр. Бұл гүлдер бөлмеде де, далада да өседі*<br>***Алоэ гүлі*** *- оның жапырақтары тікенекті болғанымен қолымызға кірмейді. Алоэның емдік қасиеті бар, егер де жүгіріп бара жатырып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп біраз уақыт ұстап тұрсақ, жара жылдам жазылады. (Балалар тыңдайды.)*<br>***4.Ароматерапия*** *.*<br>*Кәне көзімізді жұмайық Өзімізді гүлдердін арасында жүргендей сезінеміз.Көбелектер сияқты әр гүлге қонып жүрген сияқтымыз*<br>***5. Ой қозғау***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Иісі неткен аңқыған ,жұпар иісті*<br>*Бір өсімдік бар:*<br>*Бір көргенде сап-сары,*<br>*Бір көргенде аппақ* | *салады. Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға отырғызуды ұсыну. Оған көбелектер мен гүлдерді орнату.*<br>***Дид ойын: «Ретімен қою»***<br>***Шарты:*** *сөреге 2 гүл, ал жоғарғы сөреге 3 гүл отырғызғыш қою.*<br>***Ашық сұрақ***<br>*«Гүл қанша? Горшок нешеу? Қайсысы көп (аз): гүл ма, әлде горшок пе? 2аз ба, әлде 3 аз ба?Олардың санын тең болуы үшіни не істеу керек?»*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау*<br><br>***Сурет***<br>***Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Көктем мен жаз шыққан да,*<br>*Басына сары қалпақ киеді,*<br>*Күзге қарай қалпағы,*<br>*Қалқи ұшып кетеді. Бұл не ? (ақ матаның астынан бақбақ гүлдерін көрсету)*<br>***Ой дамыту***<br>***Бақбақ гүлдерімен таныстыру***<br>*Бақбақ гүлі көктемде алғаш гүлдейді, түсі сары болады, күз кезінде қуырап, желмен ұшып кетеді.* | *- Көктемде неше ай бар?(көктемде үш ай бар)*<br>*- Қазір көктемнің нешінші және қайсы айы? (1. Наурыз айы)*<br>*Ал аптаның қайсы күні?(аптаның бейсенбі күні)*<br>***Миға шабуыл***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*- Естілмеген құлаққа, естілмейді бірақ та ол не?* ***(бұл дыбыс)***<br>*- Дыбыс деп нені айтамыз?* ***(дыбыс деп әріптердің жуан және жіңішке айтылуын дыбыс дейміз)***<br>*Тақтаны тақылдатып ұру. Не естідіңдер? (дыбыс естідік)*<br>*- Ненің дыбысын есіттіңдер?(тақтаның)*<br>*Аудио дыбыстар қою*<br>*- Ал енді дыбыстар нешеге бөлінеді* ***(дыбыстар 2 ге бөлінеді)***<br>*- Қандай қандай болып?* ***(дауысты және дауыссыз)***<br>*- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?* ***(қызыл текшемен белгілейміз, дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз)***<br>*- Сөздер қалай құралады?* ***(сөздер дыбыстардың әріптердің бірігуінен құралады)***<br>*- Ал сөйлемдер қалай* | *тұрады?*<br>*Құрт қандай пішіндерден тұрады?*<br>*- Машина қандай пішіндерден тұрады?*<br>***Балаларды мадақтау.Смайлктер***<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | .<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үп-үлкен болып өседі*<br>***Дид ойын: «Не қайда өседі?»***<br>***Шарты:*** *Далада және үйде өсетін өсімдіктерді ажыратып орналастыру*<br>***Практикалық жұмыс:***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Шарты:*** *Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау жолдарын ретімен айту.*<br>***Сұрақтар ілмегі:***<br>*Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін қалай күту керек екен? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау.*<br>*Жақсылықты қолдаймыз,*<br>*Табиғатты қорғаймыз*<br>*Тал егеміз бақтарға*<br>*Айналасын қоршаймыз*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Үрлесең ұшып кетеді.Бұл не? (Бақбақ)*<br>*Бақбақ гүлі туралы түсінік беру.*<br>***АКТ. Бақбақ гүлі***<br><br>*Бақбақ ерте көктемде өсетін көп жылдық шөп тектес өсімдік, жапырақтары түп жағында топтасып орналасады. Шоқ бас, сары түсті гүлі жалғыздан сабақ ұшында өседі. Бақбақты егістік арасының жолдан, сайдан өзен жағасынан бастау басынан кездестіруге болады. Бақбақ түгелімен дәріге жарамды. Жемісін пісуден бұрын қазып алып, жас күйінде немесе кептіріп, дәрі жасайды. Бақбақ кішкентай күнге ұқсайды.Бақбақ көкек айынан бастап, күзге дейін гүлдейді. Бақбақ алғаш шыққанда гүлінің түсі сап-сары болғандықтан алқап сары бояуға енеді. Гүлден ақ үлпек шыққанда, алқаптың бәрі аппақ болады, сондықтан бақбақ гүлін «үлпілдек» деп те атайды.*<br>***6.Сергіту сәті:***<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап демалам.*<br>*Қанатымды бір қағып,* | ***Сөздік жұмыс:*** *бақбақ, сабағы*<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.***<br>*мақта таяқшасын сары бояуға батырып, қағаздың үстіне бастыру арқылы бақбақ гүлінің суретін салып көрсету.*<br>*Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.*<br>***Балалардың өз бетінше жұмысы***<br>*Мақта таяқшасы арқылы қағаз бетіне бақбақ суретін түсіру.*<br>***Сергіту сәті***<br>***Тербеледі ағаштар,***<br>*Жел бетімнен еседі.*<br>*Кіп –кішкентай ағаштар,*<br>*Үлкен болып өседі.*<br>*Жұмысты аяқтату.*<br>***Дид ойын : «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.*<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>***Қорытындылау.***<br>*-Балалар бүгін біз сендермен қандай гүлмен таныстық? - Бақбақтың түсі қандай ?*<br>*Балаларды мақтау.* | *құралады?* ***(сөйлемдер сөздердің бірігуінен құралады)***<br>***Ой дамыту.***<br>***Ертегі «Тынымсыз тіл»***<br>*Ауыз деген қуыста тынымсыз тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып өзіне қорған, ал екі еріннен ашылып жабылатын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар, кезек - кезек сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар көңілді ән салып жүреді екен. Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты, себебі олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып - тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжіген тынымсыз тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады екен. Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алып, біресе тіске тақалып алады екен, кейде еріннен жасалған есігін жауып алады екен.*<br>***Ертегі сендерге ұнады ма?***<br>***Дид ойын: «Сөз ойла, тез ойла»***<br>***Шарты.*** *Допты лақтырып қағып алу арқылы әр дыбысынан келетін сөздерді тез айту.*<br>***Сергіту сәтін өткізу.*** | | *Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***«Күн- түн»***<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.*<br>***«Иілгіштер»***<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,*<br>***«Айнаны сүрту»***<br>*4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Гүлдей болып жайқалам.*<br>***Дид ойын: «Мұқият бол!»***<br>*Шарты: бір неше сөздер айтылады соның ішінен «бақбақ» сөзің естісе шапалақтайды.*<br>*(Қызғалдақ,тоқылдақ, бақбақ, тақпақ, бақбақ, балмұздақ, жапырақ,бақбақ, топырақ,бақбақ,қызанақ, қуырдақ, бақбақ)*<br>***Дид ойын: «Гүлдер әлемі»***<br>***Шарты:*** *Суретте берілген гүлдерді құрастыру.*<br>***8.Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*«Трактор» - шеңбер бойы жылжымалы қадаммен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен***<br>***1.****Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту.(3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-* | | *Қорбаң, қорбаң етеді,*<br>*Орман оның мекені.*<br>*Тәтті балға тойып - ап,*<br>*Қыста ұйқыға кетеді.*<br>***Сөзжұмбақты шешу***<br>*Бізді өмірге әкелуші жан?*<br>***А - Н - А***<br>*Көктемнің екінші айы?*<br>*С - Ә - У - І - Р*<br>*3. Біздің көкке көтеріліп, желбірейтін символымыз?*<br>***Т – У.***<br>*4. Ас - атасы не?*<br>***Н - А - Н***<br>*5. Түнді жарық етуші не?*<br>*А - Й*<br>***Дид ойын: «Сөз ойла тез ойла»***<br>*Ана, Ата, Бала, Отан, Нан,*<br>***Саусақ жаттығулары.***<br>***Алыптар мен балықтар.***<br>*Теңіздегі алыптар ауыздарын ашады*<br>*Кіп - кішкентай балықтар жүзіп жылдам қашады.*<br>*1, 2, 3 - бойға жинап күш, жалқаулықты тастаймыз, жазу жазып бастаймыз.*<br>***Қорытынды.***<br>*Дауысты дыбыстар қандай үйге саламыз?*<br>*Дауыссыз дыбыстар қандай үйге саламыз?*<br>*Балалар бүгінгі ұіә сендерге ұнады ма?*<br>*Кімге қай кезеңі ұнады?*<br>*Балаларды мақтап мадақтау.* | | *шапалақтаймыз.*<br>***«Көбелек ұстау»***<br>*5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.*<br>***«Серіппе»***<br>*6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ. Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. заттардың үстінен аттау. 2.Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу*<br>***Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру..*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тук-тук»- деп айту. (3-4р )*<br>*Б.қ .келу.*<br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. (3-4 рет ) Б.қ .келу*<br>***4.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу. -з-з-з*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.*<br>*2.Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру.*<br>***Қимылды ойын:*** *«Күн мен түн»*<br>***Қортынды.*** *Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Тақырыбы:*** *Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау*<br>***Дид ойын: « Ненің дауысы»***<br>***Шарты:*** *Дыбысты ажырату. Балалар, бұл ненің дыбысы естіледі?*<br>*Балалар: құстардың дыбысы естіледі.*<br>*Құстар қай мезгілде жылы жақтан бізге ұшып келе бастайды?*<br>*-Ендеше, қазір бізде қандай жыл мезгілі?* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *- Көктемде табиғат қандай болады?*<br>*- Бүгін ауа –райы қандай?*<br>*- Көктемде қар не істейді?*<br>***Ой қозғау. Тақпақ оқу. Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңі***<br>*Гүл ектік аулаға,*<br>*Көктемде көңілді.*<br>*Бақта да, бауда да*<br>*Ақ гүлдер өрілді.*<br>*Тақпақтың мағынасын балаларға түсіндіріп ашу.*<br>***Тақпақты тірек-сызба арқылы 3 тәсілмен жаттау*** *(баяу,ақырын,тез)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Оң қолымда бес саусақ,*<br>*Сол қолымда бес саусақ.*<br>*Қосып едім екеуін*<br>*Шыға келді он саусақ.*<br>*Біздер тату баламыз,*<br>*Гүлдей өсіп жайнаймыз.*<br>***Дид ойын: "Гүлдерді құрастыр"***<br>***Шарты****: Балалардың алдарында гүлдердің бөлшектері араласып шашылып жатады, соларды бір түске келтіріп гүлдерді құрастырып қоюлары керек.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар, бүгін қандай тақпақ жаттадық?*<br>*-Тақпақ кім жайында айтылған?*<br>*Балаларды мадақтау* | | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Серуен:* | | | | | |
| | **Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | ***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды*<br>*Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*<br>*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | ***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.*<br>*- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.*<br>*- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | ***№7.*** *«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Тақырыбы: Киімдер***<br>*Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.* | ***«Әдемі өрнектер»***<br>***Міндеті:*** *Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі.*<br>***Ресурстар:****Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер.*<br>***Жүргізілу барысы:*** *Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық* | ***Сюжетті рөлді ойын «Дәрігер»***<br>***Міндеті:*** *балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Дәрігер, емделушінің ара-қатынасын түсініп, ойнай алады.* | ***Ой дамыту.***<br>*Оң, сол, астында, үстінде ұғымдары туралы түсінік беру.*<br>*Мысалдар келтіру.*<br>***Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.***<br>*1-топ қызыл түс*<br>*2- топ көк түс*<br>*3-топ жасыл түс.*<br>*Әр топқа тапсырма беру.*<br>*Тапсырма шарты: шашылып жатырған ойыншықтарды түстеріне* | ***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Шарты: Ұзын –қысқа ұғымы туралы түсінік беру.*<br>***1-тапсырма:***<br>*Балалардың суреті. Кімнің бойы ұзын .*<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *пішіндерден өрнек құрастырады* | | *қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар, ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар)* | ***2-тапсырма Ұзындығына қарай салыстыру*** *«Жылан және жұлдызқұрт* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *1-топ. Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру 2-топ. құрылыс материал-дарынан 2 қабатты үй құрастыру.* |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***АҚТ технологиясы-мен жұмыс*** *Математикалық дамытушы ойындар Сұрақ-жауап* | ***Ойын – жаттығу*** *«Қуыршықты жуындыр» Мақсаты:балалар тазалық туралы үйренеді.. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.* | ***Отан туралы мақал-мәтелдер.*** *Отан — елдің анасы Ел - ердің анасы Туған жердей жерболмас, Туғанелдей елболмас.* | ***Дид ойын: «Көп және біреу»*** ***Мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.* | ***Дид ойын: «Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау*** | ***Картотека №20 Ұяларды бақылау.*** | ***Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*** | ***Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау*** | ***Картотека № 6 Қардың алғашқы еруін бақылау*** |
| | ***Таңғы серуен картотекасын бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата-аналарға кеңес:*** *«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».* | ***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | ***Кеңес:*** *«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».* | *Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.04 – 14.04.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>*отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | ***Картотека №6***<br>***«Апта күндері»***<br>***Шарты:***<br>*Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.* | ***Картотека № 12***<br>***«Телефон»***<br>***Ойын шарты:*** *телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіндер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек.* | ***Картотека №13***<br>***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»***<br>***Шарты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.* | ***Картотека №17***<br>***«Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Ойын шарты:*** *бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.* | ***Картотека № 19***<br>***«Орнын тап»***<br>***Ойын шарты:*** *балалар үй мүліктерінің ішінен өз бөлмесіне қажетті заттарды ажыратып орналастырады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | ***Сәуір айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | |
| Таңғы ас | ***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,***<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!»*<br>*Ас құрамымен таныстыру Бала үні.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*<br>*Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ егер шеңберге,*<br>*Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.*<br>*Сәлем деймін күнге мен*<br>*Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Ғарышқа сапар»*<br>***Психологиялық тренинг***<br>*Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз*<br>*Бақыт – біздің достарға сенгеніміз*<br>*Бақыт – таңнан біреумен достасуың*<br>*Бақыт – кеште достармен қоштасуың*<br>***Ой қозғау. АҚТ жұмыс.***<br>*Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру.*<br>*-Ғарыш дегеніміз не?*<br>*-Ғарышкер дегеніміз кім?*<br>*-Қандай әуе көліктерін білесіңдер?* | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Шеңбер бойы жылжымалы қадаммен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***3.Жалпы даму жаттығулары***<br>***Жалаушамаен***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде.* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: «****Аспан әлеміне саяхат»*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу.***<br>***Сұрақ – жауап.***<br>*Бүгін Юрий ағаның*<br>*Ұшқан күні ғарышқа*<br>*Мен аспанға қараймын*<br>*Мен ғарышкер боламын*<br>*Ғарыш сондай алыс па?*<br>*Аспан, аспан арайлым,*<br>*Саған жиі қараймын*<br>*Сені көзбен шоламын*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Түсіндіру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Балалар,сендер де* | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Буындардан сөз құра. Сурет бойыншаәңгіме құрастыру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*— Балалар, біз бүгін білім еліне саяхатқа шығамыз. Ол жерде сендердің жыл бойы балабақшада не үйренгендеріңді тексереді. Сендер ондай сынаққа дайынсындар ма?*<br>*— Дайынбыз.*<br>*— Ендеше саяхатка аттанайық.*<br>***Сиқырлы таяқша***<br>***1-аялдама . «Білім елі»***<br>***"Ғалым" кездеседі.*** | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: Ғажайып күн***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Алтын таңның шуағы*<br>*Бақыт үшін туады*<br>*Қайырлы таң достарым*<br>*Жарық күннің тұрағы!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Таңертең көзін ашады,*<br>*Әлемге нұрын шашады.*<br>*(Күн)*<br>***Ой дамыту. АҚТ*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапта рқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***«Коломбовое яйцо» ойыны***<br>*Шарты: 6 түрлі дөңгелек пішіндер арқылы бақаның бейнесін құрастыру.*<br><br><br><br>***Дид ойын: «Тез ойла»*** | *Хайуанаттар бағы – жан – жануарларды бір араға жиып, көпшілікке көрсету шараларымен шұғылданатын мекеме.*<br>***1-тапсырма Жұмбақтар***<br>*1.Қалқиып қос құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады.*<br>*(Қоян)*<br><br>*2.Қорықпайды күшті аңнан,*<br>*Қорқады тек тышқаннан* ***(Піл)*** | ***Логикалық есеп: «Нешеу?»***<br>*1) 5 қонжық орманға,*<br>*Бара жатты қорбаңдап.*<br>*Бірі олардың шаршады,*<br>*Әрі қарай бармады.*<br>***Қанша қонжық кетті алда?***<br>*2) Менде болды 3 алма,*<br>*Бердім досыма 1 алма.*<br>***Қалды сонда неше алма?***<br>*3) Тарелкада 4 алмұрт,*<br>*Батыр алды біреуін.*<br>***Қалды сонда неше алмұрт***<br>*- Тоқ - тоқ, (3 саны жауап береді).*<br>*- Алаңқайдағы үйшікке 4 саны келіп, есік қағады.*<br>*- Мынадай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің.*<br>***3-тапсырма «Жануарларды құрастыр»***<br>*Егер жұмбақтың жауабын тапсақ, қандай* | ***Логикалық есептер***<br>*- Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін иніме бердім. менде неше доп қалды?*<br>*- Табақта екі алма,Қолымда бір алма,Інімде екі алма,Қосқанда барлығы болады неше алма?*<br>*Бір алма атама,Бір алма әжеме,Бір алма апама, Бір алма әкеме,Нешеуін алады? Нешеуі қалады?*<br>*2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?*<br>*3. Аулада бір үйрек,Қорада үш үйрек. Бір үйрек тығылды,Бір үйрек жығылды,Қалғаны неше үйрек?* | ***«Коломбовое яицо» ойыны***<br>*Берілген үлгіге қарап бөліктерден бейнелер құрастыр.*<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *1. Құста неше тұмсық бар?*<br>*2. Адамда неше көз бар?*<br>*3. Үшбұрышта неше бұрыш бар?*<br>*4. Екі қоянның неше құлағы бар?*<br>*5. Жұлдызда неше бұрыш бар?*<br>*6. Бос ыдыста неше алма бар?*<br>*7. Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?* | <br>*3.Айбарлы түрі бар,*<br>*Қанжардай тісі бар,*<br>*Тұма бойында*<br>*Тасыған күші бар*<br>*Күжірейген жалды.*<br>*Білсең айт бұл аңды.*<br>***(Арыстан)***<br><br>*4. Қаңғырамын,үйім жоқ,*<br>*Ауылдардың қойы көп.*<br>*Ұрлық,зорлық кәсібім,*<br>*Танамақтанар-нәсібім.***(Қасқыр)**<br><br>***2-тапсырма***<br>***Сурет бойынша әңгіме жүргізу.***<br>*Хайуанаттар бағы бейнеленген суретті пайдаланып, әңгіме құрастырады. - Қасқыр – ит тұқымдас жануар. Түсі – сұр. Оны жыртқыш дейді. Қасқырдың баласын бөлтірік деп атайды.*<br>*- Қоян – ұзын құлақ жабайы жануар. Қоянды* | *жануарларды құрастыратындарыңды білетін боласыңдар.*<br>***Жұмбақтар***<br>*Үстінен тоны түспеген,*<br>*Сонда да араз қыспенен.*<br>***(Аю)***<br>*Еріксе,*<br>*Құйрығымен ойнайды.*<br>*Зеріксе,*<br>*Ұйқыға бір тоймайды.*<br>***(Мысық)***<br>***Қорытынды:*** *Алаңқайдағы үйшікке қандай сандар келді? Ұнаған санның тапсырмасын айтып бер? Қандай жануарларды құрастырған ұнады? Ол қай ертегіден?* | ***Дид ойын: Кім тапқыр:***<br>***Жұмбақтар***<br>*1.Адамға серік,*<br>*Күзетке берік.* ***(Ит)***<br>*2.Жүрегі бар, ізі жоқ,*<br>*Қанатты бар, ұшпайды.*<br>*Су астында қыстайды.*<br>*(Балық)*<br>*3.Сұм жүзді,*<br>*Құралай көзді,*<br>*Киікше секірген,*<br>*Бура санды,*<br>*Жолбарыс тонды.* ***(Бақа)*** |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *үйде де асырайды. Оның түсі аппақ, сұр болады.......* | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Кеңістікті бағдарлау.*** ***Мақсаты:*** *балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуді үйрету* | ***«Көп және біреу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.* | ***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету* | ***«Төртінші артық»Ойын шарты:*** *Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.* | ***«Жол картасын бейнеле»*** ***Ойынның мақсаты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 12*** *Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 13*** *Күнді бақылау.* | ***Серуен № 6*** *Ауа райын бақылау.* | ***Серуен № 2*** *Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 9*** *Күннің көзін бақылау.* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Тәрбиеші:*** *Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.* | ***Медбике:*** *Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу.* | ***Тәрбиеші:*** *Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу.* | ***Педагог-психологтың кеңесі:*** *Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру.* | ***Тәрбиеші:*** *Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 15.05 – 19.05.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | *Балаларды қабылдау,* ***дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | *Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу*<br>*Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.* | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №6***<br>***«Табиғат құбылыстарын ажырат»***<br>***Міндеті:*** *Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | | ***Картотека № 8***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>***Міндеті:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | | ***Картотека №10***<br>***Жер,су,ауа***<br>***Міндеті:*** *балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде ,ауада,суда не болатыны дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | | ***Картотека №-19***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Міндеті:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | | ***Картотека №3***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Міндеті :*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | | | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | ***Мамыр айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*<br>*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* | | | | | | | | | |
| Таңғы ас | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>*Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз* | | | | | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Бақыт толы шеңберге,*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қол ұстасып келдік біз,*<br>*Жан достармыз енді біз* | | *Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.* | | *Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөңгеленген шеңберді.* | | *Дос болайық, бәріміз,*<br>*Жарасып тұр әніміз.*<br>*Тыныштықты сақтаймыз,*<br>*Атсын күліп таңымыз.* | | *Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!* | |
| Білімберу ұйымыныңкестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: орманға саяхат***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Аудио дыбыс телефоннан.***<br>*Құрметті балалар мен сендерді өз Орманыма, орман* ***патшалығына*** *қонаққа шақырамын.*<br>*Орман* ***патшалығы*** *өте бай,сұлу, мейірімді және жылулық береді. Менің* | | ***Денешынықтыру***<br>***1. Кіріспе***<br>***2. Сәлемдесу.***<br>***Шеңбермен жүру.***<br>*Педагогтың артынан жүру,жүгіру.*<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***Негізгі бөлім*** | | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: Орман тұрғындары.***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*- Бүгін біз орман алқабының кішкентай тұрғындары – жәндіктерге қонаққа барамыз. Саяхатқа дайындалу:*<br>***Кинезиологиялық*** | | ***Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Дыбыс, буын, сөз, сөйлем***<br>***Дид ойын «Бинго»***<br>***ойын арқылы өткен дыбыстарға сөз ойлау.***<br>*-Дыбыс пен әріптің айырмашылығы неде?*<br>*- Дыбысты естиміз, әріпті көреміз, жазамыз.*<br>*Әріп деген не десең?* | | ***Көркем әдебиет***<br>*Тақырыбы: Су өмір байлығы.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Дәміде жоқ,түсі жоқ,*<br>*Пайдаланбас кісі жоқ.* ***СУ***<br>***Ой дамыту. АКТ технологиясы.*** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сиқырлы, дана орманым<br>Ертегілер мен ғажайыптарға толы!<br>**Сендерді күтемін.!**<br>Балалар, сендерге ертегілер мен ғажайыптар ұнай ма? (Иә.) Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.)<br>Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз<br>- егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?<br>**Балалар схема бойынша ережелерді атайды.**<br>**-**Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз<br>-Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.<br>-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.<br>Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.<br>Біз орманға пойызбен барамыз. Поезды дұрыс жөндеп алайық<br>**Дид ойын: «Поезд»**<br>**Шарты: Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру.**<br>Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден поезд құрастырдық?<br>Түстері қандай?<br>Вагондардағы орынымызға отырамыз. | **Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен**<br>**-**Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ .келу.<br>**-** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.<br>Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4р) Б.қ.<br>**-** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ<br>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу. -з-з-з<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**«Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру»<br>**5.Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн»<br>**Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау<br><br>**Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Сөздер және дыбыс**<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту**<br>«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат<br>**Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар** | **жаттығу «Айқасқан қадамдар»**<br>Біз аяқтарымызды жоғары көтеріп, орман алқабына шықтық,<br>Шөптер мен бұталар арқылы, діңгек бұтақтары арқылы.<br>Епті сүрінбей жүреміз<br>**Тосын сәт**<br>Балалар жасыл дастарханмен жабылған үстелге келеді, оның үстінде тек гүлдер мен хат бар. Педагог балалардың назарын алаңқайда ешкімнің жоқтығына аударады.<br>– Қараңдаршы, ашық жерде ешкім жоқ, мен бірде-бір жәндік көрмеймін. Тек хат тұр, қызық кімнен екен?<br>**Ол хатты оқиды: «Қымбатты балалар, біз қиыншылыққа тап болдық, бізді зұлым өрмекші сиқырлады, көмек керек»**<br>-Ал жәндіктерге көмектесу үшін сіз бен біз де жәндікке айналамыз. Менде бізге көмектесетін сиқырлы гүл бар. Сиқырлы гүлді алып, сөздерді айту. Көзімізді жұмамыз, гүл гүл, бізді жәндіктерге айналдыр! Міне, біз жәндіктерге айналып, орман алқабына ұшамыз.<br>**Өрмекшінің бірінші** | Ол – дыбыстың таңбасы.<br>Оқып, біліп үйренсең,<br>Боласың сен сауатты.<br>**ІІ. Ой қозғау**<br>**Дид ойын «Сөз тізбек»**<br>**Шарты:** сөздер неге қатысты екенін табу<br>- Шана, суық, тайғақ, қар, аққала, боран - неге байланысты?<br>**- Ауа – райына , қыс**<br>Мектеп, аурухана, байланыс бөлімшесі, мұражай, мәдениет үйі.<br>- Бұл тізбек неге байланысты айтылған? **- Ғимарат**<br>Балалар әрбір тіршілік иесінің өздерінің тұратын жері, мекені болады екен.<br>- Мысалы адамдар үйлерінде, құстар ұясында, малдар<br>қорасында, ал аңдар өз апандарында өмір сүреді екен, мен қазір сендерге сол туралы ертегі айтып берейін.<br>**3. Ой дамыту.Ертегі**<br>Баяғыда бір патшалықта емес, мемлекетте емес тура өзіміздің осы аузымыз болыпты. Үйдің төбесі таңдай, еден дегеніміз төменгі таңдай, үйдің екі қабырғасы екі жағы болыпты. Ал үйдің есігі екі ерін, оның ішінде есік бекем болу үшін қойылған сүйек шарбақтар бар екен, ол – тістер. Бір күні осы үйге, | **-**Су туралы түсінік беру.<br>-Сұрақ-жауап.<br>--Су қандай зат?<br>-Оның қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады?<br>(ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық..<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық, Су ішінде қалықтап,<br>Қәне, жүзіп алайық, Оңға, солға бір қарап, Денемізді бұрайық<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Зерттеушілер»**<br>**Тәжірибе жасау**<br>**1-топ. Сүт пен суға тәжірибе**<br>Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейті-нін бақылайды. **"Су - мөлдір"**<br>**2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе.**<br>Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады. **"Суда дәм жоқ"**<br>**3-топ Бояулармен.**<br>Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар. Ш-Ш-Ш-Ш<br>Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді.(АҚТ технол)<br>Біз **Орман станциясына** келдік ! Вагондардан түсейік! Енді жолмен жүреміз<br>Біз тар жолмен келе жатырмыз , төбешіктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз **орман үйіне** , сиқырлы дана орманға келдік!<br>Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.<br>Балаларға тапсырма диді.<br>**1-тапсырма:** Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар<br>**Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ? ( Ағаштар .)**<br>**2-тапсырма:** Менің патшалығым қалай аталады ? **(Орман.)**<br>Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып , **орманның** әуенін тыңдайық. Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .<br>**Ой дамыту.**<br>**Ағаштар туралы әңгіме**<br>(көрнекі үлгілерді пайдалану)<br>**Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп .** | **көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.**<br>**Дид ойын: «Әртістер»**<br>Шарты: Дауысты дыбыстарды айту<br>**Дид ойын «Кедергілер»**<br>Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Оған тіліміз, тісіміз, ерніміз кедергі жасайды.<br>**ІІІ. Ойдамыту**<br>**Әңгіме оқу «Ала бұзау»**<br>**Әңгіме желісі бойынша сұрақтар**<br>Жел соққанда қандай дыбыс шығады? Жел уілейді.У-у-у-у<br>Ағаштардың жапырағы шулайды. Қандай дыбыс естіледі? Ш-ш-ш-ш<br>Масалар да көп екен тоғайда. Қандай дыбыс естиміз? З-з-з-з<br>Ескендрдің – Ақтөс иті ырылдайды Қайтіп? Р-р-р-р<br>Ақтөске жылан айбат шекті. Қалай? С-с-с-с<br>Кенетоларды араларқуды .Қайтіп? Ж-ж-ж-ж<br>Ала бұзау дыбыс шығарды. | **тапсырмасы:**<br>«Жұмбақтарды шешіп, суреттерді құрастыр»<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты: Жұмбақтың шешуінен шыққан жәндікті құрастыру.**<br>Жұмбақты айту, балалар шешіп, суреттін тауып, тақтаға іледі.<br>Қалған балалар алдарындағы суретті құрастырады.<br>**Инелік**<br>1. Жұмбақтың жауабын табуға қандай сөздер көмектесті? Жауап.<br>2.Хош иісті гүлдердің шырынын ішеді,<br>Бізге балауыз бен бал береді.<br>**(ара).**<br>Оның ара екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті?<br>3. Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай<br>**/құмырсқа/**<br>- Оның құмырсқа екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті?<br>- Суретте бейнеленгендерді бір сөзбен қалай атауға болады?<br>Барлық жәндіктердің басты ерекшелігі неде?<br>(Барлық жәндіктердің 6 аяғы бар.)<br>**2- Тапсырма**<br>**Ой қозғау.** | яғни ауызға жылан кіріп орнығып алады, сүйтіп зұлымдық істерін жасай бастайды. Көңіл - күйі жақсы болғанда ол дыбыстарды емін - еркін өткізіп жібереді, мысалы былай А, О, Е, И, Ы, У. Бұл дыбыстар үстіне қызыл көйлек киіп есіктен емін - еркін өтіп шығып жатады. Ал кейбір дыбыстардың жолына сұр жылан түрлі кедергі жасап есікті жауып қояды. М - м - м, Н - н - н, Т - дыбысы шығар кезде тіпті таңдайға жабысып қалады. (қане, осы дыбыстарды бәріміз қайталап айтып көрейік, бұл дыбыстар есіктен сыртқа өте алмай тұр). Сөйтіп сұр жылан дыбыстарды ысылдауға, шырылдауға, қырылдауға мәжбүр етеді. Біресе сұр жылан дыбыстарды құйрығымен ұрады Р - р - р. Бұл дыбыстар ауыздан емін - еркін шыға алмайды, сондықтан олар көк көйлек киіп шығады. Сонымен, емін - еркін шыққан дыбыстар дауысты, қысылып шыққан дыбыстар дауыссыз болып екіге бөлініп қалады. Қызыл көйлек киген дауысты дыбыстар өз - өздерімен, көк көйлек киген дауыссыздар өз - өздерімен жүріп жатады. Оларды жекелей ешкім түсінбейді, | пайда болғанын бақылау.<br>**"Су - түссіз"**<br>**4- топ. Су және ванилин**<br>**Яғни:"Судың иісі жоқ"**<br>**Рефлекция**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Су қандай? Балалардың жауабы.**<br>**Ө Тұрманжанов**<br>**«Табиғатты аялайық»**<br>Сүйейік табиғатты, аялайық!<br>Біз де онан жақсылықты аямайық!<br>Анадай табиғаттың аясында<br>Жадырап жас балаша дем алайық!<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Теңіз тұрғындары**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Жұмбақ шешу**<br>1. Жер бетінде бір шықпас,<br>Су түбінде тұншықпас<br>Сөйлемейді, үндемейді.<br>Пісірсе оны кім жемейді.<br>**(Балық)**<br>2. Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Қанаты бар ұшпайды,<br>Су астында қыстайды.<br>**(Балық)**<br>**Ой дамыту**<br>**АКТ технологиясымен жұмыс**<br>-Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ағаш дегеніміз не ?***<br>*(Ағаш - ең үлкен өсімдік.*<br>***Оның бөліктерін ата.***<br>*(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)*<br>***Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?*** *(Иә.) Неге?*<br>*(Ол өседі, тыныс алады)*<br>***Дид ойын: «Ретімен жаса»***<br>*Үстелде* ***ағаш бөліктерінің*** *(тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар, ) аралас графикалық үлгілері бар .*<br>***Ағаштың құрылысының ретін құрастыру.***<br>*Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету. (біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар* ***ағаш тәжін құрайды*** *).*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, орман нелердің үйі? Жануарлар мен құстардың.*<br>***Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?***<br>*Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады? (Тиін) .*<br>***Індерде қандай жануарлар тіршілік етеді?*** *(түлкі, тышқан.)*<br>***Орманда қандай құстар мекендейді?*** *(Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)*<br>*Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес,* | *Қайтіп? Мө-мө-мө-мө*<br>*Бәріміз бірге шақырайық бұзауды. Қалай?*<br>*Ауқау-ауқау-ауқау*<br>*Балалар, біз сонда әртүрлі дыбыстарды естідік.Біз дыбыс-ты құлағымызбен естиміз, аузымызбен қайталаймыз.*<br>*Сонда біз дыбыстарды естиміз.*<br>***Дид ойын: «Дыбыстар үйі»***<br>*Шарты: Дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстар үйін құрастыру*<br>***Қортынды:***<br>***Дид ойын: «Дыбысынан таны»***<br>*Шарты: үнтаспадан жан-жануарлардың дыбыстарын ести отырып ажыратады.*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:Геометриялық ұғымдар.***<br>***Көңілді шеңбері.***<br>*Қолды көкке созайық,*<br>*Азайтайық, қосайық.*<br>*Пішіндердің сарайын,*<br>*Кәне бірге ашайық.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Пішіндер сөйлейді»***<br>***-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.***<br>*Төрт қабырғасы бар бұрышпын,*<br>*Қай жағынан қарасаңда,*<br>*Төрт қабырғам тең бұрышпын.* | ***- Жыртқыш жәндіктерді атаңдар (инелік, шегіртке, ледибука)***<br>*Неліктен оларды жыртқыштар деп атайды? (Өйткені олар басқа жәндіктерді аулайды.)*<br>***- Пайдалы жәндіктерді ата.(көбелек, ара, құмырсқа).***<br>*- Ара, көбелек, құмырсқа қандай пайда әкеледі?*<br>*Ара гүлдерді тозаңдандырады, бізге бал мен балауыз береді.*<br>*Құмырсқалар орман арқылы көптеген өсімдіктердің тұқымын тасымалдайды.*<br>*Көбелектер гүлдерді тозаңдандырады*<br>***- Зиянды жәндіктерді*** *ата. Шыбын микробтарды тасымалдайды, құрт өсімдік жапырақтарын жейді, маса адамның қанын сорады.*<br>*- Жарайсыңдар, олар барлық жұмбақтарды шешті, ал біз инелік пен араны және шегіртке мен қоңызды құтқарып алдық,*<br>***3- ші тапсырмасы.***<br>***Дид ойын: «Төртіншісі артық»***<br>*- Суреттерге мұқият қарап, мұнда қай сурет артық екенін айт және неліктен олай ойлайсың?*<br>***1.сурет*** *паук, өйткені ол* | *сондықтан олар бәрі бірігіп* ***буын*** *құрайды, жеке буында түсініксіз болады,* ***сөз құралады****, жалғыз сөздің де, мәнісі болмайды, сонымен бәрі ақылдасып сөзден бір ойды білдіретін* ***сөйлем*** *жасайды.*<br>*Міне, содан бері балалар, дыбыстардың адамға пайдасы тиіп әлі күнге дейін тіл құралы болып келе жатыр екен.*<br>*- Ал енді балалар, сендерге ертегі ұнады ма, ертегіде не туралы айтылған екен? Дыбыстар туралы*<br>*- Ал онда балалар, біз қазір дауысты, дауыссыздар болып екі топқа бөлінейік*<br>*- Ертегіде айтылған дыбыс, сөз, сөйлем, буын туралы біз қазір жұмыс істейміз. Балаларды түсті дөңгелекшелермен бағалау.*<br>*- Қызыл өте жақсы, көк жақсы.*<br>***1 - тапсырма: Неге дауысты дыбыс дейміз?***<br>*Дауысты дыбыстар тобы мысал келтіріп айтып береді.*<br>*- Дауысты дыбыс дегеніміз кедергіге ұшырамай, еркін, ашық айтылатын дыбыстар. Алма, ана, аға т. б*<br>***2 - тапсырма:***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *екі топқа әр түрлі буындарды беру,* | *ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді.*<br>***Балықтың пайдасы?***<br>*-Балықтың мойынан қажетті бірнеше түрлі дәрумендер алынады.*<br>*-Қабыршағынан інжу жасалады.*<br>*-Мойынан ыстыққа төзімді бояулар дайындалады.*<br>*-Акула терісінен егеу дайындалады.*<br>*-Акула бауырынан дәрі жасалады.*<br>*-Балықты қолдану арқылы бауыр ауруларының алдын алуға болады.*<br>***Аквариумдағы балық күтімі.***<br>*Аквариумды күн сайын ұқыпты түрде күту керек, Алдымен аквариумға су құямыз, сосын түбіне құм себеміз. Енді аквар-иум өсімдіктерін отырғызу. Саусаңымызбен үңгір қазып алып, оған өсімдіктің тамырын бекітеміз. Балықтарға ыңғайлы мекен қалыптастыру үшін, аквариумға балықтарды жібе-реміз. Күн сайын аквариумға назар салып қараған дұрыс. Балықтар теңселмей бірқалып-ты жүзеді, денесінде ешбір дақ болмайды. Тамақты* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!<br>**Орман патшалығының** барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетуіміз керек .<br>**Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.** Алдымен қолымызды сурет салуға дайындап алайық.<br>**Дид ойын: «Суретшілер»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Құстар ұшып жүреді,<br>Орман ішін аралап.<br>Аю жүреді қорбаңдап,<br>Түлкі жүреді құлаңдап<br>Қасқыр жүреді жалаңдап<br>Қоян жүреді секіріп<br>Біз жай жүрейік демалып.<br>**Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.**<br>Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп | **Үшбұрышпын,үшбұрышпын**<br>Үш қабырғам бар бұрышпын,<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>**- Домалақпын, домалақпын,**<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты<br>Шар сияқты домалақпын.<br>**2.1 Топқа бөлу.**<br>**А) Төртбұрыш тобына тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойыншықтардың үйін табу»**<br>**Шарты**: - Мына жерде биік және аласа үй бар. Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.<br>**Ә)Үшбұрыштар тобына**<br>**Дид ойын: «Жол картасын бейнеле**<br>**Шарты:**Ағаш, тау, күн, бұлт, тас, көл, гүлдер т.б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша қою.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Б) Дөңгелектер тобы. Геометриялық пішіндермен жұмыс.**<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>Таяқшалармен құрастыру жұмысы | жәндіктерге жатпайды.<br>**2-сурет.** құмырсқа, өйткені ол ұшпайды, ал қалған жәндіктер ұшады.<br>**3-сурет**. көбелек, өйткені ол ұшады, ал қалған жәндіктер ұшпайды.<br>**4-сурет.** көбелек, өйткені қалған жәндіктер жыртқыш.<br>**- Міне, біз құмырсқаны құтқардық (құмырсқа пайда болады).**<br>Тәрбиеші: Сонымен біздің саяхатымыз аяқталды, сендер жәндіктерге көмектестіңдер Жәндіктер барлығыңызға рахмет айтты.<br>Жәндіктерді алып, оларды біздің орман алқабына орналастырып, жабыстырайық.<br>Қараңдаршы, шалғынның қандай әдемі болып кеткенін. Құмырсқалар мен қоңыздар жер басып, шегірткелер шөпке секіріп, көбелектер мен инеліктер ұшсын, біз өмір сүретін әлем әрқашан көгілдір жасыл болып қала берсін! Ал біздің балабақшаға қайтатын кез келді. Бірақ алдымен біз қайтадан балаға айналуымыз керек. сиқырлы гүлді алып, біз гүлміз, көмектес, бізді балаға айналдыр!<br>**Қортынды**<br>- Сендерге саяхат ұнады | буындардан сөз құрау, қай топ тез және көп құрайды сол жеңіске жетеді.<br>- Са — ғат, а — ға, а — та, ба — қа, ар - па, ро - за т. б<br>**Сергіту жаттығуы. Буындармен қосылып ән салу** до - ре - ми - фа - соль - ля - си - до. До - си - ля - соль - фа - ми - ре - до<br>**3 - тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>Дыбыстық талдау. Сөзді буынға бөлу, әрі қанша дауысты, дауыссыз, барлығы неше дыбыс болғанын ажырату.<br>- Таға, Арна<br>**4 - тапсырма:** Топта «Ауыл мен қала» бейнесін бейнелейтін мазмұнды суреттерге қарап әңгіме құрастыру.<br>- Дауысты, дауыссыз командасы: «Ауыл мен қала» мазмұнды суретке әңгіме құрайды.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Ағаштар туралы ертегі .**<br>**Ой дамыту.**<br>Ертеде Шырша, Қарағай Роуэн ,Қайың ағаштары дос болыпты<br>**Олар бір күні өз-өздерімен мақтаныпты.** | таңертең және кешке берген дұрыс.<br>**Сергіту сәті:** Әуенмен « Балықтар» биін билейді.<br>**Күтім түрлері**<br>**Кезеңдік күтім:** Аквариумдағы өсімдіктерді күтіп, суды ауыстырып отыру кезеңдік күтімге жатады.<br>**Мерзімдік күтім:** Көктем мен күзде жасалуы. Көктемде жарық бергіш құрал мен жылытқыш құралдың күшін төмендетіп, құралдарды жуып тазалап, ескі өсімдіктерді жоямыз. Ал күзде аквариумды қысқы тәртіпке ауыстырамыз.<br>**Балықтардың көбеюі:**<br>Балықтар уылдырық арқылы көбейеді. Уылдырықты көп шашатын балықтар – сазан, шортан, көксерке.<br>**Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары:**<br>балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге , балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады<br><br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ойлайсыңдар?*<br>*(Жапырақтары.)*<br>***Ендеше ағаштарымызға жапырақ саламыз ба ?***<br>*Қиылған жапырақтарды ағашқа жапсыру.*<br>*Қандай әдемі! Қандай тамаша*<br>***Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін,***<br>*Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік*<br>***От та, суда, ауа да***<br>***Жан-жануар барлығы***<br>***Орман теңіз тауларда***<br>***Табиғаттың байлығы***<br>*Поездға отырып бақшамызға барамыз.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тыныштық сәті: (Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау)***<br>*Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?*<br>*-Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? -жаңбыр, найзағай, жел,жапырақтардың сыбдыры т.б*<br>*-Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.*<br>*Осы естіген дыбыстарыңды,* | *Шырша, көзілдірік, үй, қайық.*<br>***ІІІ. Сылдырмақ үні.***<br>***Шеңбер. Миға шабуыл.***<br>***Логикалық есептер.***<br>*-Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек?*<br>*-Дөңгелекте неше бұрыш бар?*<br>*-Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді?*<br>*- Үй қандай пішіндерден тұрады?*<br>*Құрт қандай пішіндерден тұрады?*<br>*- Машина қандай пішіндерден тұрады?*<br><br>***Жапсыру***<br>***Тақырыбы**: «Жаз көрінісі»*<br>***Жылулық шеңбері:***<br>*Аспанымыз ашық болсын!*<br>*Балабақшамыз гүлге толсын!*<br>*Табиғатымыз таза болсын!*<br>*Жеріміз гүлге толсын!*<br>*Балабақшамыз гүлдене берсін!*<br>***Тосын сәт:***<br>*Есік қағылып пошташы хат әкеп береді.*<br>*Хатты оқу.*<br>*Сәлеметсіңдер ме,балалар.Құрметті балалар бұл хатты сендерге мұз патшалығы елдің балалары жазып отыр.*<br>*Біздің елде жаз мезгілі* | *ма?*<br><br>***Математика***<br>***Математика***<br>***Тақырыбы:** Ауыр. Жеңіл*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Білім ханшайымы келеді. Тапсырма алып келеді.*<br>***1 - тапсырма:***<br>*Суреттегі үй қандай геометриялық фигуралардан тұратынын ата.*<br>***2 - тапсырма:** 1-10 ға дейін тура және кері сана.*<br>***3 - ші тапсырма.***<br>*Дидактикалық ойын: «Адасқан сандар»*<br>***4 - ші тапсырма:***<br>*Жаңа тақырып.*<br>*Ауыр және жеңіл.(Түрі және көлемі бірдей заттарды өлшей отырып салыстырып көрсету) түсіндіру.*<br>***Тәжірбие:** Екі шар мен бір стақан су беріледі. Бір шарды үрлейміз.Екінші шарға стақан суды құямыз. Сұрақ: Қай шар ұшады? Қай шар ұшпайды?Неліктен?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Оң қолымда бес саусақ,*<br>*Сол қолымда бес саусақ.*<br>*Беске бесті қосқанда*<br>*Болады екен 10 саусақ.*<br>***1-тапсырма: Қандай пішін шықты ?***<br>*Мақсаты:Таяқшалардан* | ***Жаңа жылдық шырша -*** *«Менен артық таба алмайсың, мен қыс бойы жасылмын. Нағыз сұлулық сонда. Ал мен инелерімді 5-7 жылда бірте-бірте ауыстырып отырамын . Бірақ бәрі бірден емес, өз кезегінде, сондықтан мен әрқашан жасылмын. Жаңа жыл түні олар менің айналамда билейді. Ал олар менен қағаз, жасанды жібек жасайды, меннен үй салып, музыкалық аспаптар жасайды. Мынадай : мен бәріңнен әлдеқайда жақсырақ және қажетпін деп мақтанады.*<br>***Қарағай:** Мен де ең әдемі ағашпын . Менің діңім біркелкі, ал инелер шыршадан ұзынырақ . Ал олар менен үйлер мен моншалар салады. Мен де кеме жасайды. Мен ең маңызды **ағашпын** деп мақтанады.*<br>***Роуэн** – Я мақтаныңдар, мақтаныңдар мен сендерге айтайын : меннен жұқа және сымбатты нәрсе таба алмайсыңдар. Ал күзде сары түсті киім кисем, жидектерімнің шоғыры алыстан көрінеді, құрамында дәрумендер көп. Қыста қанша құсты аштықтан құтқарамын! Ал адамдар оларды жеуге қарсы емес. Солай!* | *Балалрды мадақтау.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Ертегілер әлемі***<br>***Ғажайып сәт.***<br>***Аудио: «Ертегілер» әні қайырмасын қосу.***<br>*Балалар өлеңде не туралы айтып жатыр?*<br>*Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма?*<br>***Ендеше***<br>***«Ғажайып гүл» ертегісін тамашалайық.***<br>***АҚТ технологиясымен***<br>*Баяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әр-түрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.*<br>*Құммен сурет салу ережесін түсіндіру.*<br>*құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.*<br>***Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысыт.б***<br>***Тақпақ: Табиғат***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Жер–Ана біздің панамыз.*<br>*Таза болса табиғат*<br>*Біз де аман боламыз.*<br>***Ой қозғау.***<br>*«Неге біз орманмен доспыз? Ал бұл адамдарға не үшін қажет?*<br>*Орман ережелерін білеміз бе?*<br>***Ереже***<br>*Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.*<br>*Орманда қоқыс қалдырмаңыз.*<br>*Құстардың ұяларын бұзбаңыз.*<br>*Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.*<br>*- Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз*<br>***Дид ойын: «Орман ереджесі»***<br>*Шарты: осы ережелері үлкен орман алқабына жапсыру.*<br>***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»***<br>***Тәжірибе № 1***<br>*Тәжірибе жасап көрейік, ағаш суға батады ма , жоқ па ? Біз үлкенді-кішілі 2* | *болмайды.*<br>*Сондықтан біз сендерден жаз туралы білгіміз келеді. Сендер көмектесесіңдер ме?*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар арнайы түсірілім жасайық. (видеоға түсіру).Сосын сол түсірілімді таспаға жазып жолдап жіберейік жарайма?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын. «Жаз ерекшелігін ата»***<br>*Жаз мезгілі қандай болады?*<br>*Жаз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>*Қандай ойындар ойнасыңдар?*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар, енді достарымызға жаз мезгілінің суретін қағаз бетіне жапсырып берейік.*<br>*Балалар жаз мезгілін салғанда қандай көріністі көз алдына елестетеміз?*<br>***Тақтадағы суретпен жұмыс.***<br>*Тақтаға даланың суреті жапсырылған көлемді сурет ілу*<br>*Балалар не көріп тұрсыңдар?*<br>*Дұрыс,таулар, шөптер, сулар, гүлдер,күн, ағаштар.*<br>*Гүлденген жаз мезгілі қандай әдемі.*<br>*Ендеше, келіңдер біз бірге гүлденген жаз бейнесін жапсыру тәсілімен* | *таныс пішіндер құрастыру.*<br>***2-Тапсырма: Қандай мезгіл?Қай уақыт?***<br>*Мақсаты.Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.*<br>*Шарты:Балаларға тәулік мезгілдері жыл мезгілдері туралы суреттер беріп ажыратуды үйрету.*<br>***3-тапсырма: «Жол картасын бейнеле»***<br>*Кеңістікті бағдарлауды үйрету. Құс, ағаш, гүл, бұлт, күн, су орналасу ретін көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Білім ханшайымы балаларды мадақтайды.*<br>*Жұлдызша таратады.*<br>*Қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспарымен***<br><br>***Сауат ашу.***<br>***Тақырыбы: Сөз дыбыс.***<br>***1.Ойын:«Орамал тастамақ»***<br>*Қандай әріптерді өттік?*<br>*-Әріп деген не?*<br>*-Әріпті не істейміз? (оқимыз, жазамыз)*<br>***2.Ойын: «Кім жылдам»*** *- Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?*<br>*-Дауысты дыбыс қандай үйде тұрады, қандай* | ***Қайың Мен туралы қаншама ән шығарды.*** *Ал менің арқам ақ, сенікіндей емес . Ал менімен суықты да емдей алады , буындар ауырмас үшін тұнбаммен сүртеді.*<br>*Менің отыным көп жылу береді. Менен жиһаз, шаңғы, шайыр да жасайды. Сондықтан мен ханшайыммын! Дейді.*<br>*Бір күні орманның үстінен қатты жел ұшып, ағаштардың барлық мақтанышын өшіреді. қайыңдар, тау күлі, қарағайлар, шыршалар қатты қорқып кетеді де бір-біріне қарап, өздерінің мінез -құлқынан ұялып, қайтадан бірге өмір сүре бастайды.Осылайша олар орманда бірге өмір сүреді екен.*<br>*- Балалар, ормандарда, саябақтарда әдемі ағаштар өсу үшін, оларға көңілді құстар ұя салу үшін оларға қамқорлық жасауымыз керек*<br>***Дид ойын: «Ағаш достары»***<br>***Шарты:*** *Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру.*<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ:*** *А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.*<br>***2-топ:*** *Салынған А3 форматта ағаш макетіне* | *Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай» - деп қуанады.*<br>*Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға бастапты.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақтар ілмегі*<br>*Ертегі ұнады ма?*<br>*Гүлдің достары қалай көбейді?*<br>*Оған нелер көмектесті?*<br>*Бұлт, күн қай да мекендейді?*<br>*Гүл қайда өмір сүреді?*<br>*Жоғары-төмен ұғымы.*<br>*Гүлдердің түстері қандай болады?*<br>*Күннің түсі қандай?*<br>*Күннің пішіні қандай?*<br>*Бұлттың түсі қандай?*<br>***Ендеше бізде гүлге достар жасап береміз бе?***<br>***Шығармашылық бұрыш***<br>***1-топ:***<br>***Гүлдерді құрастыру***<br>*Қатар-қатар тұрамын*<br>***құрастыруға барамын,***<br>***2-топ:*** *Гүлдерді жапсыру*<br>*Адымдап жүрем нық басып,*<br>***Жапсырайық гүлдерді топтасып***<br>***3-топ:*** *Трафарет арқылы гүлдің суретін салу*<br>*Секіріп келем қуана,*<br>***сурет салам қаншама***<br>***4-топ:*** *Үлгі бойынша дайын гүл күлтесіне ермексаз жағу.*<br>*Оңға-солға қарайын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таяқшаны алып, суға саламыз.<br>Балалар ағаш заттарды алып, бассейндерге су құйып, тәжірибе жасайды.<br>Тәрбиеші : Не байқап тұрсыңдар?<br>Олар суға батады ма, жоқ па?<br>Балалар: жоқ.<br>(Тәжірибе жасап, балалар қорытынды жасайды: ағаш суға батпайды)<br>Балалар, біз ағаштың қандай қасиетімен таныстық?<br>Балалар: Ағаш суға батпайды.<br>Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адамдар ағаштан суда қайық, кеме, көлік жасайды.<br>**Тосын сәт.**<br>Стол астынан конверт тауып алу.<br>Тамашалу. Конвертті ашу.<br>Ішіннен кеме суретері шығады.<br>Балалар мына кеме суреттерін әсемдеу керек сияқты, не істеуге болады.<br>Бояу керек сияқты.<br>**Кемені бояу**<br>Тәрбиеші : Балалар, шаршадыңдар ма? Біраз демалып алайық.<br>Аулада қарағай бар<br>Ол аспанға қол созады. (аяқ ұшымен тұру)<br>Оның жанында терек өсті,<br>(қолдарын жоғары көтереді)<br>Жел қатты соғып тұрды | танысайық.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**<br>**Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.**<br>**Дид ойын: «Жаз көрінісі»**<br>Шарты: Жапсыру арқылы түсті қағаздан алдымен шөптерді жапсырамыз.<br>Келесі тауды жапсырамыз,содан кейін болса күнді жапсырамыз. Ал ендеше суды жапсырайық.<br>Енді біздің даламыздың гүлденіп тұруы үшін гүлдер мен талдарды өз орнына жапсырып қоямыз.<br>**Сергіту сәті (саусақ жаттығуы) :**<br>Қолды үстелге қоямыз,<br>Саусақтарды санаймыз:<br>1, 2, 3, 4, 5<br>5,4 , 3 , 2 ,1<br>Екі қолды біріктір.<br>**Қорытынды.**<br>**Галерея шарлау әдісі.**<br>3 шапалақ әдісі арқылы бағалау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жасаған жұмыстарын хатқа салып ,бейнетаспаны достарына жіберу.<br>Балаларды мадақтау. | текшемен белгілейміз?- Неге?<br>-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br>- Дыбысты не істейміз? (естиміз, айтамыз)<br>**3. Ойын «Шынжыр»**<br>-Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br>-Оларды шынжырлап қойғандай нелер кедергі жасайды.<br>Дауыссыз дыбыс қай үйде тұрады?<br>**4.Ойын: «Мен бастаймын сен аяқта»**<br>Ан---, та--, на--, ға--,т.б.<br>**5.Ойын «Шашылған буындар»**<br>Буындардан сөз құрау, сөзге сөйлем құрау.<br>**6. Ойын: «Текшелер жарысы»**<br>АНА, ТАНА,НАН, АҒА сөздерін текшемен жазу.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балаларды мадақтау.** | Күн суретін жапсыру.<br>**3-топ:** Ағашқа мақта таяқшасымен жапырақ салу.<br>**4-топ:**Құс мүсіндеу.<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>**Ауамен демаламыз**<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Сандарды салыстыру. Алыс– жақын.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>-Балалар карандаршы мен жолда мына әдемы сандықты тауып алдым , кәне ашып ішінде не бар екенін көрейік.<br>(Сандықты ашып қарағанда онын ішінде геометриялық пішін болады.)<br>-Балалар қарандаршы мынау қандай геометриялық пішін ?<br>Ия,дұрыс бұл пішін шаршы деп аталады.<br>Балалар шаршынын артында бізге тапсырма берілген соны біз орындауымыз керек.<br>Тапсырманы орындамас бұрын біз саусақ жаттығуын жасап алайық. «Бес саусақ»<br>Енді екі топқа бөлініп өз тапсырмаларымызды орындайық:<br>**1-топ** мына сандарды 1-ден 4-ке дейінгі рет-ретімен қатарға қойып шығу | **Ермексазды алайын**<br>Мүсін жасап гүлдердің<br>Себетіме салайын.<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы даму жаттығулары. (Жалаушамен)**<br>**Б.қ.: «Желбірейді жалау»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Әткеншек»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/<br>**Б.қ.: «Кім жылдам»**<br>**3.** Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу<br>**Б.қ.: «Көңілді жалауша»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Барлық ағаштар қозғалып кетті.*<br>*(алға-артқа еңкейуі.)*<br>*Бұтақтары алға-артқа иіледі*<br>*Жел оларды тербетеді,*<br>*(қолдар бастан жоғары бұлғау)*<br>*Жел тынды, ағаштар демалды.*<br>***Дид ойын: «Ағаш бөліктерін тап»***<br>***Шарт:*** *Ағаш бөліктерін ретімен құрастыру.*<br>*Неліктен ағаштарға тамыр керек? (тамақ үшін)*<br>*Ағаштарды тірі деп айта аласыз ба? Иә, өйткені ағаштар өседі, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді - бұл олардың тірі екенін білдіреді. Оларды қорғау керек.*<br>***Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:***<br>*«Орман әлемін сақтаңдар*<br>*Бұтақтарды сындырмаңдар,*<br>*Бізге су құюды ұмытпаңдар,*<br>*Бізді баспаңдар» деп айтар еді.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***1. Кіріспе***<br>***2. Сәлемдесу.***<br>***Шеңбермен жүру.***<br>*Педагогтың артынан жүру,жүгіру.*<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***Негізгі бөлім*** | | | ***2-топ*** *Алмалар мен саңырауқұлақтарды санап, оларды теңестіруді тапсыру*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Жаттығуды жасаймыз!*<br>*Бір дегенде-тік тұрамыз,*<br>*Екі дегенде- екі рет айналамыз.*<br>*Үш дегенде -үш рет секіреміз,*<br>*Төрт дегенде- отырамыз.*<br><br>***1-топ*** *"Кім зейінді" дидактикалық ойыны:*<br>*Мақсаты**:** Алыс- жақын ұғымдарын ажырата алуға үйрету.*<br><br>-<br>***2-топ*** *Адасқан сандар.*<br>*Шарты: Тақтаға шығып сандарды ретімен қою.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br>***Үлестірмелі материалмен жұмыс.***<br>*Балаларға мынадай тапсырма беру:*<br>*Барлық үлкен шаршыларды төменгі жолаққа, ал кішкентайларын жоғарғы жолаққа қойып шығуларың керек. Бірақ олардың саны тең екендігі көрініп* | *көтеріп,секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Қысқа секіртпемен секіру*<br>*2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру,*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Автомобиль мен торғайлар»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар көліктердің жүру бағытын, құстарды қорғау туралы түсінеді.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен***<br>**-***Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>**-** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4р) Б.қ.*<br>**-** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ*<br>*- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу. -з-з-з*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.****«Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру»*<br>***5.Қимылды ойын:***<br>*«Күн мен түн»*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***Қазақ тілі.***<br>***Қызығушылықты ояту****.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Табиғаттың сәні,*<br>*Таза ауаның нәрі.*<br>*Көрік берген далама,*<br>*Білер оны бар бала.*<br>***(Ағаштар)***<br>***Сұрақ – жауап.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Ағаштар және орман* | | | *тұратындай болсын.*<br>*Әр баладан әр жолақта неше шаршы бар екенін сұрау*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау. Тапсырмаларды жақсы орындағандарын айту. Жұлдызшаларын санау.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *туралы түсінік беру.*<br>*- Сұрақ – жауап.*<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?*<br>*-Ағаштар бізге не үшін қажет?*<br>*-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?*<br>*-Неге ну орман дейміз?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар,*<br>*Биік болып өседі.*<br>*- Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардын барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді.*<br>*Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді*<br>***Дид ойын: «Жалғасын тап»***<br>*Жансыз табиғат - ....*<br>*Жанды табиғат - ....*<br>*Жанды табиғат жансыз табиғатсыз .... (тіршілік ете алмайды)*<br>***Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»***<br>*Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйм салынғанын аитады. Адам* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс.*<br><br>*Шығармашылық бұрыш*<br>*Еркін тақырыпта жұмыс.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №1***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Картотека № 2***<br>*Күнді бақылау* | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* |
| | ***Көктем серуен картотекасынан.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары* | ***№1. Ояну***<br>*Қандай ғажап керемет,*<br>*Әсем есік ашылды.*<br>*Түрлі - түсті бояулар,*<br>*Аспанда жайылып шашылды*<br>*Ұйқымшайдайашылды* | ***№2.Ояну***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№3 1. Ояну***<br>*Көзімізідізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылыпбіралайық.* | ***№4. Ояну***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттаныпойнайық.* | ***№5. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті | ***Қызығушылықты ояту .***<br>***«Құпия дорба» ойыны.***<br>*Дорбаның ішіне ұзындық ,масса,өлшейтін заттарды салу. Түсінік беру.* | ***Дид ойын:***<br>***«Пішіндерді ажырату»***<br>***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру, ушбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу* | ***Ой қозғау.***<br>***Әр топқа сұрақтар қою.***<br>*Аспанда қанша күн бар?*<br>*Үшбұрыштың неше бұрышы бар?*<br>*Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*Қолғапта қанша саусақ бар?* | ***«Суреттегі цифрларды тап».***<br>*Мақсаты: әр жерде орналасқан цифрларды тауып, тани білу дағдыларын бекіту. Суреттегі сандарды* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*-Балалар,қараңдаршы , бүгін біздің бөлмеге аралар ұшып келіпті.*<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | <br>***Сызғыш***– *заттардың ұзындығын өлшейтін құрал.*<br>***Таразы-*** *дененің массасын анықтайтын құрал.*<br>*Тәжірибе жасап көрсету.*<br>*- Балалар кілем үстінде жарты шеңбер болып отырады. Қолдан жасаған ұшақтарын ұшыру.*<br>*Қәне кімнің ұшағы алысқа ұшады-деп ұшақтарын әр жаққа жіберді.*<br>*- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты?*<br>*- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз?*<br>***Бірінші тәсіл****: адым арқылы өлшеу.*<br>*Тәрбиеші әр аттаған сайын бір дөңгелек қояды.*<br>***Екінші тәсіл****: ара қашықтықты сызғышпен өлшеу.*<br>*- Біз қай ұшақтың алысқа ұшқанын анықтау үшін қандай шартты өлшеуіштерді қолдандық?*<br>*Заттарды салыстыру: ұзын – қысқа*<br><br>*Заттарды ең қысқасынан ең ұзынына қарай сызып қос. Ең ұзын заттарды боя.* | *керек.*<br><br>***Дид ойын: «Алмаларды санаймыз»***<br>*- Алма қандай пішінге ұқсайды?*<br>*- Тақтада қанша алма бар?*<br>*Бір алма бар.*<br>*(Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қоссақ қанша алма болады?*<br>*- Балалар, бір алмаға және бір алма қостық.*<br>*Содан неше алма шықты.* | *Төртбұрыштың неше бұрышы бар?*<br>*Адамда неше көз бар?*<br>*Жұлдыздың неше бұрышы бар?*<br>*Балалар жауап береді.*<br>*Берілген тапсырмадағы «Артық пішіндерді тап» атап көрсет.*<br> | *кезекпен бір-бірден көрсету.*<br>*Сұрақ қою:*<br>*- Суретте қандай сандарды көріп тұрсың?*<br>***2- тапсырма.***<br>*Суретпен жұмыс.Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар.*<br><br>***«Аңдар қайда жасырынған»***<br><br>***3-тапсырма****. «Өз орныңды тап».*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға 0-ден 5-ке дейінгі цифрларды таратып беру. «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда балалар тез бір қатарға тұра қалады. Содан кейін бірнеше балалардан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрау* | *Аралар бізге бал береді. Бал адам денсаулығына өте пайдалы екен.Ал аралар балды қайдан алады?*<br>*–Дұрыс. гүлден алады.*<br>*-Балалар, аралар гүлге қону үшін гүлдердің тапсырмасын орындауы керек екен.Аралар сендерден көмек сұрайды.Көмектесеміз бе?*<br>***1-тапсырма****: логикалық есеп :ағаштың басында 4-торғай отыр еді,оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?*<br>*-Дұрыс, 1 араны гүлге қондырайық.*<br>***2-гүлдің тапсырмасы.****-Қандай санамақ білесіңдер?*<br>*1-дегенім бесік*<br>*Шықтым содан өсіп.*<br>*2-дегенім елім*<br>*Өзен,тауым,көлім.*<br>*3-дегенім үміт.Үміт артар жігіт.*<br>*4-дегенім төзім. Төзе білем өзім.*<br>*5-дегенім бақыт .*<br>*Бағалайтын уақыт.*<br>*Жарайсыңдар 2-ші араны гүлге қондырайық.*<br>***3-гүлдің тапсырмасы.****Нүктелерді қосып,қандай пішін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>*Қортынды* | | | | *шыққанын ата.*<br><br>*Жарайсыңдар, келесі араны гүлге қондырайық.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Оң қолымда 5 саусақ,*<br>*Сол қолымда 5 саусақ.*<br>*Алақанды ашамыз,*<br>*5-ті 5-ке қосамыз.*<br>*Алақанды ашамыз.*<br>***Аралар рақмет айтып гүлден шырын жинайды*** |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***«Санау әні »***<br>*Сандарды жаттаймын алақай,*<br>*Санаудың да келді кезегі.*<br>*1,2,3, балақай*<br>*Қайталаймыз асықпай.*<br>*1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.*<br>*1-10 дейін мен*<br>*Санауды білемін*<br>*Енді керісінше әндетем,*<br>*Балалар, қосылыңдар.*<br>*10,9,8,7,6,5,4,3,2,1*<br>*1,2,3,4,5 тамаша*<br>*6,7,8,9,10-ла-ла-ла.*<br>*Мен ақылдымын бәрінен*<br>*Сен де санауды үйрен.* | ***Дид ойын: «Жетіспей тұрған санды орнына қой»***<br>***Шарты:*** *Берілген мысалдарды орындау.*<br> | Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.<br><br>***Дид ойын: «Тізбекті жалға»***<br> | ***«Тапқыр болсаң, тауып көр»***<br>*Шарты: Математикадан жұмбақ есептер шешу.*<br>***1-Топқа тапсырма***<br>*Бір алма берді анасы*<br>*«Аз» деп тұр оны баласы*<br>*Екеуін берді тағы да*<br>*Нешеу болды алмасы?*<br>***2- топқа тапсырма***<br>*Далада жүр төрт түйе*<br>*Қосылды тағы бір түйе*<br>*Жалпы саны түйенің*<br>*Болды, неше есепте?*<br>***3 – топқа тапсырма***<br>*Айманда болды 5 алмұрт*<br>*Әселге берді 2 алмұрт*<br>*Айманның қалды қолында*<br>*Есептеші неше алмұрт* | ***Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »***<br>*Шарты: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай сөздеріне сөйлем құрау.*<br>***Дид ойын:«Буындардан сөз құрау»***<br>*1. Ұш 2. Тар. 3 Ал. 4. Са*<br>*- Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр.* |
| Серуенге | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | | | | | |
| Серуен | ***Картотека №1***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Картотека № 2***<br>*Күнді бақылау* | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Тәрбиеші:***<br>*Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.* | ***Медбике:***<br>*Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу.* | ***Тәрбиеші:***<br>*Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу.* | ***Педагог-психологтың кеңесі:***<br>*Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру.* | ***Тәрбиеші:***<br>*Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 22.05 – 26.05.2023ж

<table>
<tr><th>Күн тәртібі</th><th>Дүйсенбі</th><th>Сейсенбі</th><th>Сәрсенбі</th><th>Бейсенбі</th><th>Жұма</th></tr>
<tr><td>Балалардық абылдау</td><td colspan="5">Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.<br>Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу</td><td colspan="5">Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.<br>отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)</td><td>Картотека № 25<br>Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»<br>Мақсаты: Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.</td><td>Картотека №9<br>Дид ойын: «Өзім және отбасым»<br>Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.</td><td>Картотека № 19<br>Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»<br>Мақсаты: балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.</td><td>Картотека №8<br>Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»<br>Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.</td><td>Картотека №26<br>Дид ойын:<br>Бақша да ма,бау да ма?<br>Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Мамыр айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.<br>Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдасты<br>рылған<br>іс-әрекетке<br>дайындық | *Отбасында гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>«Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақ егер шеңберге,<br>Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберуұй<br>ымыныңкес<br>тесібойынш<br>аұйымдасты<br>рылған<br>іс-әрекет | ***1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Жыл мезгілдері.<br>II. Миға шабуыл<br>Дид ойын: «Кім тапқыр»<br>Жұмбақ жасыру.***<br>*Біз тебеміз сырғанақ<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Қар жауады аппақ<br>Аяз қатты азынап.**(қыс).**<br>-Қар еріп , су ағады,<br>Сарқырап сайға толады.<br>Күн ұзарып жылиды,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**(көктем)**<br>-Қойны толы жеміске,<br>Көкмайсалыеңіске.<br>Көбелекқуыпойнайтын,<br>Қаймезгілдепойлайсың?<br>**(жаз)**<br>-Дала толы жеміске<br>Диқан толы егіске<br>Бау-бақшаға барайық<br>Жемістерді жинайық. **(күз)**<br>**II. Ой дамыту. АКТ технол<br>1. Жыл мезгілдері туралы түсінік беру.**<br>Сұрақ – жауап.<br>-Бір жылда неше жыл мезгілдері бар?-Атау.<br>**4. Ой қозғау.<br>Әр мезгілге сипаттама беру.<br>А)Қыс мезгіліне сипаттама.**<br>-Қыс мезгіліндегі ерекшеліктер.* | ***Денешынықтыру<br>Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың шеңбер бойымен жай жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>(таяқшаны үстел үстінен бір- бірден алу)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.<br>Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу . /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған,* | ***Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Саябаққа саяхат.<br>І.Шаттық шеңбер***<br>*Н. Жанаев Табиғат ана<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз бақытты баламыз.*<br>***1.Қызығушылықты ояту.<br>- Бес беттен тұратын үн қағазды көрсету. Әр беттің өз тілшісі бар.<br>-1 бетте***<br>*-бала көңілсіз, ол неге көңілсіз. Ол үшін сөз тілшіге беру.*<br>***1-ші тілші.<br>Дид ойын: «Кім тапқыр?»<br>Ауа туралы жұмбақ.***<br>*Бір нәрсе жер мен көктің арасында,<br>Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.<br>Білінбей жер үстінде жүсе-дағы<br>Пайдалы адамзаттың баласына.* ***(ауа)***<br>*Ауа жөнінде кімнің тақпағы, кім қандай ауа туралы пікір айтады?<br>Ауа туралы тақпақ.<br>Сұрақ – жауап.<br>-Ауа арқылы не болады?* | ***Сауат ашу негіздері.<br>Тақырыбы: Буын<br>Психологиялық дайындық***<br>*– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!*<br>***Балаларды топқа бөлу<br>От, Су, Күн суреттері арқылы топқа бөлу<br>От.*** *Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар.*<br>***Су.*** *Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.*<br>***Күн.*** *Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ.*<br>***ІІ.Тексеру. Сұрақ-жауап***<br>*-Балалар,алдарыңда не көріп тұрсыңдар?<br>-Қызыл үй мен көк үй?<br>-Қызыл үйде қандай дыбыстар тұрады деп ойлайсыңдар?Ал көк үйде?*<br>***-****Дұрыс айтасыңдар.Қызыл үйде дауысты дыбыстар,көк үйде дауыссыз дыбыстар.Енді осы екі үйдің тұрғын-дары тіл табыса алмайды екен. Біз* | ***Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>«Алақай жаз келді»<br>Ой қозғау.<br>Мнемотехника әдісі***<br>*Жаз мезгілі туралы түсінік беру.*<br><br>*-Жазда дала қандай болады?<br>-Ауа райы қандай болады?<br>-Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер?*<br>***Ой дамыту.<br>Сурет арқылы тақпақ жаттату:***<br>*Тірек –сызбаны пайдаланып жаз туралы тақпақ оқу.<br>Алақай, алақай,<br>Қуанды балақай.<br>Жадырап жаз келді.<br>Ойнаймыз ,алақай.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп - кішкене балақан* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қандай әсерлер қалдырды?<br>-Табиғат құбылыстарын, ойын түрлерін атау.<br>-Қандай тақпақтар білеміз?<br>-Қалай киінеміз?<br>**Қыс.**<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Б)Көктем мезгілі**<br>**-**Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?-Несімен ұнайды?<br>-Қандай тақпақтар білеміз?<br>**Көктем.**<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау – бақшада орманда,<br>Құстар әні төгілді.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Б) Жаз мезгілі.**<br>-Жаз мезгілін көз алдымызға елестетіп көрейік.<br>-Жазда күн қандай болады?<br>-Қалай киінеміз?<br>-Жеміс- жидектер туралы не айтамыз?<br>-Қандай ойын түрлерін ойнаймыз?<br>**Жарқын жаз.**<br>-Ей жарқын жаз,жарқын жаз<br>Қандай көркем даламыз,<br>Алаңсыз демаламыз<br>Біз бақытты боламыз,<br>Шырқап әнге саламыз.<br>**В) Күз мезгілі.**<br>-Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>-Ағаштар да, құстарда не | таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет /<br>**Б.қ.: «Көңілді таяқша»**<br>**5.** Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/<br>**Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.<br>**Нгізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары**<br>1 Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.<br>2.Таяқшалардан секіру.<br>**Бастапқы қалыпқа келу.**<br>**Қорытынды:**<br>Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою) Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.<br><br>**Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Қайталау.<br>**Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>- Әріп дегеніміз не?<br>- Дыбыс дегеніміз не?<br>- Әріппен дыбыстың қандай айырмашылығы бар?<br>- Буын дегеніміз не?<br>- Әр буында неше дауысты дыбыс болады?<br>**Тосын сәт**<br>**Есік қағылып хат келу.**<br>**Тапқышбек тапсырмалар** | -Грипп<br>-Ауаны не ластайды?<br>-Машина түтіні т.б<br>Ауа таза болса баланың көңілі шат көңілге бөленеді. Балалар бізге ауаның не үшін қажет екенін білгілерің келеме?<br>Олай болса тәжірибе жасап көрейік. Терең дем алып, аузымыз бен мұрнымызды қолымызбен жауып, демді іште сақтайық. Қиналып кеткенде демдеріңді шығарыңдар, дем ала бастаңдар.<br>Ауасыз қандай қиын екенін сездіңдер ме?<br>Біз ауасыз өмір сүре аламызба?<br>**2-ші бет микробтар**<br>Оларды тазарту үшін микроптар туралы тақпақ айту.<br>**Дид ойын: «Атап айт»**<br>**Шарты:** Микроптарға не жатады?<br>**Тақпақ: «Микроптар»**<br>**3-ші бетте тілші сөйлейді.**<br>- Кімнің ән тыңдағысы келеді, кімдер билегісі келеді? Қандай әншіні білесіңдер?<br>Балалар өз өнерлерін ортаға салады.<br>**Дид ойын: «Дыбыс деген не»**<br>**Шарты:** Дыбыстар туралы түсінік беру. | оларды татулас-тыруымыз керекпіз. П/Ж ойын: «Татуласу» Ол үшін осы әріптерді дыбыстап көрейік. Енді, осы дыбыстардан сөз құрастырайық.<br>**ІІІ.Ой дамыту кезеңі**<br>**АКТ технологиясымен жұмыс. (видео көрсету)**<br>-Балалар осы видеодан нені байқап отырмыз?<br>-Буын дегеніміз не?<br>-Буын дауысты дыбыс арқылы жасалады екен:<br>Мыс: ә-кел<br>Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: от, а-на, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.<br>Й,ң,у екі дауыстының ортасында келсе, екінші буыннан басында айтылады: жа-ңа, та-уық.<br>**1-тапсырма (ауызша)**<br>Педагогтың көмегімен өздерді буынға бөліп оқу.<br>Шеше, көке, нағашы, қалам, бөрік, қасқыр, жазушы<br>Әр сөздегі дауысты дыбыстарды атаңдар<br>**2-тапсырма**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Оқу құралдарының аттарын атау. Заттардың атын буынға бөлу. Сөзде неше буын, неше дауысты дыбыс бар екенін анықтау.<br>Кі-тап, дәп-тер, қа-лам-сап, сыз-ғыш, ө-шір-гіш, қа-рын-даш.<br>**Қорытынды:** сөздегі буын саны | Үп - үлкен боп өседі.<br>**Дид ойын:**<br>**«Жаз мезгілін көрсет»**<br>Шарты: Суреттен жаз мезгілін тауып көрсетіп, өз ойларын айту.<br><br>**Дид ойын: «Жаздық киімдер»**<br>Шарты: Берілген суреттерден жаздық киімдерді бөліп жинау.<br>**Қорытынды.**<br>**Сұрақ- жауап**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Табиғат құбылыстары.**<br>**Ой дамыту.**<br>Табиғат туралы түсінік беру.<br>- Бір жылда неше жыл мезгілдері бар? -Атау.<br>-Бір-бірінен қандай айырмашылық-тары бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *өзгерістер болады?*<br>*-Қысқа не дайындық жасаймыз?*<br>***-Күз туралы тақпақ.***<br>*Көрінеді шалғайдан,*<br>*Бел – белестер сарғайған.*<br>*Сары жапырақтар төгілген,*<br>*Тоғайды да көрдім мен*<br>***Қортынды***<br>***12 айға тілек айтып сабақты аяқтау.***<br>*Наурыз назды болсын.*<br>*Сәуір саздыболсын.*<br>*Мамырмейрімдіболсын,*<br>*Маусыммағыналыболсын,*<br>*Шілденіңшырайыкірсін,*<br>*Тамызтамылжыптұрсын,*<br>*Қыркүйекқазынажисын,*<br>*Қазанқаспақтыболсын,*<br>*Қарашадақаркөпбоп,*<br>*Желтоқсандажелжоқболсын!*<br>*Қаңтарқатулыболмасын,*<br>*Ақпанашулыболмасын.*<br>***Балаларды мадақтау***<br><br><br><br><br>***Қоршаған орта***<br>***Тақырыбы: Жайлаудағы төрт түлік***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын:»Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақтар жасыру.***<br>*Төрт түліктер туралы.*<br>*-Жүретұғын әрдайым,*<br>*Жануар мұндай қайда бар?*<br>*Ішкен суын әрдайым*<br>*Ақсүт етіп қайтарар.* ***(сиыр)***<br>*-Кішкентай ғана бойы бар,*<br>*Айналдырып киген тоны бар.* | ***жіберген***<br>*Тапқышбектің тапсырмаларды орындау.*<br>*1 тапсырмасы:*<br>***Дид ойын: «Жоғалған буын»***<br>***Шарты:*** *жоқ буындарды тауып қосып, сөз шығару.*<br>*Мыс: кө-гер--шін, тор -ғай, ақ -қу, тыр-на, ша-ға-ла, қар-лы-ғаш, то-қыл-дақ, қар-ға, ү-кі.*<br>***2 тапсырмасы:***<br>***Дид ойын: «Сөйлем құрастыру»***<br>*-Аспанда шағала (ұшып жүр.)*<br>*-Ұяда екі (жұмыртқа ) жатыр.*<br>*-Балапан аулада (жүгіріп жүр.)*<br>*- Орманда тоқылдақтың (дауысын естідік)*<br>***3 тапсырмасы:***<br>***Дид ойын: «Сөзді сөйлемге жалға»***<br>***4 тапсырмасы:***<br>***Дид ойын: «Жоғалған сөздер»***<br>***Шарты:*** *тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді.*<br>***Мыс:*** *Көктем.... Жер....*<br>*Құстар.... Балалар құстарға.......*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Шаршағанда ырғалып,,*<br>*Гүлге ұқсап дем алсам.*<br>*Қанатымды бір қағып,*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>***5 тапсырмасы:*** | *- Қатты дыбыстар адамға зиянды. Қатты дыбыс адамның құлағын кемітеді. Жағымсыз дыбыстарды қалай жоямыз. Оларды жайлатамыз.*<br>***4-ші беттің тілші:***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Су туралы жұмбақ жасыру.***<br>*Жылт-жылт етеді,*<br>*Жылғадан өтеді-ол не?*<br>***(су)***<br>*-Су жайлы қандай мақал-мәтелді білесіңдер?*<br>*-Су қалай ластанады?*<br>*Суды таза ұстау үшін не істеу керек? Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар. Су туралы мағлұмат айтып суды микробтан тазалаймыз. Суымыз тап-таза болды.*<br>***5-ші беттің тілші сөйлейді:***<br>*Табиғат туралы қандай тақпақ, тыйым сөздер, пікір айтамыз.*<br>***Балалар:***<br>*1.Табиғат адам үшін жаралыпты*<br>*Бар қызық табиғаттан таралыпты*<br>*Ақындар табиғатты анаға теңеген. өйткені онда тіршілік өніп өседі. Шынында да табиғат мейірімді ана сияқты, өзіндегі барды адамдарға* | *дауысты дыбысқа байланысты екенін пысықтау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Аққу болып ұшамыз*<br>*Көлге келіп қонамыз*<br>*Көлдің бетін құшамыз*<br>*Қайта самғап ұшамыз.*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын:«Кім жылдам?»***<br>*Әуелі бәр буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ата.*<br>*Тұз, қалам, лақ, құрт, бозторғай, қарақат.*<br>***3-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Адасқан буындар»***<br>*Берілген буындардан сөз құрау,сөздерден сөйлем құрау.*<br>*ас на та, рет ші су*<br>*лар ба ла*<br>*Астана,суретші,балалар*<br>*Буыннан сөз құралады, сөздерден сөйлем құралады.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бүгінгі сабақта біз немен таныстық?*<br>*Буын дегеніміз не?*<br>*Буын не арқылы жасалады?*<br>*Буын саны неге байланысты?*<br>*Бір буынды сөздерде неше дауысты дыбыс болады?*<br>*Бағалау*<br><br>***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:****. Туған жердің табиғаты*<br>***Қызығушылықты ояту****.*<br>***Тренинг ойын – «Табиғатпен сырласу». Авторы Г.Таласбаева. АКТ технол.***<br>***-****Сиқырлы орындық арқылы* | *-Қазір қандай мезгіл?*<br>***Ой қозғау.***<br>***-Аспан мен жерді не деп атаймыз?***<br>***-Табиғат дейміз.***<br>*Табиғат туралы түсінік беру.*<br>*-Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*-Тірі және өлі табиғат.*<br>*-Тірі табиғатқа нелер жатады?*<br>*-Өлі табиғатқа нелер жатады?*<br>*Мазмұн арқылы саралау. Блум таксономиясы.*<br>***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>*Шарты: Аудиодан табиғат құбылыстарының даусын ажырату.*<br>***Жаңа тақырып.***<br>*-Қандай табиғат құбылыстарын білесіңдер?*<br>*-Әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын ата?*<br>*-Бір –бірінен айыр-машылығы неде?*<br>*-Табиғат құбылыстары жайлы ақпаратты қайдан аламыз?*<br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br>***Шарты:*** *әр жыл мезгілінің табиғат* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***(қой)***<br>*-Кезікті бір жануар,*<br>*Үстінде екі тауы бар.* ***(түйе)***<br>*Екеуі елеңдеп келеді,*<br>*Төртеуі төбелесіп келеді.*<br>***(Ат)***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Бір сөзбен бұларды не дейміз?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Төрт түлік туралы түсінік беру.***<br>*Суретпен жұмыс. -Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Төрт түлікке нелер жатады?*<br>*-Неліктен оларды үй жануарлары дейміз?*<br>*-Бізге қандай пайдасы бар?*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>*Шұбат, қымыз, мөңірейді, маңырайды, өркеші, төлі,мүйіз, сақалы, шөре-шөре,әукім-әукім*<br>*-Олардың төлдерін қалай атаймыз?*<br>***Ой дамыту.***<br>***Түйе төлі-ботақан,***<br>*Мөлдіреп көзі ойнаған.*<br>***Қойдың төлі-қошақан,***<br>*Өріске қашқан қорадан.*<br>***Ешкінің төлі-лақ,***<br>*Тыныш тұрмайды ол бірақ.*<br>***Жылқының төлі-құлыншақ,***<br>*Тұяғы жерге ұрыншақ.*<br>***Сиырдың төлі-бұзау.***<br>*Сүйкімді әрі асау.*<br>*-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?*<br>***3. Ой қозғау.*** | ***Дид ойын:***<br>***Үзік сызықтарды қос.***<br>***6 тапсырмасы:***<br>***Дид ойын: «Сөз ойла, көп ойла»***<br>***Шарты:*** *балаларды 2 топқа бөліп жарыстыру. Көп сөз айтқан топ жеңеді.*<br>*Шапалақ әдісі арқылы балаларды мадақтау.*<br>***Қортынды.***<br>***Сұрақ-жауап.***<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:****Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін бекіту. (таңертең, күндіз, кеш, түн)*<br>***Ғажайып сәт.***<br>*Білім ханшайымынан хат келеді.*<br>*Хат мазмұнын оқып беру.*<br>*-Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма?*<br>***ІІІ.Ой қозғау.***<br>***1 - тапсырма.***<br>***Миға шабуыл***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>***«Бұл қай кезде болады»***<br>*Ұйқымыздан тұрамыз*<br>*Беті-қолды жуамыз*<br>*Әкемізге ереміз,*<br>*Бақшамызға келеміз*<br>*Бұл қай кез болады балалар?* ***(таңертең)***<br>*Сабақ оқып, ойын ойнап,*<br>*Серуендеп қайтамын*<br>*Тамағымды ішіп* | *жан-жануарға береді.*<br>***Ал, мінекей, балалар біздің 5-ші шеңберіміз де микроптан тазаланды.***<br>***Дид ойын: «Табиғат сәні»***<br>*Орнына көбелек, құстар, аңдар, жәндіктерді т.б ілеміз.*<br>***Енді мына баланы қарайық. Ол енді күле ме екен. Олай болса күліп тұрған баланы қарайық.***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>***Қорытынды:***<br>***Бәрі хормен:***<br>*Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!*<br>*Аспан Таза ауаң үшін рахмет!*<br>*Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!*<br>*Ағаш, көлеңкең үшіе рахмет!*<br>*Табиғат сұлулығың үшін рахмет!*<br><br>***Математика***<br>***Тақырыбы:****«Ұзындық. Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру».*<br>***Ой қозғау.***<br>***Шартты өлшеуіш көмегімен ұзындықты өлшеу»***<br>***Дид ойын: «Құпия дорба»***<br>*Дорбаның ішіне ұзындық , масса, өлшейтін заттарды салу. Түсінік беру.* | *табиғатқа саяхатқа бару.*<br>*-Елестету. (көзді жұму)*<br>*- мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат.*<br>***1. Бұлаққа кездесу.***<br>***Дид ойын: «Ненің дыбысы»***<br>*Шарты: аудиодан шыққан дыбысты ажырату.*<br>*-Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай)*<br>***Дид ойын: «Қандай ағаш?»***<br>*Алма ағашына кездесу.*<br>*Ағаштан алманы алып жеу.*<br>*Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай*<br>***2.Раушан гүліне кездесу.***<br>***Дид ойын: «Хош иісті гүл»***<br>*Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару.*<br>***3. Миға шабул***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?*<br>*-Табиғат байлықтарына нелер жатады?*<br>*-Оны қорғау деген не?*<br>*-Табиғатты сүйе білу деген не?*<br>***Сергіту сәті: «Құбылыстар»***<br>***4.Ой қозғау.***<br>***Табиғат туралы тиым сөздер.***<br>*-Көк шөпті жұлма.*<br>*-Құстың ұясын бұзба*<br>*-Тал, шыбықпен ойнама.*<br>*-Суды ластама*<br>*-Құстарға тас лақтырма* | *құбылыстарының суретін топтап жинау.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап.***<br><br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Нәсіпбек Айтов***<br>***Психологиялық дайындық***<br>*Күн шуағын жинаймын.*<br>*Достарыма сыйлаймын.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ шешу.***<br>*Күн ысып,*<br>*Жеміс - жидек пісіп,*<br>*Ел егінін орады,*<br>*Бұл қай кезде болады? (Жаз)*<br>*Қазір қандай мезгіл?*<br>*Күн қандай болып тұр?*<br>*Жаз мезгілі ұнайма?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>***Жаз мезгілі туралы түсінік беру.***<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Төрт түлік туралы жаңылтпаш.*<br>*Ақ лақ, аппақ па?*<br>*Ала лақ аппақ па?*<br>*Ала лақ аппақ емес,*<br>*Ақ лақ аппақ.*<br>***Ой дамыту***<br>*Мақал –мәтелдер.*<br>*-Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір.*<br>*-Жылқыда өт жоқ,*<br>*Құста сүт жоқ.*<br>*-Төрт түлік мал кисең киім, жесең тамақ.*<br>***Тиым сөздер.***<br>*-Малды басынан теппе.*<br>*-Малды теппе, ақты төкпе.*<br>***Мнемо кесте арқылы ұоқ қортындылау***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың шеңбер бойымен жай жүру .*<br>*Шеңбер бойымен тұру. (таяқшаны үстел үстінен бір- бірден алу)*<br>***Негізгі бөлім**:*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6* | *Түсте ұйықтап жатамын.*<br>***(Күндіз)***<br>*Біз тәртіпті баламыз*<br>*Сабақты да оқимыз*<br>*Серуенге шығамыз,қыдырамыз*<br>*Бұл қай кез? **(Түс)***<br>*Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуыпТөсекті жинап тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын*<br>*Бұл қай кез? **(Бесін)***<br>*· Күн батады қызарып,*<br>*Мамамызды күтеміз*<br>*Бұл қай кез? **(Кеш)***<br>*Үйге келіп кино көріп*<br>*Ойыншықтарды жинастырып*<br>*Беті-қолды жуып,тісімді тазартып*<br>*Ұйықтауға жатамын*<br>*Бұл қай кез? **(Түн)***<br>***Ой дамыту.АКТ көрсету.***<br>***Балаларға уақыт туралы түсінік беру.***<br>***2 - тапсырма.*** *« Аптада неше күн бар?»*<br>*1-7 дейін сандар*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Таңертең – оянамыз, жуынамыз,*<br>*Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз.*<br>*Күндіз – ойнаймыз секіреміз.*<br>*Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.*<br>*Түнде - ұйықтаймыз.*<br>***3-тапсырма:***<br>***Дид ойын: «Суреттер*** | <br>***Сызғыш– заттардың ұзындығын өлшейтін құрал.***<br>*Таразы- дененің массасын анықтайтын құрал.*<br>*Тәжірибе жасап көрсету.*<br>*- Балалар кілем үстінде жарты шеңбер болып отырады. Қолдан жасаған ұшақтарын ұшыру.*<br>*Қәне кімнің ұшағы алысқа ұшады-деп ұшақтарын әр жаққа жіберді.*<br>*- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты?*<br>*- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз?*<br>***Бірінші тәсіл:*** *адым арқылы өлшеу.*<br>*Тәрбиеші әр аттаған сайын бір дөңгелек қояды.*<br>***Екінші тәсіл**: ара қашықтықты сызғышпен өлшеу.*<br>*- Біз қай ұшақтың алысқа ұшқанын анықтау үшін қандай шартты өлшеуіштерді қолдандық?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Жаттығуды жасаймыз!*<br>*Бір дегенде-тік тұрамыз,*<br>*Екі дегенде- екі рет айналамыз.*<br>*Үш дегенде -үш рет секіреміз,*<br>*Төрт дегенде- отырамыз.* | ***Рефлекция***<br>***Дид ойын: «Шатастырма»***<br>*1. Көктемде қар жауады.*<br>*2. Қазір күз мезгілі?*<br>*3 .Қыста жапырақтар сарғаяды?*<br>*4. Жаз ең суық жылмезгілі?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***Математика негіздері***<br>***Тақырыбы: «Сиқырлы қораптың қызықтары»***<br>***Д/о:«Өз орныңды тап»***<br>*сандарды алып, ретімен қатарға тұруларын керек. Сиқырлы қорап пайда болады.*<br>*Қайырымды адам сиқырлы қорап жіберіпті, ашып көрген көрейік.*<br><br>*Қораптың ішінен төмендегі сурет пен тапсырмалар жазылған парақша шығады..*<br>***1-тапсырма***<br>***Дид ойын:«Кім жылдам?»***<br>*Суреттегі ойыншықтар нешеу?*<br>*Бірдей ойыншықтар бар ма?*<br>*Машина нешінші тұр?* | <br><br>***Сұрақ –жауап.***<br>***Ой дамыту.***<br>***Н. Айтовтың «Жаз»***<br>*Жазым келді жарқылдап,*<br>*Қазым келді қаңқылдап.*<br>*Гүлге қонды көбелек,*<br>*Қос қанаты қалтылдап.*<br>*Өлең жолдарын қайталау арқылы жаттау.*<br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br>*Шарты: берілген суреттерден әр жыл мезгіліне тән суреттерді топтастыру*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br><br>***Дене шынықтыру***<br>***1 бөлім.***<br>*Бағанмен кезек-кезек жүру және жүгіру; тәрбиешінің белгісі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу . /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет /*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>***Нгізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары***<br>*1 Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.*<br>*2.Таяқшалардан секіру.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>***Қорытынды:***<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою) Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br><br>***Қазақ тілі.*** | ***сөйлейді»***<br>*Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы суреттегі сұрақтарға жауап беру.*<br>*-Жылдың қай мезгілі?*<br>*-Тәуліктің қандай бөлігі?*<br>*-Бір қолымызда неше саусақ бар?*<br>*-Аспанда қанша күн бар?*<br>*-Иттің неше көзі бар?*<br>*Аспанда қанша жұлдыз бар?*<br>***4 - тапсырма. Санамақтар айту.***<br>*Бір - дегенім бесік,*<br>*Шықтық содан өсіп.*<br>*Екі – дегенім елім,*<br>*Далам, тауым, көгім.*<br>*Үш – дегенім үміт,*<br>*Үміт артар жігіт.*<br>*Төрт – дегенім төзім,*<br>*Төзе білем өзім.*<br>*Бес – дегенім бақыт,*<br>*Бағалайтын уақыт.*<br>***4.Қортындылау.***<br>*-Балалар кімнен хат келді?*<br>*Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар.*<br>*Енді білім ханшайымына хат жазайық.*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Құрастыру***<br>***Тақырыбы:*** *Өз бетінше жұмыс*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақ-жауап* | ***Заттарды салыстыру: ұзын – қысқа***<br><br>***Заттарды ең қысқасынан ең ұзынына қарай сызып қос. Ең ұзын заттарды боя.***<br><br>***Қорытынды.***<br>*- Шартты өлшеуіштердің көмегімен не істеуге болады?*<br>*- Оны біз қандай мысалдар арқылы тексердік?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жоспарымен***<br><br>***Сауат ашу.***<br>***Тақырыбы:*** *Сөз, дыбыс Қайталау.*<br>***ІІ. Қызығушылықты ояту.***<br>***«Қонаққа барамыз».***<br>*Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді.*<br>***«Үй иелері»*** *қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет.*<br>***«Қонақтар»*** *тобы сыпайы жауап қайтарады.*<br>***ІІІ. Ой дамыту.***<br>*Балаларды топқа бөлу. Қызыл, сары, жасыл* | <br>*Жарайсыңдар балалар!*<br><br>***2-тапсырма***<br>***«Монгол» ойыны.***<br>***Шарты:*** *Пішіндерің қиындыларынан жануарлардың модульін құрастырады*<br><br>***3-тапсырма***<br>*Үзік сызықтарды жүргізу арқылы байланыстыр.*<br><br>***Қорытынды***: *Жарайсыңдар, балалар! Сиқырлы қораптың ішіндегі барлық тапсырмаларды орындадыңдар. Ендеше сендерді қуантқым кеп тұр. Сиқырлы қораптың ішінен шыққан тапсырмалар қағазы тәттіге айналып кетті.* | *бойынша, бағаннан оның орнын іздеумен қозғалыста бірінен соң бірін қалпына келтіру.*<br>***2 бөлім. Орамалмен жалпы дамыту жаттығулары...***<br>*1. б.қ - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, екі қолыңызда орамал, ұштарын жоғарыдан ұстаңыз. Орамал алға, жоғары, алға, бастапқы қалпына оралыңыз (4-5 рет).*<br>*2. б.қ. - аяқ иық енінде, оң қолында орамал. Оңға бұрылыңыз, орамалды шайқаңыз, бастапқы күйге оралыңыз. Орамалды сол қолға ауыстырыңыз, сол жаққа бірдей қайталаңыз (әр бағытта 3 рет).*<br>*3. б.қ. - аяқтың ені бойынша тұрыңыз, орамал екі қолыңызда төмен, ұштарыңызды жоғарыдан ұстаңыз. Отырыңыз, орамал алға, тұрыңыз, орамалды төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (4-5 рет).*<br>*4. б.қ. - аяқтың иық енінде тұрыңыз, алдыңызда бүгілген қолыңыздағы орамал.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:**<br>**«Алақай жаз келді»**<br>**2. Ой қозғау.Мнемотехника әдісі**<br>Жаз мезгілі туралы түсінік беру.<br><br>-Жазда дала қандай болады?<br>-Ауа райы қандай өзгерістер болады?<br>-Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер?<br>**Ой дамыту.**<br>**Сурет арқылы тақпақ жаттату:**<br>Тірек –сызбаны пайдаланып жаз туралы тақпақ оқу.<br>Жаз да келді пейілді:<br>Жан – жануар сейілді.<br>Жаз да келді: аптапта<br>Жан - жаққа ұшты бақ-бақта<br>Жаз да келді: шаттанып,<br>Жұмыла іске аттанып,<br>Тындырып бар жұмысты,<br>Тоя жедік жемісті.<br>**Дид ойын: «Жаздың түсі қандай?»**<br>**Шарты:** Әр бала суреттерді таңдап, сол сурет бойынша жаз белгілерін топтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп - кішкене балақан<br>Үп - үлкен боп өседі. | -Құрастыру жұмысында нелерді үйренеміз<br>-Құрастыру жұмыстарын неден жасаймыз?<br>-Геометриялық пішіндерден қандай жұмыстар жасауға болады?<br>Дьенеш блоктарымен жұмыс жасауды түсіндіру.<br>Үлгіні талдау.<br>**Дид ойын:**<br>«Кімге не ұнайды?»<br>Берілген суреттерден әр түрлі бейнені құрастыра білу<br><br>Жасаған жұмысын атау, сипаттама беру.<br>**Дид ойын: «Біздің көрме»**<br>Балалардың жасаған жұмысын бағалау.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау** | доптар<br>**І-топ. Төр бөлме.**<br>**«Ойлы болсаң, озып көр»**<br>Шарты: Берілген сөздерге сөйлем құрау.<br>**ІІ –топ Асхана бөлмесі**<br>**«Жүйрік болсаң, озып көр!»**<br>Берілген әріптерге сөз айту.<br>Тағамдарды қатыстырп сөйлем құрау<br>**ІІІ-топ жатын бөлме**<br>**«Мен бастаймын сен аяқта**<br>»Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойла<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | Ала қойыңдар!<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша** | Алға қарай иілу, орамалды оңға және солға сермеу, түзу, бастапқы күйіне оралу (4-5 рет).<br>5. б.қ - аяқтар сәл алшақ, оң қолында орамал. Қысқа үзіліспен кезектесіп, орнында екі аяқпен секіру.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>**«Шар жарылды»**<br>**Қозғалыстардың негізгі түрлері.**<br>**1. Тепе-теңдік** - шеңберге салынған баумен жүру (арқаңыз бен басыңызды тік ұстап, бір-біріңізден қашықтықта ұстаңыз)<br>**2. 5-6 сым арқылы екі аяқпен секіру**бір-бірінен 40 см қашықтықта төселген<br><br>**3-бөлім.**<br>**Қим ойын: «Түлкі мен тауықтар» ойыны.**<br>**«Тауықты тап».**<br>Педагог ойыншық тауықты алдын-ала бір жерге жасырады және оны іздеуді ұсынады.<br>Ойыншықтың қай жерде екенін байқаған кез-келген адам мұғалімге жақындап, бұл туралы оған тыныш айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Дид ойын:***<br>***«Жаз мезгілінің белгісі»***<br>*Шарты: жаз мезгілін ерекшеліктерін айту.*<br>***Дид ойын: «Жаздық киімдер»***<br>*Шарты: Берілген суреттерден жаздық киімдерді бөліп жинау.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақ- жауап***<br>*Балаларды мадақтау.* | | | | *Балалардың көпшілігі тапсырманы орындаған кезде, мұғалім ойыншықтың қасына келіп, оны әкелуге мүмкіндік береді.*<br>***Қорытынды:*** *-Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің нәтижесін талдайды:*<br>*-Қандай жаттығулар жасадық?*<br>*-Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.* |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| *Серуен:* | ***Серуен № 1***<br>*Гүлдейтін ағаштарды бақылау.* | ***Серуен № 2***<br>*Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 4***<br>*Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау* | ***Серуен № 5***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Серуен № 8***<br>*Көгершіндер мен торғайларды бақылау.* |
| | ***Көктем серуен картотекасынан .*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*** | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* | ***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды*<br>*Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*<br>*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | ***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.*<br>*- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап,* | ***№7.*** *«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - *«Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>- *«Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>- *«Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | | *3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | *жайлап түсіру.*<br>- *арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | *отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | ***Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Миға шабул.***<br>***Логикалық тапсырма***<br>*-Жол ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Қол ұзын ба, қысқы ма?*<br>*-Қасық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Асық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?*<br>*-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?*<br>*-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?*<br>***Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»***<br>*Шарты: Пішіндермен жұмыс. Кеңістікті бағдарлау.*<br>*Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.*<br>***Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»***<br>***Шарты.****Оң жақтағы жол үшбұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру. Балаларды мадақтау.* | ***Табиғат туралы тақпақтар***<br>***Табиғат*** *біздің анамыз,*<br>*Жер–Ана біздің панамыз.*<br>*Таза болса табиғат*<br>*Біз де аман боламыз.*<br>***Бұтақтарды сындырмай,***<br>*Тазалықты сақтайық.*<br>*Гүл өсіріп, су құйып,*<br>*Табиғатты қорғайық.*<br>***Тақпақ жаттау.***<br>***«Еңбек»***<br>*Қырға шықсаң өрлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Кесте тіксең зерлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Гүл отырғызсаң терлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Қиындықтың бәрін,*<br>*Еңбек қана жеңбек.* | ***«Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»***<br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу*<br>*- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау*<br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту*<br>*- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?*<br>*- Құстарға қалай көмектесеміз?*<br>***Ширату.«Құм, тас, су».***<br>*«Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру.*<br>*«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.*<br>*Су дегенде толқын жасап қалу.*<br>***Түсініктеме***<br>*-Ауаны жұтамыз*<br>*-Күн жылуын, жарығын береді.*<br>*-Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді?*<br>*-Сусыз тіршілік жоқ*<br>*-Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады.* | ***Санамақ***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз*<br>***Дид ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br>***Ойын мақсаты:*** *үлкендерді сыйлауды,отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.*<br>***Саусақ жаттығулары: «Қонаққа барамыз»***<br>*Басбармақтың үйіне,*<br>*Келді бүгін қонақтар,*<br>*Бес саусағың біріксе,*<br>*Текке кетпес уақытың,*<br>*Барлық саусақ – тату дос,*<br>*Бір – біріңе көмектес* | ***Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр»***<br>*-Мына үйлер қандай?*<br>*-Үлкен үй неше қабатты?*<br>*- Демек үлкен үйде қандай аң тұрады?*<br>*-Ортаңғы үйдің аңын тауып бер?*<br>*-Кішкентай үйде не тұрады?*<br>***Дид ойын: «Алға – артқа, оңға –солға»***<br>*Сюжетті суреттермен жұмыс.* |
| Балалармен | ***Дид ойын: «Кеңістікті*** | ***Дид ойын: «Көп және*** | ***Дид ойын:*** | ***Дид ойын: «Төртінші*** | ***Дид ойын: «Жол*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жеке жұмыс | ***бағдарлау»***<br>***Мақсаты:*** *балалар ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алады.* | ***біреу»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.* | ***«Айырмашылығын тап»***<br>***Шарты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын тауып, өз ойын айта алады.* | ***артық»***<br>***Ойын шарты:****Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді алып тастау немесе боямау керек екенін түсінеді.* | ***картасын бейнеле»***<br>***Ойынның шарты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын айыра алады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| Серуен | ***Серуен № 1***<br>*Гүлдейтін ағаштарды бақылау.* | ***Серуен № 2***<br>*Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 4***<br>*Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау* | ***Серуен № 5***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Серуен № 8***<br>*Көгершіндер мен торғайларды бақылау.* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |